Сірке қышқыл бактерияларының ең қажетті қоректік заттарына: ақуыздар мен минералды заттар, тек аз мөлшерде ғана қанттар қажет. Ақуыздар сірке қышқыл бактерияларының ішінен түзіліп, жасушасының өсуіне және бүршіктенуіне ықпал етеді. Ақуыздардың жетіспеушілігінен сірке қышқыл бактериялары өспей, уақытша жетілмей қалады. Минералды заттардан ең қажеттісі фосфор қышқылы, калий, аз мөлшердегі магнезия мен ізбес тасы. Қант, сірке қышқыл бактериялары үшін қажетті мөлшерде жылу береді.

Сірке қышқылы бактериялары - қысқа, Грам теріс, тізбектеліп орналасқан таяқшалар. Спора түзбейді. Қозғалатын да, қозғалмайтын да штамдары кездеседі. Қатаң аэробтар, сондықтан субстраттың бетінде дамып, пленка түзеді. Сірке қышқылы бактерияларының барлық түрі *Acetobacter* туысына жинақталған. Шарапта жиі кездесетін түрлер: *Acetobacter aceti*, *A. ascendes*, *A. rancens*, *A. xylinum* түрлері.

Сірке қышқылы бактериялары ацетобактер деп аталатын туысқа жататын 11 түрден тұрады. Негізгі түрі **ацетобактер ацети** - қысқа, қозғалмайтын таяқша. Кейде клеткалары тізбектеле орналасады (суреттер 1, 2). Ортада 11%-ке дейін спирт болса да төзе береді және 6%-тей сірке суын түзе алады. Оның дамуына қолайлы температура +34⁰.




Сурет-1. Сірке қышқыл бактериялары *Acetobacter aceti* жасушалары

Acetobacter aceti – қысқа, Грам теріс, қозғалмайтын және спора түзбейтін таяқша. Тізбектеліп орналасады, ортадағы спирт мөлшері 11%-ға жеткенше төзе алады. Сыраның бетінде пленка түзеді. Өсуіне ең қолайлы температура 34°C. Йодпен сары түске боялады.

Acetobacter pasteurianum пішіні жағынан *Acetobacter aceti*-ді еске түсіреді. Заттардың бетінде құрғақ қабатталған пленка түзеді. Йодпен қосылғанда көк түске боялады.


Acetobacter orleanense шараптың әлсіз ерітінділерінде мықты пленка түзіп, дамиды. Ортадағы спирт мөлшері 12% болғанша төзіп, өзі 9,5%-ке дейін сірке қышқылын түзе алады. Шараптан баяу әдіспен сірке қышқылын алуда пайдаланылады.

Егер құрамында аз мөлшерде спирт кездесетін сұйықтар (шарап, сыра) ауамен жанасса, міндетті түрде онда сірке қышқылы түзіледі, ал сұйық бетінде сірке қышқыл бактериялардан тұратын пленка пайда болады [3, 4].



Сурет-2. Сірке қышқыл бактерияларының электронды микрофотографиялары

Сірке қышқылының түзілуі. Сірке қышқылы бактериялары этил спиртін аз мөлшерде энергия бөле отырып, сірке қышқылына тотықтырады. Сірке қышқылы бактериялары тудыратын бұл процесс сырттай ашу процесін еске түсіреді. Шын мәнінде бұл қарапайым аэробты жағдайда тотығу. Өйткені, сірке қышқылы бактериялары этил спиртін одан әрі көміртегі қос тотығы мен суға дейін тотықтырып, нағыз ашу процесінің өнімдері ыдырауға ұшырамайды:



Бұл процестің бактериялық табиғатын 1868 жылы Л.Пастер ашты, алайда қоздырғышын яғни, *Mycoderma acetii* культураны он жылдан кейін дат ғалымы Хансен алғаш бөліп алған болатын.

Сыра мен шарап құрамындағы сірке қышқыл бактерияларының сандық мөлшерін анықтау. Шарапты ұзақ уақыт сақтауға болады. Мамандардың айтуынша дұрыс дайындалған шарап ғана емдік қасиетке ие. Ал оны дайындауда мүлт кетуге болмайды. Қызыл шарап қышқылдануға бейім. *Bacterium Amorascybis* сірке қышқылы бактериялары шарап ішіндегі глицеринді ірітеді. Шарап лайланып, түбінде қою түсті қалдық пайда болады. Дәмі бұзылады. Сыраның дәмді болуына өңделу температурасы әсер етеді. Сол себепті, оның дайындалу мерзімі, тұруы мен құрамындағы коллоидты көбігі де сыраның дәміне әсер етеді. Ал өңделу температурасы төмен болса, сыраның дәмі бұзылады. Қанық түсті сыраны ішкен кезде, қанық химиялық дәмі білінеді. Сыра дәмінің нашар болуы, жасау технологиясының барысында ыдыстар мен бөшкелердің таза болмауына тікелей байланысты.

Сірке суын түрлі жолдармен өндіреді. Шарап және сыра шикізат ретінде алынғанда олардың құрамындағы спирт сірке қышқылы бактерияларының әсерінен тотығады. Ерте кезде Германияда сіркені күшті шараптардан даярлайтын болған, ал Францияда, Испанияда және Грецияда оны жүзім шарабынан өндірген.

Біз зерттеу жұмысымызда шараптың ақ, құрғақ және қызыл түрлерінің құрамындағы сірке қышқыл бактерияларын бөліп алып, оларды ағарлы қоректік ортада өсіру арқылы олардың сандық көрсеткіштерін анықтадық. Зерттеу нәтижелері 1-кестеде берілген.

Бұл кестеден тәжірибе күндерінің ұзақтығына байланысты, сірке қышқыл бактериялары жасушаларының санының бірте-бірте артатындығын байқауымызға болады. Мысалы: 3-ші тәулікте ақ, құрғақ шарап құрамында 5 мың жасуша, ал қызыл шарап құрамында 118 мың жасуша болады. 6-ші тәулікте бұл көрсеткіш 30 мың және 321 мың-ды құрайды. 12-ші тәуліктегі тәжірибе нәтижесінде сірке қышқыл бактериялары жасушаларының саны ақ, құрғақ шарапта 73 мың және қызыл шарапта 890 мың жасуша болды. Бұдан шараптың ақ, құрғақ түріне қарағанда қызыл түрінде сірке қышқыл бактериялары көбірек кездесетіндігін көруімізге болады.

Кесте-1. Шарап құрамындағы сірке қышқыл бактерия жасушаларының сандық көрсеткіштері

Тәжірибе күндерінің ұзақтығы	Шарап құрамында (мың жасуша)	
	ақ, құрғақ	қызыл
3-ші тәулік	5	118
6-шы тәулік	30	321
9-шы тәулік	52	760
12-ші тәулік	73	890

Біздің зерттеу жұмысымызда сондай-ақ Шымкент сырасының құрамындағы сірке қышқыл бактерияларын бөліп алып, оларды қатты қоректік ортада өсіру арқылы олардың сандық көрсеткіштерін анықтадық. Зерттеу нәтижелері 2-кестеде берілген.

Кесте-2. Сыра құрамындағы сірке қышқыл бактерия жасушаларының сандық көрсеткіштері

Тәжірибе күндерінің ұзақтығы	Сыра құрамында (мың жасуша)	
	сары	қоңыр
3-ші тәулік	22	40
6-шы тәулік	46	77
9-шы тәулік	70	98
12-ші тәулік	99	124

Кестедегі мәліметтерге назар аударатын болсақ, мұнда да жасушалар саны тәжірибе күндерінің ұзақтығына байланысты көбейіп отыр. Мәселен, 3-ші тәуліктегі сары сырада сірке қышқыл бактерияларының 22 мың жасушасы, ал қоңыр сырада 40 мың жасушасы кездесті. 9-ші тәулікте бұл көрсеткіш 70 мың және 98 мың-ды құрады. Тәжірибе соңында, яғни 12-шы тәулікте сары сыра мен қоңыр сыранның құрамындағы бактериялардың арақатынасы 99 мың және 124 мың болды. Сары түсті сыраға қарағанда қоңыр түсті сырада сірке қышқыл бактерияларының санының басымырақ болатындығын байқадық.

Жүзім шарабы – жүзім шырынының спирттік ашуы нәтижесінде түзілетін сусын. Жүзім шарабын техникалық пісіп жетілген жүзім сорттарынан жасайды. Табиғи шарап құрамында шикізат құрамындағы және ашу процесі нәтижесінде түзілетін көптеген пайдалы заттар болады.

Жүзім шырынында ашытқы саңырауқұлағы, зең саңырауқұлақтары, сүт және сірке қышқылды бактериялар секілді микроорганизмдер кездеседі. Бүтін жүзім жидегінде шырын залалсыз күйде болады, алайда өндіріс жағдайында микроорганизмдермен залалданбаған шырын алу мүмкін емес. Шырынға микроорганизмдер жүзім жидектерінің бетінен, құрал-жабдықтардан, ыдыстардан, ауадан, сонымен қатар, бунақденелілер көмегімен келіп түседі.

Жүзім шырынындағы микроорганизмдердің сандық және сапалық көрсеткіштері түрліше болуы мүмкін және ол көп жағдайда жүзімнің сапасына, жемістердің санитарлық жағдайы мен өңдеу технологиясына байланысты. Жүзім шырынында қышқылға төзімді, осмофильді, факультативті анаэробты микроорганизмдер – ашытқы

және зең саңырауқұлақтары мен сүт қышқылды бактериялар көбейеді. Сірке қышқылы бактериялары шырынға ашу процесі кезінде түсіп сақталады және дамиды [5].

Шарап микрофлорасында көптеген микроорганизмдер болады. Бактериялар мен саңырауқұлақтардың бірнеше түрі кездеседі. Зең саңырауқұлақтары шырында кездескенімен құрамындағы спиртке төзімсіз болғандықтан шарапта болмайды.

Бактериялардан шарап құрамында: сүт және сірке қышқылы бактериялары кездеседі.

Сірке қышқылы бактериялары – этил спиртін ауа қатысында сірке қышқылына айналдыратын микроорганизмдер тобы.

Сірке қышқылы бактериялары шарап үшін зиянды микрофлора болып табылады. Себебі ол шарапта сірке қышқылды ашуын туғызып, шараптың қышқылдануына әкеліп соғады. Сірке қышқылы бактериялары шарап толық толтырылмаған ыдыстарда дамиды. Сондықтан, ашу процесі аяқталған шарапты ауасыз (анаэробты) ортада сақтаған жөн.

Сірке қышқылы бактерияларын негізгі таратушы – сірке жеміс шыбыны (дрозофила) болып табылады. Шарап пен сірке қышқылының исі жеміс шыбынын еліктіріп, өзіне тартады. Сондықтан, шарапты қышқылданудан сақтау үшін ғимарат пен коммуникация тораптарында дезинфекция жұмыстарын уақтылы жүргізіп отырған дұрыс.

Қышқылдану процесін тек бастапқы сатыда, яғни сірке қышқылы 2 г/дм³-ден аспаған жағдайда ғана тоқтатып, шарапты қалпына келтіруге болады [6].

Сыра – адамзат тарихындағы ең ежелгі алкогольді сусын. Сусындар арасында ерекше орын алады және көптеген елдер халқы арасында кеңінен таралып, үлкен сұранысқа ие. Сыра - нәрлендіретін, көміртек қос тотығымен қаныққан көпіршікті сусын, оны сірке қышқыл бактерияларының көмегімен арнайы сыра суслосымен ашыту нәтижесінде алады. Сыра суслосын ұнтақталған астық өнімдерінен: яғни, көп жағдайда арпа немесе бидай солодынан, арпадан, бидайдан, жүгері мен басқа да астық тұқымдастардан, судан, қант пен алкогольді өнімдердің қоспаларынан дайындайды.

Сыра дайындаудағы ең маңызды мәселелердің бірі, оның жақсы жағдайда сақталуында. Сыраны сақтау барысында, сыра тұнба түрінде тұна бастайды. Бұндай тұнбаның пайда болуы, оның жақсы жағдайда сақталғандығын білдіреді. Микроорганизмнің көп бөлігі сырада бола алмайды, себебі оған тікелей қышқыл кедергі жасайды. Одан басқа, бейорганикалық заттардың аздаған үлесі де, әсіресе CO₂ спирті әсерін тигізеді. Бірақ, сырада сірке қышқыл бактериялары көп мөлшерде кездеседі. Биологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша, сыранның бұлдыр түсті болып келуі, сірке қышқыл бактерияларының тұнбаны түзу әсерінен болады. Сірке қышқыл бактерияларының әсерінен пайда болған тұнба көп жағдайда бейтарап, сондықтан сыранны жасауға септігі тие қоймайды. Оның құрамында кешенді заттар болмайды. Сірке қышқыл бактериялары жаңа суслоның бетінен сүзгішке түседі, немесе сыраға өтеді. Олар сыраға түскен соң, оның дәмін өзгертеді.

Сірке қышқыл бактериялары 4-6°C сырада көбейе алмайды. Сол себептен төменгі температураны ұстап тұрмаса, микроорганизм саны көбейіп кетеді. Сыра сапасына әсер ететін факторларының біріне, сыра сарцинасы да жатады. Ол үшін міндетті түрде CO₂ қажет. Сыра сарцинасы 4-6°C температурада көбейіп, құрамындағы глюкозаны, фруктозаны, сахарозаны және мальтозаны құрайды. Соңында сыра суслосы түзіледі. Қышқыл көмегімен диацетил өңделіп, сыраға тән дәм мен иісті береді.

Сірке қышқылы бактериялары табиғатта кең тараған. Көбінесе олар пісіп тұрған жеміс-жидектер сыртында, шарапта, сырада, кваста, ашыған жемістер сыртында, сүрлемде

кездеседі. Сірке қышқылы бактерияларының ерекше қасиеті - олар органикалық заттарды соңғы өнімдер емес, тек органикалық қышқылдарға дейін ғана тотықтырады.

Сірке қышқылы бактериялары - қысқа, Грам теріс, тізбектеліп орналасқан таяқшалар. Спора түзбейді. Қозғалатын да, қозғалмайтын да штамдары кездеседі. Қатаң аэробтар, сондықтан субстраттың бетінде дамып, пленка түзеді. Сірке қышқылы бактерияларының барлық түрі *Acetobakter* туысына жинақталған. Шарапта жиі кездесетін түрлері: *Acetobakter aceti*, *Acetobakter pasteurianum*, *Acetobakter orleanense* және т.б.

Acetobakter aceti – қысқа, Грам теріс, қозғалмайтын және спора түзбейтін таяқша. Тізбектеліп орналасады, ортадағы спирт мөлшері 11%-ға жеткенше төзе алады. Сыраның бетінде пленка түзеді. Өсуіне ең қолайлы температура 34°C. Йодпен сары түске боялады.

Acetobakter pasteurianum пішіні жағынан *Acetobakter aceti*-ді еске түсіреді. Заттардың бетінде құрғақ қабатталған пленка түзеді. Йодпен қосылғанда көк түске боялады.

Acetobakter orleanense шараптың әлсіз ерітінділерінде мықты пленка түзіп, дамиды. Ортадағы спирт мөлшері 12% болғанша төзіп, өзі 9,5%-ке дейін сірке қышқылын түзе алады. Шараптан баяу әдіспен сірке қышқылын алуда пайдаланылады. Егер құрамында аз мөлшерде спирт кездесетін сұйықтықтар (шарап, сыра) ауамен жанасса, міндетті түрде онда сірке қышқылы түзіледі, ал сұйық бетінде қоздырғыш бактериялардан тұратын пленка пайда болады [7].

Шарап пен сыраның құрамында кездесетін сірке қышқыл бактерияларының сандық көрсеткіштерін талдайтын болсақ, бұл микроорганизмдердің мөлшері тәжірибе күндерінің ұзақтығына, сондай-ақ шарап пен сыраның түріне байланысты болады. Яғни тәжірибе күндері ұзарған сайын микроорганизмдер саны да артады. Сонымен бірге шараптың қызыл түрінде ақ, құрғақ түріне қарағанда, ал сыраның қоңыр түрінде сары түріне қарағанда сірке қышқыл бактериялары жасушаларының саны көбірек болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бурьян Н.И. Практическая микробиология виноделия. 2-е изд. Симферополь: Таврия, 2003. -560 с.
2. Галыкин В.А. Микробиологические основы производства пищевых продуктов. М. : Изд-во МГИМО, 2007.
3. Пономарев В.Ф. Основы виноделия. М. : Мир, 2014. 175 с.
4. Сартакова О.Ю. Промышленная микробиология: учеб. Пособие. Барнаул: АлтГТУ, 2009. 173 с.
5. Справочник по виноделию / под ред. Г.Г.Валуйко, В.Т.Косюры. 2-е изд., перераб. и доп. Симферополь: Таврида, 2005. 588 с.
6. Шандель Г. Микробиология соков и вин. Пер.с нем.; ред. Н. К. Могилянский. Пищевая промышленность, 1997. - 359 с.
7. Бурьян Н.И. Микробиология виноделия. Магарач: институт винограда и вина. Симферополь: Таврия, 2002. 433 с.

ЖЕМШӨПТІ СҮРЛЕУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН МИКРОАҒЗАЛАРДЫҢ БИОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУ

INVESTIGATION OF THE BIOLOGY OF MICROORGANISMS USED IN FEED SILAGE

Сейтметова Айман Мараимовна¹

¹б.з.к., доцент м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қаласы, Қазақстан.

ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-5321-9730>

Рысбек Айшагүл Ержанқызы²

²студент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қаласы, Қазақстан.

АНДАТПА

Мақалада жонышқа және жүгері өсімдіктерінен дайындалған жемшөп сүрлемі микрофлорасы қарастырылды. Жемшөпті сүрлеуде қолданылатын микроағзалардың морфологиясы және сандық көрсеткіштері зерттелді. Сүрлеудің әр түрлі кезеңдеріндегі микроағзалардың түрлері анықталып, олардың морфологиясы зерттелді. Сондай-ақ әр түрлі сападағы сүрлемдердің құрамындағы органикалық қышқылдардың пайыздық мөлшері, рН-ы анықталды. Сүрлем дайындаудағы сүт қышқыл бактерияларының түрлері, олардың рөлі, маңызы анықталды.

Кілт сөздер: сүрлем, микроағзалар, жемшөп дақылдары, сүтқышқыл бактериялары, зен саңырауқұлақтары.

ABSTRACT

The article considers the microflora of feed silage prepared from alfalfa and corn plants. Morphology and quantitative indicators of microorganisms used in feed silage have been studied. The types of microorganisms at different stages of silage were identified, their morphology was studied. The percentages of organic acids in silos of various quality and pH were also determined. The types of lactic acid bacteria in the silage preparation, their role and significance were determined.

Keywords: silage, microorganisms, feed crops, lactic acid bacteria, mold fungi.

Сүрлем – ауасыз консервілеу арқылы дайындалған шырынды жемшөп. Шикізат түріне қарай жүгері, картоп, күнбағыс және т.б. сүрлем түрлеріне бөлінеді. Сүрлем қоректік сапасына қарай сүрленетін массаға жақын, онда каротин және С дәрумені сақталады, суда еритін қант түрлері азырақ, бірақ органикалық қышқылдар – сүт (2%-ға дейін), сірке (0,6%), сүрлемнің кейбір түрлерінде пропион, валериан және т.б.; ал сүрлеу технологиясы бұзылғанда және дұрыс сақтамағанда – май қышқылдары болады. Сүрлемнің жемшөптік сапасы өсімдік түріне, жинау кезіндегі олардың даму кезеңіне, дайындау технологиясына және сақтау шарттарына байланысты. 100 г күнбағыс сүрлемінде – 16 жемшөптік бірлік, 1,4 кг протеин, 350 г кальций, 160 г фосфор және 1500 мг каротин; 100 г жүгері сүрлемінде – 20 жемшөптік бірлік, 1,4 кг протеин, 150 г кальций, 50 г фосфор, 1500 мг каротин; 100 г бөрібұршақ сүрлемінде – 18 жемшөптік

бірлік, 2,9 кг протеин, 600 г кальций, 60 г фосфор және 2500 мг каротин болады. Жақсы сүрлемнің түсі ашық-сарғыш түсті болады. Қатты қызып кеткен сүрлем түсі күңгірт-қоңыр, иісі ашытылған қырыққабат иісіне ұқсас, кейде жеміс иісті болады. Өте қатты өздігінен қызғанда – жаңа піскен нан немесе бал иісі шығады. Ал сүрлем бұзылғанда – бұзылған селедка, қи иісі шығады. Сүрлем құрылымы борпылдақ болуы тиіс, ал бір-біріне жағылып, тығыз жанасып тұрса, ол бұзылғандығын білдіреді. Ылғалдылық 70% болғанда жақсы сүрлемнің рН-ы 4,2; ал 65% ылғалдылықта рН-ы одан да жоғары бола береді.

Сүт қышқылы бактерияларының әрекетінен өсімдік қантынан сүт қышқылы түзілетіні мәлім. Бұдан сүрленетін жемшөпте міндетті түрде қант болуы тиіс. Сапалы сүрлемде сутегі ионы концентрациясының көрсеткіші – рН 4,2-ге тең болуы тиіс. Ал рН 7,0-ге тең болса, орта бейтарап, одан жоғары болса, - сілтілі, төмен болса – қышқылды болады [1, 2].

Жалпы сүрлем даярлаудың екі әдісін ажыратады: салқын әдіспен жемшөпті сүрлегенде онда температура +30, +35%-тан аспайды. Бұл үшін көк шөпті шауып, турап, тез арада сүрлем қоймасы – траншеяға салып, әбден нығыздайды, үстінен ауа енбейтіндей етіп, қымтап жабады. Сонда сүрлемде тез арада органикалық қышқылдар, соның ішінде басым көпшілігі сүт қышқылы түзіледі. Сапалы сүрлемде аз мөлшерде (0,30%) болса да сірке қышқылы болатыны анықталды. Бірақ сірке қышқылы бактериялары аэробты микроорганизмдер болғандықтан сүрлемде тіршілік ете алмайды. Сонда сірке қышқылының түзілу себебі неде? Сүрлемде тіршілік ететін сүт қышқылы бактерияларының ішінде гетероферментативті топтарының қанттан сүт қышқылымен бірге сірке қышқылын түзе алатын қабілеті бар екен. Салқын әдіспен даярланған сүрлем 8-10 күн ішінде даяр болады. Оның түсі жасыл сары, иісі тұздалған көкөніс немесе жемістің иісіндей болады. Мал оны сүйсініп жейді.

Ыстық әдіспен сүрлегенде траншеяны азыққа бірден толтырмайды. Алдымен жемшөпті қалыңдығын 1,5 м етіп салады да, бір-екі күндей нығыздамай сол күйінде қалдырады. Сонда бұндай жемшөп өздігінен қыза бастайды да температура +45, +50⁰-та көтеріледі. Бұдан кейін сол шөптің үстіне қалыңдығын сондай етіп тағы да шөп салады. Осы шөп салмағының әсерінен төменгі қабаттағы ыстық ауа жоғары көтеріліп, соңғы салынған шөпті қыздырады. Сөйтіп, жемшөпті қабат-қабат етіп салып, сүрлем құрылысын толтырады. Сүрлемді жақсы нығыздаған соң ауа бармайтындай етіп қымтап жабады. Ыстық әдіспен даярланған сүрлемнің иісі ұнамды болғанымен жұғымдылығы өте төмен болады. Бұнда жоғары температурада амин қышқылдары мен қанттар өзара әрекетке түсіп, организмге жұғымсыз мелоаноид деген затты түзеді. Сондықтан, бұл әдісті қазір шаруашылықтар қолданбайды. Бірақ та осы әдіспен құнарсыз азықтарды (топан, сабан т.б.) және ірі сабақты өсімдіктерді сүрлеуге болады. Олар қызған кезде жұмсарады, жағымды иіс пайда болады [3].

Сүт қышқылы бактерияларының әрекетінен өсімдік қантынан сүт қышқылы түзілетіні мәлім. Бұдан сүрленетін жемшөпте міндетті түрде қант болуы тиіс. Сапалы сүрлемде сутегі ионы концентрациясының көрсеткіші – рН 4,2-ге тең болуы тиіс. Ал рН 7,0-ге тең болса, орта бейтарап, одан жоғары болса, - сілтілі, төмен болса – қышқылды болады.

Сүрлемде микроорганизмдердің алуан түрлі топтарының тіршілігі барысында, олар бір-бірімен алмасып отырады. Осыған байланысты сүрлеу процесін мынадай үш фазаға, яғни сатыға бөледі.

Бірінші фазаны микроорганизмдер топтарының аралас тіршілік ету фазасы деп атайды. Сүрлемге салынған жемшөпті нығыздау барысында шырын бөлінетіні мәлім. Бұл

шырын – микроорганизмдердің басым көпшілігіне қоректік орта. Мұнда сүт қышқылы, шіріту бактериялары, ашытқы саңырауқұлақтары және басқа да микроорганизмдер тіршілік етеді. Жалпы бұл фазаның ұзақтығы азықтың химиялық құрамына және сүрлеу технологиясына тікелей байланысты. Егер де жемшөп дұрыс нығыздалмаса бұл фаза ұзаққа созылады. Бұл, әсіресе ыстық әдіспен сүрленгенде байқалады. Нығыздалған азықта тез арада анаэробты жағдай түзіліп, азық жақсы сақталады, тез ашиды және бірінші фазаның мерзімі де қысқарады.

Екінші фаза – негізгі ашу фазасы. Мұнда сүт қышқылы бактериялары негізгі роль атқарады. Олардың тіршілігі нәтижесінде сүрлемде сүт қышқылы мөлшері артады да, басқа микроорганизмдердің тіршілігі тежеледі. Егер сүрленетін өсімдікте қант мөлшері аз болса, сүт қышқылының түзілуі де баяулайды. Осының нәтижесінде азықта май қышқылы пайда болуы мүмкін. Бұл азық сапасын төмендетеді. Ашытқы саңырауқұлақтар тіршілігінің әсерінен мұнда аз да болса спирт түзіледі.

Үшінші фазада, яғни ашудың аяқталу фазасында сүт қышқылы бактерияларының тіршілігі тежеледі. Ортада пайда болған сүт қышқылының әсерінен олар қырыла бастайды. Азықтағы рН мөлшері 4,2-3,8-ге жетеді де, жемшөп консервіленеді. Сүрлемнің сапасы оның құрамындағы органикалық қышқылдардың мөлшері құрамына байланысты. Оны 1-кестеден көруге болады.

Кесте-1. Сүрлемдегі органикалық қышқылдардың арақатынасы мен мөлшері

Сүрлем сапасы	рН	Органикалық қышқылдар мөлшері, %		
		Сүт қышқылы	Сірке қышқылы	Май қышқылы
Сапалы сүрлем	4,0-4,2	2,2-2,4	0,6-0,80	Жоқ
Орташа сапалы сүрлем	4,3-4,6	1,3-1,5	1,0-1,2	0,1-0,15
Сапасыз сүрлем	4,4 және одан да жоғары	1,0-1,2	0,8-1,0	0,8-1,0

Сүрлем сапасына жемшөптің топырақпен ластануы едәуір әсер етеді. Топырақта сүрлемді бүлдіретін көптеген зиянды микроорганизмдер бар. Қиын сүрленетін өсімдіктер үшін бұлар тиімді болмайды.

Сүт қышқылы ашу процесі анаэробты жағдайда өте жақсы жүреді. Сондықтан сүрлемге ауа ендірмеу керек. Егер сүрлемге ауа енсе, онда зең саңырауқұлағы қаулап дамиды да ондағы органикалық қышқылдармен қоректеніп, сүрлемнің сапасын төмендетіп жібереді. Сондықтан сүрлемді ауа кірмейтіндей етіп жабу оның сапасын арттырудың негізгі шараларының бірі болып саналады.

Сапалы сүрлемде сүт қышқылы едәуір мөлшерде кездеседі. Ал бос күйіндегі сірке қышқылының мөлшері, сүт қышқылының мөлшерінің 25-30%-дей болады. Май қышқылы сапалы сүрлемде кездеспейді.

Біз өз зерттеулерімізде сондай-ақ Түркістан өңіріндегі Қарашық елді мекенінің тұрғыны, жеке шаруашылық иесі Т. деген азаматтың шаруашылығында дайындалған консервіленген жемшөп, яғни жоңышқа өсімдігінің жас өркендерінен және жүгері өсімдігінің сабақты, жапырақты бөлігінен дайындалған сүрлем құрамындағы микрофлораны зерттедік. Зерттеу нәтижелері 2-кестеде берілген.

Кесте-2. Әр түрлі өсімдіктерден дайындалған сүрлем құрамындағы микрофлора

№	Сүрлем түрлері	Сүт қышқыл бактериялары (мың/жасуша)	Сірке қышқыл бактериялары
1	Жоңышқа өсімдігінен дайындалған сүрлем	203	-
2	Жүгері өсімдігінен дайындалған сүрлем	440	-

Зерттеу нәтижелерін талдайтын болсақ, жоңышқа өсімдіктерінің балғын өркендерінен дайындалған сүрлем құрамында сүт қышқыл бактерияларының 203 мың жасушасы, жүгері өсімдігінен дайындалған сүрлем құрамында осы сүт қышқыл бактерияларының 440 мың жасушасы кездесті, ал сірке қышқыл бактериялары екі сүрлем түрінде де кездеспеді. Сүт қышқыл бактериялары сүрлем құрамындағы қантты сүт қышқылына айналдырып, жемшөптің консервіленуін, яғни сүрленуін қамтамасыз етеді. Бұл екі сүрлемнің де тағамдық құндылығының жоғары, сапалы консервіленген жемшөп екендігін білдіреді.

Бактериялардың ылғалды жерде ғана тіршілік етіп, дами алатыны белгілі. Сондықтан өсімдіктің бойында ылғал неғұрлым аз болса, соғұрлым ашу процесі де баяу жүреді. Сапалы сүрлем алуға қажетті ылғалдылық 70-75%-тен артпауы тиіс. Бұл – органикалық қышқылдардың тез арада жиналып, азықтың оңай консервіленуіне көмектесетін жағдай. Ылғал артқан сайын сүрлемде май қышқылының мөлшері артып, сүрлемнің сапасын нашарлатады.

Сүрлем микрофлорасы және оның ерекшеліктері. Жемшөпті сүрлеу микробиологиялық процесс болып табылады. Сүрлемнің микрофлорасы өсімдіктің беткі қабатында болатын эпифитті микрофлорадан дамиды. Өсімдіктер оларды топырақ микрофлорасынан алады. Сүрлеу процесіне әсер ететін микророрганизмдерге сүт қышқыл бактериялары, шіріту бактериялары, зең саңырауқұлақтары, май қышқыл бактериялары және ашытқылар жатады [4, 5].

1) Сүт қышқыл бактериялары. *Lactobacillus* және *Streptococcus* туыстары. Сүрлемді сүрлем ететін осы бактериялар, өйткені олар сүрлемді қышқылдандыра және басқа микроорганизмдердің дамуына кедергі келтіре отырып, қанттан сүт қышқылын түзеді. Органикалық қышқылдардың негізінде дайындалған химиялық консерванттарды пайдалана отырып әзірленген сүрлем құрамында сүт қышқыл бактериялары синтездеген сүт қышқылы болады. Химиялық консерванттар құрамына кіретін қышқылдар микроорганизмдермен метаболизденеді. Консервант құрамындағы пропион қышқылы одан әрі қарай сүт майының синтезіне пайдаланылады және сүттің майлылығын арттырады деген көзқарас шындыққа жанаспайды. Сүрлемнің пісіп-жетілу процесінде микроорганизмдер қоректік заттарды жұмсайды, мұны тоқтату қиын. Алайда сүт қышқылы бактериялары “өз қажеттеріне” қантты және басқа қоректік заттарды өте аз мөлшерде жұмсайды. Сондай-ақ химиялық консерванттарды қолдана отырып, қантты сақтауға болады деген пікір де қате. Ылғалдылық төмен болғанда ашу процесі тоқтап, қант тұтас күйінде қалады. Сүт қышқыл бактериялар гомо- және гетероферментативті болып бөлінеді. Біріншілері тек сүт қышқылын, ал екіншілері – сүт қышқылын және көмірқышқыл газын түзеді. Гетероферментативті бактериялар голмоферментативтілерге қарағанда аз үнемді, себебі олар газтүзілу арқылы қоректік

заттардың жоғалуын арттырады. Екінші жағынан гетероферментативті бактериялардың кейбір штамдары сүрлемнің күтпеген “қоныстанушыларына” (зең саңырауқұлақтары, ашытқы және т.б.) қарсы жоғары белсенді өнімдерді синтездейді. Соңғы жылдары ондай штамдарды консервілеуге арналған препараттарды әзірлеу үшін қолдана бастады.

2) Шіріту бактериялары. *Vacillus* және *Pseudomonas* туыстары. Бактериялар сүрлемнің қызуын және шіруін тудырады. Егер сүт қышқыл бактерияларында протеаза ферменті болмаса және олар “ақуыздарды жемесе”, онда бұл бактериялардың дамуы ақуыз мөлшерін төмендетеді. Шіріту бактериялары – аэробты микроорганизмдер, олар оттегі болмаған жағдайда нашар өседі. Сүрлемді сапалы тығыздау (трамбовка), олардың екі аптадан кейін жойылуына әкеліп соғады.

3) Зең саңырауқұлақтары. *Aspergillus*, *Penicillium* және *Fusarium* туыстары. Зең саңырауқұлақтары сүрлемнің шіруін тудырады және ақуызды бұзады. Жақсы тығыздағанда олар өспейді. Зең саңырауқұлақтарының ұнамсыз қасиеттері – жануардың өнімділігін төмендететін, ішек және тыныс жолдарының ауруларын тудыратын, ұрықсыздыққа әкелетін токсин түзуге қабілеттілігі. *Byssochlamus nive* саңырауқұлағы ірі қара малдардың өміріне қауіпті патулин синтездейді. Тек сапалы тығыздау және химиялық, биологиялық консерванттарды пайдалану зең саңырауқұлақсыз сүрлем алуға мүмкіндік береді.

4) Май қышқыл бактериялары. *Clostridium* туысы. Бұл бактериялар атына сәйкес ұнамсыз иісі және дәмі бар май қышқылын синтездейді. Ол сүрлемнің құндылығын төмендетеді. Дегенмен бұл қышқыл улы емес және жануарлармен тікелей қорытыла алады. Май қышқыл бактериялары протеазаларды синтездеуге және сүрлемдегі ақуыздарды бұзуға қабілетті. Олардың жағымсыз әсері тек май қышқылымен ғана емес, сондай-ақ ақуыздың азаюымен байланысты. Май қышқылы бар сүрлеммен ақуыз мөлшері азая бастайтын уақытқа дейін азықтандыру керек.

Клостридийлер – анаэробты бактериялар. Тығыздау сапасы олардың дамуына әсер етпейді. Май қышқыл бактериялары әдетте жоғары ылғалдылық жағдайында көбейеді. 65% ылғалдылық жағдайында сүрлемде бактериялар болмайды, оларды траншеяға әдейілеп салса да. Ылғалдылық 65%-дан жоғары болғанда клостридийлердің көп мөлшері пайда болады. Консерванттарды химиялық және биологиялық пайдалану арқылы клостридийлердің дамуына жол бермеуге болады, себебі бұл бактериялар қышқыл ортаны ұнатпайды [6].

Май қышқыл бактериялары токсиндер (ботулин) синтездеуі мүмкін. Май қышқыл бактериялары сүрлемге топырақтан, трактор доңғалақтарынан, шөпті топырақпен бірге төмендеу орғанда және т.б. жолдармен түсуі мүмкін.

5) Ашытқылар. *Hansenula*, *Candida* және *Saccharomyces* туыстары. Ашытқылар да зиянды. Олар сапасыз тығыздау нәтижесінде сүрлемнің аэробты ыдырауына қатысады. Қышқыл ортаға төзімді, тіпті ең күшті консерванттар оларға әсер етпейді. Ашытқылар сүт қышқыл бактериялармен қант жағынан бәсекелеседі. Жоғары қантты дақылдарды сүрлегенде кейде сүт қышқыл емес, спирт түзіледі. Спирт – консервілемейтін қосылыс. Аэробты ыдырауды болдырмаудың ең тиімді әдісі – сүрлемді ашқан күні жануарларды азықтандыру, траншеяның пайдаланылмайтын жағындағы пленкасын ашпау. Ашытқылар тудыратын аэробты ыдырау көбінесе 1,5-2 ай сақталған жетілмеген сүрлемді ашқанда болады.

Сүрлем арқылы дайындалған жемшөпті ірі қара мал өте сүйсініп жейді және жануарлардың сапалық көрсеткіштерінің жоғарылауын қамтамасыз етеді (1-2-суреттер).



Сурет-1. Ірі қара малдарды жоңышқа өсімдігінен дайындалған сүрлеммен азықтандыру



Сурет-2. Жүгері өсімдігінен дайындалған сүрлемді ірі қара малдардың сүйсініп жеуі

Сүрлеммен қоректендіру ас қорытуды жақсартады, басқа жемшөптің сіңірілуін жеңілдетеді. Сүрлеммен барлық ауыл шаруашылығы жануарларын қоректендіреді. Сүтті және етті ірі қараның рационында сүрлем 50%-ын, ал шошқалардың рационында - 20%-ын құрайды. Бұзауларға, шошқаларға және құстарға арнайы сүрлем дайындайды: бұзаулар үшін бұршақ тұқымдас өсімдік шөптерінен, жұмсақ астық тұқымдастардан және дамудың ерте кезеңіндегі бұршақ-астық тұқымдас өсімдіктер қоспасынан;

шошқалар үшін негізгі компоненті қант қызылшасы, сәбіз, картофель, бақша өсімдіктері, жүгері собығы және т.б. болып табылатын аралас сүрлем; құстар үшін – бұршақ тұқымдас шөптерінен, дәруменді асқабақтан, сәбізден, қант қызылшасы тамыржемістерінен және т.б. дайындалады. Сүрлеммен ауыл шаруашылық жануарларын қыста, ал құрғақшылық аудандарда жазда да қоректендіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

8. Анатольев В.А. «Силосование кормов».- М.: Высшая школа. 2002.
9. Петров В.С. «Силосование кормов».- М.: Агропром. 1998.
10. Воровьева Л.И. Промышленная микробиология. –М.: Изд-во МГУ, 1989. -294 с.
11. Сойфер В.Н. Источники пищевого белка. - М.: Изд-во «Колос», 1999.
12. Буряков Н., Миронов М., Ыылдырын Е., Ильина Л. Современный подход к оценке качества силоса. // Животноводство России – 2015 - №7.
13. Волкова Е. Рецепты силосования // Агротехника и технологии – 2011 – №1. – 38-44 с.

**БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ (МОЛЕКУЛАЛЫҚ-ПОПУЛЯЦИЯЛЫҚ)
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІН ЗЕРТТЕУДЕ АРНАЙЫ
БИОИНФОРМАТИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ
ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

**THE IMPORTANCE OF DEVELOPING AND APPLYING A SPECIAL
BIOINFORMATIC PROGRAM IN THE STUDY OF THE ORGANIZATION AND
FUNCTIONING OF BIOLOGICAL SYSTEMS (MOLECULAR-POPULATION)**

Зияева Гулнар Керимбековна

*Биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7260-2164>*

Түлеубаев Жаксыбай

*Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1563-1361>*

Жорабек Ғалия Еркінбекқызы

*Жаратылыстану ғылымдарының магистрі
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0006-8548-0593>*

АНДАТПА

Биоинформатика - биологиялық жүйелерді зерттеу кезінде ақпараттар және ақпараттық технологияларды қолдануға бағытталған, биология, информатика және математиканы бір пәнге біріктіретін ғылым саласы. Биоинформатика- биологиялық жүйелерді модельдеуде сандық талдау әдістерін және биологиялық ақпаратты басқару үшін ақпараттық технологияларды қолдана отырып зерттейді. Әр түрлі ағзалардың геномдарын зерттеу қарқындылығы артып, нәтижесінде алынған ақпараттарды сақтайтын жаңа мәліметтер базалары пайда болып, ал қолданыстағы мәліметтер базалары олардың мүмкіндіктерін үздіксіз арттырады. Биологиялық жүйелерді зерттеуден алынған мәліметтер мен негізгі түсініктерді жетік меңгерту үшін биоинформатикалық бағдарламаларды әзірлеу және оларды оқытуда, зерттеу жұмыстарында қолдана білу бүгінгі күннің маңызды бағыты.

Кілт сөздер: Биоинформатика, геномика, биологиялық жүйе, интернет, генетикалық ақпарат.

ABSTRACT

Bioinformatics is a field of science that focuses on the use of information and information technology in the study of biological systems, combining biology, computer science and mathematics into one discipline. Bioinformatics-studies biological systems in modeling using quantitative analysis methods and information technologies for biological information management. The intensity of studying the genomes of various organisms is increasing, new databases are appearing in which the information obtained is stored, and existing databases are constantly increasing their capabilities. The development of bioinformatic programs for

mastering the data and basic concepts obtained as a result of studying biological systems, and the ability to apply them in teaching, research work is an important area of today.

Keywords: Bioinformatics, genomics, biological system, Internet, genetic information.

Ғылым мен техниканың қарыштап дамуына байланысты қазіргі биология саласы да жан-жақты дамып келеді. Жиналған және анықталған ақпараттар өте ауқымды. Оларды өңдеп, қорытындылау өте көп уақыт пен энергияны қажет етеді. Осының шешімі ретінде бірнеше ғылыммен түйіскен биоинформатика ғылымы дамыды.

Биоинформатика - бұл жас ғылым, оның пәндік аймағы, мақсаттары мен объектілері үнемі дамуда. 1970 жылдардың басында Бен Хеспер мен Паулин Хогюг "биоинформатика" терминін "биотикалық жүйелердегі ақпараттық процестерді зерттеу" ретінде анықтама зерттеу үшін қолдана бастады. 1980 жылдардың соңынан бастап "биоинформатика" термині негізінен геномдық деректерді салыстырмалы талдаудың есептеу әдістеріне қатысты қолданылды [1].

Биоинформатика - жаратылыстану саласындағы ақпараттық мәселелерді шешу үшін компьютерді қолдану технологиясы; ол негізінен геном мен ақуыз тізбегінің кең электронды базасын құрумен айналысады. Екіншіден, биоинформатика әртүрлі техниканы дамытады, мысалы, биомолекулалар мен биологиялық жүйелерді кеңістіктік модельдеу.

Алайда, бастапқыда бұл термин биотикалық жүйелердегі ақпараттық процестерді зерттеу ретінде кеңінен анықталды. Биоинформатиканың дамуындағы тағы бір маңызды кезең - Бүкіләлемдік ғаламтор желісінің және оның технологияларының пайда болуы және кең таралуы болды. Әрбір ғылыми зертханада бағдарламалық жасақтама жасаудың қажеті жоқ, өйткені қазіргі кезде Интернетте көптеген мәліметтер базалары мен бағдарламалық құралдар бар. Биоинформатика - бұл Интернетке өте тәуелді және Интернеттің арқасында сәтті дамып келе жатқан ғылымның бірі. Қазіргі әлемдегі ең күрделі биологиялық мәтін - адам геномының ашықтығы туралы ақпаратты, биология мен медицина үшін өте маңызды саяси шешім бұл ақпаратты бүкіл әлем ғалымдарына Интернеттің арқасында ғана қол жетімді етті. Бүгін біз тірі материя туралы генетикалық ақпаратты қолданудың бастапқы сатысында тұрмыз, алайда биологиялық мәтіндерді декодтаудың тиімді әдістерін жасау және биоинформатика әдістерін жасау құрылымды, қызмет ету механизмдерін түсінуде елеулі прогреске үміттенуге мүмкіндік береді [2].

Биоинформатика – молекулалық биология, генетика, математика, биологиялық химиямен өте тығыз байланысты. Әлемде пайда болған биологиялық жүйелер жайлы көптеген ақпараттық мәліметтерді сақтау, жинақтау және өңдеу биоинформатика ғылымының пайда болуына түрткі болып отыр.

Кейіннен теориялық биологияны математикалық модельдеу бағытымен ұштастырылып, Стюарт Кауфман кездейсоқ логикалық желілер туралы жұмысында транскрипцияны реттеудің кең ауқымды желілері туралы тұжырымдаманы енгізді және жасуша түрін көп өлшемді динамикалық жүйеде тартушы ретінде қарастырды. 2000 жылы Хуан мен Ингбер бұл ұғымдарды молекулалық биологияның эксперименттік қауымдастығына қайта енгізді, ал кейінірек 2773 геннің уақытша ген экспрессиясының деректері негізінде нейтрофилдердің дифференциациясының балама траекторияларын көрсету арқылы олардың күштерін керемет суреттеді. Сол кездесуде ферменттердің тербелмелі динамикасы сияқты салалардағы модельдер мен эксперименттер ұсынылды, гендерді реттеудегі позициялық ақпарат және би-тұрақтылық ұсынылды және қызу талқыланды. Кеңістіктік заңдылықтардың қалыптасуы Тьюринг жүйелерін градиент

жүйелеріне қарсы қою арқылы негізгі тақырыптардың бірі болды. Осы кезеңде дамудағы градиенттер туралы бірнеше еңбектер жариялаған Фрэнсис Крик, Тюринг моделіне күмәнмен қарағанымен, оның жұмысы, яғни дамудың және морфогенездің көп деңгейлі модельдеріне үлгі қалыптастыру шеңберінен шығу "биоинформатика" тұжырымдамамыздың ұзақ мерзімді мақсаттарының бірі болды [3].

Нобель сыйлығының лауреаты Пол Нурс: Өзін-өзі ұйымдастырудың маңыздылығын және одан туындайтын қарама-қайшылықты нәтижелерді атап көрсете отырып, ол биологиядағы келесі "кванттық секіріс" биологиялық жүйелердегі ақпаратты өңдеу процестерін зерттеу арқылы жүреді деп мәлімдейді [4].

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, заманауи технологиның қарқынды дамуы биологиялық жүйелердің ұйымдастырылуы мен қызметін зерттеуде арнайы биоинформатикалық бағдарламаны әзірлеу және оны оқу үрдісінде қолдану өзекті мәселе болып отыр.

Биоинформатиканы дамыту және қолдану биологиялық процестердің молекулалық негіздерін анықтау үшін генетикалық ақпаратты жүйелеуге және талдауға арналған есептеу алгоритмдері, содан кейін осы білімді практикада қолдана отырып, бұл макромолекулалардың құрылымы туралы генетикалық ақпараттың деректер банктерінде жинақталып, жүйеленуіне байланысты, көбейе бастады, өсіп келе жатқан жылдамдықпен, бұл секіру жылдам жүйелеу әдістерінің дамуымен байланысты болды (ДНҚ нуклеотидтер тізбегін декодтау) [5].

Биоинформатика - биологиялық жүйелерді зерттеу кезінде ақпараттар және ақпараттық технологияларды қолдануға бағытталған, биология, информатика және математиканы бір пәнге біріктіретін ғылым саласы. Биологиялық жүйелерді модельдеуде сандық талдау әдістерін және биологиялық ақпаратты басқару үшін ақпараттық технологияларды қолдана отырып зерттейді.

Әр түрлі ағзалардың геномдарын зерттеу қарқындылығы артып, нәтижесінде алынған ақпараттарды сақтайтын жаңа мәліметтер базалары пайда болып, ал қолданыстағы мәліметтер базалары олардың мүмкіндіктерін үздіксіз арттыруда. Сонымен қатар, зерттеушілерге қолжетімді биологиялық ақпарат көлемі де осы қарқынмен өсуде. Заманауи ақпараттық технологияларды қолданбай, осы зерттеуде немесе осы биотехнологиялық үрдісте қажетті нақты биологиялық ақпаратты табу немесе өңдеу мүмкін емес. Сондықтан да, биологиялық жүйелерді зерттеуден алынған мәліметтер мен негізгі түсініктерді жетік меңгерту үшін биоинформатикалық бағдарламаларды әзірлеу және оларды оқытуда, зерттеу жұмыстарында қолдана білуге назар аударылады.

Биологиялық жүйелер жасуша компоненттерінің әр түрлі жиынтығына сандық және сапалық сипаттама беру үшін omics тәсілдерін қолдана отырып, біртіндеп зерттелуде. Шағын молекулалардың немесе метаболиттердің сандық Ғаламдық профилімен айналысатын метаболомика omics тәсілдерінің ішінде әртүрлі физиологиялық және патологиялық жағдайларда органеллалар, жасушалар, ұлпалар, мүшелер және бүкіл ағзалар сияқты тірі жүйелердің динамикалық реакциясын зерттеу үшін кеңінен қолданылады. Қазіргі уақытта бұл технология іргелі және клиникалық зерттеулер, ауылшаруашылығы, микробиология, тамақ ғылымы, тамақтану, фармацевтикалық зерттеулер, экология және биоотын өндірісі сияқты бірқатар қосымшаларда үнемі қолданылады. Осындай талдау жүргізу үшін қол жетімді көптеген аналитикалық платформалардың ішінен ядролық магниттік резонанс және масс-спектрометрия жоғары ажыратымдылықпен және осы әдістермен алуға болатын үлкен мәліметтер жиынтығымен басым болды. Осындай зерттеулерден алынған үлкен, көп өлшемді

мәліметтер жиынтығы осы деректерді мағыналы ету үшін өңделіп, талдануы керек. Осылайша, биоинформатика құралдары қажет үлкен деректер жиынтығын тиімді өңдеу, анықталған сигналдарды сипаттау және бірнеше мәліметтер жиынтығы мен олардың нысандарын нақтылайды. Бұл құжат қолда бар деректерді өңдеудің заманауи шолуын және осы тақырыптағы соңғы есептер жинағын ұсынады.

Биоинформатиканы жеке ғылыми салаға бөлінуін толығымен компьютерлік жүйелік талдау әдістеріне арналған Nucleic Acids Research журналының шығу кезеңімен, яғни 1980 ж., деп байланыстыруға болады. Биоинформатиканың қалыптасуы мен дамуындағы маңызды кезең адам геномын ретке келтіру жобасы болды. Осы кезден бастап биоинформатика тек көмекші құрал болудан қалды. Организмдердің толық геномдарын өңдеуге, талдауға және салыстыруға көшу ақпаратты талдаудың компьютерлік әдістерін қолданбай мүмкін болмады, нәтижесінде бұл зерттеулер тәуелсіз ғылыми бағытқа әкелді [5].

Генетикалық ақпаратты оқу технологиялары компьютерлік технологиялар мен есептеу әдістерін қолданбай мүмкін емес болғандықтан, биоинформатиканың пайда болуы мен қарқынды дамуы компьютерлік технологиялардың пайда болуымен және кең таралуымен қатар жүрді. Бұл ғылыми білімнің тереңдігі техникалық мүмкіндіктерге байланысты екендігінің тағы бір дәлелі.

Нәтижесінде барған сайын күрделі биологиялық жүйелерді зерттеуге және түсінуге, оларды жүйелі түрде зерттеуге, тірі табиғатта эволюциялық қатынастар орнатуға, жаңа дәрі-дәрмектер, емдеу әдістері мен жаңа биотехнологияларды жасауға мүмкіндіктер туады.

Соңғы технологиялық жетістіктер жоғары өткізу қабілеті бар биологиялық жүйелерді үнемді түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ауқымды деректердің пайда болуы деректерді зияткерлік іздеу және талдау үшін негізгі ұғымдар: "Машиналық оқыту" алгоритмдері, олардың әрқайсысының "бақыланбайтын" және "бақыланатын" мысалдары енгізіледі. Машиналық оқытуды талдауға арналған қолжетімді R бағдарламалау тіліне арналған пакеттерге назар аударылады. Бағдарламалау негізіндегі шешімдерге қосымша, тәжірибесі жоқ немесе шектеулі тәжірибесі бар пайдаланушыларға көлемді деректерді талдау жүргізе білуге мүмкіндік беретін веб-серверлер қарастырылады. Алайда, зерттеудің соңғы буыны сандық және дәлірек болып қана қоймай, нуклеотидтер мен аминқышқылдарының дәйектілігі жағдайында олар дискретті болды. Жеке организмнің немесе клонның геномдық реттілігін толықтай ғана емес, сонымен қатар, оны дәл анықтауға мүмкіндік туды. Эксперименттік қателіктер ешқашан толығымен алынып тасталмайды, бірақ қазіргі геномдардың реттілігі үшін олар өте төмен.

Бұл биология аналитикалық ғылымға айналды дегенді білдірмейді. Тіршілік шынымен де физика мен химия заңдарына бағынады, бірақ ол тым күрделі және тарихи апаттар тізбегіне тәуелді, сондықтан бүгінде оның принциптерін негізге ала отырып, оның қасиеттерін егжей-тегжейлі түсіндіруге болатын еді. Биоинформатика мәліметтерінің екінші айқын ерекшелігі-оның үлкен мөлшері. Қазіргі кезде нуклеотидтер тізбегінің мәліметтер банкінде 16 миллиард нуклеин қышқылының негіздік жұбы бар. Егер адам геномының өлшемін (HUMAN Genome Equivalents, HUGE) өлшем бірлігі ретінде алсақ, онда бұл ақпарат мөлшері 5 HUGE-ге тең. Тек ақуыз құрылымдарының мәліметтер базасында ~ 66000 жазбалар бар, олардың әрқайсысы берілген ақуыздың ~400 аминқышқылдарының үш өлшемді кеңістіктегі қалдықтарының координаталарының толық сипаттамасы болып табылады. Жеке деректер банктері ғана емес, олардың экспоненциалды өсу қарқыны да орасан зор [5].

Өсімдіктер фармакологиялық маңызды қосылыстардың құнды көзі бола алады. Алайда белгілі бір өсімдіктер бойынша зерттеулер жүргізу бірқатар ресурстарға байланысты қиындықтарға тап болды. Дәрілік өсімдіктерді анықтауға және зерттеуге арналған дәстүрлі, негізінен қолмен жасалатын биоскрининг стратегиялары қазіргі фармацевтикалық қажеттіліктерге сәйкес келмейді. Биоинформатикалық тәсілдер өсімдіктерді қорғау құралдарын тиімді және мақсатты іздеуді дамыту үшін қажетті құралдар жиынтығын қамтамасыз ете алады. Бұл шолуда маңызды прогреске қол жеткізу үшін биоинформатикалық стратегияларды қолдануға болатын дәрілік өсімдіктерді зерттеуге қатысты әртүрлі аспектілер қамтылған. Биоинформатика стратегиясының үйлесімі өсімдік негізіндегі дәрі-дәрмектерді ашудың жаңа дәуірін ашуы мүмкін [6,7].

Биоинформатика, барлық ғылымдар сияқты - қолданбалы және іргелі болып бөлінеді. Іргелі биоинформатика-эволюциялық молекулалық биология. Ал қолданбалы биоинформатика-бұл геномдар тізбегі мен ақуыз құрылымының деректерін декодтау [7].

Биоинформатикада бірнеше аналитикалық бағдарламалар бар. Олар төменде келтірілген:

А) Аминқышқылдары мен нуклеотидтер тізбегін салыстыруға арналған негізгі бағдарламалар:

1. ACT – (Artemis Comparison Tool) – геномдық талдау;
2. Bio Edit – аминқышқылдары мен нуклеотидтер тізбегінің туралау редакторы;
3. Bio Numerics – биоинформатика бойынша коммерциялық әмбебап бағдарламалар пакеті;
4. BLAST – аминқышқылдары мен нуклеотидтер тізбегінің мәліметтер базасында байланысты тізбектерді іздеу;
5. ClustaIW – аминқышқылдары мен нуклеотидтер тізбегінің бірнеше туралануы;
6. FASTA – аминқышқылдары мен нуклеотидтер тізбегінің өңгіштігін анықтау алгоритмдерінің жиынтығы;
7. Mesquite – Java тіліндегі салыстырмалы биология бағдарламасы;
8. Muscle – аминқышқылдары мен нуклеотидтер тізбегін бірнеше рет салыстыру. Clustalw салыстыру кезінде жылдамырақ және дәлірек бағдарлама;

Ә) Популяциялық деңгейде зерттеу жүргізуге арналған негізгі бағдарламалар:

1. Pop Gene – популяциялардың генетикалық әртүрлілігін талдау;
2. Populations – популяциялық-генетикалық талдау. Биологтың интеграцияланған құралының мысалы-Unipro UGENE. Бұл молекулалық биологтың жұмысына арналған еркін таратылатын бағдарламалық жасақтама. Бұл өнімнің пайдаланушы интерфейсі мыналарды қамтамасыз етеді:
 - реттілікпен;
 - хроматограммаларды бейнелеу;
 - тізбекті бірнеше туралау редакторын пайдалану;
 - стерео режимді қолдайтын үш өлшемді PDB және MMDB модельдерін қарау;
 - филогенетикалық ағаштарды қарау;

- талдау процесін автоматтандыратын есептеу схемаларының конструкторын қолдану;
- жариялауға ыңғайлы болу үшін суреттерді векторлық форматтарға сақтауды қолдау [7].

Біздің зерттеулеріміздің мақсаты – әлемдік ғылыми ізденістерге ілесе отырып, биологиялық жүйелердің (жасуша, мүше, организм, популяция) құрылымы мен қызметтері туралы ақпараттық мәліметтер базасын құру және оларды өңдеу үшін биоинформатикалық бағдарламалар мен арнайы алгоритмдерді әзірлеу болып табылады. Ондағы негізгі міндеттер:

1. Биологиялық жүйелердегі (жасуша, мүше, организм, популяция) ақпараттық үрдістерді зерттеу.
2. Биологиялық ақпараттар туралы мәліметтер базасын құру.
3. Ақпаратты басқару мен талдауға көмектесетін бағдарламалық жасақтама мен ақпараттық ресурстарды әзірлеу.
3. Білім беру бағдарламасында қолданбалы бағыттағы биологиялық курстарының оқу бағдарламасына «Биоинформатика» элективті курсы ендіру.
4. Жаңа білім беру жағдайында білімгерлердің биоинформатика материалдары бойынша болашақ мамандықты таңдауда бағыт-бағдар беру немесе биоинформатика мамандарын дайындау.
5. Біртұтас ағза және қоршаған ортаның, ағза мен жасуша арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін механизмдердің негізгі теориялық сұрақтары бойынша жалпы түсінікті биоинформатикалық бағдарламаны жасау арқылы оларды қолданысқа енгізу.
6. Ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде теориялық білім мен практикалық дағдыларын қолдану мүмкіндіктерін, басқа да кәсіптік пәндермен биоинформатиканың логикалық байланысын, олардың кәсіби іс-әрекетте қолдана білу.
7. Биологиялық жүйелер бойынша анықталған генетикалық ақпараттармен (геном) біртұтас бағыттылығын биоинформатикалық бағдарламаға түсіріп, оларды оқу үрдісінде қолдана білуге үйрету, меңгерту.

Дулати университетінің ғалымдарымен пәннің кіріспе бөлімі ретінде алғашқы «Биоинформатика» оқу құралы баспадан шықты. Бірнеше лабораториялық жұмыстар құрастырылды. Олардың бірі-студентті ғаламтордағы екі маңызды мәліметтер базасымен таныстыру. Олар геномдық мәліметтерді сақтауға арналған GenBank дерекқоры (<https://www.ncbi.nlm.nih.gov/genbank/>) ақуыздар мен нуклеин қышқылдарының үш өлшемді құрылымдарының мәліметтер қоры - Protein Data Bank (PDB) (<http://www.rcsb.org/>) арқылы жұмыс жасайды.

Бұл жұмысты орындау барысында студент мыналарды оқып, игере алады:

1. Белгілі бір ақуыз атауы бойынша нуклеотидтер тізбегін іздейді;
2. Белгілі бір ақуыз туралы ғылыми мақалалар іздейді;
3. Ақуыздың 3D құрылымын сипаттайтын файлмен жұмыс жасау;
4. 3D-браузердің көмегімен ақуыздың үшінші құрылымын зерттейді.

GenBank мәліметтер базасы US National Centre for Biotechnological Information (NCBI) (<https://www.ncbi.nlm.nih.gov/>) қолдауымен жүзеге асырылады. Бұл веб-сервер оларды

басқа мәліметтер базаларымен және ресурстарымен, соның ішінде Ұлттық медицина кітапханасымен (National Library of Medicine) байланыстырады.

Жұмыс келесі тізбекте жүргізіледі: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/search/> - Entrez – *isocitrate dehydrogenase* - Go -Nucleotide (DNA и RNA)- Genome- Structure .

Нуклеотидтер тізбегін алу: Nucleotide Limits → Search field Title Search "isocitrate dehydrogenase" «and E coli» J02799 → Sent To → Text. →

Осылайша студенттер биологиялық мәліметтер базаларымен танысып, керекті материал ала алады.

Биоинформатика қазіргі таңда медицинаның барлық салаларында кеңінен қолданылып келеді. Биологиялық мәліметтерді жедел жинақтап, талдау, қажетті ақпаратты жылдам табу сияқты медицина үшін аса қажетті мәселелерді шешуге жан-жақты мүмкіндік ашылады. Осылайша, биологияның жаңа саласы болып табылатын биоинформатика ғылымнан өз орнын тауып және нақты тәжірибе жүзінде қолдану арқылы ғылым саласына үлкен үлесін тигізері анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бородинов А.Г., Манойлов В.В. Поколения методов секвенирования ДНК. [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://elibrary.ru/item.asp?id=44238826> (дата обращения: 24.06.2023).
2. Свездлов Е.Д. Взгляд на жизнь через окно генома. Т. 2: Очерки современной молекулярной генетики. М.: «Наука», 2019. – 495 с.
3. Hogeweg, P. (2011). Корни биоинформатики в теоретической биологии. PLoS Comput Biol, 7(3), e1002021.
4. Романова В. В., Ивина О. А. Биоинформатика и средства компьютерного анализа с.354-357].
5. Greene, C. S., Tan, J., Ung, M., Moore, J. H., & Cheng, C. (2014). Big data bioinformatics. Journal of cellular physiology, 229(12), 1896-1900.
6. Sharma, V., Sarkar, I. N. (2013). Биоинформатические возможности для идентификации и изучения лекарственных растений. Брифинги по биоинформатике, 14(2), 238-250.
7. Tastan Bishop, Ö., Adebisi, E. F., Alzohairy, A. M., Everett, D., Ghedira, K., Ghouila, A., & H3ABioNet Consortium, as members of The H3Africa Consortium). (2015). Bioinformatics education—perspectives and challenges out of Africa. Briefings in bioinformatics, 16(2), 355-364.

МРНТИ 34.29.35

РАЗНООБРАЗИЕ РАСТИТЕЛЬНЫХ СООБЩЕСТВ СЕВЕРО - ВОСТОЧНОГО ПРИКАСПИЯ

Ибадуллаева С.Ж.

*д.б.н., профессор, Кызылординский университет имени Коркыт Ата,
ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-3270-8364>*

Токтаганова Г.Б.

*PhD, заведующий кафедрой биологии, географии и химии, старший преподаватель
Дамуы аяқталып, қоректенуін тоқтатқан жұлдызқұрттар жемістен шығып, ағаштың діңіне көшеді де оның түбіне таяу бөлігінде қабық астына немесе топырақ арасына еніп, қуыршаққа айналады 10-12 күн өткен қуыршақтың жаңа ұрпақтың көбелектері ұшып шығады.

Оңтүстік аудандарда алқоры көбелегі 3 ұрпақ, ал басқа жерлерде 2 ұрпақ беріп өсіп-өнеді.

Шие бізтұмсығы - *Rhenchites auratus* Scop. Қатты қанаттылар отрядының бізтұмсықтар тұқымдасына жатады. Қазақстанда тегіс таралған. Қызғылт реңді қола тәрізді ұзынша. Еркектерінің арқасының алдыңғы жағында және бүйір жақтарында бір-бір тікенек болады. Ұзындығы 9 мм (6 сурет).



Сурет 6 - *Шие бізтұмсығы* - *Rhenchites aurautus* Scop

Қоңыздар ерте көктемде қыстаған жерлерінен шығады да алғашында бүршіктер мен бітеу гүлдерді, одан кейін шиенің, өріктің, алқорының, кейде алманың жемістерін жеп қоректенеді. Олар жемісті шұқырлай кеміріп бүлдіреді. Ұрғашылары жемісті кеміріп, оның ішкі сүйек дәніне жетеді де, оны үңгіп, жұмыртқаларын сонда орналастырады. Әрбір ұрғашы қоңыз 500-ге дейін жұмыртқа салады. Жұмыртқадан шыққан личинкалар жемістің ішкі дәндерімен қоректенеді. 20-25 күннен кейін личинкалар жетіліп, қоректенуін тоқтатады да жемістен шығып, жерге енеді. Топырақ арасында 5-10 см тереңдікте олар "жер бесік" жасап, сонда жалдың аяқ кезіне қуыршаққа айналады.

Жаңа ұрпақтың қоңыздары қуыршақтан күзде шығады, бірақ олар келесі көктемге дейін жер үстіне көтерілмей, топырақ арасында қысқы ұйқыға кетеді.

Шабдалы жеміс жемірі – *Garposina niponensis* wlsn. Қабыршаққанаттылар (Lepidoptera) отрядының карпосиналар (Carposinidae) тұқымдасына жатады. Қазақстанда кең таралған.

Көбелектің жалпы түсі сұр. Баскөкірегі күңгірт сұр. Алдыңғы қанаттарының ортасында үлкен күңгірт дақты ішінде жылтырауық көк нүктесі бар. Қанаттарының сыртқы жиегіне қарай онша байқалмайтын жолақтары болады. Артқы қанаттары сұр-қоңыр түсті. Ұршағы көбелектің ұзындығы 1мм, қанаттарының өрісі 16-18мм. Еркектері ұрғашыларынан кіші. Еркектерінің генеталийінің түрі өзгерген болады.

Жұмыртқасы қызғылт-қызыл, дөңгелек. Диаметрі 0,4мм. Жұмыртқаның сыртқы қабығының беті торлы, ұшына қарай үш айырылған қылшықты ақ өскінге ауысады.(7 сурет)



Сурет 7 - *Шабдалы жеміс жемірі* – *Garposina niponensis* wlsn

Жұлдызқұртының төменгі жастағылары ақ, ересектері қоректенетін өсімдіктерге байланысты сарғыш, қызыл болады. Басы қоңыр. Стигмалары түссіз қалқаншаларға орналасқан.

Құрсақ аяқтарында біркелкі қатар орналасқан ілгектері болады. Ересек жұлдызқұрттарының ұзындығы 13-16мм.

Қуыршағы ұршық тәрізді, сарғыш қоңыр, ұзындығы 7-9мм, диаметрі 2,5мм. Құрсағының ұшында ерекшеленген өскіні және ілгектері жоқ. 5 жастағы жұлдызқұрт күйінде тығыз піллә ішінде 5-10см тереңдікте топырақта, ағаш діңінен 1-2м радиуысында қыстайды. Көктемде жұлдызқұрттар қысқы піллеларын тастап топырақ бетіне қарай ауысып, онда жазғы ұзыншақ піллә (ұзындығы 6-9мм, диаметрі 2,5мм) тоқып қуыршаққа айналады. Шамамен екі апатадан кейін көбелектер ұшып шығады. Ауа температурасы 15⁰С асқан кезде ұрғашы көбелектер шабдалы мен алхоры жемістеріне жұмыртқа салады.

Эмбриондық дамуы 7-9 күнге созылады. Жұмыртқадан шыққан жұлдызқұрттар жеміске енеді. Олардың дамуы 25⁰С 30 күнге созылады. Тамызда ересек жұлдызқұрттар жемісті тастап піллә тоқуға кетеді.

Жылына 1-2 ұрпақ беріп дамиды.

Жұлдызқұрттары жемісте жол салып зақымдайды. Әр жемісте біз мезгілде бірнеше жұлдызқұрттар дамиды. Өте қауіпті зиянкес.


Қарақаттың мөлдір қанатты көбелегі – Қазақстанның батыс, оңтүстік шығыс және солтүстік аймақтарында таралған. Көбелектің денесін көкшіл қара түсті қабыршақтар басқан. Құрсағында сақина тәрізді орналасқан ақшыл-сары түсті жіңішке жолақтар болады. Олардың саны еркектерінде 4, ұрғашыларында 3. Қанаттарының түсі шыны тәрізді мөлдір. (8 сурет)

Алдыңғы қанаттарының сыртқы жиегінде қызғылт-сары түсті көмкерме орналасқан. Қанаттарының өрісі 20-28мм. Жұлдызқұрттарының жалпы түсі ақ, басы мен көкірек бөлімдері және аналь қалқаншалары қоңыр. Ұзындығы 30мм жетеді.

Зиянкестің жұлдызқұрттары қарақат өсімдігі сабағының ішінде қыстап шығады да көктемде сонда қуыршаққа айналады. Көбелектер мамырдың аяғы мен маусымның бас кезінде шығып, көп кешікпей-ақ өсіп-өніп көбеюге кіріседі. Олар жұмыртқаларын бір-бірлеп қарақаттың сабағындағы бүршіктердің жанына орналастырады. Әрбір ұрғашы көбелектің салатын жұмыртқаларының саны 40-60 болады. Одан соң сабаққа өтіп, оның ішінде жоғарыдан төмен қарай жылжып жол салады.

Сөйтіп, ол сабақтың төменгі бөлігіне жетіп, сол жерде қыстап шығады. Генерациясы бір жылдық.

Мөлдір қанатты көбелектің жұлдызқұрттары зақымдаған өсімдік сабақтары тіршілігін біржола жойып, қурап қалады.



Сурет 8 - Қарақаттың мөлдір қанатты көбелегі а-имаго; б-жұлдызқұрт

Мөлдір қанатты көбелектің жұлдызқұрттары зақымдаған өсімдік сабақтары тіршілігін біржола жойып, қурап қалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жеміс ағаштарының негізгі зиянкестері: жапырақ бітелері, алманың қанды бітесі, алмалың үтір тәрізді қалқаншалы сымыры, қарағанның жалған қалқаншалы сымыры, калифорниялық қалқаншалы сымыр, жасыл цикада, жеміс кенелері алма кенесі, долана көбелегі, жұпсыз көбелек, алма жемірі, құндақты күйе көбелегі, алхоры жемірі, шиіе бізтұмсығы, шиенің шырышты егеушісі екендігін сипаттап оларға жеке талдаулар берілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сағитов А.О., ашықбаев Н.Ж., Дүйсембеков Б.Ә., Төлеубаев Қ.М., Мұхамдиев Н.С. Жалпы энтомология. Алматы, ҚазҰАҰ, 2012. - 220 бет
2. Афонин А.Н.; Гринн С.Л.; Дзюбенко Н.И.; Фролов А.Н. Агроэкологический Атлас России и сопредельных государств: сельскохозяйственные растения, их вредители, болезни и сорняки. [Версия 1.0]. 2006
3. Душенков Б.М., Макаров К.В., "Летняя полевая практика по зоологии беспозвоночных" М. Академия, 2000, стр — 256
4. Тілменбаев Ә.Т., Жармұхамедова Г.Ә. «Энтомология». Алматы, Қайнар, 1994 жыл.
5. Матпаев Б.Б. «Ауылшаруашылық дақылдарының зиянкестерімен биологиялық күрес тәсілдері». Алматы, Қайнар, 1983 жыл

**БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА “FIELD LAB” ӘДІСІ НЕГІЗІНДЕ ТӘЖІРИБЕЛІК
ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ**
**ORGANIZATION AND CONDUCT OF EXPERIMENTAL WORK BASED ON THE
“FIELD LABORATORY” METHOD IN TEACHING BIOLOGY**

Салыбекова Н.Н.

*PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, Түркістан, Қазақстан*
ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-3750-1023>

Файзуллаева Д.Ш.

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, Түркістан, Қазақстан*
ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7745-8584>

АНДАТПА

Мақалада биологиялық білім беру барысында білімгерлерді ғылымға және жаңашылдыққа баулу мақсатында далалық іс-тәжірибе жұмыстарын жүргізудің әдістемесі берілген. Field lab әдісін ғылыми зерттеулер мен іс-тәжірибе барысында қолданудың жолдары мен жұмыстың ұйымдастырылу барысы көрсетілген. Field Lab әдісін сабақтан тыс, жазғы немесе көктемгі далалық, практикалық зерттеу сабақтарында қолданудың әдістері, оның нәтижелерін алу, Field lab әдісін қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері анықталған. Биологиялық білім берудегі Field lab әдісін қолданудың тиімділігі мен білімгерлердің ізденіс-зерттеушілік іс-әрекеттер жүйесі нақтыланып, белгілі бір мақсатта әрекет жасау қабілеттерін анықтау жұмыстары жетілдірілген. Жобалық зерттеулер мен тәжірибелік жұмыстар жүргізудегі Field lab әдісінің артықшылықтары анықталған. Биологиялық білім беру барысында field lab әдісін қолдану арқылы далалық іс-тәжірибелерді ұйымдастыру, білім беру мекемесінің ботаникалық бақ оқу-эксперименттік алаңын зерделеп, танымдық далалық іс тәжірибе әдісі арқылы онда өсірілген өсімдіктердің түрлерін зерттеу, бақылау, анатомиялық және физиологиялық түсініктерін қалыптастыру заңдылықтары бойынша әдістемелік ерекшелігі жасалған. Field lab әдісін қолданудың ерекшеліктері мен әдістемесі, бағалау критерийлері берілген.

Кілт сөздер: field lab әдісі, ғылыми – зерттеу жұмысы, жаңа технологиялар, өсімдіктер физиологиясы мен анатомиясы, жаратылыстану ғылымдары.

ABSTRACT

The article presents the methodology of conducting field practical work in order to introduce students to science and innovation in the course of biological education. Ways and methods of using the field lab method during scientific research and practice the organization process is shown. Methods of using the Field Lab method in extracurricular, summer or spring field, practical research classes, obtaining its results, advantages and disadvantages of using the Field Lab method are determined. The efficiency of using the Field lab method in biological education and the system of research-research activities of educators have been clarified, and the work of determining the abilities to act for a specific purpose has been improved. The

advantages of the Field lab method in conducting project studies and experimental work are determined. In the course of biological education, using the field lab method, organizing field experiments, studying the educational and experimental site of the botanical garden of the educational institution, and using the cognitive field experiment method, researching, controlling, and forming anatomical and physiological concepts of the types of plants grown there have been made a methodological feature. . Features and methodology of using field lab method, evaluation criteria are given.

Keywords: field lab method, scientific research work, new technologies, plant physiology and anatomy, natural sciences.

Қазіргі таңда білім беруді жаңартудың заманауи жағдайында, оқыту процесіне білімгерлердің оқу-танымдық қасиеттерін дамыту мақсатында жаңа инновациялық әдістер мен технологияларды енгізе отырып ұйымдастыру маңызды болып табылуда [1-2]. Сондықтан да, болашақта білім беру барысында мұғалімдерге, жаңа заманауи технологиялар мен әдістерді қолдануды талап етуде. Білім беру мекемелерінде осындай жүйені жүзеге асыра отырып, болашақ ұрпақты жаңашылдыққа, ізденістерге, шығармашылықтарға жетелейді. Білім алу барысын тек қана мектеп қабырғасында емес, бәлкім сыныптан тыс та ұйымдастырудың тәсілдері енгізілуде. Білім беру бағдарламаларына енгізілген пәндерді, әсіресе жаратылыстану бағытындағы пәндерді қызықты да пайдалы қылып ұйымдастыру көзделуде. Кәзіргі таңда ғалымдардың зерттеулері бойынша осы мақсатты амалға асыруда ең тиімді де ыңғайлы деп жобалық және ғылыми-зерттеушілік, далалық іс-тәжірибе әдістерін бірнеше ғалымдар дәлелдеген болатын [3-5]. Педагогикалық тәжірибеде Field lab әдісін қолданудың өзектілігі оның жаңашылдығымен ғана емес, сонымен қатар оның жан-жақтылығымен де байланысты: білімгерлердің білімі мен дағдыларын интеграциялау мүмкіндігі, оқушы тұлғасының жан-жақты дамуы үшін танымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру және дамыту. Ежелдегі оқу барысындағы жобалық әдісті қалыптастыру және дамыту мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттердің мазмұндық талдау деректерін жинақтай отырып, Морозова М.М. өз еңбегінде [6] жобалық әдісті оқушының мақсаттары мен қызметінің, нәтижелері мен жетістіктерінің, білімі мен дағдысының теориялық және практикалық аспектілерін біріктіретін оқу процесінің философиялық категориясы ретінде анықтайды.

Сабақта және сабақтан тыс жұмыстар аясында мектеп оқушыларының танымдық қабілеттерін дамыту құралы, оқу пәндері бойынша оқуға деген ынтасын арттыру, оқушының тұлғалық дамуының негізі ретінде жобалық далалық іс- тәжірибе әдістерін қолданудың әдістемелік аспектілері болып табылатындығын көптеген ұстаздар, зерттеушілер Д.Дьюи, Д.Снезден, Э.Коллинг, С.Т. Шацкий, Н.К. Крупская, М.В. Крупенина, Б.В. Игнатъева, Е.С. Полат, В.Н. Шульгина және т.б. кейбір зерттеушілердің еңбектері [7, 8] бұл әдістің тәрбиенің интегративті құралы ретінде тиімділігін негіздейді.

Field lab әдісін қолдану барлық жоғары оқу орындарының жаратылыстану ғылымдарының студенттерін (биологтар, геологтар, географтар, экологтар және т.б.) дайындау үшін мемлекеттік стандарттар мен оқу жоспарларымен қарастырылған. Оны далалық жұмыс деп атайды, себебі ол табиғи жағдайда, сыныптан тыс жұмыстарды қамтиды. Әртүрлі университеттер өздерінің географиялық орналасуына және басқа жергілікті жағдайларға байланысты далалық іс-тәжірибелерді өту үшін белгілі бір аумақты таңдайды. Далалық іс-тәжірибелерді өткізудегі міндетті нәрсе - тәжірибелер

мектеп сағаттарынан тыс жоспарлануы керек және оқу жұмысының басқа түрлерімен араласпауы.

Далалық тәжірибелердің ерекшелігі – олар табиғи объектілерді, процестерді және құбылыстарды динамикада байқауға мүмкіндік береді демек, олардың өзара байланысы туралы неғұрлым толық түсінік алады; Экологиялық ойлаудың негізі осылай қаланады. Студенттер нақты экологиялық және биологиялық іс-шараларға қатысып, оларды өздері жүргізіп, негіздей алады, сонымен қатар қоршаған ортаны ұтымды пайдаланудың кейбір мәселелерімен танысады.

Далалық іс- тәжірибе жұмысын ұйымдастыру;

Дала практикасы оқу курсын аяқтағаннан кейін жүргізіледі. Әдетте ол негізі екі бөліктен (жаз) және маусымдық (көктем және күз) тұрады. Дәстүрлі түрде далалық іс-тәжірибе келесі жұмыс түрлерін қамтиды: мұғалімнің жетекшілігімен білімгерлер тобының (кіші тобының) экскурсиясы, үстелде (зертханада) жиналған материалдарды өңдеу (өсімдіктерді сипаттау және анықтау, оларды морфологиялық талдау, анатомиялық зерттеу, т.б.). Әрбір білімгер тәжірибе күнделігін жүргізіп, экскурсия кезінде және зертханада жүргізген бақылау нәтижелерін күнделікті жазып отырғаны жөн. Жазбаларды ықшамдап жазып, күнделікке әдеби көздерден алынған мәліметтерді енгізбей, арнайы бақыланатын табиғат құбылыстары мен зерттелетін өсімдіктердің ерекшеліктеріне тоқталу өте маңызды. Жетілмеген пішінде болса да, жұмыс кезінде туындайтын сұрақтар мен ойларды күнделіктеріңізге жазып алғаныңыз пайдалы: нақты тұжырымдалған сұрақ дұрыс жауапты табуға көмектеседі. Күнделікті екінші және жоғары курстарда өткізілетін келесі тәжірибеге дейін жүргізген жөн.

Өзіндік оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын әдетте арнайы белгіленген уақытта 2-3 білімгерден тұратын топтар тәжірибе жүзінде жүргізеді. Тәжірибе барысында пайда болған қызығушылықты ескере отырып, білімгерлер өз жұмыстарының тақырыптарын өздері таңдай алады. Әрине, мұғаліммен кеңесу де қажет, өйткені жұмыстың аяқталуы орын мен уақыт жағдайына, сондай-ақ басқа мүмкіндіктерге байланысты. Өзіндік жұмыс нәтижелері бойынша оны орындаушылар акт жасайды (бақылау нәтижелері, фотосуреттер, жинақтар, сандық материал, диаграммалар, графиктер және т.б.). Топ жұмысының нәтижелері жазбаша есеп түрінде немесе қорытынды конференцияда баяндама түрінде ұсынылады.

Аумақтық флораны бақылау

Field lab әдісін қолдану барысында оқу мекемесі дайындаған белгілі аймақ флорасы бойынша жұмыстар алып барылады. Ботаника бағдарламасында өткізілген далалық іс-тәжірибеде білімгерлер өздерінің табиғи ортадан және оқу процесінде жинақтаған білімдерін қолдана алады. Алайда бұл жинақталған білім далалық практика жұмыстарын алып бару процесінде жеткіліксіз. Сондықтан ботаникадағы далалық тәжірибенің маңызды міндеттерінің бірі – зерттелетін аймақты мекендейтін өсімдік түрлерінің алуан түрлілігін – оның флорасын білу.

Далалық іс-тәжірибе кезеңінде білімгерлер жоғары сатыдағы өсімдіктердің 120-150-ге жуық жаңа түрлерін ажырата алады. Ол үшін өсімдікті көріп, атау жеткіліксіз, бір түрді басқалардан ерекшелейтін белгілерді егжей-тегжейлі зерттеу және талдау қажет. Өсімдік түрлерінің диагностикалық сипаттамаларының ең толық талдауы анықтауыштарда қамтылған, сондықтан анықтауыштармен жұмыс (толық анықтау немесе атауды нақтылау) бүкіл тәжірибе барысында жүзеге асырылады.

Field lab жұмыстарын жүргізу процесінде өсімдіктермен әр түрлі жұмыстар жүргізіліп, олардың морфологиялық, физиологиялық, анатомиялық ерекшеліктері ескеріледі,

зерттеледі. Field lab тәжірибелік жұмыстары барысында ең қолайлы және ең тиімді тәсілдің бірі гербарий жасау болып табылады. Белгілі бір аймақта өсіп жетілген өсімдіктерді сақтап, әрі қарай зерттеу үшін олардан герберий жасау, білімгерлердің оқуға, биология пәніне деген қызықшылықтарын арттыру түсүі сөссіз анық.

Гербарий – кептірілген (жалпақ) өсімдік үлгілерінің жиынтығы. Ботаниктердің ғылыми жұмыстарында гербарийдің маңызы зор және ір ботаник үшін олардан коллекция жасау бір хобби десекте болады. Бұл табиғаттың яғни белгілі бір өсімдіктің жеке құжаты және оны ең жақсы деген фотосуреттер, компьютерлік көшірмелер, сызбалар немесе ауызша сипаттамаларм алмастыра алмайды. Гербарий үлгілерін ондаған жылдар, тіпті ғасырлар бойы сақтауға болады, оларды бірнеше рет зерттеп, өсімдік туралы жаңа ақпарат алуға болады. Табиғат құжаты ретінде гербарийдің де оқу-тәрбие үрдісінде маңызы зор. Оны сақтау оңай және жылдың кез келген уақытында пайдалануға болады. Мұғалім білімгерлерді гербарий ретінде сақталған өсімдіктердің ежелгі, бағалы түрлермен таныстыра алады, содан кейін оларды зақымдамай-ақ тірідей көрсете алады. Өсімдіктердің белгілі бір морфологиялық ерекшеліктерін көрсететін тақырыптық ботаникалық жинақтардың да маңызы бірдей. Сонымен, ботаникалық (гербарий) коллекцияларын құрастыру әдістемесін меңгеру далалық тәжірибенің міндетіне жатады.

Биологияны оқыту барысын field lab әдісін қолдану болашақ мұғалімдердің кәсіби педагогикалық циклдің пәндер жүйесіндегі теориялық білімі мен практикалық дағдыларының байланысын қамтамасыз ететін элементтердің бірі болып табылады.

Білімгерлердің field lab жұмыстарын жүргізудегі негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- білімгерлердің теориялық материалды меңгеруі;
- білім беру мекемелерінің оқу-тәжірибелік алаңын жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын дамыту;
- білімгерлермен табиғатқа және мұражайларға экскурсияларды дамыту және өткізу қабілеттерін дамыту;
- оқушылармен эксперименттік жұмыс жүргізу дағдыларын қалыптастыру; мектеп аумағында сабақты дамыту және өткізу қабілеттерін дамыту.

Өткізу орны: биологиялық мұражайлар, қалалық ботаникалық бақтар, саябақтар мен эко орталықтар.

Далалық практиканы ұйымдастырудың негізгі кезеңдері:

1. Дайындық кезеңі – тәжірибе кестесін жасау және бекіту; студент жұмысының түрлерін жоспарлау; тәжірибені жүргізуге жауапты мұғалімдерді тағайындау.
2. Ұйымдастырушылық – бастама конференциясын өткізу: уақыты; практикалық мақсаттар; тәжірибе жоспары, есеп беру құжаттамасы.
3. Теориялық маңызы – ғылыми-зерттеу, жобалық және жаратылыстану қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік әдебиеттерді зерттеу және талдау.
4. Тәжірибелік маңызы – оқу-тәжірибе алаңында және жануарлар дүниесі бұрышында тәжірибелік сабақтар өткізу; мектеп биологиясы бойынша экскурсиялар; экологиялық жолды дамыту; биология кабинетіне көрнекі құралдарды дайындаудан.
5. Қорытындылау – экскурсиялар жүргізу және қорытынды конференцияда сөз сөйлеу, тәжірибе нәтижелері бойынша білімгерлердің есебі.

Білім беру мекемесінің учаскесінде сабақ өткізудің құрылымы, мазмұны және әдістемелік ерекшеліктері.

Білім беру мекемелерінің оқу-тәжірибе алаңында гүлді-сәндік өсімдіктер, коллекциялық, егістік, көкөніс дақылдары, жеміс-жидек дақылдары өсімдіктері, участкілер ұйымдастырылған. Әр бөлімнің аумағын Білім беру мекемелерінің басшылығы жергілікті жағдайларды және жұмысқа тартылған студенттер санын ескере отырып белгілейді.

Оқушылардың зерттеуге берілген алаңдағы негізгі жұмыстары өсімдіктер мен жануарларды өсіру, олардың өсуі мен дамуын бақылау, еңбекке баулу, жаратылыстану, биология, үйірме сабақтарының бағдарламаларына сәйкес ауылшаруашылық тәжірибелерін жүргізу.

Участкідегі білімгерлердің жұмысы білім беру мекемелерінің тәрбие жұмысы жоспарының құрамдас бөлігі болып табылатын жоспарға сәйкес ұйымдастырылады. Оларға келесі бөлімдерді қосқан жөн:

- оқу-тәжірибе участкісінің аумағын жоспарлау;
- жұмыстың мазмұны мен ұйымдастырылуы;
- участкідегі оқушылардың жұмысын қадағалау;
- жұмысты материалдық қамтамасыз ету.

Табиғатқа экскурсия өткізудің әдістемелік ерекшеліктері.

Field lab жұмысын ұйымдастырудағы таы бір тәсіл ол экскурсия. Экскурсия – биологиядан оқу жұмысын ұйымдастырудың бір түрі. Экскурсияның тәрбиелік және тәжірибелік мәні оқушылардың тірі табиғаттың заттары мен құбылыстарын тікелей табиғаттың өзінде зерттеуге мүмкіндік алуында. Экскурсия оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, қызығушылық тудырып, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуге, эстетикалық сезімдерін дамытуға ықпал етеді. Экскурсияға дайындық кезінде келесі кезеңдерді бөлуге болады:

1. тақырыпты, мақсаттар мен міндеттерді анықтау;
2. әдебиеттану;
3. маршрутты зерттеу;
4. объектілерді таңдау;
5. экскурсиялық құрал-жабдықтарды дайындау;
6. жоспар мен сызбаны құрастыру;
7. білімгерлерге тапсырма карталарын дайындау.

Экскурсияны өткізу әдістемесі: экскурсияның тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін ашатын кіріспе әңгіме; білімгерлерді бөлімдерге бөлу, білімгерлер арасында тапсырмаларды таңдау және бөлу; жоспарланған объектілерді зерделеу, тандалған бағытты қатаң сақтау; қорытынды әңгіме жасау. Экскурсияның қорытынды кезеңі – экскурсияның нәтижелерін тіркеу: есептерді, гербарийлерді, коллекцияларды дайындау.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, биология сабақтарында шағын жобалардың инновациялық технологиясын қолдану әмбебап оқу іс-әрекеті мен жобалық іс-әрекет құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Білімгерлердің үлгерімінің динамикасы педагогикалық экспериментті жүзеге асыру кезіндегі оң динамикаға сәйкес келеді. Бұл проблеманы зерттеудің перспективалық бағыты жалпыға бірдей білім беру қызметінің жеке топтары үшін объективті критерийлерді анықтау және білімгерлердің нәтижелерін сараптамалық бағалау әдістемесін жетілдіру болып табылады. Білімгерлерде зерттеушілік дағдыларды дамыту үшін зерттеулер мен бақылаулар жүйелі және жоспарлы болуы керек, мұғалім жұмыстың мақсаты нақты тұжырымдалған және оған қол жеткізуге болатынын есте сақтауы керек. Бұл ретте білімгердің жалпы дамуын, оның бар білім мен дағды қорын ескеру қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баёва Ю.В. Метод проекта как современная педагогическая технология // Вестник ТГПУ. 2012. №2. С.117-120.
2. Цыбикова Т.С. Организация проектно-исследовательской деятельности школьников с использованием информационно-коммуникационных технологий // Вестник БГУ. 2014. №15. С.57-60.
3. Васильева Н.Н., Дмитриева Е.А. Возможности организации исследовательской деятельности школьников в процессе обучения биологии // Ярославский педагогический вестник. 2012. №4. С.68-72.
4. Белова Т.Г. Исследовательская и проектная деятельность учащихся в современном образовании // Известия РГПУ им. А.И. Герцена. 2008. №76(2). С.30-35.
5. Горобец Л.Н. «Метод проекта» как педагогическая технология // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 3: Педагогика и психология. 2012. №2. С.122-128.
6. Морозова М.М. Метод проектов в истории отечественной и зарубежной педагогики // Интеграция образования. 2007. №3/4. С.36-41
7. Митрофанова Г. Г. Метод проектов вчера и сегодня // Вестник ЛГУ им. А.С. Пушкина. 2010. №4. С.94- 106.
8. Титаренко Н.Н., Мальцев В.П., Белоусова Н.А. Метапредметная лаборатория как особая среда для развития метапредметных универсальных учебных действий у младших школьников // Успехи современной науки и образования. – 2017. - Т.1, № 4. — С. 12–15.

ВЫРАЩИВАНИЕ ЛИМОНА В ДОМАШНИХ УСЛОВИЯХ (ВНЕ КЛАССНАЯ РАБОТА ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРЕДМЕТА «БИОЛОГИЯ»)

Ходжаниязова Жанар Тогабаевна

*старший преподаватель специальных дисциплин
Международный Таразский инновационный институт им.Ш.Муртазы
Тараз, Казакстан
ORCID ID: <https://orcid.org/0009-00007568-4046>*

АННОТАЦИЯ

В данной статье говорится о процессе выращивания лимона сорта Пандероза с учащимися в домашних условиях, в целях закрепления материала предмета «Биология» по теме «Вегетативное размножение». Внеклассная работа учащихся формирует повысить активность, развивает эстетический вкус, прививает интерес к изучаемому предмету, а также позволяет улучшить контроль знаний, полученных уроках биологии. В статье рассматривается способ вегетативного размножения лимона сорта Пандероза неспециализированными частями растения (участками стебля - черенками). Также в статье изучаются вопросы ухода за саженцами на различных стадиях развития. Существуют и другие опасности, которые подстерегают лимоны, выращиваемые в горшке. С других растений на них могут перейти вредители, прежде всего паутинный и красный клещик, которого называют красным паучком. Самыми распространенными среди этих вредителей являются паутинные и красные клещи (называемые также красными паучками). В статье даются рекомендации по проведению защитных мероприятий от вредителей и болезней лимона сорта Пандероза в домашних условиях.

Ключевые слова: саженцы, вегетативное размножение, черенок, обогащенный грунт, питательные вещества.

ABSTRACT

This article talks about the process of growing a lemon of the Panderosa variety with students at home, in order to consolidate the material of the subject "Botany" on the topic "Vegetative reproduction". Extracurricular work of students forms to increase activity, develops aesthetic taste, instills interest in the subject being studied, and also allows to improve the control of knowledge gained in botany lessons. The article discusses the method of vegetative propagation of lemon of the Panderosa variety by non-specialized parts of the plant (stem sections - cuttings). The article also examines the issues of caring for seedlings at various stages of development. There are other dangers that lie in wait for lemons grown in a pot. Pests can move from other plants to them, primarily spider and red mite, which is called a red spider. The most common among these pests are spider and red mites (also called red spiders). The article provides recommendations on pr

Keywords: seedlings, vegetative reproduction, cuttings, enriched soil, nutrients.

Внеклассная работа по предмету «Биология» позволяет учесть разносторонние интересы школьников, значительно углубить их и расширить в нужном направлении. Широкое использование во внеклассной работе различных заданий, связанных с проведением экспериментов, развивает у школьников исследовательские способности. Кроме того, необходимость описывать наблюдаемое, делать выводы, рассказывать об итогах развивает у учащихся мышление, наблюдательность. Заставляет задуматься, что раньше они не замечали. Внеклассная работа по предмету «Биология» действительно приобретает большую общественно полезную направленность. В процессе внеклассной работы по теме «Вегетативное размножение» у учащихся формируются познавательные интересы и самостоятельность выбора правильных решений. Из всех сортов лимон сорта Пандероза наиболее устойчив к неблагоприятным условиям комнат, он мирится с высокой и низкой температурой, выносит в отдельных случаях небольшое затенение, но положительно реагирует на дополнительное подсвечивание. В зимнее время у лимона сорта Пандероза по сравнению с другими сортами меньше опадают листья при одинаковых условиях содержания в комнате. В нашем случае дерево растет уже более 8 - ми лет и имеет высоту около 1,5м.



Фото 1. Лимон, растущий в домашних условиях (возраст-8 лет)

Плоды лимона сорта Пандерозы от плодов других сортов отличаются по величине, форме и аромату. Они скорее грушевидной формы, с тупым верхним и закругленным нижним концом. Кожура более толстая, грубая, шероховатая и редко глянцевая, чаще матовая. Мякоть зеленоватого цвета, как у обычных лимонов, по химическому составу и вкусу почти не отличается от них. В ней накапливается до 2,5% сахаров, до 5 - 8% лимонной кислоты и до 40 – 80 мг % витамина С, который долго сохраняется в плодах. Процент завязывания плодов низок. Из большой массы цветков на одном побеге развиваются один, реже два плода, но бывает, завязывается три плода. Листья темно - зеленые отличаются они и по форме: у сорта Пандероза пластинка у основания округлая, у других сортов основание несколько заостренной формы. Прилистники на коротких черешках, небольшие, округлые (у других лимонов черешок листа также короткий, чаще желтовато – зеленого цвета, без прилистников). Плоды крупные, масса их колеблется от 150 до 400 гр. и более, поверхностный слой кожуры лимонного цвета, но аромат - ярко выраженный.



Фото 2. Плоды лимона сорта Пандероза

Для размножения берем молодой побег лимона, выросший в текущем году, но имеющий полностью сформировавшиеся листья. Предположим, что на этом побеге шесть листьев. Разрезаем его на три части (на каждой части должно быть по два листа)..Для укоренения черенков больше всего подходит песок с небольшой примесью садовой земли. Наполняем цветочный горшок чистым песком, поливаем водой и погружаем нижний конец черенка до основания листа в песок. В тот же горшок с влажным песком можно посадить еще один, два, три и даже больше черенков, в зависимости от размеров горшка. Их можно сажать довольно близко друг от друга, но так, что бы листья были хорошо освещены. Черенки лимона я прикрываю стеклянной банкой, поставленной вверх дном. Благодаря этому воздушное пространство вокруг черенка будет насыщено водяными парами и листья лимона будут очень медленно испарять влагу. Лучше всего черенковать лимоны летом, когда в комнате очень тепло, то есть во второй половине июня и в июле.



Фото 3. Укоренившийся черенок лимона

У себя в доме мы черенковали лимоны с марта до конца сентября и они всегда прекрасно укоренялись. Укоренению черенков особенно благоприятствует температура от 20 до 25 градусов, но она, ни в коем случае не должна подниматься выше 30 градусов. При температуре воздуха в комнате 20 градусов, а на подоконнике 15 градусов температура песка в горшке будет, вероятно, не выше 16-17 градусов, а этого недостаточно для хорошего укоренения. В домашних условиях укоренение черенков лимона продолжается в теплое время года 5 - 6 недель. Укорененные черенки

высаживаю в цветочные горшки. Земля для посадки лимонов должна быть богата перегноем. Такая земля обладает большой гигроскопичностью и воздухопроницаемостью, а также комковатой структурой. Питательные вещества, содержащиеся в перегное, постепенно усваиваются растением. Очень важно добавить в земляную смесь, приготавливаемую для посадки лимонов, песок. Каждый год его нужно подкармливать минеральными или органическими удобрениями. Чаще применяются минеральные удобрения. Весной, в период активного роста деревцу требуется азот, он помогает лимону набрать зеленую массу. Когда лимон зацвел, формируются плоды, ему нужны фосфорные и калийные составы для подкормки. Мы используем удобрение «Цветочный рай», которое является концентрированным удобрением с органическими и минеральными составляющими. Для полива грунта в 2 литрах воды разводится чайная ложка препарата. Для опрыскивания аналогичное количество средства разводится в 4 л воды.

Полученным раствором поливают землю в горшках, в которых растут лимоны, исходя из следующих пропорций:

Таблица 1. Дозировка питательного раствора, исходя из диаметра горшка

Диаметр верхней части горшка, куб. см,	Одноразовая доза раствора на горшок:
3-5, 4-10	1-2 чайные ложки
6 -10, 15 - 65	1 - 4 столовые ложки
11-15, 75-150	5 -10 столовых ложек
16-20, 180-350	3/4 - 11/2 стакана
22-28, 500 -750	2/3 стакана

Раствором удобрения поливаем лимон каждые две недели. Это необходимо делать только весной и летом, с февраля до августа. Поздней осенью, зимой и ранней весной лимон не удобряем. При внесении удобрений следует руководствоваться интуицией, наблюдениями и здравым смыслом. В первый год в течение нескольких первых месяцев после посадки, подкормка не нужна, так как корни разрастаются в свежей земле, которая может обеспечить растение достаточным количеством питательных веществ. Очень важен правильный полив. Лимоны лучше всего растут тогда, когда обеспечены достаточным, но не чрезмерным количеством влаги. Если полив недостаточен, то растение начинает засыхать и терять листья. Если же поливать обильно, особенно тогда, когда земля в горшке слишком плотная, корни не получат достаточного количества кислорода и растение заболевает. Появляется хлороз, листья становятся бело-желтыми. Хлороз листьев, вызываемый, недостатком железа, которое необходимо для синтеза зеленого пигмента растений - хлорофилла. Соединений железа в земле, которой заполняют цветочный горшок, достаточно, но большое растение, не в состоянии усваивать его в нужном количестве. Существуют и другие опасности, которые подстерегают лимоны, выращиваемые в горшке. С других растений на них могут перейти вредители, прежде всего паутинный и красный клещик, которого называют красным паучком. Клещи очень маленького размера и паразитируют на нижней стороне листа. Невооруженным глазом их не заметить, но можно рассмотреть сквозь увеличительное стекло. Они высасывают сок из листьев и побегов, на поверхности которых оставляют тоненькую паутинку. Особенно вредят они молодым листьям, которые в результате этого остаются мелкими, недоразвитыми, часто

сморщенными. Со временем листья желтеют и опадают. Клещи, попав на лимон, размножаются необычайно быстро и наносят ему большой вред.

Зараженное растение нужно поставить отдельно от других растений и обмыть его листья слабым мыльным раствором. Для этого одну столовую ложку моющего вещества растворяем в литре воды и хорошо размешиваем. Губкой или тряпочкой, смоченной в растворе, тщательно протираем листья снизу, потому что вредители размещаются только на нижней стороне листа. После этого листья моют обычной водой. Опыт показал, что обмывание листьев раствором моющего вещества полностью очищает лимон от вредителей. Основной способ не допустить появления на лимоне вредителей и болезней – это соблюдение правил агротехники.

Меры профилактики и борьбы с заболеваниями и вредителями:

- проведение гигиенического душа горячей водой;
- обработка листьев мыльным раствором или раствором марганца;
- своевременное внесение подкормок;
- контроль над влажностью почвы.

Лимон сорта Пандероза подходит для выращивания в домашних условиях. Карликовое дерево способно радовать citrusоводов обильным цветением и образованием крупных плодов. Его любят за неприхотливость и эффектный внешний вид.

В заключении доклада хотелось бы отметить, что внеклассная работа по предмету «Биология» имеет большое значение в формировании активности учащихся, развитии эстетического вкуса. Внеклассная работа по предмету «Биология» закрепляет знания учащихся о вегетативной размножении растений, мотивирует детей к более тщательному изучению предмета, способствует развитию мышления, анализу полученных на уроках знаний, выделения главного, обобщения и систематизации, а так же умений применять учащимися знания и собственный опыт в различных ситуациях, в том числе и проблемных. Внеклассная работа создает условия для формирования культуры умственного и практического труда, работы в группах, содействовать формированию ответственности.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Воронцов В.В., Улейская Л.И. Лимон и другие citrusовые растения в доме. - М.: «Фитон», 2008.
2. Садыкова Ф.В. Опыт выращивания citrusовых в учебно-опытном хозяйстве Уфимского лесхоза-техникума / Сборник «Лесное образование. Наука и хозяйство Уфа, 2003. - 30с.
3. Шайденкова Л.В. Лимон: Выращивание. Уход. Разведение: «Харвест», 2006. – 144 с. - (Комнатные растения).

МРНТИ 34.33.33

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ СУ БИОТОПТАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН КЕЙБІР БАЛЫҚ ТҮРЛЕРІНІҢ ЖЕЛБЕЗЕКТЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ГИСТОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Абдугаффарова Г.П., Базарбаева Ж.Н.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

АНДАТПА

Мақалада Ақмола облысында тіршілік ететін мөңке, аққайран, оңғақ балықтарының желбезектеріне гистологиялық зерттеу жүргізілді. Барлық зерттелген балық желбезектерінде морфологиялық өзгерістер анықталды. Бұл мақалада Ақмола облысының су биотоптарында мекендейтін мөңке, аққайран, оңғақ балықтарының желбезектерін гистологиялық зерттеуі ұсынылған. Зерттеудің алғышарты - табиғи ортадағы елеулі және қайтымсыз өзгерістерге әкелетін адамның экономикалық қызметінің қоршаған ортаға әсерінің артуы. Зерттеудің проблемасы - бұл өзгерістердің балықтардың тіршілік ету ортасына әсері туралы білімнің жетіспеушілігі, әсіресе су объектілерінің ластануы тұрғысынан. Зерттеудің мақсаты - ластанудан туындаған балық желбезектеріндегі морфологиялық өзгерістерді зерттеу. Зерттеу нысаны болып табылатын балықтар Ақмола облысында кездесетін мөңке, аққайран және оңғақ балықтары. Зерттеудің мәнмәтіні Қазақстандағы ластанған су айдындарындағы балықтардың тыныс алу қабілеттілігі, олардың желбезектерінің морфологиялық ерекшеліктері, желбезек құрылысының өзгерістері және функциялық қызметтерінің жағдайы болып табылады. Адамның экономикалық белсенділігінен туындаған балықтардың тіршілік ету ортасындағы бұл өзгерістер, атап айтқанда су объектілерінің тұрмыстық және өнеркәсіптік улы қалдықтармен, ауыр металдармен, химикаттармен, мұнай өнеркәсібінің өнімдерімен ластануы су биотоптарының терең өзгеруіне әкеледі және популяция, организм, орган деңгейінде арнайы зерттеулер жүргізуді талап етеді. Көптеген технологиялық ластанулар Қазақстандағы су айдындарына өз әсерін тигізуіне байланысты балықтар санының күрт өзгеруіне әкеліп соқтырды. Осы жағдайды ескере отырып, балық желбезегіне гистологиялық зерттеуге деген қызығушылық туындайды. Зерттеудің практикалық маңызы - Ақмола облысындағы әр түрлі су айдындарында тіршілік ететін балықтар желбезегінің гистологиялық құрылысын тереңірек көруге және оларды бір бірімен салыстыру арқылы балық желбезегінде болатын өзгешеліктерді бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Ақмола облысындағы әр түрлі су айдындарында кездесетін ауыр металдардың балық желбезегіне әсерін көруге болады. Нәтижелер барлық зерттелген балықтардың желбезектерінде морфологиялық өзгерістер табылғанын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері адамның экономикалық белсенділігінен туындаған Ақмола облысының су биотоптарындағы терең өзгерістерді түсіну үшін популяциялық, организмдік және орган жүйесі деңгейінде қосымша зерттеулер жүргізу қажеттілігін көрсетеді.

Түйін сөздер: балық, желбезек, гистологиялық зерттеу, ламелла, гематоксилин-эозин, аққайран, оңғақ, майбалық, ластану, су биотоптары, Ақмола облысы

ABSTRACT

The article carried out a histological study of the gills of crucian carp, akkayran, right-handed fish living in the Akmola region. Morphological changes were found in all the studied fish gills. This article presents a histological study of the gills of crucian carp, akkayran, right-handed fish living in the aquatic biotopes of the Akmola region. A prerequisite for the study is the increase in the impact of human economic activity on the environment, which leads to significant and irreversible changes in the natural environment. The problem of the study is the lack of knowledge about the impact of these changes on the habitat of fish, especially in terms of pollution of water bodies. The aim of the study is to study morphological changes in fish gills caused by pollution. The object of the study is crucian carp, akkayran and right-handed fish found in the Akmola region. The context of the study is the respiratory capacity of fish in polluted water bodies in Kazakhstan, morphological features of their gills, changes in the structure of gills and the state of functional functions. These changes in the habitat of fish caused by human economic activity, in particular, pollution of water bodies with domestic and industrial toxic waste, heavy metals, chemicals, products of the oil industry, lead to a deep change in water biotopes and require special research at the level of population, organism, organ. Many technological pollution has led to a sharp change in the number of fish due to their impact on water bodies in Kazakhstan. Given this circumstance, interest arises in histological examination of fish gills. The practical significance of the study is that it allows you to more deeply see the histological structure of the gills of fish living in different bodies of water in the Akmola region and observe the differences that occur in the gills of fish by comparing them with each other. In addition, it is possible to see the effect of heavy metals on fish gills, which are found in various bodies of water in the Akmola region. The results indicate that morphological changes were found in the gills of all studied fish. The results of the study indicate the need for additional research at the population, Organismic and organ system levels to understand the profound changes in the aquatic biotopes of the Akmola region caused by human economic activity.

Keywords: fish, gills, histological examination, lamellae, hematoxylin-eosin, carp, tinca tinca, leuciscus idus , pollution, aquatic biotopes, Akmola region

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда адамның экономикалық қызметінің қоршаған ортаға әсерінің артуы байқалуына себепті, табиғи ортада үлкен теріс өзгерістер тудыруда. Бұл өзгерістер айтарлықтай, ұзақ және көп жағдайда қайтымсыз болып табылады [1]. Табиғатты өзгерту, жер мен су қоймаларын ластау бізді қандай салдарға әкелетінін толық түрде білмейміз. Себебі балық желбезектері ең маңызды қызметтерін атқарады және сонымен қатар сыртқы ортамен қарым-қатынастарына тікелей байланысып отырады [2, 3].

Хьюз, Г.М. «Желбезектердің жалпы физиологиясы» атты еңбегінде: бірінші және екінші ламеллалар тек қана тыныс алу процесінде қатысып қана қоймай, балықтардың газ алмасуы жағынан ең маңызды қызметтердің бірін атқаратындығын дәлелдеді [4].

Сондерс Р.Л. Балық «Желбезектерін ирригациялау» атты еңбегінде: Желбезектердің әртүрлі қарқындылықтағы тыныс алу кезінде балықтардың ауыз және көз қуыстарындағы гидростатикалық қысымның өзгеруін өлшеу әдістемесін дайындап желбезектердің ламеллалар арасында тыныс алу кезіндегі ырғақты ашылатыны анықталды [5].

Нильсон С., Сундин Л. Гил «Желбезектің қан ағынын бақылау» атты еңбегінде: Балықтардың топтарына байланысты әр түрлі болуына байланысты, гистохимиялық

әдістер желбезек иннервациясында нейротрансмиттерлік заттарды көрсету үшін қолданылды. Олар әртүрлі физиологиялық жағдайларда «Физико-осморегуляциялық компромисспен» біріктірілген болады [6].

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Салыстырмалы гистологиялық зерттеу жүргізуге арналған зерттеу объектілері Ақмола облысындағы әр түрлі су биотоптарын атап айтқанда Талапкер, Қоянды және Майбалық су айдындарында тіршілік ететін мөңке, аққайран және оңғақ балықтары болды. Осы үш балықтардың желбезегіне зерттеу жүргізілді. Барлығы зерттеуге 6 мөңке, 6 аққайран және 6 оңғақ балықтары қолданылды. Салыстырмалы гистологиялық зерттеуге қыркүйек пен қараша айларында Талапкер, Қоянды және Майбалық су айдындарында ауланған болатын.

Гистологиялық зерттеу жұмысқа қолданылған әдіс түрі – фиксациялау және оларды бояу арқылы тұрақты препараттар жасау. Бұл әдіске қолданылатын ең негізгі объект ол фиксациялаушы ертінді болып табылады. Балық желбезектерін Желбезек кесіндісінің қалыңдығы 5 мм болды. Содан кейінгі кезең фиксация - жасушадағы зат алмасу процестерін тоқтату және оны ыдыраудан сақтау үшін жүзеге асырылады. Қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін зерттеуге алынған балық желбезек кесекшелерін 10% - дық бейтарап формалинде фиксацияланды. Формалинге салынған балық желбезектерін белгілі уақытаралығында спиртте салдық. Балық желбезектірін ең алдымен 70% , 80% , 90%, 96% спиртке салдық. 96 % спиртен желбезек кесінділерін алып, 96% қосылған хлороформға саламыз. Хлороформмен парафинді қосып термостаттың 40°C қоямыз. Термостатың 58°C парафинді блок жасаймыз. Парафинді блокты микротоммен кесеміз. Микротомнан кесілген желбезек кесінділерін шыныға жабыстырамыз. Бұл процесстен кейін енді бізде депарафиназация процесі жүреді. Ол үшін біз тағыда спиттердің көмегіне жүгінеміз. Яғни, шыныдағы желбезек кесінділерін спирттің ксилол1, ксилол - 2, ксилол - ... ксилол - 97 дейін апарып, шаямыз. Одан кейінгі этап, гематоксилинмен бояу керек. Гематоксилинмен негізінен желбезектің ядролары боялады және олар көк түске енеді. Гематоксилинмен бояп болған соң, он минуттан кейін эозинмен боялады. Эозинмен желбезектің цитоплазмасы түске енеді және ол түс қызыл түс болып есептелінеді. Желбезектің кесінділерін гематоксилин- эозинмен бояп болған соң, шыныда анық көрінуі үшін қайтадан спирттердің көмегіне жүгінеміз. Яғни, ксилол -1, ксилол - 2, ксилол - 3... ксилол - 97 шаю керек. Ксилолмен өңдеп болған соң, спирттің 96% 90%, 80%, 70%, проценттеріне қойып қоямыз. Жоғары концентрациядағы спирттерде сусыздандырғаннан кейін шыныдағы балық желбезектердің суреттері анық және ұзаққа жетуі үшін бальзам немесе полистиролдың жұқа қабатымен жабылады [7]. Гематоксилин- эозинмен боялған балықтың гистологиялық желбезек кесінділерін арнайы препарат EVOS FL Color деп аталатын флуоресценция және өтетін жарықты талдауларына арналған визуализация жүйесін қолдандық.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Мөңке балықтарының жоғары, бүйір жағынан жалпақ денесі бар, арқасы қалың, іші тар. Артқы жағында аласа, бірақ ұзын құйрығы бар. Басы кішкентай, өте кішкентай ауыз қуысымен аяқталады, оның ішінде жұтқыншақ тістері бір қатарға орналасады. Мөңкенің мөлшері су қоймасының көлеміне тікелей байланысты. Кішкентай су айдындарында олар көбінесе ересек адамның алақанынан аспайды, бірақ өзендерде, су қоймаларында, үлкен көлдер мен тоғандарда алтын түсті мөңкенің салмағы 3 кг - ға

дейін өседі, денесінің ұзындығы шамамен 50 см, күміс түсті мөңкенің салмағы - 2 кг дейін, денесінің ұзындығы шамамен 40 см - ге дейін болды [8].

Аққайран (язь) - орташа өлшемді балық, әдетте бойы 30 - 43 см және салмағы 680 г.максималды мөлшері шамамен 1 м және салмағы 8 кг - ға дейін. дене ципринидтерге тән пішінге ие және әдетте күміс түсті, ал қанаттары әртүрлі дәрежеде қызғылт-қызыл [9].


Оңғақ (линь) балығы сазан тәрізді пішіні және зәйтүн-жасыл терісі бар, үстіңгі жағы күңгірт, ал астыңғы жағы алтын түсті. КAUDALЬДЫ жүзгіш қанаты төртбұрышты. Қалған жүзгіш қанаттары айқын дөңгеленген. Ауызы өте тар және әр бұрышта өте кішкентай антенналармен жабдықталған. Максималды өлшемі - 70 см, бірақ көптеген үлгілер әлдеқайда аз. Көздер кішкентай, қызыл-қызылт сары түсті. Жыныстық диморфизм жоқ немесе әлсіз, тек ересек аналықтармен шектеледі, еркектермен салыстырғанда іштің профилі дөңес болады [10].

Балықтардың әр бір желбезегі, желбезек доғасынан, оның сыртынан басталатын желбезекаралық пердеден, перденің екі бетінде орналасқан желбезек жапырақшаларынан және желбезек доғасының ішкі жағындағы желбезек өскіндерінен тұрады. Желбезек пердесінің соңғы бөлігінде желбезек жапырақшалары болмайды, ол желбезек саңылауларын сыртынан жабасады. Желбезек перделерінің түбінде қан тамырлары: веноздық қан шығатын артериялар орналасқан [11].

Желбезек пердесінің бір бетінде орналасқан желбезек жапырақшалары-жарты желбезекті құрайды.

Желбезек бір желбезек доғасында орналасқан, екі жарты желбезектен тұрады, ол желбезек саңылауына қараған екі жарты желбезек қапшығын құрайды. Бес желбезек доғасының алдыңғы төртеуінде екі жарты жарты желбезектер болады, ал соңғысында желбезек жапырақшалары болмайды, бірақ бірінші желбезек қапшығының гионид доғасында тағы бір жарты желбезек болады [12].


Мөңке (карась) балығының желбезегінің әр түрлі су биотоптарындағы гистокұрылымы Зерттелген балықтардың желбезегін көршенде келесі өзгерістерді көрдік:



Майбалық.

Екіншілік ламеллалардың біріншілік ламеллалардан ажырауы. Гематоксилін-эозинмен боялған. 10x ұлғайтырылған көрінісі .

Сурет 1. Мөңке балығының желбезегі.




Талапкер.

Екіншілік ламеллалардың некрозы.

Гематоксилин-эозинмен боялған.

10x ұлғайтырылған көрінісі .

Сурет 2. Мөңке балығының желбезегі.



Қоянды.

Біріншілік ламеллардың қанталауы (а)

Екіншілік ламеллалардың түсіп қалуы


және эпителийдің ісінуі (б).

Гематоксилин-эозинмен боялған. 20x

ұлғайтырылған көрінісі .

Сурет 3. Мөңке балығының желбезегі.

Аққайран (язь) балығының желбезегінің әр түрлі су биотоптарындағы гистокұрылысы




Талапкер.

Екіншілік ламеллалардың деструкциясы және некрозы.

Гематоксилин-эозинмен боялған. 20x ұлғайтырылған көрінісі.


Сурет 4. Аққайран балығының желбезегі.



Майбалық.

Екіншілік ламеллалардың некрозы.
Гематоксилін-эозинмен боялған. 20x
ұлғайтырылған көрінісі.


Сурет 5. Аққайран балығының
желбезегі.



Қоянды. Екіншілік ламеллалардың
деструкциясы. Гематоксилін-
эозинмен боялды. 20x
ұлғайтырылған көрінісі .

Сурет 6. Аққайран балығының
желбезегі.


Оңғақ (линь) балығының желбезегінің әр түрлі су биотоптарындағы гистокұрылысы



Қоянды.


Біріншілік ламеллалардың
деструкциясы а және шырышты
жасушалардың қабынуы б.
Гематоксилін-эозинмен боялған.
20x ұлғайтырылған көрінісі.

Сурет 7. Оңғақ балығының
желбезегі.



Майбалық, Біріншілік және екіншілік ламеллалардың деструкциясы және некрозы. Гематоксилин-эозинмен боялған. 4x ұлғайтырылған көрінісі.

Сурет 8. Оңғақ балығының желбезегі.



Талапкер.

Біріншілік және екіншілік ламеллалардың деструкциясы және некрозы. Гематоксилин-эозинмен боялған. 20x ұлғайтырылған көрінісі .

Сурет 9. Оңғақ балығының желбезегі.

Ақмола облысында орналасқан Майбалық, Талапкер және Қоянды су биотоптарынан судағы ауыр металдардың мөлшерін зерттегенде төмендегідей көрініске ие болды:

Кесте 1. Майбалық, Талапкер және Қоянды су биотоптарынан алынған судағы ауыр металдардың мөлшері т (мг/л)

	Ауыр металдар	Қорғасын	Мышьяк	Кадмий	Мырыш	Кобальт	Никель	Селен
Майбалық	Анықталған шоғырлану	0,0087 мг/л	Анықталмады	0,0008 мг/л	0,0125 мг/л	0,0012 мг/л	Анықталмады	0,0029 мг/л
	Нормативтік көрсеткіштер	н.б. 0,03 мг/л	н.б. 0,05мг/ л	н.б. 0,001 мг/л	н.б. 5,0 мг/л	н.б. 0,1 мг/л	н.б. 0,1 мг/л	н.б. 0,01 мг/л
Талапкер (река Ишим)	Анықталған шоғырлану	0,0063 мг/л	0,07 мг/л	0,003 мг/л	0,0221мг/л	0,2 мг/л	0,0035 мг/л	0,0006 мг/л
	Нормативтік көрсеткіштер	н.б. 0,03 мг/л	н.б. 0,05мг/ л	н.б. 0,001 мг/л	н.б. 5,0 мг/л	н.б. 0,1 мг/л	н.б. 0,1 мг/л	н.б. 0,01 мг/л
Қоянды	Анықталған шоғырлану	0,0187 мг/л	Анықта лмады	0,0006 мг/л	0,0118мг/л	Анықталмады	0,0032 мг/л	0,0013 мг/л
	Нормативтік көрсеткіштер	н.б. 0,03 мг/л	н.б. 0,05мг/ л	н.б. 0,001 мг/л	н.б. 5,0 мг/л	н.б. 0,1 мг/л	н.б. 0,1 мг/л	н.б. 0,01 мг/л

Қоянды су айдындарында тіршілік ететін балықтардың желбезегінің гистологиялық құрылысында айтарлықтай өзгерістер болмады, бірақ екіншілік ламеллалардың ісінуі және эпителийның десквамациясы байқалды.

Майбалық су айдындарында тіршілік ететін балықтардың желбезегінің гистологиялық құрылысында өзгерістер байқалды: біріншілік ламеллалардың деструкциясы және оның эпителийның десквамациясы байқалды.

Талапкер су айдындарында тіршілік ететін балықтардың желбезегінің гистологиялық құрылысында айтарлықтай өзгерістер байқалды. Бұл жерден алынған балықтар желбезегінде эпителийдің десквамациясы, некроз және екіншілік ламеллалардың деструкциясы мен ыдырауы байқалды.

Бұл білім алушылардың сабаққа белсенділігін арттырып, биологияны оқуға деген ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Олай болса, биология сабағында визуализация арқылы оқыту әдістемесін қолдануды осы пәнді оқыту тәжірибесінде қолдану, білім алушылардың білім деңгейін, қызығушылығын арттырудың тиімді құралы ретінде ұсынуға болады. Биология сабағында визуализация арқылы оқыту әдістемесінің тиімділігін бағалау эксперимент нәтижелері мен оқушылар мен мұғалімнің сұрағына талдау жасау негізінде жүзеге асырылды. Тәжірибе нәтижелері биология сабағында визуализациямен оқыту әдістемесін қолдану білім алушылардың материалды жақсы меңгеруіне ықпал ететінін көрсетті. Сабақтан кейін визуализация арқылы жүргізілген бақылау жұмысы бойынша оқушылар жоғары нәтиже көрсетті. Орта есеппен білім алушылардың білім деңгейі сабаққа дейінгі білім деңгейімен салыстырғанда 15,35%-ға өсті. Оқушылармен жүргізілген сауалнама әдістеменің оқу процесіне оң әсерін растады. Оқушылар тірек сызбалар материалды жақсы түсініп, есте сақтауға мүмкіндік беретінін атап өтті. Өзге мұғалімдер де биология сабағында визуализацияны қолдану оқушыларға ақпаратты тиімді жеткізуге және олардың оқуға деген ынтасын арттыруға көмектесетінін растады. Сонымен, эксперимент пен сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, биология сабағында визуализация арқылы оқыту әдістемесінің тиімділігі жоғары деп тұжырымдауға болады. Оны қолдану білім алушылардың материалды тиімді меңгеруіне ықпал етеді және оқуға деген ынтасын арттырады. Экспериментті

талдау және оқушылар мен мұғалімнің сауалнамасының нәтижесінен биология сабағында визуализация арқылы оқыту әдістемесі білімалушылардың білім деңгейін арттырудың тиімді құралы болып табылады деген қорытындыға келуге болады.

Қорытындылай келе, біріншіден, визуализацияны пайдалану білімді құрылымдауға мүмкіндік береді, бұл материалды меңгеру процесін жеңілдетеді. Оқушылар ұсынылған ақпаратты оңай есте сақтайды және түсінеді.

Екіншіден, визуализация әдісі білім алушылардың ой-өрісін оятып, ақпаратты талдау, синтездеу дағдыларын дамытады. Оқушылар негізгі нәрсені бөліп көрсетуге, себеп-салдар байланысын орнатуға және жалпы заңдылықтарды табуға үйренеді, бұл материалды терең түсінуге ықпал етеді.

Үшіншіден, биология сабағында пайдалану мұғалімге оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ол оқушыларды материалды баяндаудың белгілі бір логикалық тәртібіне қоя алады, білімді меңгеру деңгейін бағалай алады және білімалушылардың реакциясына қарай өз жұмысын реттей алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Виман, Карл, (2014). «Прекратите читать мне лекции», Scientific American, 15 июля 2014 г., <https://www.scientificamerican.com/article/stop-lecturing-me/>
2. Ronald N. Giere Philosophy of Science Vol. 71, No. 5, Proceedings of the 2002 Biennial Meeting of The Philosophy of Science Association Part II: Symposia Papers Edited by Sandra D. Mitchell (December 2004), pp. 742-752
3. Реброва Л.В., Прохорова Е.В. Активные формы и методы обучения биологии: Опорные конспекты по биологии. Москва: Просвещение, 2017.-74 с.
4. Bersirov V.M., Vguashev A.B., Buzarov K.I., Chermit K.D. Predicates of the principle of visualization and the quality of their implementation in modern pedagogy. Bulletin of the Adyghe State University. 2014; No. 4: 90 - 95.
5. Гальперин П.Я. Лекции по психологии. Москва: КДУ, 2015.-32 с.
6. Маркова И.Н. Технология обучения с опорой на рисунки на уроках биологии / Педагогика. – 2018. – № 2. – С. 94-98.
7. Abduvalieva R.R. A critical analysis of V.F. Shatalov's pedagogical approach in the context of the Soviet educational system. Central Asian Journal of Education Research, 1(1), 2019. 55-66.

THIOL HOMEOSTASIS IN THE CRYSTALLINE EYE AND INFLUENCE ON IT IRRADIATION BY DECIMETER ELECTROMAGNETIC RADIATION (EXPERIMENTS ON RATS)

Ibragimova J.M., Mukhtarov M.M., Bayramova S.D.

*Institute of Physiology named academician Abdulla Garayev, Ministry of Science and Education of the
Republic of Azerbaijan
Republic of Azerbaijan, Baku city, Sharifzadeh Street 78, AZ 1100
ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0008-1645-4628>*

ABSTRACT

This work is devoted to the study of the mechanism of realization of the EMR effect in the eye lens at the level of redox state elements, based on the fact that this organ is the most suitable model: it functions semiautonomously and has a well-organized system of antioxidant protection. Our experiments were performed on rats using 460 MHz EMR for exposure at non-thermal intensities (power flux density between 10 and 30 $\mu\text{W}/\text{cm}^2$). It has been shown that chronic exposure to EMR for up to two weeks caused changes in the redox state of the lens, which manifested in changes in the level of lipid peroxidation processes and the content of thiols of various natures. The substructures of the lens (cortical and nuclear regions) reacted to EMR exposure in different ways. Depending on the EMR intensity, pro- and antioxidant characters were revealed in their reactions. The dynamics of the oxidative reaction of lens substructures were also different under high- and low-intensity exposure. The character of the kinetics of changes in the products of oxidative reactions (malondialdehyde and lipid hydroperoxides) and reducing agents (non-protein and protein SH groups) in the lens of the irradiated organism suggested the role of the enzymatic thiolation-dethiolation system to preserve the redox balance in the substructures of the lens. In addition, the results on changes (kinetics) in the content of various protein SH-groups, i.e., hidden inside the protein molecule and exposed on its surface, during EMR exposure, as well as the data available in the literature, allow us to put forward suggestions about the supramolecular mechanism of homeostasis regulation, in particular, thiol homeostasis regulation in such high-protein structures as the lens, which can be realized by aggregation-disaggregation of protein molecules (crystallins in the case of the lens).

Keywords: electromagnetic radiation, eye lens, thiols, cataract.

MATERIAL AND METHODS

The experiments were carried out on 3-month-old male rats which were irradiated using a "Volna-2" generator (460 MHz). Experiments with low-intensity and relatively high-intensity irradiation were carried out at a power flux density of 10 and 30 $\mu\text{W}/\text{cm}^2$. The values of the specific absorption rate (SAR) of electromagnetic energy averaged over the entire animal body were estimated as 5 and 15 mW/kg for two intensity modes, respectively. For each specific exposure, the rats were divided into three groups of six rats each, i.e., one control group (falsely irradiated) and two experimental groups, accordingly, low intensity and relatively high-intensity exposed. Experimental groups were exposed to EMR 20 min daily for 1, 3, 5, 7, 10, and 14 days.

CONCLUSIONS

It has been established that shifts in the redox state are detected in the substructures of the lens (in its nuclear and cortical parts) as a result of irradiation of the body with non ionizing EMR of a certain intensity. The data obtained indicate that one of the ways to realize the shift of the redox balance in the lens is most likely the transition between different forms of protein SH groups. A suggestion is put forward about the supramolecular mechanism of regulation of thiol homeostasis in the eye lens, which allows via aggregation-disaggregation of SH containing protein molecules of crystallins to protect themselves from oxidative-damaging factors.

**«СЫРДАРИЯ - ТҮРКІСТАН» Өңірлік Табиғи Саябағында Бұқар
Бұғының (CERVUS ELAPHUS BACTRIANUS) ПОПУЛЯЦИЯСЫН
ЖАҢҒЫРТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**SOME ISSUES OF POPULATION RENEWAL OF BUKHARA DEER (CERVUS
ELAPHUS BACTRIANUS) IN THE REGIONAL NATURE PARK «SYRDARYA –
TURKESTAN»**

Дайрабаев Р.А.

*Ауыл-шаруашылық ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан
ORCID ID: 0000-0002-3610-0092*

Әзімбай А.И.

*Магистр оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан
ORCID ID: 0000-0003-2315-0653*

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Сырдария - Түркістан өңірінің биоалуантүрлілігін арттыру мақсатында экологиялық тор концепциясының негізі ережелері қарастырылған. Биосфераның тұрақты даму проблеманың алдында тұрған басты міндеттердің бірі- әр аймақтың табиғи- климаттық , экологиялық ерекшеліктерін еске ала отырған жөн. Флора мен фаунаның ,сапасын жақсарту, және сан динамикасын арттыру мақсатында, ерекше қорғалатын территорияларға құрылымдық өзгерістерді енгізу қажет. Табиғаттың эталондық бөліктерінің барлық жүйелері, қаншалықты құндылыққа ие болуына қарамай, флора мен фаунаның әртүрліліктің ұзақ мерзімде сақталуының кепілі бола алмайды және оптималды жағдайларын қамтамасыз етпейді. Биологиялық тепеңдікті орнату барысында, «Сырдария - Түркістан » мемлекеттік өңірлік табиғи саябағында келешекке бағытталған «экологиялық тор » бағдарламасы ұсынылуы қажет.

Түйін сөздер: Биоалуантүрлік, ұлттық саябақ, экологиялық тор, гельминттер, тоғышарлар,рекреация, патология, инвазия

ABSTRACT

This article discusses the problems of improving biodiversity in the state regional park "Syrdaria-Turkistan". Despite the existing advantages, the existing systems of specially protected areas do not guarantee long-term preservation of the natural balance. Sustainable development of ecosystems, biodiversity of flora and fauna, should be accompanied not only by the organization of specially protected areas, but it is also necessary to take into account the specifics of the natural and climatic conditions of a particular region, by introducing some elements of the concept of an "ecological network", including the creation of an ecological framework of regions as a whole natural and anthropogenic objects that ensure the stability of the environment.

Keywords: Biodiversity, national park, ecological network, helminths, larvae, recreation, pathology, invasion

Бүгінгі таңда барша қазақстандықтардың бағдарына айналған « Рухани жаңғыру» бағдарламасының көздеген негізгі тармақтарының бірі Түркістан қаласын облыс орталығы ғана емес, бүкіл Түрік әлемінің астанасы етуге бағытталған. Елбасымыз Назарбаев Н.А. Түркістанның тұрғындарымен жүздесіп , келешек ұрпақтың қолына өтетін ұлы аймақтың табиғатын қорғау бағытында алға қойған міндеттер мен үкімет тарапынан бекітілген шаралар біздің қызметіміздің басты бағдары болып табылатындығын айтты. Соның ішінде адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы етіп қоршаған ортаның сапасын көтеру бойынша Мемлекет басшысы нақты тапсырмалар жүктеді [1]. Оған қоса, қаламызға келетін туристтердің саны жыл сайын артып келеді. Өткен жылдың өзінде бір миллионнан астам адам келген. Міне осындай жағымды ілгерілеулерді ескере отырып, келешекте Түркістан өңірінің әлуметтік-экономикалық жағдайын арттыру басты мәселе дейтін болсақ, көбіне экологиялық, мәдени-сауықтырушылық, рекреациялық,э котуристік және ресурстық бағыттардан тұратын салаларды дамыту шаралары басқа бағыттарына қарағанда, бағынышты қалыпта болуы тиіс.

Табиғаттағы тепетендікті орнату үшін айналадағы өсімдіктердің және жануарлардың алуантүрлілігін сақтай білу керек. Бұл мақсатта тек табиғи резерваттарды ашу жеткіліксіз,және ол мәселелерді шешуге болмайтындығы айқындалды. Кні бүгінге, демографиялық және халық санының артуына байланысты мұндай резерваттармен жұмыс жасау қиын және күрделіекендігі дәлелденді. Қазіргі таңда Сырдария өзені мен Арыс өзенінің қосылған жеріндегі тоғайларға «Сырдария - Түркістан » аумағында эндемді флора мен фаунанын әйгілі өкілдерді қайта жерсіндіру жұмыстары қолға алынуда.1999 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ)мақұлдауымен «Бұқар бұғыларын тарихи ареалында сақтау және қалпына келтіру»жобасы дайындалып Орталық Азия биоалуантүрлілігін сақтау, қорғауды қажет ететін , азайған түрлерін қайта қалпына келтіру мақсатында,арнайы жұмыстар басталды. Сыр өңіріндегі бұқар бұғының (Бухарский олень- *Cervus elaphus bactrianus*) популяциясын жаңғырту үшін біз Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF) мамандардың уснған«Экологиялық тор» жобасын жүзеге асыруымыз керек.

Осыған орай тоғай бұғылар популяциясын қорғау үшін Қазақстан Республикасы үкіметінің шешімі мен 2012 жылы5 қыркүйектегі № 264 қаулысымен, «Сырдария - Түркістан » өңірлік саябағын құру жөнінде, арнайы өкім шығарған. Парктің жалпы жер көлемі 119 978 гектарды құрайды. Соның ішінде: Түркістан филиалы – 23 822 га; Сырдария филиалы – 59 901 га; Боралдай филиалы – 36 255 га. Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи саябағы 2014 жылы құрылған. Сурет 1.



Сурет 1. «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік саябақ»

Саябақтың негізгі мақсаты –тоғай бұғыларды өзінің тарихи мекен еткен ортасында сақтау . Бухарский олень- (*Cervus elaphus bactrianus*) популяциясын қалпынакелтіру үшін, Қ.Р. Ұ.Ғ.А.-ның зооценология мамандары Сырдария - Қаратау өңірін реинтродукцияны бастау үшін ең жағымды жер деп тапты[2].

Бұқар бұғыларын өсіруге және көбейтуге кедіргі келтіретін себепкерлердің бірі тоғышарлар. Олардың түрлік құрамы әлі анықталмаған, сондықтан бұл мәселені зерттеудің маңызы зор.Бұқар бұғыларының өсіп-өнуіне кедіргі келтіретіндердің бірі гельминттер. Жекелеген гельминттер табиғатта кең тараған және жануарларды гельминтоз ауруына ушыратады. Біріншіден, олар жеке дара басына шығын келтіреді, екіншіден оның қалыпты дамуына кедіргі жасап өнімділігін төмендетеді. Гельминттердің жануарларға зардапты әсері олардың механикалық және токсикалық әсерінен болады.Гельминттер жайылымдық мал шаруашылығы жағдайында жұқпалы аурулардың ішінде ерекше орын алады. Өйткені табиғи биотоптарда тоғышарлардың диссеминация жасалынуына жағдай бар және ол жерлерде жабайы тұяқтылар, оның ішінде табиғатқа еркіндікке жіберілген бұқар бұғылары, тіршілік етеді [3].

Шектеулі тар жайылымдарда таксономиялық жағынан туыс тұяқтылардан шектелген жайылымдық аумақтарда мал сандарының көп мөлшерде ұсталуын және қарқынды қолданылатын жайылымдардағы қарапайым тоғышарларды ескерсек, бұқар бұғыларының үй тұяқтыларының гельминттерімен инвазиялану деңгейі бірнеше есе жоғарылай түседі.Қазақстанда бұқар бұғыларының гельминттері мүлдем зерттелінбеген.Осы тұрғыда жоғарыда келтіргендей, Түркістан өңірінде бұқар бұғысының тоғышарларының экологиялық ерекшеліктері мен фаунасын зерттеу, гельминттердің көп таралғандарына індеттік талдау жасай отыра жайылымдық мал шаруашылығында тоғышарлардың тудыратын ауруларын алдын алу шараларының маңыздылығы жоғары [4].

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің, биология кафедрасының жетекшілігімен 2015 - 2018 жылдар аралығында «Сырдария өңіріне қайта жерсіндірілген бұқар бұғыларының (*Cervus elaphus bactrianus* Lydekker, 1990) паразиттік гельминттофаунасының бүгінгі жағдайы» ғылыми жобаның қорытындысымен Сырдария өзеніндегі Қызылшаруа туқым бағында қайта жерсіндірілген бұқар бұғысының ішек құрттарының түрлері, экологиясы мен биологиясына арналған біз алғашқы ғылыми ізденістерді жасаған

болатынбіз. Зерттеу нәтижесінде бұқар бұғысы үшін гельминтоздарды таратуда жергілікті қалықтың малдары жағымсыз септігін тийгізетіні анықталды. Біріншіден жабайы тұяқтыларының саны шектеулі, олар басқалар үшін қолайсыз орындарда мекендейді, ұзақ миграция жасамайды. Екіншіден бұқар бұғылардың гельминтофаунасы үй малымен салыстырғанда өте аз болып келеді. Қыс соңы мен көктем басы бұғылар иммунитеттері төмендейді, үй тұяқтыларының гельминттері мен алмасқаннан кейін олардың популяция сан динамикасының азаюуына әсер етеді[5].

Бұқар бұғыларының нематодтар мен зарарлануы: Бұқар бұғысының 30 қи сынамасын овоскопиялық әдіспен зерттегенде 8-нен (26,7%) мынадай нематод жұмыртқалары табылды: *Haemonchus contortus*, *Strongyloides papillosus*, *Trichocephalus* sp.

Гемонхалардың жұмыртқалары орта мөлшерлі ($85,5 \pm 5,5$ x $65,5 \pm 8,7$ мкм), жұмыртқа тәрізді, сұр түсті, жұқа екі қабатпен жабылған, сыртқа шығарда бірнеше бөлшектенген шарлары болады Сурет 2.




Сурет 2. *Haemonchus contortus* жұмыртқасы

Стронгилоидестердің жұмыртқасы майда, мөлдір түсті, жұмыртқа тәрізді, мөлшері $55,0 \pm 5,0$ x $45,0 \pm 5,0$ мкм, қабығы өте жұқа, жұмыртқа ішінде дәрнәсілі болады Сурет 3.



Сурет 3. *Strongyloides papillosus* жұмыртқасы



Сурет 3. Strongyloides papillosus жұмыртқасы

Толық гельминтологиялық сою арқылы бұқар бұғыларынан 19 гелминт түрі табылған Кесте 1.

Кесте 1. Бұқар бұғыларының гельминтофаунасы (n=12)

№	Гельминт түрлері	Инвазиялану көрсеткіштері*		
		ЭИ	ИИ	
			Орташа	Экстремумдер
1	<i>Fasciola hepatica</i> L., 1758	2	6	2-10
2	<i>Dicrocoelium lanceatum</i> Stiles et Hassall, 1896	1	5	-
3	<i>Echinococcus granulosus</i> (Batsch, 1786), larvae	1	1	-
4	<i>Moniezia expansa</i> (Rudolphi, 1810) Blanchard, 1891	1	2	-
5	<i>Parabronema skrjabini</i> Rassowska, 1924	1	8	-
6	<i>Onchocerca skrjabini</i> Ruchljadew, 1961	4	6	3-9
7	<i>Setaria cervi</i> (Rudolphi, 1810)	4	19	3-27
8	<i>Setaria cervi digitata</i> (Linstow, 1906)	1	30	-
9	<i>Setaria cervi papillosa</i> (Alessandrini, 1838)	2	9	8-10
10	<i>O. columbianum</i> (Curtice, 1890)	2	60	18-106
11	<i>O. radiatum</i> (Rudolphi, 1803)	2	8	6-10
12	<i>O. venulosum</i> (Rudolphi, 1809)	8	35	3-203
13	<i>Cooperia</i> sp. (только самки)	1	3	-
14	<i>Haemon</i> (Rud., 1803) Cobb., 1898	1	12	-
15	<i>Nematodi</i> (Railliet, 1896)	1	7	-
16	<i>Nematodirus</i> sp. (только самки)	1	2	-
17	<i>Dictyocaulus eckerti</i> Skrjabin, 1931	1	46	-
18	<i>Dictyocaulus filaria</i> (Rud., 1809), Railliet et Henry, 1907	1	69	-
19	<i>Trichocephalus skrjabini</i> (Baskakov, 1924)	4	86	5-253
Жалпы		19		

Ескерту: * - абсолютті көрсеткіштер

Бұқар бұғыларының трематодтар мен зарарлануы ;Толық гельминтологиялық сою арқылы бұқар бұғыларынан 2 трематод түрі табылған. Кесте 2.

Кесте 2. Бұқар бұғыларынан табылған трематод түрлері (n=12)


Р №	трематод түрлері	Инвазиялану көрсеткіштері		
		ИҮ	ИҚ	
			орташа	экстре-мумдер
1	<i>Fasciola hepatica</i> L., 1758	2	6	2-10
2	<i>Dicrocoelium lanceatum</i> Stiles et Hassall, 1896	1	5	-

Сонымен бұқар бұғыларынан 2 түрлі трематод тіркелген: *Fasciola hepatica* Linnaeus, 1758; *Dicrocoelium lanceatum* Stiles et Hassall, 1896.

Бұқар бұғыларының эймериялар мен зарарлануы

Эймериялар зарарланған жануардың ішегінде жыныссыз көбейетін тоғышарлар. Соның нәтижесінде зарарлану үдемелілігі көп жағдайда өте жоғарылайды, ол өз кезегінде жойылған ішек жасушаларының санын арттырады және ауруырған жануардың жағдайын күрделендіреді. Бұл туыстың кейбір түрлері жабайы және үй жануарларының ішегінің қабырғаларында немесе бауырларында кездеседі. Қоздырғыштардың тұрақты түрде денеге түсіп тұруына байланысты ауру жануарда оларды сыртқы ортаға ұзақ уақыт бойы шығарып тұрады, олар сыртқы ортада жиналады, сыртқы ортада ұзақ уақыт инвазия ошағы сақталынады, ол әрдайымда бейім жануарларға қатер төндіреді. Ауырған жануарлардың ішінде 50 пайызы жиі өледі. Әсіресе жас төлдер қатты қиналады, сол себепті жануарлардың эймериозын белгілі дәрежеде «төлдердің ауруы» дейді. Сол себепті бұқар бұғысының бұзауларының арасында шығын болуы мүмкін.

Бұқар бұғысының 30 қи сынамасын овоскопиялық әдіспен зерттегенде 5-нен (16,7%) ғылымға жаңа үш эймерия түрі табылған: *Eimeria sholpanae* sp. nov. *Eimeria kulyashae* sp. nov. *Eimeria aruzhanae* sp. nov.



Сурет 4. *Eimeria sholpanae* sp. nov. ооцистасы



Сурет 5. *Eimeria kulyashae* sp. nov. ооцистасы



Сурет 6. *Eimeria aruzhanae* sp.nov. ооцистасы

Бұқар бұғыларының цестодтармен зарарлануы:

Толық гельминтологиялық сою арқылы бұқар бұғыларынан 2 цестод түрі табылған Кесте 3.

Кесте 3. Бұқар бұғыларынан табылған цестод түрлері (n=12)

р №	цестод түрлері	Инвазиялану көрсеткіштері		
		ИҮ	ИҚ	
			орташа	экстремумдер
1	<i>Echinococcus granulosus</i> (Batsch,1786), larvae	1	1	-
2	<i>Moniezia expansa</i> (Rudolphi, 1810) Blanchard, 1891	1	2	-

Сонымен бұқар бұғыларынан 2 түрлі цестод тіркелген: *Echinococcus granulosus*(Batsch, 1786), larvae; *Moniezia expansa*(Rudolphi, 1810) Blanchard, 1891.

Бұқар бұғыларынан көбінесе мына нематодтар – *O.skrjabini*, *S.cervi*, *O.columbianum*, *O.venulosum* және *T.skrjabini* кездеседі. Бұқар бұғыларының санын реттеуге бауырда тоғышарлық ететін *F.hepatica*, жуан ішекте мекендейтін *O.columbianum* және *O.venulosum* және өкпеде тоғышарлық ететін *D.eckerti* әсер етеді. Қан сорғыш жәндіктердің қатысуымен дамиды төрт нематод түрінің (*O.skrjabini*, *S.cervi*, *S.digitata* және *S.labiato-papillosa*) тоғышарлық етуі, бұқар бұғыларының қан сорғыш шыбындарға таланатыны туралы куәлік етеді. Айта кету керек бұл анда бірмезгілде шөлді кешеннің тоғышарлары басым екен, бұл инвазиялық элементтер ыстық жағдайға жақсы бейімделген. Бұқар бұғылары мен ауыл шаруашылық жануарларының зарарлануын салыстырғанымызда олардың тоғышар құрттарының ортақ екені белгілі болды[6].


Алайда, бұқар бұғыларынан тіркелген 20 гельминттің сегізі (*O.skrjabini*, *S.cervi*, *S.digitata*, *S.labiato-papillosa*, *O.columbianum*, *O.radiatum*, *O.venulosum* және *D.eckerti*) үй түқтарында тіркелмеген, бұл бұқар бұғыларының өз гельминттофаунасы бар екенін куәландырады. Жоғарыда атап өткендей бұқар бұғылары тоғай жануарлары.

Қызылшаруа аңшылық шаруашылығы - қорғалатын аумақ, онда үй жануарларына шектеу қойылған. Сол себептен бұқар бұғыларына үй жануарларынан келетін инвазия ағыны бұғылар тоғышарлар фаунасына онша әсер ете алмайды. Дегенмен, тоғай бұғыларында анықталған тоғышарлар: *M.expansa*, *H.contortus* және *N.spathiger* көбінесе қойларда тіркеледі, бұл аңдардың қойлармен ұшырасатынына куәлік етеді. Айта кету керек ортақ инвазиялардың үдемелі және қарқынды инвазиялылығы бұқар бұғыларында ауыл шаруашылық түліктеріне қарағанда төмендеу[7].

Мекендейтін жерлері бірдей болғандықтан бұқар бұғылары мен қойлардың өздеріне тән тоғышармен *D.eskerti* алмасуға мүмкіндік туған. Бұл өкпе нематодасы көбіне таулы және тау етегі аймақтарында кездеседі және маралдарды зарарлайды.Өкпедегі және бауырдағы патологиялық өзгерістердің сипаты бойынша бұқар бұғыларына ең зардаптылары диктиокаулдер, фасциолалар және дикроцелиялар. Жоғары қарқынды инвазияланғанда зардапты түрге мониезияларды және сетарияларды жатқызуға болады, олар өздеріне қолайлы мезгілдерде бұқар бұғыларын қарқынды зарарлауы мүмкін, соның нәтижесінде аңдар азады және өлуі мүмкін. Бұл тоғышарлар бір жасқа дейінгі жануарларға өте қатерлі.

Ерекше айта кететін жағдай, ол Сырдарья аң өсіру бағында екі бұғы өлексесін тексергенде: бірі бір жасынан бес жасқа дейін осында мекендеген, екіншісі 1,5 жасар осы жерде туылған, олардың жерсіндірілген уақыт кезінде қосымша екі гельминт түрін қабылдағаны белгілі болды: бұзаудан диаметрі 4 см *E.granulosus* ацефалоцистасын, ал ересек аңнан – 69 дана *D.filaria* таптық. Бұл түрлер жергілікті қойлардың баналды тоғышарлары. Бұғылар бағылатын жерлерге үй жануарлары жіберілмейтіндіктен олардың *S.elaphus bactrianus* тоғышарларымен зарарлануы қосымша азықпен (шөп және құрама жем) болды деп жорамалдауға болады.Бұқар бұғыларының үй жануарларының гельминттерімен алмасу жағдайлары жиі орын алғандықтан, гельминтоздардан алдын алу шараларды қолға алу өте маңызды мәселе болып саналады.

Жойылуға қауіпі бар популяцияның адаптивтік структурасын анықтау жолында, бастықыда, тек олардың өсу қарқыны мен жылдамдығы алынды.Басқаша айтқанда даралардың жаңа ұрпақ пайда болу мен өлу процестері бақылауға алынды . Бұл әсерлерге- қоршаған орта жағдайының тұрақсыздығы,браконьерлік әрекеттер, және экологиялық дағдарыстарды жатқызуға болады. Табиғатты қорғау яғнибиозэкология саласында « Тіршілікке қабылетті популяцияның ең аз мөлшері» (МЖП – Минимальная жизнеспособная популяция) деген термин жиі кездеседі. Бұл термин, биогеценоздағы кез келген популяциясын қорғапқалу үшін,ең кем дегенде олардың саны немесе таралу аймағы , ареалы қанша және қандай болу керек деген мәселеге тығыз байланысты. Яғни -тіршілікке қабылетті популяцияның ең аз мөлшері- қалыпты деңгейден ауықушылық жағдайда,немесе кілттік түрлердің тіршілікке қабілеттілігіне талдау жасау барысында бүкіл экологиялық жүйенің дағдарысқа төтеп беру қабілеттілігін анықтауға алғашқы қадам бола алады. Сурет 7.



Сурет 7. Бұқар бұғыларының сан динамикасы


2018 жылы қараша айында бұқар бұғыларының тұқымбақтағы саны 155 басқа жетті. Оның ішінде 22 басы, сол жылы туылған төлдер. Жас төлдерді бақылау мақсатында фотофиксаторлар мен бейне бақылаулар орнатылған. Аталған нысан Қызылшаруа елді мекенінен-12 км, Түркістан қаласынан-32 км, Облыс орталығы Шымкент қаласынан-205км қашықтықта орналасқан қоршау (вольер) аумағы 2015 жылы 20 га-ға ұлғайту жұмыстары жүргізілген. Бұқар бұғылары тұқымбағы бір жағы темір тормен, қалған жағы табиғи Сырдария өзенімен қоршалған түбекте орналасқан [8].

Табиғаттың эталондық бөліктерінің барлық жүйелері, қаншалықты құндылыққа ие болуына қарамай, флора мен фаунаның әртүрліліктің ұзақ мерзімде сақталуының кепілі бола алмайды және оптималды жағдайларын қамтамасыз етпейді. Биологиялық тепетеңдікті орнату барысында, келешекке бағытталған «экологиялық тор» бағдарламасы ұсынылуы қажет. Бұл жоба - табиғи-антропогендік аймақтарды тұтас түрде құруды және қоршаған орта жағдайларын тұрақты түрде қамтамасыз етуді, сондай-ақ биоалуантүрлілікті сақтауды көздейді. Кәзіргі таңда әртүрлі ареалдар кейде тұтас экожүйелердің алқаптары бірте-бірте ығыстырылуда, соның нәтижесінде кейбір түрлердің жоғалып кету қаупі бар. Флора мен фаунаның әйгілі өкілдердің, зоо-ботаникалық бақтарда, ұлттық саябақтарда, кейде табиғи қауымдарда сақтап қалуға нақты қадамдар жасалуда. Мұндай бастамалардың бірі - «экологиялық тор» бағдарламаны жүзеге асыру болып табылады.

Өкінішке орай реинтродукцияны қажет ететін түрлердің, ескі табиғимекен орынымен салыстырғанда, ұйымдастырылған торлардың ауданы өтшектелуі болып келеді. Сондықтан оларды жүзеге асыру арқылы, тек кейбір азсанды флора мен фаунаның реликтік өкілдерін ғана қолдауға болады. Демек, биологтарға, экологтарға осындай аз

санды түрлер популяцияларының тіршілікке қабілеттілігін бағалап, оларды сақтауға қандай қорықтық режим керек екендігін айқындау керек. Оған қосымша біздің планетамызда халық санының өсуіне байланысты ұйымдастырылған резерваттарға қысым көрсетіліп ығыстырылуда, осыған байланысты қорғалатын территориялардың жеткілікті ең аз мөлшері қандай болу керек екендігі мәселесін шешу керек. Резерват немесе қорық ауданының мөлшерін популяция санымен көрсету керек. Экологиялық тор жобасы мәселесінің мәні осында.

Сурет 8.



Сурет 8. Экологиялық тор жобасы.

- 1) **Кілттік табиғи аймақтар немесе тордың ядросы** – Өзге түр популяцияға жататын дараларға, өздерінің тіршілік әрекеті нәтижесінде қажетті ықпал жасайтын ауқымды санаттары.
- 2) **Экологиялық дәліздер** – тұтас немесе үзілмелі миграциялық жолдар, экологиялық тордың ядроларын байлағныстыратын транзиттік аймақ.
- 3) **Буферлік аймақтар** – флора мен фаунаны сыртқы жағымсыз әсерден сақтауды қамтамасыз ететін белдеу.

Экологиялық жағдайға байланысты тұяқтылар санының тез арада азаюына табиғи жайылымдардың қулдырауы жағымсыз әсер етті. Өкінішке орай браконьерлік аңшылықтың белсендірілуі де байқалады. Биоценоздардың құрылуына климаттық өзгерістер, антропогендік факторлары мен қатар биологиялық компоненттер кешенінің динамикалық заңдары қатты әсер етеді. Олардың ішінде жабайы жануарлар популяциясындағы санын реттеуде жыртқыштармен бірге паразиттер де үлкен роль атқарады. Жабайы тұяқтылар динамикасының популяциясына гельминтоздардың зиянды әсері де байқалды. Біздің елде ауыл шаруашылық жануарлар жайылым жолдарында акбөкендер, арқарлар, қарақұйрықтар, жабайы шошқалар, еліктер, таутекелер тіршілік етеді [8]. Сондықтан жалпы жайылымдар мен су каналдардарын пайдалану кезінде бұғылар мен қой арасында паразиттердің алмасуы үлкен орын алады. Паразиттердің бір бөлігі жабайы және үй жануарларында қауіпті ауруға алып

келеді де, олардың көбісі өлімге соқтырады. Оларға дикроцелиоз, эхинококк, ценуроз, диктиокаулез, асқазанды-ішектегі стронгилятоз және т.б. жатады. Осының нәтижесінде, яғни, өнімділіктің азаюы мен жабайы жануарлардың өліміне байланысты елге едәуір экономикалық шығындар келтіріледі. Жоғарыда айтылғандар ортаның жабайы фаунасының ыңғайлы экономикалық жағдай, жабайы тұяқты аңдар үшін тиімді іс-шаралар құру және жоспарлауға, ауыл шаруашылық және жабайы жануарлар арасында инвазия ағымын есептеу мәселесінің өзекті екенін анықтайды. Жабайы тұяқты аңдар және үй жануарлар гельминтофаунасының құрамына жалпы поликсенді түрлер: дикроцелиидтер, аноплоцефалидтер, тениидтер, трихостронгилидтер, т.б. жатады. Осы жағдай үй және жабайы жануарлармен адам арасындағы гельминтоздардың үзіліссіз эпизоотикалық және эпидемиологиялық байланысын тудырады.

Келтірілген тужырымдарға сүйене отырып Сырдария жайылмасында өсірілетін бұқар бұғыларының тоғышарлар фаунасы кейінгі жылдары өзгеріске ұшырайды деп есептейміз, әзірге жергілікті жердің әсерінен жаңа тоғышарлар құрамы құрала бастайды. Мұнда жерсіндірілген бұқар бұғыларының тоғышар фаунасының құралуына абиотикалық факторлар: (температура, жауын-шашын мезгілі, күннің ұзақтылығы және тағы басқалар), жер бедері, топырақ сипаты, судың химизімі және тағы басқалар; биотикалық факторлар – жаңа тоғышар түрінің болуы, соңғы және аралық иелерінің тығыздығы, әр түрлі иелердің ұшырасу деңгейі және антропогендік фактор – кездейсоқ алып келінген гельминттердің айналымына әсер етеді. Сондықтан, биосферадағы тепеңдықты сақтау мақсатында, ұзаққа арналған экологиялық тор концепциясының маңызы зор, үйткені ол әр аймақтың экологиялық қаңқасын және табиғи көптүрлілікті сақтауды көздейді [10].

Торды құру процесі - биоалуантүрлілікті сақтаудың сенімді механизмін қамтамасыз ете алады, және келешекте кез келген ареалдар типін қорғау үшін үлгі бола алады. Жануарлар мен өсімдіктердің популяцияларының сирек түрлерін сақтау және Кәзіргі таңда жергілікті халықтың қызығушылығын есепке ала отырып, елімізде саналуан табиғи аймақтарды экологиялық тор жобасына қосқан жөн.

Түркістан облысына қарасты Сырдария - Қаратау өңірінің табиғи-климаттық ерекшелігіне қайталанбас ландшафттарды сақтап қорғауға ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеулер жасалуда. Соған қарамастан оңтүстік өңірлерде, экологиялық ахуалдың нашарлауы, табиғат пен тіршілік иелерінің арасындағы тепе-теңдіктің өзгеруі, флора мен фаунаның кейбір түрлерінің қатардан ығыстырылуы, үлкен қаупін тудырады. Бұл жағдай, тек әлем мамандарын ғана емес, отандас биологтарын да мазалаумен келеді [11].

Сырдария - Қаратау ареалындағы мекен ететін тоғай бұғылары мен Қаратау арқары популяциясын қалпына келтіру үшін экологиялық тор жобасы Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи саябағында қолға алынуда. Жергілікті мамандар бұл мәселе бойынша аудандық, облыстық және республикалық құрылымдар тарапынан қолдауға ие болды. Буферлі белдеулер мен экологиялық дәліздер құрылымдардың қажетті элементтерді пайдалану жобалары дайындалып, тиісті органдарға тапсырылды. Қатаң тәртіп пен қорғалатын табиғи аумақтар жетілдірілген жүйемен әзірленген рұқсат құжаттары, облыстық, республикалық және аудандық деңгейдегі сарапшы мамандардың назарында. Түркістан экожелісі экологиялық басқармасының кешенді жоспарлары талдануда. Түркістан облысы, және қала әкімдігімен, ҚР ауылшаруашылық министрлігінің орман және аң шаруашылығы комитетімен, Түркістанда арнайы табиғи экологиялық торды құру мәселесі мақұлданып,

экспедициялық және талдау жұмыстары жүргізілуде. Аталған құжаттардың негізінде «Түркістан мемлекеттік табиғи экологиялық тордың ғылыми негіздемесі» әзірленіп, Сырдария - Қаратау ареалындағы жұптұяқтылардың миграциялық дәліздерін ұйымдастыру және қорғалатын табиғи аумақтардың желісін өркендету үшін ұсыныстар жасалды[12].

Күн өткен сайын шет елдік туристер және ел тұрғындары әлемнің көкпен таласқан биік ғимараттары мен теңіз жағалауларындағы заманауи үлгідегі демалыс аймақтарынан гөрі әлі де табиғи қалпынан айнымаған, қаймағы бұзылмай сақталған табиғат сұлулығын тамашалауға көп назар аударуда. Солардың бірі Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи саябағына қарасты аймақтарды айтуға болады. Осы бағытта ішкі туризм саласының әлеуетін арттырып отырған мекеменің рөлі үлкен. Саябақтың негізгі мақсаты – Сырдария өзені мен Арыс өзенінің екі жағалауы мен Боралдай жотасының ландшафттарын табиғи түрде сақтау, табиғи кешендер мен мемлекеттік табиғи-қорықтық объектілерін, табиғаттың көрікті жерлері мен ерекше құндылығы бар өсімдіктер мен жануарлар дүниесін және де мәдени-тарихи ескерткіштерді экологиялық ағартушылық, ғылыми, туристік мақсатта тиімді пайдаланып, сақтау болып табылады. [13]. Жаңадан құрылған Түркістан облысының ішкі туризм саласындағы нысандарды жан-жақты насихаттау қажет екеніне көзіміз жетеді.

Сонымен қоршаған ортаның белгілі бір бөлігінде жануарлыр қорының молайып, сол қалпында сақталуы ең алдымен көбіне сол жердің жергілікті адамдарының қоршаған орта мен оның табиғатына деген көзқарасы мен жанашырлығына байланысты болатынына толық көзіміз жетті. Сондықтан да адамдардың табиғатқа жанашыр болуы болашақ ұрпақтарына жаны ашығандығы болып табылады. Өйткені, бүгінгі мол табиғат байлығы — ертеңгі таусылмас халық қазынасы, бар игіліктің бастауы.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елбасы Назарбаев Н.А.Түркістан-еліміз үшін өте маңызды қала. Егемен Қазақстан,5.11.2019
2. Н.Мұхтарұлы. Бұхар бұғыларының саны көбеюде. Түркістан.- Қалалық қоғамдық-саяси апталық газет .44. 02.11.2018
3. Дайрабаев Р. А.Өсімдіктер және жануарлар экологиясы. Тұран баспаханасы Түркістан 2017.
4. Беркінбай О.Б., Шабдарбаева Г.С.Қазақстан биоресурстары: жануарлар әлемі. Алматы. 2013
5. Дәуітбаева К.Ә., Есжанов Б.Е., Жануарлар алуан түрлілігі. Алматы. 2014
6. Переладова О.Б.Байдавлетов Р.Ж. Восстановление бухарского оленя в Республике Казахстан –компонент комплексной программы восстановления вида в Центральной Азии.Алматы,2015.С.85-88
7. Брагина Т.М., Переладова О.Б. Основы сохранения биологического разнообразия в бассейне реки Сырдарья на принципе построения экологических сетей. Алматы .
8. 2015-2020 жылдардағы Биологиялық әртүрлілікті сақтау және орнықты пайдалану бойынша жаңартылған Стратегиялық Жоспары. - Нагоя, Жапония, 2015

9. Б.М. Мошкалов, А.С. Сапарбеков и др. Увеличение численности бухарского оленя в государственном природном парке Сырдарья-Туркестан. – Москва: «Наука и мир», 2015, №77 с. 15-28
10. Федосенко А.К., Байдавлетов Р.Ж. Маралы. Лоси. Алма-Ата: Кайнар, 1989. 300с.
11. Мирутенко В.С. Благородный олень // Ресурсы основных видов охотничьих животных и охотничьи угодья России (1991-1995 гг.). М., 1996. С.114-120
12. Мармазинская Н.В. Методическое руководство для работ по воспроизводству и расселению бухарского оленя в местах естественного обитания.- М., WWF России, 2015.- 88с.
13. Чикин Ю.А., Переладова О.Б., Мармазинская Н.В. и др. О состоянии популяции бухарского оленя в долине Амударьи. – Вестник «Тинбо».-Ташкент: «Истиклол».-т. 1.- 2014-с. 53-59

REFERENCES

1. Elbasy Nazarbaev N.A. Túrkiстан-elimiz úshin óte mańyzdy qala. Egemen Qazaqstan, 5.11.2019
2. N.Muhtaruly. Buhar buǵylarynyń sany kóbeıýde. Túrkiстан.- Qalalyq qoǵamdyq- saıası aptalyq gazet .44. 02.11.2018
3. Dairabaev R. Ósimdikter jáne janýarlar ekologıasy. Turan baspahanasy Túrkiстан 2017.
4. Berkinbaı O.B., Shabdarbaeva G.S. Qazaqstan bioresýrstary: janýarlar álemi. Almaty. 2013
5. Dáýitbaeva K.E., Esjanov B.E., Janýarlar alýan túrliligi. Almaty. 2014
6. Pereladova O.B. Baidavletov R.J. Vosstanovlenie býharskogo olená v Respýblike Kazahstan –komponent kompleksnoi programmy vosstanovlenia vida v Sentrálnoi Azii. Almaty, 2015.S.85-88
7. Bragina T.M., Pereladova O.B. Osnovy sohraneniá biologicheskogo raznoobrazia v basseine reki Syrdária na prinsipe postroeniá ekologicheskikh setei. Almaty .
8. 2015-2020 jyldardaǵy Biologıalyq ártúrlilikti saqtaý jáne ornıqty pıdalaný boıynsha jańartylǵan Strategıalyq Jospary. - Nagoia, Japonia, 2015
9. B.M. Moshkalov, A.S. Saparbekov i dr. Ývelichenie chislennosti býharskogo olená v gosýdarstvennom prirodnom parke Syrdária-Túrkestan. – Moskva: « Naýka i mir», 2015, №77 s. 15-28
10. Fedosenko A.K., Baidavletov R.J. Maraly. Losi. Alma-Ata: Kainar, 1989. 300s.
11. Mirýtenko V.C. Blagorodnyi olen // Resýrsy osnovnykh vidov ohotnichih jivotnykh i ohotnichı úǵódia Rossiı (1991-1995 gg.). M., 1996. S.114-120
12. Marmazinskaia N.V. Metodicheskoe rýkovodstvo dlá rabot po vosproizvodstvú i rasselenıú býharskogo olená v mestah estestvennogo obitaná.- M., WWF Rossiı, 2015.- 88s.
13. Chikin Ú.A., Pereladova O.B., Marmazinskaia N.V. i dr. O sostoiánii popýlýsıi býharskogo olená y doline Amýdári. – Vestnik «Tinbo».-Tashkent: «Istiklol».-t. 1.-2014-s. 53-59

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

ORGANIZING LABORATORY WORKS IN BIOLOGY LESSONS

Умиров Б.З.

*Магистр оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан*

ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-4584-8860>

Ахметов Н.А.

*PhD., аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан*

ORCID ID: 0000-0002-5308-0425

АҢДАТПА

Бұл мақалада биология сабағын зерделеу кезінде жалпы білім беретін мекеменің 7-сынып оқушыларының оқу-зерттеу қызметін жүзеге асыру үшін педагогикалық жағдайлар кешені (ұйымдастырушылық, белгіленген-нысаналы, логикалық - құрылымдық, дидактикалық, диагностикалық-нәтижелі) әзірлеу. Биология сабақтарын зерделеу кезінде 7-сынып оқушыларының оқу-зерттеу қызметіне дайындығының құрылымдық компоненттерін әзірлеу, эмоционалды-ерікті, интеллектуалды-танымдық, практикалық және олардың құзыреттіліктерімен көрсетілген көрсеткіштерін айқындау.

Кілт сөздер: зерттеу, құзыреттілік, сынып, оқу, педагогика, инновация, сабақ, экология, қоршаған орта, биология, технология, бақылау, сипаттау, өлшеу, эксперимент.

ABSTRACT

This article describes the development of a set of pedagogical conditions (organizational, established - target, logical-structural, didactic, diagnostic-productive) for the implementation of educational and research activities of students of the 7th grade of a general education institution when studying a biology lesson. Development of structural components of the readiness of 7th grade students for educational and research activities in the study of biology lessons, identification of emotional - volitional, intellectual-cognitive, practical and indicators expressed by their competencies.

Keywords: research, competencies, classroom, teaching, pedagogy, innovation, lessons, ecology, environment, biology, technology, observation, description, measurement, experiment.

Қазіргі білім беруде оқушылардың жалпы мәдениетінің деңгейін арттыруды, әлемнің барабар ғылыми бейнесін қалыптастыруды, адамның гуманистік және экологиялық бағытын қамтамасыз ететін, жаратылыстану ғылымдарының қоршаған ортаға, адам қызметінің экономикалық, технологиялық, әлеуметтік және этикалық салаларына әсерін түсінуді қамтамасыз ететін жаратылыстану циклі (химия, биология, физика, физикалық география, экология) пәндерінің мәртебесі өзгереді, оқушылардың қазіргі

қоғамға интеграциялануына, оларды жетілдіруге белсенді қатысуына ықпал ететін, оның ішінде, зерттеу қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жаратылыстану циклі пәндерін оқу шеңберінде жүзеге асырылатын оқушылардың оқу-зерттеу қызметі белгілі бір ерекшелікке ие. Бұл ретте жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерінің мазмұны (химия, биология, физика, физикалық география, экология) шығармашылық қызмет дағдыларын (оқу-зерттеу және жобалау-зерттеу) қалыптастыру үшін жағдай жасауға, оқу-зерттеу процесінде оқушылардың жалпы мәдениетінің деңгейін арттыруға, әлемнің барабар ғылыми бейнесін, тұлғаның гуманистік және экологиялық бағытын қалыптастыруға, түсінуді дамытуға мүмкіндік береді жаратылыстану ғылымдарының қоршаған ортаға, адам қызметінің экономикалық, технологиялық, әлеуметтік және этикалық салаларына әсері, оқушыларға заманауи қоғамға интеграциялануға, оқу - зерттеу қызметі процесінде ғылыми мәселелерді шешуге қатысуға, алған білімдерін қарапайым ғана емес, сонымен қатар стандартты емес жағдайларда қолдануға, оқушылардың өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге деген ынтасын дамытуға мүмкіндік береді [1].

Биологияны зерттеу барысында:

- білу: әлемнің қазіргі ғылыми көрінісіндегі биологияның орны, практикалық мәселелерді шешу үшін оқушылардың сауаттылығы мен қызығушылық шеңберін қалыптастырудағы биологияның рөлі; іргелі биологиялық ұғымдар, жабайы табиғат туралы идеялар, оның деңгейлік ұйымдастырылуы мен эволюциясы; биологиялық терминология мен символизм; жалпы биологиялық заңдар, теориялар, заңдылықтар; ғылыми таным әдістері тірі заттар мен экожүйелерді биологиялық зерттеуде қолданылады;

- білу: базалық деңгейде бақылау, сипаттау, өлшеу, эксперимент жүргізу; табиғаттағы антропогендік өзгерістерді анықтау және бағалау; биологиялық зерттеу нәтижелерін түсіндіру биология бойынша қарапайым есептерді шешу; биология, әртүрлі экологиялық мәселелер және оларды шешу мүмкіндіктері туралы әртүрлі ақпарат көздерінен алынатын өз пікіріне ие болу; терең деңгейде биологиялық процестер мен биологиялық құбылыстарды зерттеу және талдау жүргізу, биология бойынша аса маңызды зерттеулердің салдарын болжау; биологиялық заңдар мен заңдылықтарға сүйене отырып гипотезалар жасау; өмір мәнінің пайда болуын, биосферада болып жатқан жаһандық өзгерістерді түсіндіріңіз; ұсынылған гипотезаларды эксперименттік жолмен тексеруді жүзеге асыру, зерттеу мақсатын тұжырымдау; биология бойынша зерттеулер барысында этикалық нормалар мен экологиялық талаптарды сақтау;

- меңгеру: оқушыға биологиялық эксперименттер жасауға, оларды сипаттауға және зерттеу барысында алынған нәтиженің дұрыстығын бағалауға мүмкіндік беретін әдістеме. Осылайша, "жаратылыстану ғылымдары" пәнінің мазмұны, атап айтқанда химия және биология, жаратылыстану ғылымдары саласындағы 7 - сынып оқушыларының оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыруға кең мүмкіндіктер мен перспективалар береді [2].

Тәжірибе көрсеткендей, "мектеп оқушыларын зерттеу қызметіне тарту проблемасы жоспарланған, мақсатты жүйелі білім беру іс-әрекетінің қажеттілігін, мұндай жұмыстың құрылымы мен мазмұнын ғылыми негізделген анықтауды, оқушылар мен оқушылар мен ғылыми жетекшілердің, жас зерттеушілердің бір-бірімен өзара әрекеттесуінің жаңа ұйымдастырушылық формаларын іздеуді білдіреді.

Жалпы білім беретін мектептерге арналған биология бағдарламасы, 6-сыныпқа арналған "Биология" оқу жинағы (оқулық, жұмыс дәптері, әдістемелік құрал), ботаника бойынша әдістемелік әдебиет. Биология бойынша оқу-тәрбие процесінде мектеп оқулығы міндетті түрде игеру үшін қажетті білімнің сипаты мен көлемін, сондай - ақ білім, білік, дағдыларды қалыптастырудың дәйектілігін анықтайтын оқытудың маңызды құралдарының бірі болып табылады [3].

"Оқулық - бұл оқушылардың міндетті түрде игеруіне арналған ғылым мен өндіріске дейінгі қазіргі деңгейді көрсететін белгілі бір білім көлемін жүйелі түрде баяндайтын оқу кітабы". Мектеп оқулығы биологиялық білім беру стандартының талаптарын, жалпы білім беруді жаңғырту міндеттерін, оқушылар мен ата-аналардың мүдделерін қанағаттандыруы керек. Осыған сүйене отырып, ол әртүрлі функцияларды орындайды: ақпараттық, белсенділік, шығармашылық, даму, қолданбалы және т. б. Қазіргі оқулық (оқу-әдістемелік кешен) келесі компоненттерден тұрады: оқулық, оқуға арналған кітап, жұмыс кітабы, практикум, мұғалімге арналған әдістемелік ұсыныстар, бақылау - өлшеу материалдары.

Оқулық оқушылардың белгілі бір жасына және оқу деңгейіне арналған.

Оқулық пәнаралық білімді, байланысты пәндердің мазмұнын — химия, физика, география — әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін біртұтас білімге біріктіруі керек.

Оқулықтар антропогендік факторлардың биосфераға әсерін және адам қызметінің жағымсыз салдарының алдын алу мүмкіндіктерін түсінуге мүмкіндік беретін нақты экологиялық бағытқа ие болуы керек.

Биологияның аймақтық аспектісі дәптерлердегі, бақылау күнделіктеріндегі жұмыс арқылы көрінеді.

Биология оқулығының өзіндік құрылымдық компоненттері бар, олар мектеп оқулығының қажетті элементі болып табылады, белгілі бір формаға ие, тек өзіне тән құралдармен белсенді функционалды жүктемені жүзеге асырады және осы оқулықтың басқа элементтерімен тығыз байланыста болады [4].

Оқу процесінде мазмұны мен қолданылуына байланысты мәтіндер негізгі, қосымша, түсіндірме болуы мүмкін. Негізгі мәтінде биологиялық білім берудің минимумына, Фмос - қа сәйкес келетін материал бар. Оқулықтың негізгі мәтіні курстың негізгі ұғымдарының жүйесін көрсетеді (жалпы биологиялық, арнайы, қарапайым және күрделі). Ұғымдардың мәнін ашу әдісіне байланысты негізгі мәтін сипаттамалық, түсіндірмелі немесе аралас сипатта болады [5]. Қосымша материал есте сақтау үшін қажет емес, бірақ оқушылардың ашылу тарихы, өмірбаяны, жаңа жетістіктері, экологиялық ақпарат туралы түсініктерін кеңейтеді. Қосымша мәтіндер-бұл оқушыларға арналған үндеулер, құжаттық-оқулық материалдар, қосымша оқу материалдары.

Түсіндірме мәтін бұрын оқылған материалға жолдайды, оқу жұмысының тәсілдерін сипаттайды, зертханалық жұмыстарға нұсқау беру нүктелерін, сабақтан тыс уақыттағы бақылауларды, ескертпелер мен түсіндірмелерді, сөздіктерді, алфавиттерді қамтиды. Тұсаукесер тілі сауатты, қысқа, қызықты, тұрмыстық деңгейге дейін жеңілдетусіз болуы керек [6].

Мәтіннен тыс компоненттерге ассимиляцияны ұйымдастыру аппараты, иллюстрациялық материал және бағдарлау аппараты кіреді. Ассимиляцияны ұйымдастыру аппараты тапсырмалардан, сұрақтардан, жалпылама кестелерден, іс-

қимыл алгоритмдерінен, биологиялық тапсырмаларды орындауға арналған үлгілерден, қиын тапсырмаларға жауаптардан, абзацтар мен тараулардың соңындағы түйіндемелерден тұрады. Иллюстрацияларға суреттер (ғылыми-қолданбалы, техникалық, нұсқаулық сызбалар, карталар, диаграммалар, жоспарлар, диаграммалар), фотосуреттер, аралас иллюстрациялар (фотомонтаждар, фото схемалар, коллаждар), репродукциялар жатады. Көлемі бойынша олар негізгі мектепте оқулықтың кем дегенде жартысын және 7 - сыныптардың үштен бірінен аспауы керек.

Бағдарлау аппаратына кіріспе, алғы сөз, мазмұн кестесі, рубрикациялар мен бөлектеулер (қаріп және түс), бағдарлау таңбалары, колонтитулдар, шартты белгілер, пәндік және алфавиттік көрсеткіш, терминологиялық сөздік, ұсынылатын қосымша әдебиеттер тізімі кіреді. Мәтіннен тыс компоненттер оқушыларға оқулықты пайдалануға көмектесетін маңызды ақпаратты қамтиды. Сонымен, титулдық бет – оқулықтың бірінші беті - оқушыларды оның атымен, авторлардың фамилиясымен, редакторларымен, баспасымен, жылы мен жарияланған жерімен таныстырады. Осы мәліметтер бойынша кітапты кітапханадан оңай табуға болады.

Әрбір дерлік оқулықта алғы сөз бар. Алғы сөздің міндеті-негізгі мәтінді түсінуді жеңілдету, оқулықтың мақсатын, оны пайдалану принциптерін ашу. Көбінесе алғы сөзде авторлар кітаптың міндеттерін ашады, қаріптің ерекшеліктерін сипаттайды (мысалы, уақыт, тақырып, абзацтар, терминдер және т.б.), шартты белгілерді түсіндіреді. Мазмұны оқулық мазмұнының жалпы жоспарын, негізгі айдарларды, әртүрлі бөліктердің арақатынасын көрсетеді.

Колонтитул-бұл бет мәтінінің үстіндегі жолдар. Әдетте, сол жақ бетте үлкен Айдардың атауы, ал оң жақта – көп бор берілген. Бұл кітапты пайдалануды жеңілдетеді, қажетті материалды тезірек табуға, негізгі оймен танысуға көмектеседі.

Биология оқулығымен жұмыс өте алуан түрлі, бірақ оқулықтың құрылымдық элементтеріне сәйкес жұмыс әдістері топтары ерекшеленеді:

- 1) оқулық мәтінімен;
- 2) бағдарлау аппаратымен;
- 3) оқулықтың иллюстрацияларымен.

1. Оқулық мәтінімен жұмыс істеу тәсілдері: қайталау (қысқа және мәтінге жақын); жаңа білімді ескілермен байланыстыру; мәтіндегі түсініксіз жерлерді бөлу; мәтінге сұрақтар қою және оларға жауаптар беру; маңызды, негізгі ойды бөлу; негізгі ойларды логикалық схемаға қосу, яғни. жоспар, тезистер құру, реферат, өзін - өзі тексеру, оқылған материалға негізделген диаграммаларды, кестелерді құру, оқылған себеп-салдарлық байланыстарды орнату, салыстыру, жалпылау, қорытынды жасау, материалды сұрыптау (мәтінде не оқу, есте сақтау, жазу, жаттау) және т. б.

2. Бағдарлау аппаратымен жұмыс істеу тәсілдері-қажетті материалдың мазмұнын табу, тараудың мазмұнын, тақырыпты олардың атымен анықтау, сұрақтар, тапсырмаларды символдар көмегімен табу, қаріп таңдауларының көмегімен негізгі ойларды анықтау және т. б.

3. Иллюстрациялармен жұмыс істеу тәсілдері-сурет, фотосурет бойынша заттың, объектінің белгілерін анықтау; сурет, фотосурет, репродукция бойынша негізгі және қосалқы белгілерді бөліп көрсету; сурет бойынша объектілерді, заттарды салыстыру; сурет бойынша қоршаған орта жағдайларының сипаттамасы және т. б.

Жаратылыстану ғылымдарын, атап айтқанда химия мен биологияны зерттеу кезінде мұғалім оқушыларды таным процесіне қызықтыруы керек. Проблемалық сұрақтар қоюға, оларға жауап іздеуге, нәтижелерді түсіндіруге, қорытынды жасауға және жалпылауға үйрету керек. Оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруға мүмкіндік беретін оқу процесінің сапасы көбінесе оқу зерттеуінен алынған жаратылыстану білімдерін біріктіруге байланысты. Химия мен биологияны зерттеу процесінде оқу зерттеулерін қолдану жаратылыстану ғылымдары

7 - сынып оқушылары заттың бір сапалы күйден екіншісіне ауысу құбылыстарын зерттейді, қайшылықтар туралы біледі; микро, макро жүретін процестердің өзара тәуелділігі туралы; өмірдің дамуындағы сабақтастық туралы. Бұл оқушылардың санасында қарама-қайшы динамикалық әлемнің, табиғаттың материалдық бірлігінің, құбылыстардың өзара тәуелділігі мен әмбебап өзара байланысының, даму заңдарының әмбебаптығы мен ерекшелігінің шынайы ғылыми бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. 7 - сынып оқушылары алған білімдер шынайы, дәлелденген және материалдық өндірістің ғылыми негізін құрайтындығына сенімді игіліктер. 7 - сынып оқушылары таңдамалы қызығушылық танытады жеке пәндерді зерттеу және өмірді күнделікті түсінуді саналы түрде ғылыми түсінікпен алмастырады. Олар әртүрлі ғылымдарды зерттеу кезінде алған білімдерін өз ойларында біріктіре алады, теориялық жалпылау жасайды, байланыстар мен тәуелділіктер орнатады, алынған білімге толықтық береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Белов И.Г., Корчагина В.А. Уроки ботаники в 5-6 классе. – М.: Просвещение, 1974.
2. Васильева Е.М. и др. Эксперимент по физиологии растений в средней школе. – М.: Просвещение, 1978.
3. Андреев, В.И. Диалектика воспитания и самовоспитание творческой личности: Основы педагогики творчества [Текст] / В.И.Андреев. - Казань, 1988. - 236 б.
4. 51. Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития / В.И.Андреев - 2 изд. - Казань: Центр инновационных технологий, 2000. – 608 б.
5. 52. Андрейченко Е.А. Проблемно - поисковая (исследовательская) технология в обучении химии [Текст] / Е.А.Андрейченко // Химия (ПС). - 2008. - №16. - Б. 45 - 53.
6. Аргусманова, Т.В. Педагогические условия развития исследовательской деятельности старшеклассников в инновационном образовательном учреждении [Текст]: автореф. дис. ... канд. пед. наук / Т.В.Аргусманова. - Орск, 2003. - 26 б.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ
ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

THEORETICAL FOUNDATIONS OF THE USE OF INNOVATIVE
TECHNOLOGIES IN THE FORMATION OF ENVIRONMENTAL COMPETENCE
OF STUDENTS

*Маратқызы Н.¹, Шарипханова А.С.²

^{*1} «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ «8D01505
Биология» білім бағдарламасының докторанты, Өскемен, Қазақстан
<https://orcid.org/0009-0005-0713-2182>

² б.ғ.к., қауымдастырылған профессор, «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан
университеті» КЕ АҚ, Өскемен, Қазақстан

АНДАТПА

Қазіргі кездегі экологиялық мәселелер бүкіл адамзатты ойландырып отыр. Болашақ биолог мұғалімдерді экологиялық білімге тәрбиелеу мақсатында адам-табиғат жүйесіндегі қарым-қатынасты жақсарту және қоршаған ортаға бағдарланған тұлғаны дамыту, яғни экологиялық құзыреттілік экологиялық мәдениетті жүзеге асыру үшін қажет. Экологиялық білім мен білікті қалыптастыру, жалпы адамзаттың рухани мәдениет үлгілерін үйрету білім алушылардың экологиялық білімдерін жаңа деңгейге көтереді. Студенттердің танымдық белсенділігін, ақыл-ой қабілеттерін дамытуда, оқуға қажетті біліктер мен дағдылар, алған білімнің саналылығы және біліктілігін қамтамасыз етуде көрнекіліктер мен инновациялық технологиялардың маңызы зор. Мақала қазіргі кезде ЖОО студенттермен оқу - тәрбие жұмыстарында қолдануға болатын әлеуметтік маңызы бар инновациялық педагогикалық технологияның бірі жобалау әдісі негізінде студенттердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту мәселесін қарастыруға бағытталған. Жобалық оқыту студенттердің алған білімдерін тереңдетіп қана қоймай, әртүрлі құзыреттерді қалыптастырады. Ол студенттерге құндылық, мақсат қою, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі ұйымдастыру, синтездеу, саралау, гипотеза жасау, интеллектуалды дағдыларды көрсету, таңдау және шешім қабылдауға үйретеді. Қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін әрбір болашақ маман осындай құзыреттерге ие болуы керек. Егер біз үнемі жобалық оқытуды жүзеге асыратын болсақ, студенттер университетті бітіргенге дейін біраз тәжірибе жинайды.

Кілт сөздер: инновациялық ойлау, педагогикалық технология, экологиялық құзыреттілік, экологиялық мәдениет, интеграция, модульдік технология, интерактивті оқыту.

ABSTRACT

The environmental problems that exist today are making all of humanity think. In order to educate future teachers of biologists in environmental education, it is necessary to improve relations in the human-nature system and develop an environmentally oriented personality, that is, environmental competence is necessary for the implementation of environmental culture. The formation of environmental knowledge and skills, teaching examples of the spiritual culture of humanity as a whole will raise students ' environmental knowledge to a

new level. The article is aimed at considering the problem of the formation and development of environmental competence of students on the basis of the design method, one of the socially significant innovative pedagogical technologies that can be used in educational work with university students today. Project-based learning not only deepens the knowledge gained by students, but also forms various competencies. It teaches students value, goal-setting, self-education and self-organization, synthesis, differentiation, hypothesis-making, demonstration of intellectual skills, choice and decision-making. Every future specialist who meets modern requirements should have such competencies. If we regularly carry out project-based training, students will gain some experience before graduating from the University.

Keywords: innovative thinking, pedagogical technology, environmental competence, environmental culture, integration, modular technology, interactive learning.

Қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, білім беру процессіне енуде. Жаңа технологияны меңгеруде оқытушының жан – жақты, білімі қажет. Қазіргі педагог: оқыту үрдісінде жүйелі жұмыс жүргізе алатын, педагогикалық өзгерістерге тез бейімделе алатын, жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын; білім алушылармен ортақ тіл табыса алатын; білімді, іскер, шебер болу керек.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылған міндеттердің бірі оқыту әдістері мен тәсілдерін ұдайы жетілдіру және заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру болып табылады. Қазіргі уақытта білім алушылар оқыту үрдісінде инновациялық және интерактивті әдістерді қолданады, бұл сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпал етеді.

Инновация – ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің нәтижесі болып табылатын жаңа технология. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнына, оқытушы мен білім алушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді [4].

Болашақ биолог мұғалімдердің білім сапасын жоғарылату үшін оларды жан-жақты дамытып, экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру маңызды болып табылады. Экологиялық білім беруде сабақтар мен сабақтан тыс тәрбие жұмыстары арқылы жастар арасында қарым-қатынасты сақтау, адам - табиғат арасындағы алшақтықты қалпына келтіру, экологиялық білім мен білікті қалыптастыру, жалпы адамзаттың рухани мәдениет үлгілерін үйрету білім алушылардың экологиялық білімдерін жаңа деңгейге көтереді.

Қазіргі кездегі экологиялық мәселелер бүкіл адамзатты ойландырып отыр. Халқымыздың табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оны көздің қарашығындай сақтап келуі жайында кейінгі ұрпақтарға өнеге үлгі боларлық асыл мұралар, мақал-мәтел, нақыл сөз, аңыз-әңгіме арқылы жетіп отырған. Осындай әрбір асыл мұраның өзінде қаншама терең ой, тәлім-тәрбие жатыр [3]. Қазіргі кезде экологияның ғылым және адамзаттың экологиялық сауаттылық аспектісі ретінде көптеген жаңа тұжырымдамалар пайда болуда.

Біздің қоғамымызда «экологиялық мәдениет», «жасылдандыру», «экологиялық құзыреттілік» және т.б. сол сияқты ұғымдар қолданыста жүр. Заманауи әлемдегі білім адамның әлеуметтенуімен ұрпақтар сабақтастығының тәжірибесі, яғни бұл тарихи дәстүрлерде орын алған алдыңғы ұрпақтардың мұраттары мен жаңа ұрпақтың

элеуметтік идеялары арасындағы тұрақтандырушы фактор. Экологиялық білімнің басты міндеттерінің бірі - адамның экологиялық сауаттылығын қалыптастыру, ол адамның танымдық белсенділігіне негізделеді және алынған білімдерді күнделікті тұрмыста қолдану және экологияның өзекті мәселелерін шешуде қолдану мүмкіндігі. Білім алушыларға дұрыс бағыт бере отырып, оларды тәрбиелеп, өз ісінің шеберіне айналдыру мемлекетіміздің қарқынды дамуының негізгі факторы болып саналады. Студенттердің танымдық белсенділігін, ақыл-ой қабілеттерін дамытуда, оқуға қажетті біліктер мен дағдылар, алған білімнің саналылығы және біліктілігін қамтамасыз етуде көрнекіліктер мен инновациялық технологиялардың маңызы зор [5].

Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. «Инновация» ұғымы ең бірінші XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеуінен пайда болды. Инновация ұғымын әр елде әртүрлі түсінген. Кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең тараған. Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов [6]. Ол «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз — білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынған.

Расында, «инновация» деген сөз өзі латын тілінен тікелей аударғанда «жаңару, өзгеру, жаңашылдық енгізу» деген мағынаны білдіреді. Бұл термин біздің елімізде соңғы он жылдықтары ғылыми жұртшылық арасында кең қолданысқа ие болды. Оны жиі қолданудың сәнге айналғаны соншалықты, оның астарына үңілуден, мән-мағынасын ажыратудан қалдық. Ол өзінің бастапқы мағыналық аясынан шығып метакатегория деңгейіне көтеріліп кетті. [1]. М. М. Поташник пен В. С. Лазаревтің пікірінше, «Білім берудегі инновация-бұл жүйеге оның бір күйден екінші күйге өтуіне себеп болатын жаңа элементтерді енгізетін мақсатты өзгеріс» [2]. Оқыту жүйесінің қандай түрі болмасын, олар белгілі бір әдістемеге негізделеді. Әдістеме жан-жақты және өз орнында дұрыс қолданылса, өтілетін әрбір тақырыптың мазмұны да ойдағыдай ашылып, білім алушылардың меңгеруіне жеңіл тиеді. Әдетте әдістеме өз-өздігінен келе қоймайды. Ол көп жылдар бойы оқытушы қызметінің іс-тәжірибесімен, күнделікті сабақ беру процесімен тығыз байланысып жатады. Осылардың негізінде әр оқытушының бойында, ойында әдістеменің озық үлгілері жинақталады.

Біз бір бірімен өзара байланысты инновациялық білім беру технологияларының 3 компонентін қарастыра аламыз:

1. Экологиялық құзыреттілікті және студенттердің экологиялық мәдениетін дамытуды жүзеге асыратын экологиялық білім берудің академиялық және оқу формаларынан тыс интеграциялануына ықпал ететін инновациялық мазмұн.
2. Оқыту процесстерінде және сабақтан тыс уақыттарда студенттерге экологиялық білім беру арқылы табиғатты қорғауға бағытталған белсенді және интерактивті формалар, әдістер, оқыту және тәрбиелеу құралдары.
3. Оқыту процесстерінде экологиялық білім беру мазмұнын интеграциялау негізінде білім беру процесіне инновациялық технологияларды енгізу тәсілдері.
4. Берілген компоненттер білім беру технологияларын инновациялық мазмұнмен толықтырып, ЖОО жағдайында білім сапасын арттыруды көздейді [7].

Инновациялық технологияларды қолдана отырып, олардың негізінде жатқан маңызды принциптерді ескеру қажет, олар:

- білім туралы мемлекеттік құжаттарға сәйкестігі (мемлекеттік тапсырыс);

- елдің, аймақтың, қаланың немесе аудандардың қажеттіліктеріне сәйкестігі;
- оқытушылар мен білім алушылардың мүдделеріне сәйкестігі;
- қойылған мақсат, міндеттерге сәйкестігі;
- адам туралы заманауи ғылымның жетістіктерін пайдалану;
- озық педагогикалық тәжірибеге сүйену [18].

Технология идеясы қазіргі педагогикалық әдебиетке берік еніп, оның ажырамас бөлігі болды.

Технология ұғымы соңғы кездері педагогикалық әдебиеттегі ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының дидактикалық ұғымдармен байланысты саналуан: оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы және т.б. Бұл технологиялардың қайсы түрі болмасын анықтаманы қажет етеді. Сондықтан да әрбір автор технология дегеніміз не? – деген сұраққа немесе технологиямен байланысты жеке ұғымға өз анықтамасын беруге тырысады. Осыдан технологияның бағыттары туралы білім беру жүйесінде біртұтас тұжырымдаманы құру бойынша келіспеушіліктер туындайды [8].

Д.Г. Левитестің пікірінше «білім беру технологиясы – орындалуы педагогикалық мақсатқа жетуге кепілдік беретін реттелген қызмет жүйесі». Бірақ бұл – өте ауқымды анықтама. Оған тәрбиелеу технологиясы да, қарым-қатынас технологиясы да, оқыту технологиясы да кіреді.

«Технология» – гректің *techne* - өнер, шеберлік, біліктілік, *logos* – оқу сөздерінен шыққан. Технологияға В.Дальдың сөздігінде: «белгілі бір маңызды әрекетте, өнерде, шеберлікте мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс» деп анықтама берілсе, қазіргі батыс әлеуметтану сөздігінде: «белгілі әрекетте, өнерде, шеберлікте қолданылатын әдіс-тәсілдердің жиынтығы» деп көрсетілген. ЮНЕСКО-ның құжаттарында оқыту технологиясына «техникалық және адам ресурстарын, олардың өзара бірлігін ескере отырып, оқытудың тиімділігін арттыруды міндет етіп қоятын мұғалімнің бүкіл оқыту ісі мен оқушының білімді меңгеру әрекетін ұйымдастырудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдістері» деп анықтама берілген [9].

Білім берудегі педагогикалық технологиялар «жаңа технология», «озық технология», «оқыту технологиясы» т.б. терминдермен аталуда. Ал бұлардың бір-бірінен айырмашылығы, өзіндік ерекшелігі жайлы ғалымдар арасында қызу пікірталас бар. Жалпы ғалымдар технологияға шеберлікпен өнім алу, нәтижеге жету, белгілі бір жоба, модельмен оқыту сияқты түрлі анықтамалар берген. Солардың ішінде кең тарағаны – В.П.Беспальконың тұжырымдары [10]. Оның тұжырымдары бойынша технология төмендегідей шарттарды іске асыруы тиіс:

- Оқытуда дайындықсыз әрекеттерді болдырмау;
- Білім алушының оқу-танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұны оқу-тәрбие үрдісінің жобасына негізделуі қажет. Осыған орай В.П.Беспалько технология «тәжірибеде іске асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы», - деп тұжырымдайды. Ал жалпы айтқанда, педагогикалық жүйе дегеніміз – белгілі бір қабілеті бар дара тұлғаны қалыптастыру мен педагогикалық үдерісті ұйымдастыруға қажет құралдар, әдістер мен тәсілдердің өзара байланысқан бірлігі. Олай болса, Г.К.Селевконың «оқыту технологиясы – оқытудың тиімді жолдары мен үдерісінде қолданылатын әдістер,

тәсілдер мен қағидалар», - деген анықтамасы білім беру технологияларының мәнін аша түседі [17].

Педагогикалық технология мәселесімен жан-жақты айналысып, зерттеу жүргізіп жүрген ресейлік ғалымдардың бірі – М.М.Левин. Ол педагогикалық технологияның негізгі қызметі – оқу үрдісінің білім беру мақсатын іске асыру және жеке тұлғаны дамыту екендігіне тоқталады. М.Чошанов технологияны дидактикалық жүйенің проссуалдық құрамдық бөлігі деп есептейді. Педагог-ғалым В.М.Шепель: «Технология – белгілі заттың бейнесін өзгерту үшін қолданылатын өнер, біліктілік, әдіс-тәсілдер» - дейді. И.Г.Зайнышев: «белгілі затты, тұлғаны сапалы өзгертуде қолданылатын білім мен әдіс-тәсілдер жүйесі» деген анықтамасын ұсынады. Е.И.Холостов болса, технологияны «белгілі шығармашылықтан сапалы нәтиже алу үшін қолданылатын әрекеттер жиынтығы» деп санайды. Ал Р.В.Овчарова оған «адамның әрекетін, біліктілігін, тәжірибесін еңбекке қажетті заттарды, әлеуметтік шындықты сапалы өзгертуге бағытталған әрекеттер жүйесі» деп қарауды ұсынады [11].

Ресейлік ғалымдардың ішінде технологияның мәнін біршама анығырақ айтқан Б.Т.Лихачев: «Педагогикалық технология – оқыту тәсілдері мен тәрбие құралдарын, оқытудың түрлерін жинақтап, арнайы біріктірудің жолдарын анықтайтын психологиялық-педагогикалық установкалардың бірлігі, сондықтан да ол – педагогикалық процесің инструментарийі болып саналады», - дейді. Белгілі ғалым М.В.Кларин педагогикалық технологияға «педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық дара инструменталдық және әдіснамалық құралдардың қолдану реті мен жиынтығының жүйесі» деген анықтама берсе, В.М.Монахов технологияны «оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудыратын оқу үрдісін ұйымдастыру және жүргізу» - деп санайды [12].

Қазақстандық ғалым Г.М.Құсайынов педагогикалық технологияны «мұғалімнің жоспарланған оқыту мен тәрбиелеу жолындағы мақсаттар мен нәтижеге жету және сабақ беру үрдісіндегі ұжымдық оқыту әдісі. Себебі ұжымдық оқыту әдісі қазіргі заман талабына сай жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеп шығуға мүмкіндік береді. Педагогикалық оқу жоспарлары мен бағдарламаларында берілген оқу материалын оқушылардың өздері бірін-бірі оқыту арқылы меңгеру үрдісі» деп санайды. Ж.А.Қараевтің пікірінше: «Технология дегеніміз – әдістемелік жүйе мен сәйкес дидактикалық үрдістер кешенінің тәжірибиеде жүзеге асырылатын жобасы, ал педагогикалық жағдаяттарға сай қолданылатын әдістер, тәсілдер оның құрамды бөлігі болып табылады. Педагогикалық технологияларға берілген анықтамалар мен түсініктерді топтастырып жинақтайтын болсақ [13]. «Педагогикалық технология – қоғамның қазіргі таңдағы білім беру саласына қойып отырған талаптарына сәйкес анықталған білім мазмұнын жүзеге асыру үшін оқыту мақсатына қол жеткізу жолындағы тұтас дидактикалық жүйе құрайтын амалдар мен іс-әрекеттер тізбегі», - деп тұжырымдаймыз. Көріп отырғанымыздай, технология туралы қазіргі ғылымда орныққан дәл анықтама болмағанымен, олардың бәрінің тоғысатын ортақ арналары бар. Олар, біріншіден, технологияның шеберлікпен, біліктілікпен байланыстылығы; екіншіден, технологияның сапалық өзгеріс жасау мақсатында қолданылатыны; үшіншіден, технологияның біртұтас әдіс-тәсілдер жиынтығынан құралатындығы. Олай болса, технологияның білім мекемелерінің кез келген типінде жаппай қолдануға қолайлы әрі тиімді оқу процесін құрудың жолдарын іздестірудің нәтижесі ретінде туған тұжырым екендігі даусыз. Білім беру, оқыту процесіндегі технология – қойылған мақсатқа тиімді жолмен қол жеткізуді қамтамасыз етуші жүйе, яғни білім мазмұнын жүзеге асырудың тәсілі [16].

Технология, бір жағынан, білімдік ақпараттарды өңдеп ұсынудың, өзгертудің, ашудың әдістері мен құралдарының жиынтығы болса, екінші жағынан, мұғалімнің қажетті техникалық және ақпараттық құралдарды оқу процесінде қолдана отырып, оқушыларға ықпал етуінің тәсілдері туралы ғылым. Жалпы педагогикалық технологияның дамуының қайнар көздерін педагогикалық психологияның, әлеуметтану ғылымының, этнопедагогиканың жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибелер, сондай-ақ өткен жылдардағы отандық, шетелдік педагогикадағы жинақталған асыл қорлары құрайды. Сол себепті де технология өткеннің жетістіктері мен жаңашылдықты тоғыстыратын, оқыту жүйесінің барлық мүмкіндіктерін оқушының дамуына пайдалануды көздейтін біртұтас ұғымға айналады. Түйіндей келгенде, оқыту технологиясы оқытушы мен білім алушының мүддесіне қызмет ететін, толық үндесімге негізделген оқытудың әдістемелік жүйесі болып табылады.

Қазіргі кезде ЖОО студенттермен оқу - тәрбие жұмыстарында қолдануға болатын әлеуметтік маңызы бар инновациялық педагогикалық технологияның бірі жобалау әдісі Жобалық оқыту әдісін қолдана отырып оқыту бұл, студенттердің мамандыққа деген қызығушылығын арттырады, әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты өз беттерімен ізденеді, танымдық және практикалық міндеттерді шешу үшін алынған білімдерді қолдана алады, жүйелі ойлау қабілеттерін дамытады. [14].

Жобаға негізделген оқыту - педагогикалық технология, ол көптеген басқа мамандандырылған оқыту мен профилактикалық дайындық талаптарына жауап береді, себебі ол студенттерді өздерінің қызметін құндылық көзқарасы тұрғысынан, маңызды нәтижелерге, бағытталған мақсатты белгілеуге, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі ұйымдастыруға, түрлі көздерден ақпаратты синтездеуге, біріктіру және саралауға, проблеманы көре білуге, гипотезаларды ұсынып, интеллектуалдық дағдыларды көрсетуге, таңдау жасау және шешім қабылдауға дағдылайды.

Педагогикалық тапсырмаларды шешу үшін тек білім беру жүйесінің объективті сипаттамалары ғана емес, сондай-ақ стандартты емес шығармашылық идеяларды оқытушының да, студенттің де жобасында көрсетіледі. Оқу үрдісінде жобалық технологияларды қалай пайдалануға болатынын қарастырайық. Ең бастысы студенттердің мүдделерін іске асыруға, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға және оқытушымен өнімді шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау. Осы факторлардың барлығы білім алушылардың оқудың мотивациясын, олардың кәсіби өзін-өзі дамытуын арттыруға мүмкіндік береді. Жобада жұмыс істеу барысында студенттер жалпы білім беру дағдыларын қалыптастырады және жетілдіреді, жобалық қызметтің психологиялық ресурстары заманауи, білімді, мәдениетті адам үшін қажетті қасиеттерді дамытуға ықпал етеді [15].

Әрбір білім беру жобасының негізінде белгілі бір проблема туындайды, оның нәтижесінде студенттердің жобаның мақсаты мен міндеттері пайда болады. Осыған сәйкес, студенттер өздерінің зияткерлік білімін кеңейтуге және жетілдіруге, оқу іс-әрекетінің дағдыларын игеруге, практикалық дағдыларды меңгеруге, ақпаратты іздестіруге, өңдеуге, сақтауға және таратуға, білім көзі ретінде кітаппен жұмыс істеу қабілетін дамытуға мүмкіндік алады.

Қорытындылай келе, болашақ биология мұғалімі қоршаған ортаның типтік іс-шараларын жобалай білуі және қоршаған ортаға тигізетін әсеріне сапалы баға бере алуы керек. Сонымен қатар экология ғылымының заманауи мәселелері бойынша ақпаратты жинау, талдау және жүйелеп іс жүзінде қолдана білуі қажет. Біз ұсынған модель болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін жобалау

технологиясы арқылы қалыптастырудың тиімділігін бағалау әдістемесін анықтайды және қойылған мақсаттарға сәйкес жеткен жетістіктерді сипаттайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Новейший словарь иностранных слов и выражений. М.: АСТ, Харвест, 2007. 976 с.
2. Лазарев В.С., Поташник М.М., Управление развитием школы: пособие для руководителей образовательных учреждений. М.: Новая школа. 1995. 462 с.
3. Питюков В.Ю. Основы педагогической технологии: учебно-методическое пособие. 3-е изд., исправленный и доп. М.: Гном и Д., 2001. 192 с.
4. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. М., 1995. 412 с.
5. Малахова О.Ю., Маланчева С.Н. Потенциал современных образовательных технологий в контексте выстраивания компетентностно-ориентированного образовательного процесса технического вуза // Балтийский Мишина И.Н. Использование современных образовательных технологий по развитию речи младших школьников // Вестник Гуманитарного института ТГУ. 2012. № 2 (13). С. 79-82.
6. Коростелев А.А. Современные подходы к моделированию технологии аналитической деятельности // Вектор науки Тольяттинского государственного университета. 2013. № 1 (23). С. 334-337.
7. Макеева Е.Д. Использование образовательных технологий в процессе преподавания дисциплины
«Естественнонаучная картина мира» // Поволжский педагогический вестник. 2015. № 1 (6). С. 21-25.
8. Андрюхина Т.Н. Опыт применения образовательных технологий в вузе // Самарский научный вестник. 2015. № 2 (11). С. 136-138.
9. Пенькова Л.А., Каракозова Н.Ю. Современные образовательные технологии в повышении качества реализации ФГОС ДО // Карельский научный журнал. 2016. Т. 5. № 2 (15). С. 24-26.
10. Бершадский М.Е., Гузев В.В. Дидактические и психологические основания образовательной технологии. М.: Центр «Педагогический поиск», 2003. 256 с.
11. Большой энциклопедический словарь: В 2 т. / Под ред. А.М. Прохорова. М: Сов. энциклопедия, 1999. 568 с.
12. Политехнический словарь. / Гл. редактор: А.Ю. Ишлинский. М.: Советская энциклопедия, 1989. 656 с.
13. Рубцов В.В., Ивошина Т.Г. Проектирование развивающей образовательной среды школы. М.: Изд. МГППУ, 2002. 272 с.
14. Гагарин А.В. Экологическая компетентность личности: сущность, гендерные и межкультурные аспекты, особенности развития. – М.: Альтекс, 2013. – 158 с.
15. Хуторской А.В. Педагогические основания диагностики и оценки компетентностных результатов обучения // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. – 2013. – №5(80). – С. 7-15.

16. Майматаева А.Д. Жоғарғы оқу орындарында болашақ кәсіби маманның ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру маңызы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – 2016. – №2(50). – Б. 160-164.
17. Серякова С.Б. Компетентность педагога: психолого-педагогические аспекты. – М.: «Прометей» МПГУ, 2008. – 232 с.
18. Ахметова М.Х. Формирование экологической компетентности учащейся молодежи в условиях монопромышленного города: монография. – Красноярск: Научно-инновационный центр, 2016. – 212 с.

**БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІН
ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

**THE EFFECTIVENESS OF USING THE METHOD OF PROBLEM-BASED
LEARNING IN BIOLOGY LESSONS**

Байсейтова Н.М.

б.з.к., доцент Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-8976-0417>

Ермек М.Д.

магистрант, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0007-1093-2513>

АНДАТПА

Мақалада проблемалық оқыту әдістерін биология сабақтарында қолданудың ұтымдылығы көрсетілген. Қазіргі таңда мектеп оқушыларының білімді де білікті болуында проблемалық оқыту әдісінің алатын орны ерекше екені белгілі. Жаңа білім беру технологияларын биология сабақтарында қолдану, оқушының шығармашылығының дамуына, білімін өмірде пайдалана және меңгеру дағдыларының қалыптасуына әкелетіндігі қарастырылған. Биология сабақтарында проблемалық оқыту элементтерін пайдалану оң үрдіске ие. Оқушылардың танымдық өз бетінше әрекет ету дағдылары және оқу міндеттерін стандартты емес, шығармашылықпен шешу қабілеті қалыптасады. Мақалада биология сабақтарында проблемалық сұрақтар мен тапсырмаларды қолдану мысалдары келтірілген.

Мақалада биология сабақтарында проблемалық сұрақтар мен тапсырмаларды қолдану мысалдары келтірілген. Бұл мақалада проблемалық оқыту технологиясын қолданудың қазіргі білім беру тәжірибесі үшін өзектілігі көрсетілген. Мақалада сонымен қатар биология сабағында проблемалық тапсырмалардың көмегімен оқу мәселесін шешудің кезеңі жан-жақты қарастырылған. Зерттеу жұмысының мақсаты - оқушылардың танымдық, коммуникативті, практикалық, шығармашылық іс-әрекетін дамытуға, оқушының жеке басының қалыптасуына, мектеп түлектерінің практикалық мәселелерді шешу үшін үйренген білімдерін нақты өмірдегі жағдайларда пайдалануға дайын болуына ықпал ететін проблемалық оқыту технологиясының тиімділігін көрсету.

Проблемалық оқыту технологиясы деп мұғалімнің жетекшілігімен проблемалық жағдаяттар құруды және шешу үшін оқушылардың белсенді өз бетінше әрекетін көздейтін дамыта оқыту процесінде қолданылатын ғылыми негізделген әдістер мен құралдар жүйесі айтылады. Ол оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық дамуын, сондай-ақ олардың білімін, іскерлігін, дағдысын және тану жолдарын меңгеруін көздейді. Проблемалық оқытуда мұғалім үнемі оқушылардың өзіндік жұмыс формасына жүгінеді. Тыңдалушылардың өздері жаңа білім алады, оларда ақыл-ой операциялары мен әрекеттерінің дағдылары қалыптасады, зейін, шығармашылық қиял, интуиция дамиды. Демек, жан-жақты дамыған оқушы тұлғасын қалыптастыруда проблемалық оқытудың мүмкіндігі зор. «Биология» мектеп курсының мазмұнын және оны оқытуға қойылатын әдістемелік талаптарды ескере отырып, жұмыста осы оқу пәні шеңберінде проблемалық оқыту технологиясын қолданудың мүмкіндіктері көрсетілген.

Кілтті сөздер: проблемалық оқыту, эвристика, технология, проблемалық жағдаят, репродуктивті баяндау.

ABSTRACT

The article discusses the effectiveness of problem-based learning and the rationality of their use in biology lessons. Currently, it is known that the problem method of teaching occupies a special place in the education and competence of secondary school students. It is envisaged that the use of new educational technologies in biology lessons leads to the development of student creativity, the formation of skills for the use and assimilation of knowledge in life. The use of elements of problem-based learning in biology lessons has a positive trend. Students develop the skills of cognitive independent activity and the ability to non-standard, creative solution of educational tasks. The article provides examples of the use of problematic questions and tasks in biology lessons.

This article emphasizes the relevance of the application of problem-based learning technology for modern educational practice. The article also discusses in detail the stage of solving an educational task with the help of problem tasks in a biology lesson. The purpose of the research work is to show the effectiveness of problem-based learning technology, which contributes to the development of cognitive, communicative, creative activity of students, the formation of a student's personality, the readiness of school graduates to use their knowledge in real life situations to solve practical problems.

The technology of problem-based learning is understood as a system of scientifically based methods and tools used in the process of developing learning, which provides for active independent activity of students under the guidance of a teacher to create and resolve problem situations. It provides for the intellectual and creative development of students, as well as their mastery of knowledge, skills, skills and ways of cognition. In problem-based learning, the teacher constantly turns to the form of independent work of students. The students themselves gain new knowledge, they form the skills of mental operations and actions, develop attention, creative imagination, intuition. Consequently, in the formation of a comprehensively developed personality of a student, the possibility of problem-based learning is great. Taking into account the content of the school course "Biology" and the methodological requirements for its teaching, the paper shows the possibilities of using problem-based learning technology within the framework of this academic subject.

Keywords: problem-based learning, heuristics, technology, problem situation, reproductive narrativ.

Биология сабақтарын оқытуда қолданылатын проблемалық оқыту технологиясы проблемалық презентация, эвристикалық әңгімелесу және ішінара іздеу әдісі арқылы жүзеге асырылады. Проблемалық презентация мұғалімнің проблемалық жағдаятты құра отырып, жаңа материалды өзі ұсынып, оларды дәлелдеу, болжамдар жасау, талқылау, оқушылардың мүмкін болатын қарсылықтарын жоққа шығаруын қамтиды.

Зерттеу әдістері: Мәселенің шешімін табу. Оқушылардың проблемалық жағдайдан оқу мәселесіне дейінгі үш жолы бар. Сынып мықты болса, проблемалық жағдайды қозғайтын диалог қажет, нәтижесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамып, оқу мәселесін өздері құрастырады. Егер балалар мәселені өз бетімен тұжырымдай алмаса, жетекші диалог қажет, яғни мұғалім гипотезаны алға тартуға көмектесетін ынталандырушы сұрақтар қояды.

Проблемалық диалог практикумы. Проблемалық жағдаят – бұл қолда бар білім, дағды, көзқарас пен талап арасындағы қайшылықпен сипатталатын танымдық тапсырма. Проблемалық жағдаят – адамның қандай да бір фактіге, құбылысқа, процеске түсініктеме таба алмағандағы интеллектуалдық қиындығы. Бұл қиындық танымдық қажеттіліктің туындау шарты болып табылады.

Зерттеу нәтижесі: Проблемалық қойылым арқылы мұғалімнің өзі мәселені тұжырымдап, проблемалық тапсырманы алға қояды, оны шешудің күрделі жолдарын белгілеп, ізденіс жасап, нәтижесін береді. Білім алушылар белсенді және қызығушылық танытқан тыңдаушылар ретінде әрекет етеді [1].

Эвристикалық әңгімеде мұғалім алдымен сынып алдында танымдық тапсырманы тұжырымдайды, содан кейін оқушыларға өзара байланысты бірнеше сұрақтарға жүгінеді, олардың жауаптары тапсырманы шешуге әкеледі. Ішінара ізденіс әдісі оқушылардың қойған танымдық тапсырмасын өз бетінше шешуді көздейді. Дегенмен, қажет болған жағдайда мұғалім оларға іс-әрекет жоспарын ұсыну, қиындықтар туындаған жағдайда жеке қадамдарды ұсыну арқылы көмектеседі [2].

Тәжірибе көрсеткендей, оқытудың проблемалық тәсілін ұйымдастыру кезінде мұғалім:

- мектеп оқушыларының «өзін-өзі тануы» үшін биологиялық материалды таңдау;
- проблемалық жағдаяттарды құру және оқу мақсаттарын тұжырымдау үшін дидактикалық құралдар мен әдістемелік әдістерді таңдау;
- қазіргі биология бағдарламасы аясында студенттер қандай оқу есептерінің түрлерін және қандай деңгейде шеше алатынын анықтау (қай курстарда, бөлімдерде, тақырыптарда мұны орындау мақсатқа сай);
- оқу мәселесінің мазмұнын құрайтын проблемалық мәселелер жүйесін (тапсырмалар, тапсырмалар) әзірлеу;
- проблемалық тәсілді жүзеге асыру позициясынан пән бойынша оқу-әдістемелік құралдардың мүмкіндіктерін талдау жүктеледі [3,4].

Оқушыларды оқытудағы проблемалық әдісі өз мәні бойынша олардың оқуын белсендірудің, танымдық сферасын түзетудің ең маңызды құралы болып табылады. Бұл арнайы мектепте қазіргі биология сабағының міндетті белгілерінің бірі. Проблемалық тәсілді сәтті жүзеге асырудың ең тиімді шарттарының қатарына мыналар жатады:

1. Тәрбие мәселелерінің материалдық негізін құрайтын проблемалық мәселелер (тапсырмалар, тапсырмалар) жүйесінің болуы. Мәселелердің мазмұны мен жалпылау деңгейі жағынан бірте-бірте күрделенуі, әйтпесе олар өзінің дамушы қызметін атқармайды.

2. Сабақ мазмұнына әртүрлі сипаттағы проблемалық жағдаяттарды және әр түрлі білдіру формаларын енгізу. Биология сабақтарында оларды құрудың әртүрлі әдістемелік тәсілдерін қолдану.

3. Оқыту мәселесін шешу жолдарын іздестіруде мұғалімнің тікелей бағыт-бағдар беруді жүзеге асыруы. Проблемалық тапсырманы шешу және оның орындалу дұрыстығын тексеру үшін бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыру.

Оқытуда проблемалық оқытуды қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, интеллектуалдық даму деңгейін, шығармашылық тапсырмаларды орындаудағы дербестік дәрежесін арттырады. Жалпы биологияны оқытуда проблемалық оқыту технологиясын қолдану білім берудің сапасы мен тиімділігіне, оқушылардың

танымдық қабілетінің дамуына оң әсерін тигізіп, оқушылардың жаратылыстану ойлауының жоғары деңгейін қалыптастыруға қолайлы алғышарттар жасайды [12].

Проблемалық оқыту технологиясын биология пәні мұғалімдерінің практикалық іс-әрекетінде қолдану тәжірибесін зерттедік. Сауалнамаға 7 биология пәнінің мұғалімі қатысты. Алынған мәліметтерді талдау барысында мұғалімдерге арналған сауалнама сұрақтары баламалы (1, 4, 5, 6) және таңдаулы жауаптары бар (2, 3) болып екі түрге бөлінді. Баламалы сұрақтардың әрқайсысы үшін жауаптардың пайызы есептелді. Сауалнама нәтижелері бойынша мұғалімдердің 57,1%-ы «проблемалық оқытуды» «проблемалық жағдаяттар құру», 28,6%-ы «оқушыларға дидактикалық есептерді ұсыну», 14,3%-ы «проблемалық жағдаяттарды ұйымдастыру, есептерді құрастыру» деп түсінетінін анықтадық. «Сіздің ойыңызша, авторлық биология оқулықтарында проблемалық тапсырмалар жеткілікті ме?». Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 71,4%-ы авторлық биология оқулықтарында проблемалық тапсырмалардың жеткіліксіз екенін айтса, қалған 28,6%-ы мұндай сипаттағы тапсырмалар жеткілікті деп есептейді. Олардың пікірінше, қазіргі оқулықтарға енгізілген проблемалық тапсырмалар оқушылардың өнімді ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді. Барлық сауалнама жүргізілген мұғалімдер оқу процесінде проблемалық сұрақтар мен тапсырмаларды пайдаланады. Мұғалімдердің көпшілігі (57,4%) биологиялық қателері бар мәтінді пайдалану және бұл жағдай жеке маңызды болып табылатын оқушылардың рефлексиясын ұйымдастыру ынталандырудың жақсы әдісі деп санайды. Мұғалімдердің 42,9%-ы сабақта «тірі заттарды көрсету» әдістемесін, ал респонденттердің 28,6%-ы «бейне, жағдайды визуализациялау» әдісін қолданады. Бұл сұраққа жауап берген мұғалімдер бір мезгілде бірнеше жауап берді.

Сіздің ойыңызша, проблемалық оқыту қалай оқушыларға биологиядан білімді меңгеруге көмектеседі? Барлық мұғалімдер (100%) танымдық қызығушылықтың дамуына ықпал етеді деп жауап берді.


Сауалнама жүргізу нәтижесінде мұғалімдер проблемалық оқытуды түсіну көрсеткіші



Мұғалімдердің 85,7%-ы әдістемені қолдану деп есептейді. Респонденттердің 71,4%-ының пікірінше, бұл көш бастап тұры «Оқушылардың оқу мәселесін көру және тұжырымдау қабілетін қалыптастыруға», ал 42,9%-ы «оқушы жетістіктерін арттыруға» бағытталған. Биология сабағында мұғалімдердің 85,7%-ы келесі әдістемені қолданады

– «олар проблемалық жағдайды құрастырады, проблеманы ашудың қалған кезеңдерін оқушылармен бірге орындайды», респонденттердің 28,6%-ы 1-деңгейдегі проблемалық оқытуды пайдаланады – «проблемалар қойылады және шешіледі мұғалімнің көмегі, оқушылардың дербестігі төмен».

Мектеп мұғалімдеріне берілген сауалнама



Проблемалық оқыту технологиясын қолдану неғұрлым қолайлы ұйымдық формалар туралы сұраққа жауап бергенде, мұғалімдер бірінші кезекте ғылыми-зерттеу әрекетін, жобалық іс-әрекетті, екіншіден сыныптан тыс, өздік және үй тапсырмасын, үшіншіден сабақты атап өтті. Сонымен қатар, мұғалімдер сабақтан тыс іс-шаралар мен экскурсияларды пайдалану деп атады [5].

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Проблемалық оқытудың тиімділігі оны қолданудың нақты педагогикалық шарттары мен әдістеріне байланысты. Талдау проблемалық оқытудың тиімділігіне әсер ететін келесі педагогикалық шарттарды анықтауға мүмкіндік берді: оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін қарастырылып отырған оқу курсының әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау және ұтымды жүзеге асыру; пәнішілік және пәнаралық байланыстар арқылы теория мен практиканың байланысын, оқушылардың оқуы мен дамуын қамтамасыз ету; сабақта проблемалық сипаттағы сұрақтар мен тапсырмаларды пайдалану; мәселені шешуге студенттерді қосу; мәселені шешу барысында студенттер мен мұғалімдердің оң көзқарасы; оқыту процесінде мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеті.

2. Биологияны оқытудағы проблемалық әдіс оқушылардың ішінара ізденіс әрекеттерін меңгеруге, олардың танымдық белсенділігін, білімді меңгерудегі салыстырмалы дербестігін дамытуға көмектесетінін атап өткен жөн. Алайда проблемалық тәсілге шамадан тыс ынта биология сабақтарын құрудағы кейбір монотондылыққа және оқу уақытының артық жұмсалыуына әкелуі мүмкін. Сондықтан мұғалім өзінің практикалық іс-әрекетінде көмекші мектепте биологиялық материалды өнімді және репродуктивті баяндау арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті іздеуі қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Махмұтов М.И. Таңдамалы еңбектері: 7 том Т.1: Проблемалық оқыту. Теорияның негізгі сұрақтары / М.И. Махмұтов; комп. Д.М. Шакирова. - Казань: «Магариф-Вакыт», 2016 ж. - 375 с.

2. Полат Е.С. Білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар. - Алматы, 2000 ж. - С. 28-33.
3. Ловягин С.Н., Вахрушев, А.С. Раутиан Биология. 6 сынып. Өссе де жүгірмейтіндер туралы. - М.: «Балас», 2006.-
4. Разумная Е.В. Биология сабақтарында проблемалық оқыту элементтерін қолдану/ Е.В. Разумная // Жас ғалым. – 2011 г. - № 10. Т.2. - С. 175-177.
5. Высоцкая М.В. 5-11 сыныптардағы биологиядан дәстүрлі емес сабақтар. – Волгоград: «Педагог», 2004 г. - 489 с.

БИОЛОГИЯ БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

EDUCATIONAL AND METHODOLOGICAL LITERATURE ON BIOLOGY AS A MEANS OF FORMING INFORMATION AND COMMUNICATIVE SKILLS OF STUDENTS

Бабаева Г.А.

*аға оқытушы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ -түрік университеті, Түркістан қ.,
Қазақстан*

ORCID ID: 0000-0001-7763-7120

АНДАТПА

Мақалада орта мектептің 6-сыныбына арналған оқулықтар, оқу құралдары және басқа материалдарды дайындау кезінде ескерілуі керек оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік дағдыларына талдау жасалады. Оқу-әдістемелік құралдарды талдау бірыңғай схема бойынша жүзеге асырылды. Бастапқыда оқулыққа талдау жасалды. Біздің зерттеуіміз үшін оқулықтардың компоненттерін, мысалы, игеруді ұйымдастыру аппаратын (сұрақтар мен тапсырмалар, зертханалық жұмыстар, терминдермен жұмыс), кіріспе мақаланы талдау маңызды. Оқулықтың бұл компоненттері ақпараттық-коммуникативтік дағдылардың құрамына кіретін іс-әрекеттерге байланысты тандалды. 6-сыныпқа арналған биология оқулықтары (соның ішінде жұмыс дәптерлері) біздің зерттеуіміздің орталығы болды. Сондай - ақ, биология сабақтарында биологиялық мазмұнды ұйымдастыру және АҚД қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстарға ерекше назар аударылған сабақтарға арналған оқу-тақырыптық жоспарлар талдау объектісіне айналды. Биология бойынша нормативтік құжаттарды талдау оларда арнайы топқа ақпараттық-коммуникативтік дағдылар бөлінбегенін және сәйкесінше оларды қалыптастыру тәсілдері белгіленбегенін көрсетті. Талдау объектісі параграфтардан кейін мәтіннің мағынасын түсінуге, дербес тапсырмалар мен жоғары қиындықтағы тапсырмаларды орындауға бағытталған сұрақтар болды. Өз бетінше жұмыс істеуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар параграфтан кейінгі сұрақтардан ерекшеленеді, өйткені олар көбінесе оқушылардан жалпыланған білімді және оларды орындауға көбірек уақытты қажет етеді. Өздік жұмыстарға арналған тапсырмалардың сандық талдауы 38,2% биологиялық білімді тексеруге және ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталғанын көрсетті. Қиындықты арттырған тапсырмалардың ішінде тек бірнешеуі ғана ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Оқулықтағы барлық сұрақтар мен тапсырмаларды талдау олардың АҚД сериясын жаттықтыру үшін пайдаланылуы мүмкін екенін көрсетті. Алайда, оларды дағдыларды алғашқы оқытуда қолдану көбінесе мүмкін емес, өйткені оларды орындау тәсілі жоқ және білім деңгейіне өте тәуелді.

Кілт сөздер: ақпараттық-коммуникативтік дағдылар, өздік жұмыс, қиындатылған тапсырмалар, оқулықтар компоненттері

ABSTRACT

The article analyzes the information and communication skills of schoolchildren, which should be taken into account when compiling textbooks, textbooks and other materials for the 6th grade of secondary school. The analysis of teaching aids was carried out according to a single scheme. Initially, the textbook was analyzed. For our research, it is important to analyze such components of textbooks as the apparatus for organizing learning (questions and assignments, laboratory work, working with terms), an introductory article. These components of the textbook were chosen because they contain actions that are part of information and communication skills. Biology textbooks for the 6th grade (including workbooks of these program lines) became the center of our research. Also, the object of the analysis was the educational and thematic lesson plans, which paid special attention to methodological recommendations on the organization of biological content and the use of ICU in biology lessons. The analysis of normative documents on biology showed that they did not allocate information and communication skills to a special group and, accordingly, did not prescribe ways to form them. The object of the analysis was the questions after the paragraphs aimed at understanding the meaning of the text, at performing independent tasks and tasks of increased difficulty. Questions and tasks for independent work differ from the questions after the paragraph in that they often require students to have more generalized knowledge and more time to complete them. A quantitative analysis of tasks for independent work showed that 38.2% are aimed at testing biological knowledge and at the formation of information and communication skills. Among the tasks of increased difficulty, only a few are aimed at the formation of information and communication skills. An analysis of all the questions and tasks in the textbook showed that they can be used to work out a number of ICS. However, using them in the initial training of a skill is often impossible, since they lack a way to perform them and strongly depend on the level of knowledge.

Keywords: information and communication skills, independent work, complex tasks, textbook components

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникативтік дағдылар білім беру стандартында, бағдарламаларда және басқа құжаттарда тіркеледі [1-3], ақпараттық-коммуникативтік дағдылардың жіктелімдері және оларды қалыптастырудың бірнеше әдістері бар [4-6], бірақ іс жүзінде білімалушылардың АҚД деңгейін бақылау, қадағалау және бекіту құралдары жоқ, әсіресе жаппай білім беру туралы.

Биология бойынша нормативтік құжаттарды, атап айтқанда мемлекеттік стандарттың білім беру компонентін, білім берудің базистік оқу жоспарын, орта (Толық) мектеп түлектерінің, биология бағдарламаларының, үлгілі оқу жоспарларының мазмұны мен биологиялық дайындық деңгейіне қойылатын міндетті минимумды талдау оларда арнайы топқа ақпараттық-коммуникативтік дағдылар бөлінбегенін және сәйкесінше, олардың қалыптасу жолдары жазылмаған [7-8]. Алайда, бітірушіге қойылатын талаптарда биологиялық мазмұнмен жұмыс жасауда қолданылуы керек дағдылардың келесі тізімі келтірілген: биологиялық объектілер мен процестерді түсіндіру, зерттеу, тану және сипаттау, салыстыру, талдау және бағалау, биологиялық ақпаратты өз бетінше іздеу, негіздеу. Сонымен қатар, білім беру мазмұнының міндетті минимумында түлек иеленуі керек олардың кейбіреулері жазылған:

- ғылыми және танымал әдебиеттерде, оқулықта терминдердің пәндік және атаулы көрсеткіштерін пайдалану;

- мәтіннің егжей-тегжейлі жоспарын, тезистерін жасаңыз, оны жазыңыз, реферат дайындаңыз;

- оқулық мәтіні негізінде диаграммалар мен кестелер құрастыру [7, б. 81].

Осылайша, жеке ақпараттық-коммуникативтік дағдылар биология бойынша нормативтік құжаттардың құрамына кіреді. Сонымен қатар, пән бойынша бағдарламаларда аталған ақпараттық-коммуникативтік дағдылар топтың тұтастығын сақтамайды. Ұсынылған дағдылар топ үшін ең маңызды және маңызды емес. Біздің проблемамыздың тұрғысынан қазіргі заманғы бағдарламалардың тағы бір кемшілігі-АҚД туралы айтылатын орынның негізгі мазмұнының болмауы, яғни.тақырыптар, жұмыс тәсілдері көрсетілмеген, сондықтан оларды қалыптастыруға уақыт бөлінбеген.

Бүгінгі таңда білім министрлігі мектептерге 6-сыныпқа арналған оқулықты пайдалануды ұсынады: Биология 6-сынып, авторлар: Әлімқұлова Р., Аметов А., Қожантаева Ж., Қайым А., Жұмағұлова к. [9]. Дәл осы нұсқаулықтар (соның ішінде осы бағдарламалық жасақтама желілерінің жұмыс дәптерлері) біздің зерттеуіміздің орталығына айналды. Жалпы мазмұны мыналардан тұрады:

- организмдердің жасушалық құрылымы;
- бактериялар мен саңырауқұлақтар;
- өсімдіктердің әртүрлілігі;
- жабықтұқымдылардың құрылымы;
- өсімдіктердің тіршілік әрекеті;
- өсімдіктер экологиясы;
- өсімдіктер эволюциясы.

Оқу-әдістемелік құралдарды талдау бірыңғай схема бойынша жүзеге асырылды. Бастапқыда оқулыққа талдау жасалды. Біздің зерттеуіміз үшін оқулықтардың компоненттерін, мысалы, игеруді ұйымдастыру аппаратын (сұрақтар мен тапсырмалар, зертханалық жұмыстар, терминдермен жұмыс), кіріспе мақаланы талдау маңызды. Оқулықтың бұл компоненттері ақпараттық-коммуникативтік дағдылардың құрамына кіретін іс-әрекеттерге байланысты таңдалды. Мысалы, параграфтан кейінгі тапсырмаларда келесі тұжырымдар бар: "тақырып бойынша әңгіме дайындаңыз немесе параграфтың жоспарын жасаңыз. Терминдермен жұмыс, ең алдымен, ақпараттық-коммуникативті іс-әрекеттің дағдыларына негізделген ойлау операцияларын дамытуды қамтиды. Сондықтан терминдермен жұмыс АҚД дамуына жанама әсер етеді. Оқулықтан басқа, жұмыс кітабы тапсырмалардың құрамы және олардың АҚД дамуына бағдарлануы тұрғысынан талданды. Сондай - ақ, биология сабақтарында биологиялық мазмұнды ұйымдастыру және АҚД қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстарға ерекше назар аударылған сабақтарға арналған оқу-тақырыптық жоспарлар талдау объектісіне айналды.

Сұрақтардың ең көп таралған тұжырымдарының қатарына мыналар жатады:

- қандай мәліметтер негізінде тұжырымдауға болады ...
- мұны қандай тәжірибе дәлелдейді ...
- мысалдар келтіріңіз (немесе қандай мысалдармен дәлелдеуге болады) ...
- түсіндіріңіз (негіздеңіз) ...
- неге қажет ...

- қандай белгілер бойынша бөлуге болады ...
- арасындағы байланысты анықтаңыз ...
- олардың маңызы қандай ...
- өсімдікті сипаттаңыз

Жоғарыда келтірілген тұжырымдамалар тізімінен олардың интегралды ақпараттық-коммуникативті шеберлікті немесе оған кіретін жеке әрекетті қолдануды қамтитындығы көрінеді. Мысалы, "модификацияланған өсімділері бар өсімдіктердің мысалдарын келтіріңіз" деген сұрақ мысалдар келтіру қабілетіне сәйкес келеді. "Жарық пен өсімдік жапырағының пішіні арасындағы байланысты анықтаңыз" деген тағы бір сұрақ "себеп-салдар байланысын орнату" әрекетіне сәйкес келеді. Сұрақтарды талдау олардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дағдыларды жүйелеуге және анықтауға мүмкіндік берді.

Бұл дағдыларды анықтайтын болсақ:

- жазбаша тілді адекватты қабылдау;
- мысалдар келтіру, қорытындыларды тұжырымдау, дәлелдерді таңдау;
- мәтіннің мазмұнын қысылған немесе кеңейтілген түрде жеткізе білу;
- монологиялық және диалогтық сөйлеуді меңгеру.

Талдау объектісі параграфтардан кейін мәтіннің мағынасын түсінуге, дербес тапсырмалар мен жоғары қиындықтағы тапсырмаларды орындауға бағытталған сұрақтар болды. Деректерді 1-кестеде көрсететін болсақ

1-кесте. Оқулық параграфтарының сұрақтарына сандық талдау нәтижелері,

Р. Әлімқұлова "Биология. Бактериялар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер. 6 сынып"

Сұрақтар типі	Сұрақтардың жалпы саны	АКД пайдалана құралған сұрақтар саны		АКД бағытталған сұрақтар мен тапсырмалар саны							
				жазбаша сөзді адекватты қабылдау		мысалдар келтіру, қорытындыларды тұжырымдау		мәтіннің мазмұнын қысқарған немесе кеңейтілген түрде жеткізе білу		монологиялық және диалогтық сөйлеуді меңгеру	
	абс.	абс.	%	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%
Параграф соңында	336	135	40,1	7	5,1	72	53,3	39	28,9	16	11,9
Өзіндік жұмысқа	81	31	38,2	14	45,1	2	6,4	11	33,4	4	12,8
Қиындатылған тапсырмалар	20	4	20			2	50	2	50		

Кестеден көріп отырғанымыздай, оқулықта сұрақтардың үштен бір бөлігі оқушыларға ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды қолдануға бағытталған. Сұрақтарды талдау олардың биология бойынша білімді және ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды меңгеру деңгейін тексеруге бағытталғанын көрсетті. Алайда, осы мәселелер бойынша ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды меңгеру дәрежесін анықтау қиын, өйткені жауап сапасы ең алдымен биологиялық материалды білуге байланысты.

Сұрақтардың ең көп саны мысалдар келтіру, тұжырымдар жасау және дәлелдерді таңдау қабілетімен байланысты. Екінші орынды мәтіннің мазмұнын қысқылған немесе кеңейтілген түрде жеткізе білуге байланысты сұрақтар алады. Монологиялық сөйлеуді меңгеруге, тіл мен символдық жүйелердің экспрессивті құралдарын қолдануға байланысты мәселелерге аз көңіл бөлінеді; және жазбаша сөйлеуді барабар қабылдау қабілетімен. Сұрақтардың мұндай таралуы, біздің көзқарасымыз бойынша, олардың мақсатына байланысты-үйренген биологиялық мазмұнды қайталау және тексеру.

Осыған қарамастан, топта ұсынылған сұрақтардың көпшілігін мұғалім ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде қолдана алады. Олардың ішінде мыналар ерекше назар аударуға тұрарлық: "Сыртқы құрылымның қандай белгілеріне сүйене отырып, бидай өсімдігін дәнді дақылдарға жатқызады?", "Лалагүлдер тұқымдасының екі өсімдігін сипаттаңыз", «Жабықтұқымдылардың алуан түрлілігін қандай мысалдармен көрсетуге болады?».

Мұндай мәселелерді оқу қызметін ұйымдастырудың жұптық немесе топтық нысандарында (немесе жазбаша) пайдалану олардың оқушылардың ақпараттық - коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру деңгейіне әсер ету дәрежесін арттыруға мүмкіндік береді.

Өз бетінше жұмыс істеуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар параграфтан кейінгі сұрақтардан ерекшелігі, олар оқушылардан жалпыланған білімді және оларды орындауға көбірек уақытты қажет етеді. Ең көп кездесетін тапсырмалар арасында мыналар бар:

- кестені немесе диаграмманы толтырыңыз;
- әңгіме дайындаңыз (мысалы, сіздің аймағыңыздағы өсімдіктердің әртүрлілігі мен тіршілік ету ортасы туралы);
- сіздің аймағыңыздағы қорғалатын өсімдіктерді анықтаңыз.

Өздік жұмыстарға арналған тапсырмалардың сандық талдауы 38,2% биологиялық білімді тексеруге және ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталғанын көрсетті.

Қиындатылған тапсырмалардың ішінде тек төртеуі (жиырмадан) ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Бұл сұрақтарға жауаптар дұрыс орналастырылған мәтіндердің дизайнын талап етеді. Алайда, АҚД дамымаған оқушылар үшін бұл сұрақтар биологиялық мазмұн түсінікті болса да, қиындық тудыруы мүмкін.

Оқулықтағы барлық сұрақтар мен тапсырмаларды талдау олардың бірқатар АҚД жаттықтыру үшін пайдаланылуы мүмкін екенін көрсетті. Алайда, оларды дағдыларды алғашқы оқытуда қолдану көбінесе мүмкін емес, өйткені оларды орындау тәсілі жоқ. Қалыптасқан АҚД деңгейін анықтау кезінде оларды қолдану да қиын, өйткені олар білім деңгейіне өте тәуелді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Павлов А. А., Павлова А. И. Формирование общеучебных навыков учащихся на материале темы «Анализаторы» // Биология в школе. 2007. № 5. С. 34-38.
2. Слостенин В. А., Мищенко А. И. Профессионально-педагогическая подготовка современного учителя // Советская педагогика. 1991. № 10. С. 79-84.
3. Требования к знаниям и умениям школьников: дидактико-методический анализ / Под ред. А.А. Кузнецова. М. : Педагогика, 1987. 176 с.
4. Бруновт Е. П., Бровкина Е. Т. Формирование приемов умственной деятельности учащихся: на материале учебного предмета биологии (методическое исследование). Науч.-исслед. ин-т содержания и методов обучения Акад. пед. наук СССР. М. : Педагогика, 1981. 172 с.
5. Зверев И. Д., Мягкова А. Н. Общая методика преподавания биологии: пособие для учителя. М. : Просвещение, 1985. 191 с.
6. Коротяев Б. И. Учение - процесс творческий: из опыта работы. М. : Просвещение, 1980. 120 с.
7. Настольная книга учителя биологии / Авт.-сост. Г.С. Калинова, В.С. Кучменко. М.: ООО «Издательство АСТ», 2002. 158 с.
8. Сборник нормативных документов. Биология / Сост. Э.Д. Днепров, А. Г. Аркадьев. М. : Дрофа, 2004. 172 с.
9. Алимкулова Р., Аметов А., Кужантаева Ж., Қайым А., Жумагулова К. Биология. 6 класс. Год издания: 2015

**FABACEAE ТҰҚЫМДАСЫ ӨСІМДІКТЕРІН ТҰЗДАНҒАН ЖЕРЛЕРГЕ
ФИТОМЕЛИОРАНТ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**
**PROBLEMS OF USING FABACEAE PLANTS AS A PHYTOMELIORANT IN
SALINIZED LAND**

Абдраимова Қ.Т.

*б.э.к., доцент м.а., Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан*

ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-6390-2111>

Турметова Г.Ж.

*техн.э.к., доцент м.а., Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қ., Қазақстан*

Қайсарбек Т.

*студент, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан*

АНДАТПА

Өркениеттің үдемелі дамуына байланысты ауыл шаруашылығына қажетті көптеген жерлер басқа мақсатқа пайдаланылуда. Ауыл шаруашылығы жерлерін дұрыс пайдаланбау, мелиоративтік шараларды жүргізбеу салдарынан олар тозып, топырақ құнарлылығын жоғалтады.

Жаңа заман талабына сай биологиялық факторларды кеңінен қолдану туындап отырған мәселелерді шешудің бір жолы болып табылады. Ол экологиялық тепе-теңдікті сақтай отырып, егістік алқаптарының топырақ құрылымын жақсарту жұмыстарымен тығыз байланысты. Мұнда бірінші кезекте биологиялық заттар ретінде биомелиоранттар (көң, сабан, көк тыңайтқыш, қатардағы дақылдар және т.б.) қолданылуы мүмкін. Мелиорация саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары ғылыми-зерттеу, топырақтану, су институттарында, республикалық академияларда, тәжірибелік-мелиоративтік станцияларда жүргізіледі. Ауылшаруашылығының барлық ландшафтты-бейімделу элементтері (қайта отырғызу, жер өңдеу, тыңайтқыштар және т.б.) топырақтың биологиялық, агрофизикалық және агрохимиялық қасиеттеріне жақсы әсер етеді. Сондықтан жергілікті фиторесурстарды пайдалана отырып, биомелиорацияны кеңінен қолдану ғылыми тұрғыдан өзекті және практикалық маңызы зор.

Нұртас елді-мекені топырақ жамылғысының тұздану дәрежесі Қаратөбе елді-мекені тұздану дәрежесінен жоғары – зерттелетін объектілер үшін орташа сортаң топырақ. Өсімдіктерді отырғызу кезінде топырақ ерітіндісінің ортасы қышқыл, өсімдік өскеннен кейін топырақ ортасы бейтарап және аздап сілтіліге ауысты. Бұл жағдай зерттелген шөптесін бұршақ тұқымдастар топырақтың физика-химиялық құрылымына ғана емес, сонымен қатар оны қоршаған ортаның рН деңгейіне де оң әсер ететінін көрсетті. Өсімдік тұқымдарының ішінде ең жоғары өну көрсеткіші кәдімгі жоңышқада байқалды. Өсімдікті өсіргеннен кейін екі бақылау орнында топырақтың тұздану дәрежесі төмендеді. Көң қоспаған топырақ үлгілерінің тұздану дәрежесі бойынша Нұртас елді-мекеніндегі жоңышқа егілген топырақтың тұздану дәрежесі Қаратөбе учаскесімен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Бақылау топырақтарының тұздылығы өсімдіктер өскен барлық үлгілерде бірдей деңгейде болды. Оңтүстік Қазақстан

облысын мысалға ала отырып, деградацияланған суармалы жерлердің тұздануын фитомелиорация арқылы жақсарту экологиялық және экономикалық тұрғыдан тиімді.

Кілт сөздер: ауылшаруашылығы, фиторесурс, деградация, фитомелиорация, тұздану, ерітінді.

ABSTRACT

Due to the progressive development of civilization, many lands necessary for agriculture are used for other purposes. Due to improper use of agricultural lands, lack of reclamation and reclamation measures, they are degraded and lose soil fertility.

One of the ways to solve emerging problems is the widespread use of biological factors in accordance with modern requirements. It is closely related to work to improve the soil structure of crop areas while maintaining ecological balance. Here, first of all, bioameliorants (manure, straw, green manure, row crops, etc.) can be used as biological substances. Research work in the field of land reclamation is carried out in research, soil science, water institutes, republican academies, and experimental reclamation stations. All landscape-adaptive elements of agriculture (replanting, tillage, fertilizers, etc.) have a positive effect on the biological, agrophysical and agrochemical properties of the soil. Therefore, the widespread use of bioreclamation using local phytoresources is scientifically relevant and has great practical importance.

The level of soil salinity in the village of Nurtas is higher than the level of salinity in the village of Karatobe - moderately saline soil for the studied objects. When planting plants, the soil solution environment was acidic; after plant growth, the soil environment changed to neutral and slightly alkaline. This situation showed that the studied herbaceous legumes have a positive effect not only on the physicochemical structure of the soil, but also on the pH of its environment. Among plant seeds, the highest germination rate was observed in common alfalfa. After growing the plant, the level of soil salinity in the two observation sites decreased. In terms of the degree of salinity of soil samples without the addition of manure, the degree of salinity of soil sown with alfalfa in the village of Nurtas is significantly lower compared to the Karatobe site. The salinity of control soils showed the same level in all samples where plants grew. Using the example of the South Kazakhstan region, improving the salinization of degraded irrigated lands by phytomelioration is effective from an environmental and economic point of view.

Keywords: agriculture, phytoresource, degradation, phytomelioration, salinization, solution.

Соңғы онжылдықта ауылшаруашылығындағы табиғи ресурстар кешенінің айтарлықтай нашарлауы байқалады. Атап айтқанда, жердің шөлейттенуі мен тұздануының қарқынды процесі, егіншілікке өте қолайсыз жағдай туғызады. Мұндай топырақты егіншілікте пайдалану күрделі және қымбат мелиорациядан кейін немесе оларда фитомелиорант өсімдіктерін өсіру кезінде, тұзға төзімділігі жоғары агрофитоценоздарды таңдау кезінде мүмкіндік туады [1].

Өсімдіктердің тұзға төзімділігі өсімдік шаруашылығының өзекті мәселесі және көптеген ауылшаруашылығы зерттеушілердің назарын тұзды топырақтарда егін жинау және тұзды жерлерді игеру қажеттілігін аударады. Тұзды топырақтың қалыптасуы тұздардың жиналуына ықпал ететін бірқатар факторлардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болады [2]. Топырақтағы тұздардың көзі-тау жыныстарының бұзылуы, ауа-райының бұзылуы және шайылуы, тұзды жыныстардың тектоникалық

көтерілуі. Топырақ-жер асты сулары жақын жатқан кезде тұздардың жер бетіне көтерілуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, дренаждың жеткіліксіз қанағаттанарлық сапасымен суару шаралары нәтижесінде жердің қайталама тұздану қаупі бар [3,4]. Тұзды топырақтар құнарлылығының төмендігімен және қарашіріктің аздығымен (кейде сортаңдар жоғары гумусты шалғынды топырақты тұздау арқылы түзіледі, содан кейін гумустың мөлшері 5% дейін жетеді), топырақ ерітіндісінің жоғары концентрациясы, кортикальды қабаттың болуымен сипатталады. Тұзды топырақ ортасының реакциясы бейтарап, сілтілі және қышқыл болуы мүмкін. Тығыздығы жоғары, су өткізгіштігі төмен, микрофлораның нашар құрамы бар сілтілі топырақтар өсімдіктерге қолайсыз [5].

Сонымен қатар, отандық және шетелдік тәжірибе фитомелиорант өсімдіктерін пайдалана отырып, қайталама тұздалған суармалы жерлерді биологиялық мелиорациялаудың жоғары тиімділігін дәлелдеуде. Бұл жер үсті өсімдік массасы бар улы тұздардың едәуір шығарылуына, топырақтың тұздануына, жер асты суларының деңгейінің төмендеуіне, топырақтың биологиялық белсенділігінің жоғарылауына және тамыр мен өсімдік қалдықтары арқылы органикалық заттармен байытылуына ықпал етеді [6].

Сондықтан да фитомелиорация-тұзды топырақты жақсартудың және олардың құнарлылығын арттырудың ең қолжетімді әдістерінің бірі. Зерттеулер көрсеткендей, көптеген мәдени және жабайы өсімдіктер қалпына келтіретін қасиеттерге ие. Сонымен қатар, тұзға төзімділігі жоғары өсімдік сұрыптарын іздеу және оларды қолдану тұзды жерлерді тиімді пайдаланудың сарқылмас резерві болып табылады. Тұзды жерлерді игеру үшін тұзға төзімділігі жоғары өсімдіктердің сұрыптары мен түрлерін таңдау қажет. Осыған байланысты перспективалы өсімдіктердің біріне көп жылдық бұршақ тұқымдастарына жататын түрлері кіреді [7].

Галофиттер булануға байланысты жер бетіне тұздардың көтерілуіне кедергі жасайды. Жасыл жабындының әсері 2,5 т/га тұздарды құрайды. Нәтижесінде галофиттер отырғызылған ауданда топырақты тұздардан тазаруы жылына 10–12,5 тоннаға жетеді. Көптеген ғалымдардың топырақтарды тұзсыздандыруға арналған мелиорациялық жұмыстарын орташа тұзданған жерлерде 4–5 жыл, күшті тұзданған жерлерде 6–7 жыл жүргізген [8,9].

Зерттеудің мақсаты. Оңтүстік өңірі жағдайында деградацияға, яғни қайтара тұздану үдерісіне ұшыраған жерлерді фитомелиорациялық әдістерді қолдану арқылы топырақтың құрылымын жақсарту.

Зерттеу нысандары. Біздің жағдайда қайтара тұзданған Жаңақорған ауданы Қаратөбе елді-мекеніндегі күріш алқабының топырағына және Түркістан ауданы Нұртас елді – мекені егістік айналымынан шығып қалған топыраққа зерттеу жұмыстары жүргізілді. Суарылатын тұзданған сұр топырақтары үшін перспективалық биомелиорант ретінде көп жылдық бұршақ тұқымдас шөптесін өсімдіктер таңдап алынды. Олар: кәдімгі жоңышқа (*Medicago sativa*), ақ беде (*Trifolium repens*), кәдімгі түйежоңышқа (*Melilotus officinalis*).

Зерттеу үшін талдауға алынған бұршақ тұқымдас көп жылдық шөптесін өсімдіктер топырақты азотпен қанықтырады. Олардың тамыр жүйесі жақсы жетілген, соның нәтижесінде қызмет атқаруы көп жылдарға жалғасады, қарашіріктің пайда болуына ықпал жасайды және күшті фитомелиорациялық әсерімен сипатталады. Сонымен қоса, көп жылдық шөптесін өсімдіктердің жабыны мен күшті дамыған тамыр жүйесі оның бұтақтанған тармақтары топырақты шайылудан және ұшып кетуден қорғайды. Сол себептен де, оларды топырақ қалыптастырушы деп те қарастырады [10].

Зерттеу нәтижелері. Зерттелетін өсімдіктерді отырғызудан бұрын зерттеуге алынған топырақ үлгілерінің су сығындысына талдау жұмыстары жүргізілді (1-кесте).

Талдау жұмыстары төмендегідей сипаттамалар бойынша жүргізілді:

- 1) сульфаттардың, гидрокарбонат пен карбонаттардың, хлоридтердің кальций, магнийдің концентрациясы;
- 2) фотоколориметрия әдісі бойынша азот құрамдас иондардың концентрациясы;
- 3) топырақтағы қарашірік мөлшері;
- 4) жалпы тұздылық дәрежесі;
- 5) ылғалдылық көрсеткіші;
- 6) рН ортасы.


Кесте-1. Топырақ үлгілерінің су сығындысына жүргізілген лабораториялық талдау жұмыстарының нәтижесі

Тұз иондары, мг/дм ³	Түркістан ауданы Нұртас елді-мекені	Жаңақорған ауданы Қаратөбе елді-мекені	Су сығындыдағы мөлшері бойынша ШРК, мг/дм ³
Cl^-	244,71	75,3	350
SO_4^-	0,629	2,602	500
NO_2^-	0,18	0,248	0,1
NO_3^-	169	30,93	45
NH_4^+	6,081	5,034	2,5
CO_3^-	-	-	100
HCO_3^-	305	305	1000
Ca^{2+}	572,6	157	200
Mg^+	300	123	100

Талдау жұмыстарының нәтижелеріне сәйкес, құрамында тұз элементтерінің жоғары көрсеткіші Нұртас елді-мекені топырағында анықталды. Нұртас елді-мекені топырағындағы хлор, нитрат, аммоний, кальций иондарының мөлшері Қаратөбе елді-мекенінің топырағына қарағанда біршама жоғары нәтиже берді. Нұртас елді-мекені топырағындағы нитрат – 169 мг/дм³, аммоний – 6,081мг/дм³, кальций – 572,6 мг/дм³, магний – 300 мг/дм³. Қаратөбе елді-мекені топырағында магний - 123мг/дм³, аммоний – 5,034мг/дм³, нитрит – 0,248мг/дм³. Бұл иондардың топырақтағы мөлшері нормативтен жоғары. Талдау жұмыстарының нәтижелері көрсеткендей, топырақтардың құрамында карбонат иондары байқалмады.

Оңтүстік Қазақстан өңірі жағдайында тұзданған кәдімгі сұр топырақтар құрамындағы катиондар мен аниондардың жоғары мөлшері байқалды. Өсімдіктердің өсіп жетілуі үшін топырақ құрамындағы барлық микро-және макроэлементтер өте қажет. Егер топырақ құрамындағы қажетті элементтер жетіспесе, не артып кетсе өсімдіктерге кері әсер етеді. Нұртас, Қаратөбе елді-мекені топырақтарының құрамында айтарлықтай айырмашылық бар. Нұртас топырақтарын зерттеуде салыстырмалы түрде алынған Қаратөбе топырақтарында фитомелиорациялық жұмыстар жүргізілген. Сондықтан да, ауылшаруашылық айналымнан шығып қалған Нұртас жеріндегі тұзданған жерлердің химиялық, физикалық құрылымын жақсарту өте маңызды.

Зерттеуге алынған топырақтарға өсімдіктерді егуден бұрын топырақтардың тұздылық дәрежесі анықталды (1-сурет).



1-сурет. Зерттеуге алынған нысандардың топырақ үлгілерінің тұздану дәрежесі

Негізінен, тұзданған топырақтар деп, топырақ құрамындағы минералды тұздардың ауылшаруашылық өсімдіктер үшін зиянды болып табылатын 0,25% және одан жоғары болған мөлшері айтылады.


Зерттеуге алынған нысандардың құрамындағы тұздар мөлшері 0,25%-дан жоғары болып табылды. Сонымен Нұртас елді-мекенінің тұздылық дәрежесі 1,9%, күшті тұзданған топырақ, Қаратөбе елді-мекенінің тұздылық дәрежесі 0,6%-орташа тұзданған топыраққа жатқызылды.

Бақыланатын өсімдіктер лабораториялық және алқаптық жағдайда өсірілді (2,3-суреттер).

Өсімдіктер екі қатынаста топырақтарға егілді. Бастапқы топыраққа және 1:1 қатынаста көң қосылған нұсқада.

Өсімдіктерді алқаптық жағдайда 100x50x100 см түпсіз ағаш жәшіктерге, табиғи жағдайда зерттеуге алынған нысандарынан тұзданған сұр топырақ- тарына отырғызылды. Эксперименттің қайталануы 3 рет. Зерттеу нысандары топырақтарының қарашірігін анықтау бойынша талдау жұмыстары жасалды, нәтижесінде Нұртас елді-мекені топырағының қарашірігі 0,6% , Қаратөбе елді-мекені топырағының қарашірігі 1,04%.





в

2-сурет. Зертханада өсірілген өсімдіктер: а, б – Қаратөбе елді-мекенінен алынған топырақ үлгісіне отырғызылған өсімдіктер; в – Нұртас елді- мекенінен алынған топырақ үлгісінде отырғызылған өсімдіктер.



а



б



3-сурет. Алқаптық жағдайда өсірілген өсімдіктер: а – Қаратөбе елді – мекенінің топырағына отырғызылған өсімдіктер; б, в - Нұртас елді – мекенінің топырағына отырғызылған өсімдіктер.

Зертханалық жағдайда өсірілген өсімдіктердің өну энергиясы мен өнімділігі бақыланды (2-кесте).

Зерттеуге алынған шөптесін өсімдіктердің тұқымдарының жарамдылығын, яғни өну энергиясы мен өнімділігін талдау өте маңызды. Ол сапалы өнім алудың дәлелі.

Кесте-2. Бақыланатын шөптесін өсімдіктердің тұқымдарының өну энергиясы мен өнімділігі

Дақылдардың аты	Өнімділігі, %	Өну энергиясы
<i>Melilotus</i>	95,5	4
<i>Trifolium repens</i>	94,85	4
<i>Medicago sativa</i>	96,1	3

ҚОРЫТЫНДЫ

Өсімдік тұқымдарының арасында өнгіштігінің жоғары көрсеткіші кәдімгі түйе жоңышқада байқалды. Оның өнгіштігі кәдімгі жоңышқа мен ақ бедеге қарағанда 96,1 %-ды көрсетті.

Топырақтардағы өсімдіктердің органикалық заттармен қанығуы олардың тіршілік ету мерзіміне де байланысты. Өсімдіктердің өсіп дамуындағы негізгі қызметі - топыраққа тамырланып, топырақ құрылымына сіңісіп кетуіне тәуелділікте. Сондықтан да, агрожүйелерде өсірілетін өсімдіктердің ерекше-ліктеріне және пайдалану, өсіру технологияларына көңіл бөлу ерекше маңызға ие, сәйкесінше ауылшаруашылығы саласында сапалы өнім алуға мүмкіндік береді.

Зерттелетін өсімдіктердің фитомелиорант ретінде алынуы, біріншіден, тамыр жүйесінің құрылымына және барлық шаруашылық жүйесінде маңыздылығымен, екіншіден, топырақтың барлық түрінде өсу динамикасы ескерілді. Өсімдіктердің тамыр жүйесі

топырақ құрылымының барлық қабаттарына өзінің тор тәрізді тармақтарымен жеңіл еніп, топыраққа тікелей де, жанама да әсерін тигізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейітқазиев Ә.С., Жұмаділова А.Қ. Топырақ құнарлығын экологиялық тұрғыда бағалау // Труды междунаро. научно-практ. конф., Алматы, 2001. 386-389 с.
2. Сейітқазиев Ә.С., Мелиорация және қоршаған ортаны қорғау мәселелері // Халықаралық ғылыми-практ. конф. Материал., Тараз – 2006 – 13-16 б.
3. Р.А. Мирзадинов, Усен Қ., Торғаев Ә.Ә., т.б. Топырақтану. Оқу құралы// - Алматы: Қаз ККА, 2009.-278 б.
4. Пестов Л. Ф. Засоленность природных вод // Мелиоративная энциклопедия. – М.: Росинформагротех, 2004. – Т. 1. – С. 517.
5. Нгуен Суан Хай. Мелиорация и восстановление плодородия деградированных почв/ [диссертация]// Москва.- 2004. 10-12 с.
6. Денисов, К. Е. Условия формирования урожайности многолетних трав и их фитомелиоративная роль / К. Е. Денисов, Е. П. Денисов, А. П. Солодовников // Кормопроизводство. — 2006. - № 3. - С. 14—18.
7. Яковлева, Л. В. Практикум по химическому анализу почв : рабочая тетрадь / Л. В. Яковлева, А. В. Федотова. – Астрахань : Издательский дом «Астраханский университет», 2009. – 37, с.
8. Кехарсаева Э.Р. Методические рекомендации к выполнению лабораторных работ /Кехарсаева Э.Р. –Москва 2010. – 13 с.
9. Мамышов М.М. Топырақ және өсімдік экологиясы/ ЖОО студ. және магистр. арналған оқулық.- Алматы, 2011.- 240 б.
10. Мұстафаев Ж.С., Сагаев А., и др. Эколога – экономическое обоснование необходимости освоения засоленных почв для сельскохозяйственного производства // Международн. научно-практ. конф. г, Тараз, 2005 – 265 -268 б.

**ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ СҮР ТОПЫРАҚТАРДЫҢ СІңІРУ
КЕШЕНІ ЖӘНЕ ТРАНСЛОКАЦИЯ КОЭФФИЦИЕНТІН ЗЕРТТЕУ**
**STUDY OF ABSORPTION COMPLEX AND TRANSLOCATION COEFFICIENT OF
GRAY SOILS IN SOUTHERN KAZAKHSTAN TERRITORY**

Абдраимова Қ.Т.

*б.э.к., доцент м.а., Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан*

ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-6390-2111>

Турметова Г.Ж.

*техн.э.к., доцент м.а., Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан*

Созақбай М.

*студент, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан*

АНДАТПА

Топырақтың қайтара тұздануы су және жер ресурстарын ортақ пайдаланатын елдер арасындағы үйлестіруді қажет ететін маңызды мәселе. Инвестиция тарту және басқару үшін де халықаралық ынтымақтастық қажет. Бір қызығы, тұздылық ауылшаруашылығындағы басқа да мәселелердің себебі де, салдары да топырақтың қайтара тұздануын ауыл шаруашылығын тұрақты интенсификациялауға бағытталған басқа да шаралармен бірге азық-түлік қауіпсіздігінің тіректерінің бірі ретінде қарастырған жөн.

Сазды, қарашірікке бай топырақтарды өсімдіктерге қажетті мөлшерде қоректік заттармен (мысалы, суперфосфатпен) қанықтыруға болады, өйткені артық мөлшерде олар топыраққа сіңіп, өсімдіктерге зиян келтірмейді және сумен шайылмайды. Бірақ селитраны көп мөлшерде қолдануға болмайтынын атап өткен жөн, өйткені ол тіпті сазды топырақта нашар сіңеді. Сондықтан іс жүзінде топырақтың беткі қабатына екі кезеңде енгізу керек: бірінші - тұқым себу кезінде және екінші - өсімдіктер жақсы дамып, толық өскенде.

Құмды топырақтардың қасиеттері мүлдем басқаша. Олардың құрамында саз бөлшектері мен қарашіріктері аз, сіңіру қабілеті шамалы, қоректік заттар сумен оңай шайылып, өсімдіктер үшін ізсіз жоғалады.

Құрғақшылық болып, топырақ ерітіндісінің концентрациясы жоғарылағанда құмды топырақ артық тұздарды сіңіре алмайды. Сондықтан топырақ суда еритін заттармен тыңайтылған болса, өсімдіктер өлуі мүмкін. Осыған байланысты топырақ ерітіндісінің оңтайлылығы, әсіресе жоғары және қоректік заттарды орынсыз жоғалтпау үшін құмды топырақтарды біршама бірнеше рет тыңайтады.

Нұртас, Қаратөбе елді-мекендерінің топырақ жамылғысындағы катиондар мен аниондардың мөлшері, сондай-ақ байқалған өсімдіктердің тұздану дәрежесі мен фитомелиоративті қасиеттері анықталды.

Өсімдіктер отырғызылған топырақтың химиялық құрамына талдау жасалып, зерттелетін топырақтың тұздану дәрежесінің төмендеуі байқалды. Өсімдіктердің мелиоративтік қабілеті бар екені анықталып, пайдалану мүмкіндігі көрсетілді.

Бақыланатын және тыңайтылған топырақтағы иондардың мөлшері және тұздылықтың азаюы анықталды.

Зерттеу объектілері үшін топырақ үлгілерінің сіңіру кешені және биологиялық транслокация коэффициенті есептелді.

Кілт сөздер: сұр топырақ, сіңіру кешені, транслокация коэффициенті, қайтара тұздану, топырақ ерітіндісі, тұздану дәрежесі, қарашірік.

ABSTRACT

Soil salinization is an important issue that requires coordination between countries that share water and land resources. International cooperation is also needed to attract and manage investments in land and water resources. Interestingly, salinity is both a cause and a consequence of other problems in agriculture. Soil salinization should be considered as one of the pillars of food security, together with other measures aimed at sustainable intensification of agriculture.

Clayey, humus-rich soils can be fertilized with nutrients (for example, superphosphate) in the amount necessary for plants, since in excess they will not harm the plants by being absorbed into the soil and will not be washed off with water. But it should be noted that saltpeter should not be used in large quantities, since it is poorly absorbed even in clay soils. That is why, in practice, it should be applied to the surface layer of soil in two parts: the first time - when sowing seeds, and the second time - when the plants have really developed well and fully grown.

The properties of sandy soils are completely different. They contain few clay particles and humus, the absorption capacity is insignificant, nutrients are easily washed out by water and disappear without a trace for plants.

When drought occurs and the concentration of the soil solution increases, sandy soil cannot absorb excess salts. Therefore, if the soil is fertilized with water-soluble substances, the plants may die. In this regard, the optimality of the soil solution is especially high, and in order not to lose nutrients unnecessarily, sandy soils are fertilized little by little, several times.

The amount of cations and anions in the soils of the villages of Nurtas and Karatobe, as well as the degree of salinity and phytomeliorative properties of the observed plants were determined.

The chemical composition of the soil in which the plants were planted was analyzed, and a decrease in the degree of salinity of the studied soil was noted. It has been established that plants have ameliorative ability, and the possibility of use has been shown. The amount of ions in control and fertilized soils and the reduction in salinity were determined.

For the objects of study, the absorption complex and the coefficient of biological translocation of soil samples were calculated.

Keywords: gray soil, absorption complex, translocation coefficient, return salinization, soil solution, degree of salinization, humus.

Оңтүстік Қазақстан аумағы топырақтары кәдімгі сұр сазды және сазды балшықты болып келеді. Қазақстанның бұл аймағының климаты континентальді құрғақ болғандықтан егіншілік тек суарумен іске асады. Мұндай шөлейтті аймақтардағы сұр топырақтардың қарашірік мөлшері 1-2 % құрайды. Топырақтың сіңіру қабілеті әр

топырақта түрліше болғандықтан, Оңтүстік аумақ топырақтарының сіңіру қабілеті сазды қаратопырақтарына қарағанда нашар болып табылады (1-кесте).

Топырақтың тұздануы - су мен жер ресурстарын ортақ пайдаланатын елдер арасындағы үйлестіруді қажет ететін маңызды сынақ. Халықаралық ынтымақтастық жер және су ресурстарына инвестицияларды тарту және басқару үшін де қажет. Бір қызығы, тұздану ауыл шаруашылығындағы басқа мәселелердің себебі де, салдары да болып табылады. Топырақтың тұздануымен азық-түлік қауіпсіздігінің негіздерінің бірі ретінде күресу керек. Ауыл шаруашылығын тұрақты интенсифтендіруге бағытталған басқа іс-шаралармен бірге қарастырылады [1].

Топырақ барлық заттарды бірдей жақсы сіңіре бермейді. Мысалы, өсімдіктер үшін аса бағалы селитраны өте нашар сіңіреді, сондықтан ол басқа заттарға қарағанда топырақтан оңай шайылып кетеді. Сонымен қатар, барлық топырақтардың сіңіру қабілеті бірдей болмайды. Сазды бөлшектер мен қарашірікке бай топырақтар түрлі заттарды жақсы сіңіре алады. Мұндай топырақтарда қоректік заттар берік ұсталады, сондықтан олар шайыла бермейді. Мұндай топырақтарда, егер тұзданбаған болса, сулы ерітіндінің күштілігі бір қалыпта болады, ал бұл өсімдіктердің қоректенуі үшін өте маңызды [2].

Сазды, қарашірікке бай топырақтарды өсімдіктерге қажетті мөлшерде қоректік заттармен (мысалы, суперфосфатпен) батыл тыңайтуға болады, өйткені егер олар артық болса, топыраққа сіңіп өсімдіктерге зиянын тигізбейді және сумен шайылып та кетпейді. Бірақ сазды топырақтарда да нашар сіңетін болғандықтан селитраны көп жұмсауға болмайтынын ескеру қажет. Сол себептен де, практикада оны әдетте топырақтың беткі қабатына екі бөліп, бірінші рет - тұқым себу кезінде, екінші рет - өсімдіктердің нағыз жақсы дамып, толықсыған кезінде қосу керек [3].

Құмды топырақтардың қасиеті мүлде өзгеше болады. Оларда саз бөлшектер мен қарашірік аз, сіңіру қабілеті болмашы ғана, қоректік заттар суға оңай шайылып, өсімдіктер үшін із-түзсіз жойылып кетеді.

Құрғақшылық болып, топырақ ерітіндісінің концентрациясының күші артқан кезде, құмды топырақ артық тұздарды сіңіре алмайды. Сондықтан егер топырақ суда ерігіш заттармен тыңайтылған болса, өсімдіктердің өліп қалуы мүмкін: олар күйіп кетеді. Осыған орай, топырақ ерітіндісінің күштілігі ерекше артық болып, қоректік заттарды пайдасыз жоғалтып алмау үшін құмды топырақтарды аздап, бірнеше рет тыңайтады.

Топырақтың сіңіру қабілетінде сазды бөлшектер және қарашірікпен қатар онда өмір сүретін микроағзалардың да маңызы үлкен. Топырақта көбейе отырып, олар өзінің денесін құрау үшін топырақ ерітіндісінен азот, фосфор, калий, кальций және т.б. түрлі қоректік заттарды сіңіреді. Өлгеннен кейін микроағзалардың денелері шіриді, ал оның сіңірген заттары топыраққа, топырақ ерітіндісіне қайтып оралады да, оны өсімдіктер пайдалана алады [4].

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сәйкес құрамында қарашірігі аз деп есептелінетін ОҚО топырақтарында тыңайтқышты көп қажет етпейтін өсімдіктерді (шөптесін жем-шөп өсімдіктері және мәдени дақылдар) отырғызу экологиялық және экономикалық жағынан да тиімді болып табылады.

Кесте-1. Топырақтардың сіңіру қасиеті (К. К. Гедройц бойынша)

Топырақтар	Сіңіру сыйымдылығы мг – экв/100г топырақ	Сіңірілетін катиондар
Шымды күлгін	10 – 30	Ca, H > Mg
Орманды сұр топырағы	20 – 40	Ca > Mg > H
Қаратопырақ	40 – 60	Ca > Mg
Каштанды	15 – 30	Ca > Mg > Na
Күлгін	10 – 20	Ca > Mg, Na, K
Қызылтопырақ	10 - 18	H > Mg > Ca

Топырақ қопсыған кеуекті дене болғандықтан, оның түйірлерінің арасында әр уақытта бос кеңістіктер орын алады. Топырақтың сіңіру қасиеттерін қалыптастыруда топырақ құрамындағы ең майда ұнтақталған, көлемі 0,0001 мм-ден төмен коллоидты бөлшектер шешуші рөл атқарады. Бұл бөлшектер топырақтың әртүрлі органикалық және минералдық қосылыстарынан тұрады. Топырақтың сіңіру қасиеті деп, оның топырақ ішіндегі ерітінділерінің кейбір қосылыстарды, майда ұнтақталған минералдарды және органикалық қосылыстарды, микроағзаларды және ұнтақталмаған ірі заттарды өзіне сіңіріп, ұстап қалуын айтады [5]. Топырақтың сіңіру құбылысы жалпы топырақтың дамуымен және топырақта өсетін өсімдіктерде күлді элементтердің (азот, т.б. қоректік заттардың) жиналуымен қатар жүреді. Әсіресе, өсімдіктердің қоректік элементтерінің жиналуы топырақтың сіңіру қасиетімен тығыз байланысты. Осы қасиеті арқылы топырақта өсімдіктерге керекті элементтер жиналады. Бұл салада орыстың ірі ғалымдары К. К. Гедройц, Д. И. Прянишников, А. И. Соколовский, И. Н. Антипов-Каратаев, В. А. Чернов, И. И. Горбунов т.б көп еңбек еткен. Әр түрлі топырақтардың сіңіру қасиеттері әр деңгейде болады. Ол көбінесе, топырақтағы өте жоғары бөлшектерге (дисперсті), түйірлерге, коллоидты бөлшектердің мөлшеріне байланысты. Топырақ неғұрлым қарашіріндіге бай және механикалық құрамы ауырлау балшықты болса, соғұрлым оның сіңіру қасиеті де мол, ал топырақта қара шірінді аз, құрамы жеңіл құм немесе құмдақ болса, оның сіңіру мүмкіндігі де шамалы келеді. Академик К. К. Гедройцтың тұжырымдамасында *топырақтың сіңіру қасиеті* деп оның топырақ ішіндегі ерітінділерінің кейбір қосылыстарын, майда ұнтақталған минералды және органикалық қосылыстарды, микроағзаларды және ұнтақталмаған ірі заттарды өзіне сіңіріп, ұстап қалу мүмкіншілігін айтады. Сіңіру оның тәсілдеріне қарай, бірнеше түрге: механикалық, физикалық, физикалық-химиялық, химиялық және биологиялық сіңірулерге бөлінеді [6].

Топырақтың құралу және даму процестері онда өсімдіктердің азот және күл қоректік заттарының жиналуымен қабаттас жүреді. Ал топырақта өсімдіктердің қоректік заттарының жиналуы оның сіңіру қабілетімен тығыз байланыста болады [7].

Топырақтың сіңіру қабілеті деп оның өзінде ерітінді және судағы лайлы заттарды, газдарды ұстап қалуын айтады.

Топырақтардың сіңіру қабілеті – әр топырақта әртүрлі болады, ол көбінесе өте ұсақ бөлшектердің көп болуына байланысты келеді. Мұндай топырақтың сіңіру қабілетін күшейтетін ұсақ бөлшектерді коллоидты бөлшектер деп атайды. Коллоидты бөлшектердің мөлшері 0,001 миллиметрден ұсақ болып келеді. Табиғатта колоидты бөлшектердің пайда болуы келесідей: бірінші жолы тау жыныстарының бұзылуынан; екінші жолы органикалық заттардың ыдырауынан түзіледі. Осыған орай топырақ коллоидтар бөлігінің құрамына органикалық және минералдық келесідей бөліктері кіреді: 1) топырақ шіріндісінің құрамында; 2) балшық құрамында болады.

Коллоидтар топырақта тұрақты тұнба гель түрінде кездеседі. Сіңіру қабілетін К.К.Гедройц бес түрге бөліп қарастырған.

Топырақтың сіңіру қабілеті өсімдікке қажетті қоректік заттардың топырақта жиналуымен тығыз байланысты болады [8].

Топырақтың сіңіру қабілеті – оның ерітіндідегі түрлі заттардың молекулалары мен иондарын өз бойына сіңіріп және оларды ұстап қалу қабілеті.

Топырақтың биологиялық сіңіру кешені немесе транслокациясы – топырақтағы өсімдік тамырлары мен микроағзаларының топырақ ерітіндісінен қоректік элементтерді сіңіріп, өз денелерін құру үшін түрлі органикалық заттардың түзілуі. Биологиялық сіңіру топырақты қоректік элементтердің шайылуынан қорғайды және органикалық затқа байытады.

Биологиялық сіңіру тыңайтқыш қолдануда маңызды рөл атқарады. Микроағзалар көмегімен өсімдіктер бойларына сіңірмей қалған нитраттар топырақтарда қатты шайылып кетпейді, жинақталады. Өйткені нитраттар физикалық, физикалық-химиялық немесе химиялық жағынан топырақтарда сіңірілмейді.

Топырақтың биологиялық сіңіру қабілетінің қарқынына топырақ ылғалдылығы, аэрациясы, топырақта энергетикалық заттардың (өсімдік қалдықтары, органикалық тыңайтқыш) болуы елеулі әсер етеді.

Топырақтың сіңіру сыйымдылығы – алмасу реакциясына бейім топырақтағы сіңірілген катиондардың жалпы мөлшері. Сіңіру сыйымдылығын 100 грамм топырақтағы катиондардың миллиграмм-эквивалентімен өрнектейді (мг-экв/100 г)

Топырақтың сіңіру сыйымдылығының мөлшері оның механикалық құрамына, майда дисперсті бөлшектердің жалпы мөлшері мен олардың химиялық және минералогиялық құрамына, топырақ реакциясына байланысты [9].

Сонымен бірге, топырақтардағы *сіңірілген катиондар құрамы* әртүрлі болып келеді. Барлық топырақтарда сіңірілген катиондар арасында кальций мен магний мөлшері көп болады. Мысалы, кәдімгі және қуатты қара топырақта сіңіру сыйымдылығындағы катиондардың 80 – 90%-ы кальций және магний үлесіне тиеді. Оңтүстік қара, қара қоңыр, боз топырақтарда кальций және магний көп болғанымен, оның құрамында аз мөлшерде сіңірілген натрий кездеседі. Олардың құрамында сутек иондары болмайды. Сор, сортаң топырақтарда кальций, магниймен бірге сіңірілген натрий көп болады. Қызыл және шымды-күлгін топырақтарда сутек пен алюминий иондары көп болады. Калий және аммоний катиондары барлық топырақтарда аз мөлшерде кездеседі [10].

Сіңірілген катиондар құрамы топырақтың физикалық, химиялық қасиеттеріне, өсімдіктің өніп-өсуіне, тыңайтқыштардың әсеріне жан-жақты ықпал етеді.

Топыраққа сіңірілген катиондардың құрамы мен олардың арақатынасын тыңайтқыш және мелиоранттар қолдану арқылы реттеуге болады. Мысалы, сілтілік реакция тудыратын сіңірілген натрий катиондарын сортаң топырақ құрамынан ығыстыру үшін гипс қолдану керек. Мұнда натрийді алмастырған кальций катиондары өсімдіктің өсіп-өнуіне қолайлы жағдай тудырады.

Сонымен, топырақтардың сіңіру кешенін қарастырғанда алынған мәліметтерге сәйкес зерттелініп отырған ОҚО – сының сұр топырақтарына талдау жұмыстары жүргізілді. Осыған орай бұл топырақтарға өсімдіктер отырғызу арқылы ондағы тұз иондарының мөлшерін төмендетіп, топырақ құрылымын жақсарту жолдары қарастырылды. Демек, бұл зерттеу жұмыстары биологиялық сіңіру кешеніне негізделеді.

Топырақтың сіңіру кешенін қарастырғанда өсімдіктердің өсіп-жетілуінде маңызды болып табылатын транслокация коэффициентін ескеру қажет.

Тірі ағзалар кейбір химиялық элементтерді таңдап сіңіреді және жинақтайды. Сондықтанда, зерттеліп отырған топырақтар мен өсімдіктердің минералды бөлігі және оның күлділігі зерттелді. Күлдегі элементтердің көп бөлігі жер қыртысындағы элементтердің орташа құрам бөліктерінен айырмашылығы болады, себебі, өсімдіктер элементтерді таңдаулы түрде сіңіреді. Сіңірілуінің қарқындылығы өсімдік күліндегі және топырақтағы элементтер көлемінің арақатынасымен сипатталады. Мұндай ұсыныс Б.Б.Полынов пен А.И.Перельманның көрсеткішімен биологиялық сіңіру коэффициенті деп аталды. Биологиялық сіңіру коэффициентін қарқындылығы A_x пайыздық үлеспен % есептелінеді: $A_x = \frac{I_x}{n_x} \times 100$, (3.1), мұнда, I_x - өсімдік күліндегі элементтің мөлшері, n_x - өсімдік өсірілген топырақтың құрамындағы элементтердің литосферадағы мөлшері [11].

Зерттеу жұмысының мақсатына орай, зерттеу үшін алынған топырақ үлгілерінің құрамындағы иондар мен өсімдіктің құрамындағы элементтердің коэффициентін анықтауда өсімдіктердің жапырағы, тамыры, сабағыман бірге анықталды.

Биологиялық сіңіру қабілет - топырақ ерітіндісіндегі заттарды өсімдіктер тамыры мен топырақ биотасының сіңіруімен көрсетіледі. Биологиялық сіңіру үдерісі топырақтағы ерітіндінің құрамы мен концентрациясын өзгертіп, топырақта қалыптасқан көптеген сорбциялық тепе-теңдікке әсер етеді.

Биологиялық сіңіру мен қажетті заттарды толықтыруда азот құрамдас тыңайтқыштарды қосу өту маңызды болып табылады. Себебі, азоттың көп құрам бөліктері дернина микроағзаларымен сіңіріліп, қатты суару кезінде нитратты тыңайтқыштарды қайта қалпына келтіріп, бос азотқа дейін ыдырата алады [12]. Биологиялық сіңіру коэффициентін есептеуде зерттеліп отырған топыраққа тыңайтқыш ретінде қосылған көңнің құрамындағы заттардың әсеріде есепке алынды (2-кесте). Қосымша қорек ретінде 5–8 ай жабық жерде сақталынған көң қосылды.

Кесте-2. Көңнің сақталуына байланысты құрамын жіктеу, % (Б.Б.Полынов бойынша)

Көңқұрамындағы заттар	Тың көң	2 ай сақталған көң	4 ай сақталған көң	5 – 8 ай сақталған көң
Су	72,0	75,5	74,0	68,0
Органикалық заттар	24,5	19,5	18,0	17,5
Жалпы азот	0,59	0,60	0,66	0,72
Ақуызды азот	0,33	0,45	0,54	0,68
Аммиакты азот	0,15	0,12	0,10	0,05
Фосфор	0,31	0,38	0,43	0,48
Калий	0,60	0,64	0,72	0,84

Зерттеуге алынған шөптесін өсімдіктердің құрамына жүргізілген талдау жұмыстарының нәтижелері 3, 4-кестелерде келтірілген.

Кесте-3. Көң қосылмаған топырақта өскен өсімдіктердің химиялық құрамына жүргізілген талдау жұмыстарының нәтижесі (су сығындысы бойынша мг/дм³)

Үлгі алынған жер	Өсімдіктер атауы	Тұз иондар, мг/дм ³					
		Mg ²⁺	NH ₄ ⁺	Ca ²⁺	NO ₃ ⁻	NO ₂	SO ₄ ²⁻
Нұртас елді-мекені	Түйежоңышқа	143	0,42	290,5	0,04	0,051	0,189
	Кәдімгі жоңышқа	165	3,998	290,5	0,065	0,71	0,299
	Ақ беде	138	2,052	290,5	0,092	0,05	0,18
	Бақылау топырақ үлгісі	300	5,034	574,6	169	0,18	0,629
Қаратөбе елді-мекені	Түйежоңышқа	75	2,823	89,5	0,04	0,041	0,52
	Кәдімгі жоңышқа	75	2,995	90,2	0,032	0,008	0,621
	Ақ беде	60	1,875	68,6	0,041	0,019	0,782
	Бақылау топырақ үлгісі	123	5,034	157	30,93	0,248	2,602

Кесте-4. Көң қосылған топырақта өскен өсімдіктердің химиялық құрамына жүргізілген талдау жұмыстарының нәтижесі (су сығындысы бойынша мг/дм³)

Үлгі алынған жер	Өсімдіктер атауы	Тұз иондар, мг/дм ³					
		Mg ²⁺	NH ₄ ⁺	Ca ²⁺	NO ₃ ⁻	NO ₂	SO ₄ ²⁻
Нұртас елді-мекені	Түйежоңышқа	152	1,52	300,2	0,07	0,061	0,269
	Кәдімгі жоңышқа	174	4,423	300,2	0,085	0,81	0,333
	Ақ беде	149	2,194	300,2	0,155	0,1	0,21
	Бақылау топырақ үлгісі	300	5,034	574,6	169	0,18	0,629
Қаратөбе елді-мекені	Түйежоңышқа	80	3,094	100,2	0,04	0,039	0,43
	Кәдімгі жоңышқа	80	3,398	100,2	0,032	0,005	0,523
	Ақ беде	66	2,385	78,6	0,041	0,009	0,662
	Бақылау топырақ үлгісі	123	5,034	157	30,93	0,248	2,602

3, 4 – кестелерде келтірілген нәтижелерде екі үлгіде де хлор және гидрокарбонат иондары байқалмады. Әдебиеттерге сәйкес өсімдіктер хлор және гидрокарбонат иондарын сіңірмейді. Бұл екі ион тез ерігіш тұздар болғандықтан суару кезінде олар топырақтағы кальций, магний катиондарымен ерімейтін қосылыс түзіп топырақтың терең горизонттарына еніп кетеді. 0 Өсімдік құрамының химиялық элементтері анықталынғаннан кейін сұр топырақтың сіңіру коэффициенті есептелді. Тұзданған сұр топырақтардың биологиялық сіңіру коэффициенті 5, 6 - кестелерде берілген.

Кесте-5. Нұртас елді-мекенінің тұзданған сұр топырақтарының биологиялық сіңіру коэффициенті, %

к/с	Тұз иондары	Зерттеуге алынған шөптесін өсімдіктер		
		Кәдімгі түйежоңышқа	Кәдімгі жоңышқа	Ақ беде
1	Кальций	52,5	52,5	52,5
2	Магний	50,6	58	49,6
3	Аммиакты азот	63,1	65,6	35,7
4	Нитрит	33,8	45	55,5

к/с	Тұз иондары	Зерттеуге алынған шөптесін өсімдіктер		
		Кәдімгі түйежоңышқа	Кәдімгі жоңышқа	Ақ беде
5	Нитрат	0,04	0,05	0,08
6	Сульфат	42,7	52,9	33,3

Кесте-6. Қаратөбе елді-мекенінің қайтара тұзданған кәдімгі сұр топырағында өсірілген өсімдіктердің биологиялық сіңіру коэффициенті, %

	Тұз иондары	Зерттеуге алынған шөптесін өсімдіктер		
		Түйе жоңышқа	Кәдімгі жоңышқа	Ақ беде
1	Кальций	63,8	63,8	38,2
2	Магний	65,4	65	59,6
3	Аммиакты азот	61,4	64,4	47,3
4	Нитрит	16,5	3,2	7,6
5	Нитрат	0,2	0,1	0,1
6	Сульфат	19,09	23,8	30,05

Әртүрлі өсімдіктер микроэлементер мөлшерін түрліше сіңіреді. Зерттеуге алынған шөптесін өсімдіктер катиондарды аниондарға қарағанда жақсы сіңірген. Кальций, магний, аммиакты азоттың биологиялық сіңіру коэффициенті үш өсімдікте салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіштер Қаратөбе топырағында байқалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Нұртас және Қаратөбе елді-мекендерінің топырақтарындағы катиондар мен аниондардың мөлшерлері анықталып, тұздану дәрежесі белгіленді.
2. Бақыланатын өсімдіктердің фитомелиорациялық қасиеттері анықталып, зерттеліп отырған өсімдіктер егілді.
3. Өсімдіктер егілген топырақтардың химиялық құрамына талдау жасалды және зерттеліп отырған топырақтардың тұздылық дәрежесінің төмендегені байқалды. Өсімдіктердің мелиорациялық қабілеті бар екені айқындалып, қолдану мүмкінділігі көрсетілді.
4. Бақылау және көң қосылған топырақтардағы иондардың мөлшерлері анықталды және тұздылығы төмендегені байқалды.
5. Зерттеу нысандары бойынша топырақ үлгілерінің сіңіру кешені мен биологиялық транслокация коэффициенті есептелді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Руководство по управлению засоленными почвами. План реализации Евразийского почвенного партнерства. Published by the Food and Agriculture Organization of the United Nations and Lomonosov Moscow State University. Продовольственная и сельскохозяйственная Организация Объединенных Наций, Рим, 2017. Под редакцией Р. Варгаса, Е.И. Панковой, С.А. Балюка, П.В. Красильникова и Г.М. Хасанхановой
2. Жамалбеков Е. Топырақтану және топырақ географиясы мен экологиясы//Жамалбеков Е., Білдебаева Р./оқу құралы. – Алматы, 2004. –240 б.
3. Мирзадинов Р.А. Топырақтану/ оқу құралы. – Алматы, 2009. – 278 б.

4. Мұсабеков Қ.Қ Топырақтану және геоботаника негіздері //оқу құралы.- Тараз, 2003.- 196 б.
5. Елешев Р.Е. Топырақтану практикумы / Р.Е. Елешев, Ж.Е. Елемесов, Қ.М. Мұхаметкәрімов//оқу құралы.- 2006.-156 б.
6. Мамышов М.М. Топырақ және өсімдік экологиясы/ ЖОО студ. және магистр. арналған оқулық. - Алматы, 2011.- 240 б.
7. Мотузова Г.В. Топырақтың экологиялық мониторингі/ Г.В. Мотузова, О.С. Безуглова// ЖОО студ. және аспирант. Арналған оқулық,–Алматы, 2013.-252 б.
8. Қабышаева Ж.К Топырақтану/ ЖОО студ. және магистр. арналған оқулық. – Алматы, 2013.- 416 б.
9. Елешев Р.Е./Агрохимия және тыңайтқышты қолдану жүйесі //Сапаров А.С., Балғабаев Ә.М., Туктугулов Е.А.- Алматы, 2000.- 363 б.
10. Зимовец Б.А., Зайдельман Ф.Р. др. Экологическая концепция мелиорация почв // Почвоведение, 1993- с. 71-7.
11. Қазақстанның жер ресурстары, 1 (28), 2005 – 27 – 36 б.

ӘОЖ 37.016:58.502/504

CHILDREN'S DEVELOPMENT OF APPLE VARIETIES BY INTEGRATING THEM INTO THE SCHOOL CURRICULUM WITH GAME TECHNOLOGY

Gani Issayev

Assoc. Prof. Dr., International Kazakh-Turkish university named after Khoja Ahmed Yasawi, Turkestan, Kazakhstan

Dairabek Baglan

Student, International Kazakh-Turkish university named after Khoja Ahmed Yasawi, Turkestan, Kazakhstan

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Кіріктірілген білім бағдарламасының алға қойған мақсаты айқын, бағдары жүйелі. Зиялы азаматты – сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басыуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеуге ұмтылады. Аталмыш білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болатыны баяндалған.

Кілт сөздер: Зияткерлік, өсімдік, алма ағашы, тыңайтқыш, әдіс, тәсіл, шеберлік, бағалау, топқа бөлу, топ серуент, эксперимент.

ABSTRACT

The purpose of the Integrated educational program in the article is clear and systematic. It aims to educate an intelligent citizen - a person with a high level of consciousness, critical and innovative thinking, a strong spirit, and the ability to use their knowledge for the benefit of society. This educational program States that education and training are inextricably linked.

Keywords: intelligence, plant, Apple tree, fertilizer, method, technique, skill, assessment, grouping, group walk, experiment.

INTRODUCTION

At a time when our country is moving forward to join the ranks of civilized countries, new changes are taking place in the education system. The law of the Republic of Kazakhstan "on Education" states: "the main goal of the education system is to create the necessary conditions for the formation of an individual on the basis of national and universal cultural values." In order to work in this direction, it is necessary to pay special attention to improving the quality of Education. Quality education depends on the skills and abilities of teachers. And the use of new technologies in the development of pedagogical skills and business skills is of great importance.

Currently, the educational program of Intellectual Schools involves the integration of the best examples of national and international experience. To this end, the best practical teachers of Intellectual Schools and our strategic partner – consultants of the Cambridge International Examination Council-have come together to develop a new integrated educational program.

The purpose of the integrated educational program is clear, the orientation is systematic. It seeks to educate an intelligent citizen – a person with a high level of mental potential, a critical and innovative mindset, a strong spirit, and the ability to invest their knowledge in the progress of society. In this educational program, education and training are inextricably linked [1].

Currently, one of the most responsible parts of the agrotechnical system of Agriculture is the correct fertilization of crops. The types, amounts and timing of the application of fertilizers can be different even for one crop for each crop, which is greatly influenced by the presence of different varieties of this crop in different soil-climate conditions, the properties of different crops sown before this, etc.conditions[2,3].

In the effective use of fertilizers for each crop, it is necessary to know perfectly the characteristic agrochemical and other features of each of them, their effect on the soil, soil moisture, structure, mechanical composition. Therefore, raising the culture of agriculture, significantly increasing soil fertility, agriculture requires a thorough knowledge of the relationship between vegetation and fertilizer, in order to obtain a rich and high-quality crop.

The amount and timing of the introduction of mineral fertilizers for fruit trees-apple trees grown in the Botanical Garden of the International Kazakh – Turkish university named after Khoja Ahmed Yasawi, located in Turkestan, are considered in the works of K. Baizhigitov, A. A. Ubailullaeva, E. Baibekov, A. S. Almas.

The main part.

In the experiment, there were 4 options for each apple variety – a control group and depending on the application of fertilizer. A total of 15 fruit trees were obtained from a separate variety of apple trees, including 3 stems (3 types x 4 options) and a control group. In total, a total of 60 fruit trees were studied in the experiment on the varieties of apple trees – Melba, Borovnika, Jonotan, Kirgizsky zimniy.

For the varieties of apple trees Melba, Borovnika, Jonotan, Kirgizsky zimniy, mineral fertilizers were given in the amount of 4 options: amiacal saltpeter 60kg, 120kg, 180kg, 240kg; double superphosphate 45kg, 60kg, 90kg, 120kg. No fertilizer was given to the control version.

The application of fertilizers to fruit trees was carried out in two versions, depending on the timing. According to the first version, mineral fertilizers in 100% were given to fruit trees before budding. According to the second version, mineral fertilizers were given to fruit trees 50% of the amount before budding, and the remaining 50% of mineral fertilizers were given to fruit trees after budding. To determine the influence of the amount of fertilizers on apple trees, the average length and thickness of their annual shoots, the average number of leaves on annual shoots and its average volume are analyzed.

When using 100% of mineral fertilizers in the period before budding of an apple tree, the effect on its biological indicators was studied. The average length of annual shoots on fruit trees was : 22.5-25.3 mm in the Melba apple variety; 21.8-2401mm in the Borovinka apple variety; 20.8-22.8 mm in the Jonathan apple variety; 19.2-21.1 mm in the Kirgizsky zimniy apple variety (Table 1).

Table-1. when using 100% of mineral fertilizers in the period before budding of an apple tree, the effect on its biological indicators

Experience options	Average length of annual shoots, mm	Average thickness of annual shoots, mm	The average number of leaves on annual shoots, PCs.	Average volume of one leaf, CM
Melba variety				
Control	22,5	4,5	26,9	30,4
1- version N60P45K30	23,6	5,5	36,8	33,0
2- version N120P60K45	24,6	6,3	42,4	33,8
3- version N180P90K60	25,3	6,7	44,8	35,7
4- version N240P120K75	24,4	6,5	44,0	35,5
Borovinka variety				
Control	21,8	4,3	26,3	30,8
1- version N60P45K30	22,9	5,3	36,6	32,7
2- version N120P60K45	23,4	6,2	41,8	33,3
3- version N180P90K60	24,1	6,5	44,7	35,1
4- version N240P120K75	23,5	6,2	43,4	34,5
Jonotan variety				
Control	20,8	4,0	22,4	23,7
1- version N60P45K30	21,7	4,7	30,1	25,3
2- version N120P60K45	22,4	5,1	35,6	27,6
3- нұсқа N180P90K60	22,8	5,5	41,2	30,5

4- version N240P120K75	22,5	5,3	40,4	30,5
Kyrgyz varieties				
Control	19,2	3,6	19,1	19,2
1- version N60P45K30	20,3	4,2	25,3	21,4
2- version N120P60K45	20,8	5,0	31,5	23,8
3- version N180P90K60	21,1	5,4	39,6	29,6
4- version N240P120K75	20,6	5,1	38,4	29,1

The maximum indicator of the average length of annual shoots of apple varieties was observed on the Melba tree. In the experiment, the longest shoot of 25.3 mm was observed in 3 variants of the experiment. The average thickness of annual shoots was studied when using the mineral fertilizer experiment option 4 N240P120K75. Its size was 4.5-6.2 mm in the Melba apple variety; 4.0-5.3 mm in the Jonathan apple variety; 3.6-5.1 mm in the Kirgizsky zimniy apple variety. It was found that the amount of mineral fertilizers affects the average thickness of annual shoots. Here, the maximum indicator of the average thickness of annual shoots was observed in 3 versions of the experiment – in the Melba variety -6.7 mm, in the Borovntka variety -6.5 mm, in the Jonotan variety -5.5 mm and in the Kirgizsky zimniy apple variety -5.4 mm. It was noticed that the subsequent increase in the amount of mineral fertilizers negatively affects the average thickness of annual shoots.

Түркістан қаласы ХҚТУ-ң ботаникалық бағында өскен алма ағаштарына берілетін азот, калий және фосфор тыңайтқыштарының енгізу мерзімі мен мөлшерін анықтай отырып, жемістердің сапасын жақсарту және өнімділігін көтеру арқылы зиянсыз және пайдалы сұрыптарды таңдау мақсатында тәжірибе жүргізу барысында олардың өсу қарқындылығы мен өнімділігін арттыру жолдары қарастырылды (1-кесте).

Кесте 1. Минералды тыңайтқыштардың алма ағаштарының биологиялық көрсеткіштеріне әсері

Тәжірибе нұсқалары	Бір жылдық өркендерінің орташа ұзындығы, см		Бір жылдық өркендерінің орташа жуандығы, см		Бір жылдық өркендердегі жапырақтардың орташа саны, дана		Бір жапырақтың орташа көлемі, см ²	
Бакылау	21,8	22,9	2,9	4,7	19,7	25,1	21,3	29,7
1 нұсқа N ₆₀ P ₄₅ K ₃₀	22,2	22,8	3,3	4,8	20,5	28,6	23,8	32,3
2-нұсқа N ₁₂₀ P ₆₀ K ₄₅	23,7	23,1	4,2	5,1	22,8	31,8	22,3	33,7
3-нұсқа N₁₈₀P₉₀K₆₀	26,3	25,7	4,5	5,9	33,8	42,3	28,5	35,3
4-нұсқа N ₂₄₀ P ₁₂₀ K ₇₅	24,2	24,2	4,5	5,4	34,4	40,2	27,1	34,9

ХҚТУ-ң Ботаникалық бағының сұр топырақтарында өскен алма ағаштарының өнімділігін көтеру және жемістердің сапасын жақсылау мақсатында 10-12 жылдық орташа деңгейде өскен алма ағаштарының Джонатан, Мелба, Ренет Симиренко, Боровинка, Киргизский зимний және Заилийский Алатау сұрыптарына азотты-калийлі-фосфорлы тыңайтқыштарды енгізу арқылы олардың өсу қарқындылығы мен өнімділігі бағаланды.

Кесте 2. Минералды тыңайтқыштардың Заилийский Алатау және Ренет Симиренко алма ағашының биологиялық көрсеткіштеріне әсері

Тәжірибе нұсқалары	Бір жылдық өркендерінің орташа ұзындығы, см		Бір жылдық өркендерінің орташа жуандығы, см		Бір жылдық өркендердегі жапырақтардың орташа саны, дана		Бір жапырақтың орташа көлемі, см ²	

Бакылау	21,8 -22,9	2,9- 4,7	19,7- 25,1	21,3- 29,7
1 нұсқа N ₆₀ P ₄₅ K ₃₀	22,2- 22,8	3,3- 4,8	20,5- 28,6	23,8- 32,3
2-нұсқа N ₁₂₀ P ₆₀ K ₄₅	23,7- 23,1	4,2- 5,1	22,8- 31,8	22,3- 33,7
3-нұсқа N₁₈₀P₉₀K₆₀	26,3- 25,7	4,5- 5,9	33,8 -42,3	28,5- 35,3
4-нұсқа N ₂₄₀ P ₁₂₀ K ₇₅	24,2 -24,2	4,5- 5,4	34,4 -40,2	27,1- 34,9

2- кестеге сәйкес, минералды тыңайтқыштардың Заилийский Алатау және Ренет Симиренко алма ағаштарының биологиялық көрсеткіштеріне әсерін зерттеу кезінде, минералды тыңайтқыштардың 50%-ы алма ағаштарына бүршік атқанға дейін, 50%-ы түйнек тую уақытында N₁₈₀P₉₀K₆₀ мөлшерде берілгенде, өркендердің ұзындыққа өсуі - 25,7 смантиметрге, ал, жуандығы 5,9 сантиметрге, сонымен бірге, жапырақтардың саны 42,3-ке артса, көлемі 35,3 см²-ға ұлғаюы анықталды.

Минералды тыңайтқыштарды үнемдеп пайдалану - топырақтың құнарлылығын жоғарылатады және ауыл шаруашылық өсімдіктерінің өнімділігі мен сапасын арттырады. Алма ағаштарының өнімділігін көтеру және жемістердің сапасын жақсылау үшін, оларға берілетін минералды тыңайтқыштардың мерзімі мен мөлшері белгілі болса, өсімдіктерге оң әсерін тигізетіндігі анықталды.

Егер тыңайтқыштар өсімдік қажеттілігіне көп мөлшерде қолданылса, түсімділігі көбеймей, өнім сапасы нашарлайды. Баудың жерін тыңайту – жеміс ағаштарының жақсы өсуіне, ағаш тұлғасының тез жетілуіне және жеміс беретін бұталардың өсуіне, сонымен қатар жеміс беру кезеңінің тездетілуіне көмектеседі.

Зерттеу жүргізілген жұмыстарымызда Ботаникалық бақта орташа деңгейде өскен жасы 10-12 жылдық алма ағаштарының Заилийский Алатау және Ренет Симиренко сорттарына минерал тыңайтқыштарды аммиак селитрасының 60, 120, 180, 240 кг мөлшерлерінде; қос суперфосфаттың 45, 60, 90,120 кг мөлшерінде; хлорлы калийдің Заилийский Алатау сортына 30, 45, 60, 75 кг мөлшері; ал Ренет Симиренко сортына сол тыңайтқыштарды 30, 30, 45, 60 кг мөлшерде берген болатынбыз.

Минералды тыңайтқыштың 100 % Ренет Симиренко сортына күз мезгілінде берілсе, ал Заилийский Алатау сорттарына көктемде енгізілді.

Тәжірибе барысында екі сорттың да алма ағаштарына тыңайтқыштардың 50 пайызын бүршік атқанға дейін, ал 50 пайызын түйнек тую уақытында беріліп, әрбір тыңайтқыш енгізілген кезде алма ағаштары суарылып отырды.

Біздің жүргізген тәжірибеде суарылу мерзімі наурыз айынан басталып, тамыз айында тоқтатылды.

Қорыта келе, ғылыми тәжірибелердің нәтижесінде Ботаникалық бақта өскен алма ағаштарына берілетін минералды тыңайтқыштың мерзімі мен мөлшерін анықтай отырып, жемістердің сапасын жақсарту және өнімділігін көтеру арқылы төзімді және пайдалы сорттарды таңдауға мүмкіндік туып отыр.

Ботаникалық бақта орташа деңгейде өскен алма ағаштарының өнімділігін көтеру және жемістердің сапасын жақсылау мақсатында минералды тыңайтқыштарды енгізу арқылы олардың өсу қарқындылығы мен өнімділігі бағаланды.

Ғылыми тәжірибелердің нәтижесінде Ботаникалық бақта өскен алма ағаштарына берілетін минералды тыңайтқыштың мерзімі мен мөлшерін анықтай отырып, жемістердің сапасын жақсарту және өнімділігін көтеру арқылы төзімді және пайдалы сорттарды таңдауға мүмкіндік туады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Щепетков Н.Г., Ысқақов М.А. Жеміс көкөніс шаруашылығы. Алматы. 2011ж.
2. Исаев С.И. Потенциал продуктивности сортов яблони отечественной селекции и перспективных интродуцированных для интенсивного сада на Юго-Востоке Казахстана. Алматы. 2010г.
3. Михайлова Л.А., Субботина М.Г., Алёшин М.А. Удобрение и диагностика минерального питания плодово-ягодных культур. Пермь. Изд.«Прокрость». 2019г. - 240с.
4. Дорошенко Т.Н., Максимцов Д.В.. Плодоводство с основами экологии. Краснодар. КубГАУ 2016г. -229 с.
5. Ветрова О.А., Макаркина М.А., Леоничева Е.В. Влияние минеральных удобрений на содержание растворимых сухих веществ и аскорбиновой кислоты в плодах сорта яблони веняминовское. 2020г. с.61-69. <https://doi.org/10.31676/2073-4948-2020-63-61-69>
6. Жумагулова М.К., Бакенова Ж.Б., Каирова Г.Н., Харламова Т.А., Муканова С.Т., Рослан И. Влияние минеральных удобрений и биопреператов на агрохимические свойства темно-каштановой почвы и урожайность плодов яблони в условиях юго-востока Казахстана. 2018г.
7. Особенности применения органических, минеральных, органоминеральных и зеленых (сидератов) удобрений в фермерских условиях. «Центр обучения, консультации и инновации». Бишкек. - 2018г. с.76-84.
8. Зирюкин Ю.Г. //Продуктивность яблони в зависимости от обеспеченности почвы основными элементами минерального питания. Автореферат дис. канд.с.х.наук. Мичуринск, 1986. -19с.
9. Кудрявец Р.П. Продуктивность яблони. -Москва «Агропромиздат», 1987. -303 с.

**ТҮРКІСТАН ӨНІРІНДЕГІ ТОПЫРАҚ МИКРОАҒЗАЛАРЫНЫҢ
ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ**
**DETERMINATION OF PHYSIOLOGICAL CHARACTERISTICS OF SOIL
MICROORGANISMS OF TURKESTAN REGION**

Убайдуллаева А.К.

б.ғ.к., доцент м.а., Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Малик Х.Н.

студент, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Мағзомов К.Е.

студент, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

АНДАТПА

Мақалада топырақ микроорганизмдері бірлестігінің физиологиялық әртүрлілігін зерттеудің әдістемелік тәсілдері талқыланып, сонымен қатар, топырақ микрофлорасына микроорганизмдердің барлық белгілі топтары: спора түзетін және спора түзбейтін бактериялар, актиномицеттер, саңырауқұлақтар, спирохеталар, архебактериялар, қарапайымдылар, көк-жасыл балдырлар, микоплазмалар және вирустар кіретіні туралы мәліметтер келтірілген. Топырақ микрофлорасының сапалық және сандық құрамына топырақтың түрі, оның құнарлылығы, ылғалдылығы, аэрация және физика-химиялық қасиеттері әсер етеді. Топырақ микробиоценозына адамның шаруашылық әрекеті болған топырақты өңдеу, тыңайту, мелиорациялау, өндіріс қалдықтарымен ластану айтарлықтай әсер етеді.

Кілт сөздер: бактериялар, актиномицеттер, саңырауқұлақтар, спирохеталар, архебактериялар.

ABSTRACT

The article discusses methodological approaches to the study of the physiological diversity of the association of soil microorganisms, and also provides data that the soil microflora includes all known groups of microorganisms: spore and spore-forming bacteria, actinomycetes, fungi, spirochaetes, archaeobacteria, protozoa, blue-green algae, mycoplasmas and viruses. The qualitative and quantitative composition of the soil microflora is influenced by the type of soil, its fertility, humidity, aeration and physico-chemical properties. The microbiocenosis of the soil is significantly affected by human activity: tillage, fertilization, land reclamation, industrial waste pollution.

The microflora of the soil varies significantly in quantitative and species composition depending on the chemical composition of the soil, its physical properties, reaction (pH), moisture capacity, and degree of aeration. Climatic conditions, the time of year, methods of agricultural tillage, the nature of vegetation cover and other factors also significantly affect.

Soil as a habitat and a product of the vital activity of microorganisms is a complex system, including species diverse in physiology, providing a biological cycle of substances, soil formation processes and their resistance to natural and anthropogenic factors. This determines the theoretical and applied importance of environmental studies of microbial communities.

The key factors of the ecology of microorganisms are the taxonomic and functional diversity of the microbial community and the nature of the interaction of members of this community, ensuring the formation of soil and mineral nutrition of plants.

Keywords: bacteria, actinomycetes, fungi, spirochetes, archaebacteria.

Топырақ микроорганизмдердің тіршілік ету ортасы ретінде гетерогенді және гетерофазды болып табылады, ол онда өмір сүретін микроорганизмдердің таралуы мен тіршілік етуінің микрорональды сипатын анықтайды. Микроорганизмдер қауымдастығының құрылымы және оның физиологиялық параметрлері уақыт пен кеңістікте өзгереді, табиғи және антропогендік факторлардың айтарлықтай әсеріне ұшырайды, бұл әдістемелік қиындықтарды тудырады және топырақ микрофлорасын бағалау кезінде нәтижелердің айтарлықтай өзгергіштігін анықтайды. Микроағзалардың физиологиясы микробиологияның микроб жасушаларының химиялық құрамын, қоректік заттардың жасушаға түсу механизмдерін, энергия және конструктивті алмасуын, бактерия жасушасынан заттардың бөліну жүйелерін, бактериялардың өсуі мен көбеюін зерттейді. [1].

Ғасырлар бойы элективті қоректік ортаны қолданудың дәстүрлі әдістері микроорганизмдердің көптеген физиологиялық топтарын анықтауға және олардың заттар айналымындағы, топырақ түзілу процестеріндегі және өсімдіктердің қоректенуіндегі рөлі туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Топырақ микроорганизмдерінің таксономиялық және функционалдық әртүрлілігін зерттеудің барлығы дерлік орташа топырақ үлгілерін талдауға негізделген және бізге жеткілікті үлкен топырақ массиві үшін микрофлораның сапалық құрамы туралы кейбір интегралды түсініктер береді. Сонымен қатар, бұл деректер жылдың белгілі бір метеожағдайларында және өсімдік жамылғысының белгілі бір күйінде сынамаларды алу күнінде басым процестер мен басым микрофлораны көрсететінін нақты түсіну керек. Басқа жағдайларда іріктеу кезінде алаңның сол учаскелерінен топырақ үлгілерін зерттеу бұрын жасалған қорытындыларды сызып тастауы мүмкін басқа нәтижелер береді. Топырақ микрофлорасының Функционалды және таксономиялық әртүрлілігін зерттеу XX ғасырдың басынан бастап өте қарқынды жүргізіліп келеді. Роберт Кох) ұсынған қатты қоректік орталар пайда болғаннан кейін айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді [1].

Физиологиялық топтар топырақтағы заттардың айналу тізбегінде бірдей функцияны орындайтын микроорганизмдер жиынтығы деп аталады. Сонымен қатар, микроорганизмдер полифункционалды жүйелер екені белгілі. Сондықтан, өмір сүру жағдайлары өзгерген кезде, олар қайта құрылып, басқа (кейде қарама-қарсы) функцияны орындай алады және басқа физиологиялық топқа жатқызылуы мүмкін. Мысалы, минералды азот қосылыстарының жетіспеушілігімен денитрификациялаушы бактериялар деп аталатындар молекулалық азотты бекітуге қабілетті, ал ортада ақуыз бен аминқышқылдары болған кезде аммонификаторлар қызметін атқарады [2].

Топырақтағы биологиялық айналым микроорганизмдердің әртүрлі топтарының қатысуымен жүзеге асырылады. Топырақтың түріне байланысты микроорганизмдердің құрамы да өзгереді. Бау-бақша, егістік топырақтарда олардың 1 грамм топырағында миллионнан бірнеше миллиардқа дейін микроағзалар бар. Олар өздерінің биомассасымен топырақтың органикалық заттарының жиналуына қатысады және өсімдіктердің минералды қоректенуінің қол жетімді түрлерін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Өсімдіктердің өсуі мен дамуын

ынталандыратын ауксиндер, гиббереллиндер, дәрумендер, аминқышқылдары сияқты топырақта биологиялық белсенді заттардың жиналуындағы микроағзалардың маңызы өте зор. Микроағзалар полисахаридтік сипаттағы шырыштарды, сондай-ақ саңырауқұлақтардың көптеген гифтерін құрайды, топырақ құрылымын қалыптастыруға, топырақ бөлшектерін агрегаттарға жабыстыруға белсенді қатысады, бұл топырақтың су-ауа режимін жақсартады [2].

Топырақтың биологиялық белсенділігі, топырақ микроағзаларының көптігі мен белсенділігі, органикалық заттардың құрамымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, өсімдік қалдықтарының минералдануы, гумификация, минералды қоректену элементтерінің динамикасы, топырақ ерітіндісінің реакциясы, топырақтағы әртүрлі ластаушы заттардың өзгеруі, өсімдіктерде улы химикаттардың жинақталу дәрежесі, топырақта улы заттардың жиналуы және топырақтың шаршау құбылысы сияқты топырақ құнарлылығының қалыптасуының маңызды процестері микроағзалардың белсенділігімен тығыз байланысты. Ауыр металдардың қосылыстарын өзгертуде және залалсыздандыруда микроағзалардың санитарлық-гигиеналық рөлі үлкен [5].

Топырақ микроағзалары (бактериялар, архейлер және саңырауқұлақтар) және микрофауна (қарапайымдылар мен нематодтар) органикалық және бейорганикалық қосылыстарды органикалық заттардың ыдырауы және қоректік заттардың айналымы сияқты процестер арқылы өсімдіктер мен басқа организмдер үшін қолжетімді формаларға айналдыруда маңызды.

Топырақ минералды және органикалық қосылыстардан тұрады. Ол табиғатта азот, көміртек, күкірт, темір айналымын, оның түзілу, өзін-өзі тазарту процесін жүзеге асыратын микроорганизмдердің тіршілік әрекетінің өнімі. Топырақ микроорганизмдері ауадан азотты бекітеді (жыл сайын шамамен 100 млн т), топырақ гумусын түзеді және өсімдіктерге қоректік заттарды бөледі, топырақтың санитарлық қызметін атқарады [2].

Микроорганизмдердің таралу ошағы - олардың топырақтағы экологиясының басты ерекшелігі, бұл топырақ микроорганизмдерінің түрлерін және топырақ горизонттары бойынша топтастырудың ерекшелігін сақтауға мүмкіндік береді. Актиномицеттер мен аэробтар жоғарғы қабаттарда тұрады. Төменгі жағында саңырауқұлақтар мен анаэробтар бар. Топыраққа тереңдей түскен сайын микроорганизмдердің жалпы саны азаяды. Тереңдігіне қарамастан, өсімдіктердің ризосфералық аймағы әрқашан ең тығыз қоныстанған. Перикарпальды (ризосфералық) микрофлораның сапалық құрамы өсімдік түріне байланысты, бірақ барлық жағдайда саңырауқұлақ флорасы басым болады. Тамыр аймағының микроорганизмдерінің саны өсімдіктер өспейтін топырақтың микробтық санынан мың есе көп.

Топырақ микрофлорасына барлық белгілі микроорганизмдер тобы кіреді: споралы және спора түзетін бактериялар, актиномицеттер, саңырауқұлақтар, спирохеттер, архебактериялар, қарапайымдылар, көк-жасыл балдырлар, микоплазмалар және вирустар. Топырақ микрофлорасының сапалық және сандық құрамына топырақтың түрі, оның құнарлылығы, ылғалдылығы, аэрациясы және физикалық – химиялық қасиеттері әсер етеді [2].

Топырақ микробиоценозына адамның іс-әрекеті айтарлықтай әсер етеді, мысалы топырақты өңдеу, тыңайтқыштар енгізу, мелиорация, өндіріс қалдықтарымен ластану.

Микробтардың көптеген түрлерінің болуы, олардың әртүрлі тағамдарды тұтыну қабілеті, өмір сүру жағдайларына бейімделуі, ыстыққа, суыққа және ылғалдың болмауына төзімділігі, тез көбею қабілеті сияқты негізгі факторларға байланысты.

Топырақ-микроорганизмдердің табиғи тіршілік ету ортасы болып табылады, себебі топырақта олардың дамуына қажетті барлық жағдайларды, тамақ, ылғал, тікелей күн сәулесінің және кептірудің зиянды әсерінен қорғайды.

Топырақтың микрофлорасы сандық және түрлік құрамы бойынша топырақтың химиялық құрамына, оның физикалық қасиеттеріне, реакциясына (рН), ылғал сыйымдылығына, аэрация дәрежесіне байланысты айтарлықтай өзгереді. Климаттық жағдайлар, жыл мезгілдері, ауылшаруашылық өңдеу әдістері, өсімдік жамылғысының табиғаты және басқа факторлар да айтарлықтай әсер етеді.

Микроорганизмдер топырақ горизонттарында да бірдей емес. Олардың ең азы әдетте микроорганизмдер күн сәулесінің және кептірудің қолайсыз әсеріне ұшырайтын қалыңдығы бірнеше миллиметрлік топырақтың ең беткі қабатында кездеседі. Әсіресе микроорганизмдер көп қоныстанған топырақтың келесі қабаты қалыңдығы 5-10 см, ал, тереңдеген сайын микроорганизмдердің саны азаяды, 25-30 см тереңдікте олардың саны қалыңдығы 1-2 см беткі қабатқа қарағанда 10-20 есе аз. Топырақтың микрофлорасы топырақтың химиялық құрамына, оның құрамында көптеген органикалық заттар бар және жақсы аэрацияға ұшыраған топырақтың жоғарғы қабаттарында аэробты сапрофиттер басым, бұл әдіс [3].

Топырақ микрофлорасы бактериялардың, актиномицеттердің, саңырауқұлақтардың, балдырлардың және қарапайым жануарлардың әртүрлі түрлерімен ұсынылған. Топырақтың тұрақты тіршілік етуші микроағзаларына әртүрлі шірітуші, негізінен споралы, аэробты (*Bacillus subtilis*, *Cereus var. mycoides*, *Bacillus megaterium*) және анаэробты (*Clostridium sporogenes*, *Clostridium putrificum*) бактериялар, сондай-ақ целлюлоза ыдыратушы, нитрификациялаушы, денитрификациялаушы, азотфиксациялаушы және темір бактериялары жатады.

Топырақ микроағзаларының қызметі - топырақ құнарлылығын жақсылауда үлкен рөл атқарады. Бір-бірін дәйекті түрде ауыстыра отырып, микроорганизмдер топырақтағы заттардың айналымы процестерін жүзеге асырады. Топыраққа өсімдік қалдықтары, жануарлардың мәйіттері және басқа ластаушы заттар түрінде енетін органикалық заттар біртіндеп минералданады. Өсімдіктерге қол жетімді емес формалардан көміртегі, азот, фосфор және басқа элементтердің қосылыстары олар сіңіретін заттарға айналады.

Сандық талдау әдістерінің ішінде С.Н.Виноградский ұсынған топырақты тікелей микроскопиялау әдісі ең объективті болып табылады. Бұл әдіспен топырақ суспензиясы дайындалады және микроскоптың көмегімен белгілі бір мөлшерде микроорганизмдердің жалпы саны есептеледі [3].

Флюорохромдарды микроскопиясын қолдану арқылы топырақтағы микроорганизмдерді тікелей ұсақ минералды бөлшектер арасында оңай ажыратуға мүмкіндік береді.

Тікелей әдістер топырақтағы микроорганизмдердің жалпы саны туралы түсінік береді. Алайда, микроорганизмдердің пайда болуы олардың функцияларын бағалауға мүмкіндік бермейді, сондықтан микроскопиялық тіршілік иелерінің жеке жүйелі және физиологиялық топтарының топырағындағы қатынасты одан әрі анықтаған жөн.

Микроорганизмдердің жеке топтарын (бактериялар, актиномицеттер, саңырауқұлақтар және т.б.) топырақ суспензиясын қатты қоректік ортаға себу арқылы анықтауға болады, содан кейін микроорганизмдердің микробтары дамиды. Тәжірибеде әдетте агаризацияланған немесе желатинделген қоректік орталар

қолданылады. Кейбір жағдайларда микроорганизмдердің белгілі бір топтарын анықтауға көмектесетін әртүрлі қоректік ингредиенттер жиынтығы алынады.

Топырақты талдау кезінде микроорганизмдердің жеке физиологиялық топтарының саны жиі ескеріледі. Бұл микроорганизмдердің белгілі бір топтары үшін сұйық селективті (элективті) қоректік орталар топырақ суспензиясының әртүрлі сұйылтуларымен ластанатын титр әдісі деп аталады. Термостатта ұстағаннан кейін микроорганизмдердің қажетті тобының болуын көрсететін сұйылту дәрежесін белгілей отырып, оның топырақтағы өкілдерінің санын қарапайым қайта есептеу арқылы анықтауға болады. Осылайша, олар топырақтың нитрификаторларға, денитрификаторларға, целлюлозаны ыдыратушыларға және басқа микроорганизмдерге қаншалықты бай екенін біледі [4].

Топырақтың түрін және оның күйін сипаттау үшін микроорганизмдердің әртүрлі топтарының санының көрсеткіштері ғана емес, сонымен қатар, олардың жекелеген түрлерінің топырақтағы жағдайын талдау да маңызды. Сирек жағдайларды қоспағанда, тіпті микроорганизмдердің физиологиялық топтары өте кең. Сыртқы орта топырақ микроорганизмдерінің түрлік құрамын күрт өзгерте алады, бірақ олардың физиологиялық топтарының санына аз немесе мүлдем әсер етпейді. Сондықтан топырақты талдау кезінде микроорганизмдердің жекелеген түрлерінің күйін анықтауға тырысу керек.

Біздің зертеу жұмыстарымызда топырақ микроағзаларын зертханалық жағдайда анықтау үшін топырақ суспензиясын себу етті-пептонды агарда (ЕПА) әр сұйылтудан 1 мл Петри табақшасында жүзеге асырылады. Содан кейін шыныаяқтарға 7-10 мл балқытылған және 45°C дейін салқындатылған агар құйылады. Дақылдар 28-30°C температурада 72 сағат бойы инкубацияланады және өскен колониялардың санын есептейді. Егер Петри табақшасында 150-ден астам колония өссе, онда есептеулер $\frac{1}{4}$ алаңда жүргізіледі, содан кейін бүкіл аумаққа қайта есептеледі. Барлық Петри табақтарында есептелген колониялардың қосындысынан орташа арифметикалық алынады, содан кейін сұйылтуды ескере отырып, 1 грамм топырақтағы микроорганизмдердің саны анықталып, олардың морфологиялық және физиологиялық қасиеттеріне түрлік сипаттама жасалды.

Термофильді бактерияларды есепке алу әдеттегіден гөрі қалың қабатта Петри табақтарына құйылған МПА-да жасалады. Егіс өсіруден жасалады 1:10, 1:100, 1:1000, сонымен қатар, әр сұйылтудан 2-3 параллель шыныаяқ себу ұсынылады. Термофильді бактериялар шамамен 60°C температурада өсіріледі. Бактериялардың санын есептеу 1 грамм топыраққа жүргізілді.

Топырақтағы азықтық заттармен микробиологиялық процестерді көптеген ғалымдар зерттеген, бірақ оңтүстік Қазақстанның топырақ қабаттарында азықтық заттармен микроценоздың азықтану түріне қарай түрліше өзгеруін осы уақытқа дейін ешкім анықтаған жоқ.

Түркістан өңірінің сұр топырақтары құнарлылығы жағынан (қарашірік және қоректік заттар мөлшері) құнарсыз болып келеді. Бұл топырақтарда қарашірік қабатының қалыңдығы 10-20 см болып, қарашіріктің мөлшері 0,8 - 2,0 пайызға дейін барады.

Түркістан өңірінен төмендегі негізгі топырақ типтері ажыратылған: аллювиальды – орманды топырақтар; сұр және сортаң тақырлы топырақтар; кәдімгі сұр топырақтар; тау өзендерінің жайылымды - сұр интрозональды топырақтары.

Бұл жұмыста топырақ микроорганизмдері қауымдастығының физиологиялық әртүрлілігін анықтаудағы әдістемелік тәсілдер қолданылып, анықтау жолдары қарастырылады.

Зерттеу жұмыстары барысында біз ХҚТУ Ботаникалық бағының топырақтарында тіршілік етуші микроағзаларды анықтадық және олар *Escherichia*, *Enterobacter* және *Bacillus* туыстарына жататын микроағзалар екендігі анықталды, сонымен қатар, оларға түрлік сипаттама жасалды.

Escherichia coli 18 – қозғалғыш таяқша тәрізді бактериялар, мөлшері 1,5-3x0,5 мкм. Талшықтануы бойынша лофотрихтер. Таксономиялық қасиеттері бойынша Грам теріс. Оксидаза теріс, каталаза оң. Факультативті анаэробтар. ЕПА-да дөңгелек, жылтыр, дөңес, тегіс, ақшыл колониялар түзеді. ЕПС-да біртекті бұлыңғырлық, аз тұнба бар. Протеолитикалық белсенділік жоқ. Олар картопта өседі, майды ыдыратады, крахмалды әлсіз гидролиздендіреді, желатинді сұйылтпайды. Нитраттар NO₂-ге дейін өзгереді. Күкіртсутек пен инодол түзеді. Фогес-Проскауэр реакциясы оң, метил қызыл реакциясы оң. Азот көзі ретінде пептон, аспарагин, мочеви́на, (NH₄)₂SO₄ қолданылады. Көміртектің көзі ретінде арабиноза, ксилоза, сахароза, фруктоза, глюкоза, лактоза, галактоза, рамноза, глицерин, сорбит, маннитол, инозитол, мальтоза қолданылады. Аланин, пролин, әлсіз аспарагин, гистидин, глутамин, серин, орнитин аминқышқылдарынан көміртектің көзі ретінде сіңіреді. Органикалық қышқылдардан натрий ацетаты мен натрий цитратын жақсы сіңіреді. Сұр топырақтан оқшауланған.

Enterobacter aerogenes 10 - қозғалғыш таяқшалар, 1,5-3x0,5 мкм. Талшықтануы бойынша лофотрихтер. Грам теріс. Оксидаза теріс, каталаза оң. Факультативті анаэробтар. ЕПА-да дөңгелек, жылтыр, дөңес, тегіс, ақшыл колониялар өседі. ЕПС-да әлсіз біртекті бұлыңғырлық, аз тұнба бар. Протеолитикалық белсенділік жоқ. Сүт пептонизацияланбайды. Олар картопта өседі, майды ыдыратады, крахмал әлсіз гидролизденеді, желатинді сұйылтпайды. Нитраттар NO₂-ге дейін өзгереді. Күкіртсутек пен инодол түзеді. Фогес-Проскауэр реакциясы оң, метил қызыл реакциясы оң. Азот көзі ретінде пептон, аспарагин, мочеви́на, (NH₄)₂SO₄ қолданылады. Көміртектің жалғыз көзі ретінде арабиноза, ксилоза, сахароза, фруктоза, глюкоза, лактоза, галактоза, рамноза, глицерин, сорбит, маннитол, инозитол, мальтоза қолданылады. Аланин, пролин, әлсіз аспарагин, гистидин, глутамин, серин, орнитин аминқышқылдарынан көміртектің жалғыз көзі ретінде сіңеді. Органикалық қышқылдардан натрий ацетаты мен натрий цитраты жақсы сіңеді. Тақыр сұр топырақтардан оқшауланған.

Bacillus subtilis 19 – қозғалғыш, споралы жұқа таяқшалар, мөлшері 5-7x0,3-0,5 мкм. Грам оң. Оксидаза оң, каталаза теріс. ЕПА-да сәл жылтыр, дөңгелектелген жиектері мен беті тегіс емес өрескел, қоңыр колониялары өседі, уақыт өте келе қара қоңыр пигмент бөлінеді. Факультативті анаэробтар. ЕПС-да сақина тәрізді пленка, орташа қабыршақ тәрізді тұнба пайда болады. Олар протеолитикалық белсенділікке ие емес, сүтті ыдыратпайды. Картопта жақсы өседі, майларды ыдыратады, крахмалды әлсіз гидролиздендіреді, желатинді сұйылтпайды. Нитраттар молекулалық азотқа дейін газды күйге айналады. Фогес-Проскауэр реакциясы теріс, метил қызыл реакциясы теріс. Азот көзі ретінде пептон, аспарагин мочеви́на, (NH₄)₂SO₄ қолданылады. Көміртектің жалғыз көзі ретінде глюкоза, арабиноза, ксилоза, галактоза, өте әлсіз этил спирті, фруктоза, сахароза, сорбит, манит, глицерин, дульцит қолданылады.

Қорытындылай келе, топырақ микроорганизмдері қауымдастығының таксономиялық және функционалдық әртүрлілігін зерттеу топырақтың микробтық қауымдастығының құрылымын, осы қауымдастыққа кіретін микроорганизмдердің жекелеген түрлерінің

өзара әрекеттесу сипатын, сондай-ақ олардың топырақ түзілу процестеріне және заттар айналымына қатысуын түсіну үшін өте үлкен теориялық мәнге ие екендігіне көз жеткіздік.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рышкель И.В., Рышкель О.С. Влияние антропогенных факторов на микробиологическую активность почвы. БГУ МГЭИ им. А. Д. Сахарова 2018г.
2. Грицкевич Е.Р. Лабораторный практикум по микробиологии. Пособие. – Минск : ИВЦ Минфина, 2017. – 113 с.
3. Дедков В.П., Куркина М.В. Актуальные проблемы изучения микрофлоры почв города Калининграда. Калининград, 2009г.
4. Акчурина Р.А. Кумертауского филиала ФБУЗ «Центр гигиены и эпидемиологии» 2018г.
5. Кожевин П. А. Микробные популяции в природе. М.: Изд-во Моск. ун-та, 2018г.- 175с.

«БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ» БАУЫНДАҒЫ АЛМА ЗИЯНКЕСТЕРІНЕ
БИОПРЕПАРАТТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ
THE EFFECTIVENESS OF THE USE OF BIO PREPARATIONS AGAINST APPLE
PESTS IN THE "BOTANICAL GARDEN"

Ерденев М.

*а-ш.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан
ORCID ID: 0000-0002-8059-7307*

Мұратханқызы А.

*биология мамандығының 4-курс студенті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-
түрік университеті, Түркістан, Қазақстан*

АНДАТПА

Түркістан аумағында орналасқан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ботаникалық бағында өсіп тұрған алма ағаштарының зиянкестеріне қарсы биопрепараттарды қолданудың тиімділігін анықтаған. Алма ағашының зиянкестеріне қарсы кешенді күрес жолдарын пайдаланған тиімді болады деп есептейміз. Яғни, зиянкеске түрде төзімді сорттарды қолдану, минералдық және органикалық қоректену жағдайын дұрыстау (жақсы дамыған өсімдіктердің зиянкеске қарсы тұру қабілеті жоғарылайды), биологиялық әдістерді пайдалану және химиялық препараттармен алма ағашының алқаптарын өңдеу. Зерттелу аумағындағы ауа температурасына байланысты алма жемірі мен алманың даму сатыларының тойқаласуы расталды. Жұлдызқұрттардың қуыршаққа айналуы мамырдың екінші, үшінші онкүндігінде басталатындығы анықталды сонымен қатар, алма ағаштарын зиянкестерден қорғауда экологиялық және биологиялық жағынан тиімді интеграциялық жүйе жасалып, биологиялық препарат Фитоферм алмаларды алма жемірден (биологиялық тиімділігі жоғары, жеміс зақымдалуы төмен) сақтап қалатындығы және, сапалы өнім алуға мүмкіндік бар екені дәлелденді.

Кілітті сөздер: биологиялық препарат, алма жемірі, зиянкестер, ботаникалық бақ, жұлдызқұрт

ABSTRACT

Curriculum vitae. Kozha Ahmet Yasawi, located in the territory of Turkestan, determined the effectiveness of using biological preparations against pests of apple trees growing in the botanical garden of the International Kazakh-Turkish University. We believe that it will be effective to use complex control methods against apple tree pests. That is, the use of pest-resistant varieties, mineral and organic nutrition

correcting the condition (the ability of well-developed plants to resist pests increases), the use of biological methods and processing of apple tree fields with chemical preparations. The overlap of apple rot and apple development stages depending on the air temperature in the study area was confirmed. It was determined that the transformation of starworms into pupae begins in the second and third decade of May.

An ecologically and biologically effective integrated system was created to protect apple trees from pests, and it was proven that the biological preparation Fitoferm protects apples from apple rot (high biological efficiency, low fruit damage) and it is possible to obtain quality products.

Keywords: biological preparation, apple rot, pests, botanical garden, starling

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында жеміс дақылдарының көлемі жыл өткен сайын артып келеді. Соңғы жылдары жеміс бауларының алқаптары екі есеге жуық өсіп, 85 мың га жуықтап қалды. Жемістік бау дақылдарының ішінде алма ағаштарының маңыздылығы егілу көлемі бойынша да, тұтынушылармен қолдану деңгейі бойынша да жоғары[1,2]. Алма ағаштарының алқаптары негізінен Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерінде орналасқан. Ал енді осы өңірлерде жемістік бабау шаруашылығының жоғары деңгейде дамуына, жемістердің өнімділігінің артуына және өнімнің сапасына зиянын тигізетін, өнімін төмендететін аса қауіпті жағдай бар. ООл – алма ағаштарының зиянкестері. Ол жыл артқан сайын агротехникалық шаралардың толық орындалмауынан кең жайылуда.

Алма ағаштарының зиянкестері Түркістан өңірі үшін аса қауіпті зиянді нысан болып саналады. Себебі, бұл зиянкес көршілес аудандар мен аймақтардан тез таралады. Зиянкес көбінесе алма ағашының жемісін зақымдайды. жұлдызқұрттары алма ағашының жемістеріне еніп, тұқым дәндерін жеп, басқа жемістерге өтіп, жемістің өсуін тоқтатып, сапасын төмендетеді. Алма ағаштарының жұлдызқұрттарының дамуына қолайлы температурада (22-27⁰C) олар 3-4 күннен кейін жемістің жұмсақ жеріне кіріп өздерінің зиянді әрекеттерін жасайды[3,4].

Алма ағашының зиянкестерінің жұлдызқұрттары зиянкестің түрлеріне қарай ақ, кейбірде сары не ақшыл сары түсті, ұзындығы 18-22 мм шамасында болады. Жұлдызқұрттарының өмір сүру ұзақтығы ауа температурасына байланысты бірнеше күнге дейін созылады және қуыршақтанғанға дейін жемісті тастап, бұтақтардың кеуек жерлерінде ен қыстайды, көктемде қуыршаққа айналады

Алма ағашының зиянкестері біздің өңірде бірнеше жаңа ұрпақтар береді. Алма ағашының жемісіне ең көп мөлшерде жұлдызқұрттар зияндылығын тигізеді.

Алма ағашының зиянкестеріне қарсы кешенді күрес жолдарын пайдаланған тиімді болады деп есептейміз. Яғни, зиянкеске түрде төзімді сорттарды қолдану, минералдық және органикалық қоректену жағдайын дұрыстау (жақсы дамыған өсімдіктердің зиянкеске қарсы тұру қабілеті жоғарылайды), биологиялық әдістерді пайдалану және химиялық препараттармен алма ағашының алқаптарын өңдеу.

Осы айтылған күрес шараларының ішінен қазіргі уақытта алма ағашының зиянкестерімен ең көп таралған және өте тиімді күресу жолы - химиялық әдіс табылады. Бұл әдіс химиялық препараттарды қолдануға бағытталған. Қазіргі таңда жеміс бауын өсіруді кәсіп еткен шаруашылықтар зиянкестерге қарсы кең көлемде түрлі химиялық препараттарды қолданады. Бірақ, бұл химиялық әдіс экологиялық тұрғыдан алғанда өте зиянды. Бұл жерде қоршаған ортаға көп зиян тиеді. Яғни, бұл зиянкестердің жыртқыштары- энтомофагтарға, топырақтағы пайдалы микроорганизмдерге, өсімдіктерге және алма жемісін жейтін адамдардың ағзасына қауіпті Сондықтан алма ағашының алқаптарында экологиялық жағынан зияны жоқ немесе зияндылығы барынша төмен биоинсектицидтер пайдалану қажет. Зерттеу

жұмысымыздың мақсаты мен міндетіне байланысты биологиялық препараттардың тиімділігін анықтау үшін эксперименттік жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ботаникалық бақтың бауында жасалды.

ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ

Ретінде алма ағашының Ренет Симиренко күздік-қыстық сорты, алма ағашының зиянкестері-алма жемірі (*Cydia pomonella*) мен алма күйесі (*Yponomeuta malinellus*) және биологиялық препараттар зерттелді.

Алма ағашының зиянкестеріне споралы-кристалды бактерия кешенінің негізінде жасалған бактериальды инсектицидтік препарат – БИП 2 және 4кг/га нормада, топырақ микроорганизмдерінің тіршілік негізінде дайындалған, биологиялық препараттың төртінші ұрпағы- Фитоверм 1% к.э (концентраттық эмульсия) 0,5 және 0,8 л/га нормада алынды.

Тәжірибе жүргізіліп отырған телімнің топырағы - ашық сұр топырақ, механикалық құрамы бойынша орташа сазды, тұздануы әлсіз тұзды (хлорлы-сульфатты), өңделетін қабатындағы қарашірік мөлшері 1,15% шамасында, топырақ ортасының көрсеткіші сілтілі болып келеді (рН 7,2).

Алма ағашының зиянкестерімен күресуге ұсынылған биологиялық препараттар тізімі бойынша «Пестицидтерді Қазақстан Республикасында өндірістік зерттеулер жүргізу әдістемесі бойынша» (Астана, 2005) жүргізілді.

Тәжірибе мына нұсқалармен қойылды: 1) Бақылау (өңдеусіз); 2) Фитоверм 1% к.э - 0,5 л/га; 3) Фитоверм 1% к.э - 0,8 л/га; 4) БИП – 2 кг/га ; 5) БИП – 4 кг/га.

Биологиялық препараттарды қолдану тәсілі - алманың вегетациялық кезеңінде зиянкес пайда болғанда өсімдіктерді бүрку. Алма ағашының зиянкесіне қарсы препараттарды шашуда бауда ОВТ-1500 тіркемелі бүріккіш қолданылды. Қолданылған сұйықтықтың (су) 1 гектарға шашу мөлшері 300 л құрады.

Жемістік бауда алма ағашының зиянкестеріне қарсы қолданылған биологиялық препараттарды зерттеу барысында жоғарғы биологиялық және шаруашылық әсерін көрсетті.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІ

Зертеу жұмысы бойынша алма жемірімен қойылған тәжірибеден алынған мәліметтер 1-кестеде көрсетілген. Алма ағашының зиянкесі алма жеміріне қарсы Фитоверм 1% к.э препаратының 0,5 л/га нормасымен өндегенде 1-есептеу күні зиянкестердің жойылуы 75,0%, 3-күні - 87,9%, 7-күні 90,9% және 14-күні 83,5% тең болды. Ал енді зиянкестер таралған алма бауында Фитоверм 1% к.э препаратының 0,8 л/га нормасымен өндегенде 1-күні 83,3%, 3-күні 93,9%, 7-күні 95,5%, 14-күні 89,0% алма жемірі жойылды. БИП биологиялық препаратпен өндегенде 2 кг/га нұсқасында зиянкес 66,7%; 81,8%; 86,4% және 78,0% жойылса, ал енді 4 кг/га нұсқасында 70,9%; 83,7%; 88,7%; және 81,9% жойылды.

Жеміс бауында Фитоверм 1% к.э препаратын қолданғаннан кейін нәтиже есеп күндеріне сәйкес өнімділігі артып, Фитоверм 1% к.э препаратының шаруашылық тиімділігі 24,0-31,25% ал, БИП препаратын пайдаланғанда 21,6-23,2 % болды.

Алма ағашының зиянкесі- алма күйесімен зерттелген тәжірибе бойынша мәліметтер 2-кестеде көрсетілген. Алма ағашын Фитоверм 1% к.э препаратының 0,5 л/га нормасымен өндегенде алғашқы есептеу күні зиянкестердің жойылу деңгейі 76,9%, 3-күні - 88,4%, 7-күні 90,7%, ал 14-күні 83,3% болды. Ал енді осы препараттың жоғары нормасын, яғни 0,8 л/га беріп өндегенде алма күйесінің жойылуы 1-күні 84,6%, 3-күні 92,4%, 7-күні 95,3%, 14-күні 88,9% құрады. Бұрыннан қолданып келе жатқан БИП биологиялық инсектицидтік препараттың 2 кг/га мөлшерімен өндегенде зиянкестің

жойылуы есептеу күндеріне байланысты 76,9%; 82,6%; 86,0% және 77,8%, ал 4 кг/га мөлшерімен өндегенде сәйкесінше 79,23%; 84,1%; 88,31%; және 81,66% болды.

Бұл жолыда биологиялық препарат Фитоверм 1% к.э., қолданғаннан кейін алма ағашының өнімінің зиянкестен сақталуы жоғары болды. Ал алма күйесіне қарсы бұрыннан қолданып келе жатқан биологиялық инсектицидтік препарат БИП бау өнімін сақтауы Фитоверм 1% к.э препаратына қарағанда төмен болды. Фитоверм 1% к.э препаратының шаруашылық тиімділігі жеткілікті түрде жоғары болып, 25,0 және 30,4% теңелді. БИП биологиялық инсектицидтік препаратының шаруашылық тиімділігі 21,6-24,0% болды.

Кесте-1. Алма бауындағы алма жеміріне қарсы биологиялық препараттың тиімділігі

Тәжірибе нұсқалары	Алма жемірінің 1 өсімдіктегі саны, дана					Есептеу күнінде зиянкес санының кемуі, %			
	Өндеуге дейін	Есептеу күндері				1	3	7	14
		1	3	7	14				
Бақылау (өңделмеген)	11,8	12,0	16,5	22,0	18,2	-	-	-	-
Фитоверм 1% к.э – 0,5 л/га	12,1	3,0	2,0	2,0	3,0	75,0	87,9	90,9	83,5
Фитоверм 1% к.э – 0,8 л/га	10,9	2,0	1,0	1,0	2,0	83,3	93,9	95,5	89,0
БИП – 2 кг/га	11,5	4,0	3,0	3,0	4,0	66,7	81,8	86,4	78,0
БИП- 4 кг/га	11,7	3,5	2,7	2,5	3,3	70,8	83,7	88,7	81,9

Кесте-2. Алма бауындағы алма күйесіне қарсы биологиялық препараттың тиімділігі

Тәжірибе нұсқалары	Алма күйесінің 1 өсімдіктегі саны, дана					Есептеу күнінде зиянкес санының кемуі, %			
	Өндеуге дейін	Есептеу күндері				1	3	7	14
		1	3	7	14				
Бақылау (өңделмеген)	12,0	13,0	17,2	21,4	18,0				
Фитоверм 1% к.э – 0,5 л/га	13,0	3	2	2	3	76,9	88,4	90,7	83,3
Фитоверм 1% к.э – 0,8 л/га	11,6	2	1	1	2	84,6	94,2	95,3	88,9
БИП – 2 кг/га	12,5	3	3	3	4	76,69	82,6	86,0	77,8
БИП- 4 кг/га	12,0	2,7	2,6	2,5	3,3	79,23	86,0	88,31	81,7

Сонымен, зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша жаңадан қолданылған Фитоверм 1% к.э препараты «Қазақстан Республикасы аймағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізіміне» жеміс бауында алма зиянкесіне қарсы бүрку әдісімен 0,5-0,8 л/га мөлшерінде енгізуге ұсынылады.

Жеміс шаруашылығы Қазақстанның оңтүстігінде ауыл шаруашылығының негізгі өндіріс көзі болып табылады. Жеміс шаруашылығынан сапалы да жоғары өнім алу дегеніміз шаруашылықты қазіргі заман талабына сай заманауи технологияны қолдану. Соның ішінде алма ағаштарының зиянкестерімен күресте интеграциялық тәсіл. Яғни агроэкожүйенің фитосанитарлық тиімділігі заманауи технологияның негізгі элементтері және өсімдікті қорғауда биологиялық құралдарды пайдаланып, экологиялық таза өнім алу. Қазіргі уақытта қожа шаруашылықтары тек қана химиялық препараттарды қолданып отыр. Өкініші сол жеміс дақылдарының өнімі сәл жоғарлағанымен оның сапасы күрт төмендеп кетті және адам ағзасына зиянын тигізіп отыр.

Түркістан аумағында алма жемісін өндіретін шаруашылықтарының бау танаптарын зерттеу барысында химиялық препараттар ойдағыда эффект бермейтіндігін анықтадық.

Біздің зерттеу жұмысымыздің мақсаты алма ағаштарын зиянкестен қорғаудың экологиялық жүйесін анықтау болды.

Зерттеу жұмысының барысында өсімдікті қорғаудың әр түрлі тәсілдеріне баға бере отырып олардың биологиялық тиімділігін А.Ф. Ченкиннің әдісімен есептедік.

Университеттің ботаникалық бағының алма бауында зиянкестердің дамуын ерте көктемнен бастап, алма ағашы бүршік атқанша алма жемірі, алма күйесі, алманың жасыл бітесі мен раушан жапырақ ширатқышының қыстаған стадияларына есеп жүргіздік.

Алма ағаштарын зиянкестен қорғаудың экологиялық жүйесін жасау үшін Университеттің ботаникалық бағының алма бауында зиянкестерден қорғаудың әр түрлі әдістерін пайдаланып зерттеу жұмысын жасадық.

Бұл жұмысқа алманың Ренет Симиренко сортын алып, үш нұсқада жүргіздік. Әр қайтарым үш реттен.

1-нұсқа- биологиялық препарат Фитоверм 1% к.э. 0,8 л/га

2-нұсқа- химиялық препарат Фазалон 2,5 % к.э. 0,5 л/га

3- нұсқа- бақылау, өңделмеген

Бірінші бүрку бүршік атқан соң, екінші- он күннен кейінү үшінші түйнек салғанға дейін.

Зерттеу нәтижесі 1-кестеде көрсетілген мәліметті талдайтын болсақ онда өсімдікті қорғаудың биологиялық жүйесінің биологиялық тиімділігі химиялық жүйеге қарағанда жоғары болып, раушан жапырақ ширатқыш зиянкесіне қарсы-82,2 %-ды, алма жемірінің зиянкесіне қарсы -80,5 %-ды, алманың жасыл бітесінің зиянкесіне қарсы-82,8 %-ды құрап, олардың зияндылығын 20-25%-ға төмендетті.

Кесте-3. Зиянкестерден қорғаудың әр түрлі жүйесінің биологиялық тиімділігі

Тәжірибе нұсқасы	Раушан жапырақ ширатқыш		Алма жемірі		Алманың жасыл бітесі	
	Зияндылығы, %	Биологиялық тиімділігі, %	Зияндылығы, %	Биологиялық тиімділігі, %	Зияндылығы, %	Биологиялық тиімділігі, %
Биологиялық	7,2	82,2	7,5	80,5	2,5	82,8
Химиялық	8,4	79,3	8,7	77,4	3,8	73,8
Бақылау	40,5	-	38,5	-	14,5	-

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттелу аумағындағы ауа температурасына байланысты алма жемірі мен алманың даму сатыларының тойқаласуы расталды. Жұлдызқұрттардың қуыршаққа айналуы мамырдың 2-3 онкүндігінде басталатындығы анықталды сонымен қатар, алма ағаштарын зиянкестерден қорғауда экологиялық және биологиялық жағынан тиімді интеграциялық жүйе жасалып, биологиялық препарат Фитоферм алмаларды алма жемірден (биологиялық тиімділігі 78-89%, жеміс зақымдалуы 0,7-2,1%, сақталып қалған аумақ орташа 0,6-0,8т/га) 2л/га қолданғанда қорғап, сапалы өнім алуға мүмкіндік бар екені дәлелденді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Викторов Г.А. Экология паразитов-энтомофагов. М., 1976.
2. Вредители сельскохозяйственных культур и лесных насаждений (Под ред. В.П.Васильева). Киев, т.1-1973; т.2-1974; т.3-1975.
3. Воронин К.Е. и др. Биологическая защита зерновых культур от вредителей. М., 1988.
4. Гулий В.В. Микробиологическая борьба с вредными организмами. М., 1982.

**АЗОТ ЖӘНЕ ФОСФОР ТЫҢАЙТҚЫШТАРЫНЫҢ ЖОҢЫШҚАНЫҢ
ФОТОСИНТЕТИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ**
**THE EFFECT OF NITROGEN AND PHOSPHORUS FERTILIZERS ON THE
PHOTOSYNTHETIC ACTIVITY OF ALFARM**

Ерденов М.

*а-ш.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан
ORCID ID: 0000-0002-8059-7307*

Ерланұлы Қ.

*биология мамандығының 4-курс студенті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-
түрік университеті, Түркістан, Қазақстан*

АНДАТПА

Мақалада Қазақстанның оңтүстік батыс бөлігінің техногенді ластанған аймағында фосфор мен азот тыңайтқышының әрекеті қарастырылған. Зерттеу жұмысының мақсаты экологиялық қауіпті аймақта ластанған топырақты биологизациялау арқылы оны қорғаудың жолын анықтау болды және минералды тыңайтқыштардың құрамын жеке қаралып, оның әсер ету механизмі алғашқы рет, егістік жоңышқа мен түйежоңышқаның фотосинтетикалық қызметіне әсерін бірінші рет ашық сұр топырақ пен шалғынды батпақты топырақта зерттелгені баяндалады.

Бұл зерттеулерде, сонымен қатар, азот тыңайтқышының мөлшері жоғарлаған сайын жоңышқалардың селбесу қызметі жоғарлағанымен, азот тыңайтқышының аз мөлшеріне қарағанда, азот тыңайтқышының көп мөлшері селбесу қызметіне кері әсерін тигізді. Азот тыңайтқышының аз және орта мөлшерлері бақылауға қарағанда жоңышқалардың бактерия түйнектерінің санын, салмағын және леггемоглобин мөлшерін де арттырды.

Азот тыңайтқышы түйежоңышқаның селбесу қызметіне егістік жоңышқаға қарағанда, оң әсер етті.

Азот тыңайтқышының аз және орта мөлшерлерінде жоңышқаның өнімі қарағанда бактериалды препаратты қосқан нұсқада жоңышқаның өнімі болғандығы анықталды.

Кілт сөздер: азот, фосфор, фотосинтетикалық қызмет, селбесу, өнім, леггемоглобин

ABSTRACT

The article examines the action of phosphorus and nitrogen fertilizers in the technogenically polluted area of the southwestern part of Kazakhstan. The purpose of the research work was to determine the way to protect contaminated soil by biologizing it in an ecologically dangerous area, and it is reported that the composition of mineral fertilizers was examined individually, the mechanism of its action was studied for the first time, the effect on the photosynthetic activity of field alfalfa and camellia was studied for the first time in light gray soil and meadow swamp soil.

In these studies, in addition, although the tillering activity of alfalfa increased with increasing amounts of nitrogen fertilizer, high nitrogen fertilization had a negative effect on tillering activity compared to low nitrogen fertilization. Low and medium doses of nitrogen fertilizer

also increased the number, weight and leghemoglobin of alfalfa bacterial nodules compared to the control.

Nitrogen fertilization had a positive effect on the tillering activity of camellia compared to field alfalfa.

It was found that alfalfa products were more abundant in samples with bacterial preparation than alfalfa products at low and medium amounts of nitrogen fertilizer.

Keywords: nitrogen, phosphorus, photosynthetic activity, metabolism, product, leghemoglobin.

КІРІСПЕ

Фосфор және азот топыраққа минералды тұздар түрінде немесе органикалық тыңайтқыштардың қосындысы түрінде беріледі. Соңғы жағдайда бактериялардың әсерімен шірігінен кейін ғана фосфор өсімдіктің қоректенуіне қолайлы жағдайға келеді. Өсімдік үшін азот өте-мөте қажет зат болады, өйткені ол белоктың құрамына енеді[1]. Әр түрлі тыңайтқыштары қолданылса егіннің түсімділігін арттырады және оның сапасын жақсартады. Фосфор әсіресе тұқымда белоктың көбеюіне ерекше зор әсер етеді. Міне сондықтан фосфор-өмірдің негізгі өзегі болып табылады[2]. Агротехникалық ғалымдардың түсінігі бойынша фосфор мен азот өсімдіктердің негізгі қоректік элементі. Сондықтан ауыл шаруашылығында дақылдар үшін тыңайтқышпен қамтамасыз ету үлкен проблемалық актуальды мәселе.

Ауыл шаруашылық дақылдарының өнімі қазіргі кезде минералды тыңайтқыштарды пайдаланудың арқасында өсіп жатыр. Бірақ бұл жағдайда топырақ техногенді ластанып, топырақтың биологиялық тепе-теңдігі бұзылады. Бұл жұмыстың өзектілігі тек қана минералды тыңайтқышды жеке пайдаланудың тиімсіздігі жөніндегі көптеген шет ел және Қазақстан ғалымдарының қарама-қайшы пікірлеріне баға беріп, анықтау болады.

Зерттеу жұмысының мақсаты экологиялық қауіпті аймақта ластанған топырақты биологизациялау арқылы оны қорғаудың жолын анықтау.

ЗЕРТТЕУ НЫСЫНЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Зерттеу жұмысының міндеттерін орындау мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау аумағында орналысқан «Қарнак» ауылшаруашылық өндірістік кооперативінің экспериментальды танабында 2012-2013 ж.ж. аралығында егістік тәжірибе қойылды.

Тәжірибе танабының топырағы- орта құмайты ашық сұр топырақ, гумус мөлшері- 1,15%, жеңіл гидролизденген азот (N_2) мөлшері төмен, жылжымалы фосфор (P_2O_5), молибден (Mo) мөлшері- орташа, ал, калий (K_2O) мөлшері жоғары болды.

Сонымен қатар, Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы «Түгіскен» ауылшаруашылық өндірістік кооперативінің тәжірибе алқабында 2012-2013 жылдар аралығында егістік тәжірибе қойылды.

Тәжірибе танабының топырағы- ауыр құмайты шалғынды-батпақты топырақ, гумус мөлшері- 1,02%, жеңіл гидролизденген азот (N_2), жылжымалы фосфор (P_2O_5) мөлшерлері төмен, молибден (Mo), калий (K_2O) мөлшерлері- орташа және хлорлы-сульфатты тұздардың мөлшері жоғарылау болды.

Тәжірибе алаңдарындағы топырақтың гумус мөлшері И.В.Тюрин әдісімен, топырақтағы жалпы азот мөлшерін фотометриялық (фенолдық), жеңіл гидролизденген азот мөлшерін В.Н.Кудярова, жылжымалы фосфор және калий мөлшерін В.П.Мачигин әдістері бойынша анықталды.

Зерттеу объектісі ретінде егістік жоңышқаның Жетісу және ақбас түйежоңышқаның Медет сорттары және фосфор тыңайтқышы ретінде қос суперфосфат ($\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2 \cdot \text{H}_2\text{O} + \text{H}_3\text{PO}_4$), азот тыңайтқышы ретінде аммоний селитрасы (NH_4NO_3) алынды

Тәжірибеде минералды тыңайтқыштарды қолдану деңгейлерінің зерттеуге алынған өсімдіктердің селбесу аппаратының қалыптасуына, оның мөлшеріне, өнімділігіне және вегетативтік мүшелер мен тамыр жүйесінің құрғақ заттарының жинақталу динамикасына әсері жүргізілді.

Тәжірибе алаңының агротехникасы осы аймаққа ұсынылған технология бойынша жүргізілді. Тәжірибенің есепті ауданы – 210 м^2 , тәжірибенің қайталануы 4 мәрте.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында өсімдіктердің гүлдену алдында әр нұсқадан 40 өсімдік алып, Г.С.Посыпанов әдісімен биометриялық талдау жасалды.

Биометриялық талдау жүргізу барысында өсімдіктің жапырағындағы, сабағындағы және тамырындағы азот, фосфор, калийдің мөлшерін, селбесу аппараттарының қалыптасу динамикасын, құрғақ заттарының жинақталуын және өнімділігін анықтадық. Зерттелуші факторлардың өнімнің түзілуі мен оның сапасына әсері жайлы ғылыми мәліметтің едәуір бөлігін зерттеу үшін өсімдік үлгілерін биометриялық талдау арқылы алады. Биометриялық талдаудың периодтылығы зерттеу мақсатымен талабына байланысты. Егер зерттеу талабына симбиотикалық аппараттың түзілу динамикасымен белсенділігі және олардың енісіне фотосинтетикалық әрекеті болса, онда өсімдік сипаттамаларына биометриялық талдауды өсу мерзімі бойынша 10 күн сайын жүргізіледі.

Өсімдік тіршілігінің бастапқы кезеңінде және өсімдік өсіп дами бастаған мерзімде фосфор тыңайтқышының үлкен маңызы бар. Фосфор тыңайтқышы өсімдіктің тамыр жүйесінің дамуын тездетеді. Өсімдіктің тамыр жүйелерінің дамуы арқасында өсімдік қоректік заттарды жақсырақ пайдаланады, ылғалды бойына көбірек сіңіреді, ал бұл өсімдіктің жер бетіне өсіп шыққан бөлшектерінің қаулап өсуіне қолайлы әсер етеді. Өсімдік фосфор жетіспей, зәрушілікке ұшыраса, онда өсімдіктің сабағы мен жапырағының өсуі тоқтайды, тұқым құрамайды. Сонымен бірге өсімдіктің жапырақтарының шеткі жиектері ширатылады, жапырақтарда күрең теңбілдер пайда болады, зақымдалған жерлерінің. ұлпалары түсе бастайды.

Фосфорды өсімдік топырақтан фосфат күйінде қабылдайды. Ал, ол өсімдік денесінде пайда болатын эфирдің және басқа да органикалық қосындылардың, кейбір ферменттердің, нуклеопротеидтердің және т. б. құрамына енеді.

Өсімдіктерге жарықпен қатар, минералдық қорек қажет. Олар табиғи минералдардан шығатын немесе органикалық заттардың минералдануы нәтижесінде игеруге жарамды күйге көшетін көптеген макроэлементтерге мұқтаж. Тіршілік үшін маңызды зор және алмастыруға келмейтін фосфор тыңайтқышының жоңышқаның фотосинтетикалық қызметіне әсерін зерттеу барысында мына жағдайлар байқалды. (1-кесте)

Зерттеу жұмыстарының барысында бақылауға қарағанда егістік жоңышқаның биіктігі бір гектарға 30кг фосфор тыңайтқышы қосылған нұсқада – 13 см, 60 және 90кг фосфор

қосылған нұсқаларда – 38-39см жоғары болды. Сонымен, қос суперфосфаттың 60-90кг мөлшерінің әсері жағымды болғандығы анықталды.

Кесте-1. қызыметіне фосфор тыңайтқышының әсері

к/с	Нұсқалар	Өсімдік биіктігі, см		Жапырақ ауданы, см ² / өсімдік		Жапырақ салмағы, г/өсімдік		Өсімдіктің жер үсті мүшелерінің салмағы, г/ыдыста	
		1	2	1	2	1	2	1	2
1	Бақылау	49	49	393	394	4,06	4,05	48,4	47,9
2	P ₃₀	62	58	442	413	4,14	3,98	51,7	48,2
3	P ₆₀	87	81	501	459	4,57	4,36	55,1	53,8
4	P ₉₀	88	80	503	461	4,54	4,35	55,2	54,3

Рохо бриллианте құрмасының көшеттерінің жаңа аймаққа бейімделуіне байланысты өсу қарқыны баяулау өсуімен ерекшеленеді. Вегетациялық кезеңнің соңында олар 90-117см ғана өсті. Өсуі шілде де баяулап, күзде кеш аяқталды. Көшеттердің бір бөлігі шілде айында өсуді баяулатып қана қоймай, оны мүлдем тоқтатады, ал тамыз айында бүйір төбе бүршіктің өсуінен оны қалпына келтіреді. Екінші, күзгі өсімі қара күзге дейін жалғасады. Сонымен қатар, ол одан үлкен өсімдіктерде байқалады. Алғашқы жылдары жапырақтары сәуірдің бірінші жартысында пайда болады. Өркеннің өсу жылдамдығы мен күші, жыл сайын артады. Кейде өсудің күшті екінші толқыны байқалады.

Құрма көшеттерінің тамыр жүйесінің дамуы.

Хиакуме құрмасы көшеттерінің тамыр жүйесінде әдетте айқын білінетін кіндік тамыры жоқ. Негізгі тамыры тармақталып, көптеген жанама тамырға шашырайды. Көбінесе бірінші реттік екі бүйір тамырлар қарқынды өсіп, вегетациялық кезеңнің соңына қарай топырақ грунттына енуден қалыңдығы мен тереңдігі бойынша кіндік тамырдан кем түспейді. Бүйір тамырларының жайылу радиусы орта есеппен 45см-ге дейін жетеді. Бұл құрманың көшеттерінің ерекшелігі топырақтың жоғарғы қабаттарында орналасқан қуатты тамыр жүйесі мен шашақ тамырларының мол болуы. 10-нан 45 см-ге дейінгі қабатта тамырдың 85% шоғырланған, тамыр жүйесі қоңырқошқыл түсті. Хиакуме құрмасы көшетінің тамыры қатты тарамдалған. Ол үш-төрт негізгі тамырдан тарайтын үшінші және төртінші реттік жанама тамырларынан тұрады. Қатты шырмалып, олар қалың тамыр желісін құрайды. Тамырдың негізгі массасы 10-нан 50см-ге дейінгі қабатта орналасқан және көлденеңнен тараған.

Зенджи-Мару құрмасының көшеттері негізгі тамырдан бірінші реттік жанама тамырлар тарап, екінші реттік тамырларға бастау берді. Соңғылары көбінесе үшінші реттік тамырларға бастау болды. Бүйір тамырлары радиалды бағытта өседі, алдымен сәл көлбеу немесе көлденең, содан кейін топыраққа тереңдетілді. Бұл көшеттердің жанама тамырларының жалпы радиусы 25-36 см-ге тең. Бұл құрманың тамыр жүйесінің ерекшелігі - аздап шашақтарының болуы, жанама тармақтарының қатты сынғыштығы, регенерацияға қабілетінің төмендігі. Бұл құрма ағаштары көшеттерінің тамыр жүйесі қуаттылығымен ерекшеленді. Осыған байланысты бірінші ретті бүйір тамырларының қалыңдығына және бұтақтануына ықпал ете отырып, қайта отырғызғанда кіндік тамыры кесілді, оның салдарынан топыраққа қиғаш кеткен бірінші реттік жанама тамырлары жуандады, бұтақтанды.

Рохо бриллианте құрмасының тамыр жүйесі-кіндік тамыр. Негізгі тамырдан бірінші реттік жанама тамырлар пайда болады, әдетте көлденеңнен тарайды. Олардың таралу радиусы орта есеппен 28см. Бірінші реттік жанама тамырлардан екінші ретті

тамырлар тарап, ал олардың көп бөлігі үшінші реттік тамырларға бастау береді. Мұндай құрманың көшеттерінің тамырлары (шамамен 70%) 29-35см тереңдікте шоғырланған. Тереңдеген сайын тамырлар саны азаяды, тамырлар мен тамыр шашақтары қара түсті, шатасқан, айтарлықтай қалың жүйені құрайды (сурет-1) . Мұндай құрманың тамырлары сынғыштығы мен борпылдақтығымен ерекшеленеді. Шілде-тамыз айларында тамырдың өсуі баяулайды, ал қыркүйек айынан бастап қайтадан өсуі күшейеді. Тамырдың қарқынды өсуі күз айларында байқалады. Осы айларда тамырдың қарқынды өсумен қатар жылы топырақта қарқынды тыныс алу кезінде тамыр арқылы қоректену элементтерінің қарқынды сіңуі орын алды. Қолайлы температуралық жағдайларда тамырдың өсуі қысқы айларда да, өсімдіктің жер үсті бөлігінің тыныштығы кезінде өтуі мүмкін.

Құрманың көшеттерінің сабақтары мен жапырақтарының дамуы

Құрма түрлерінің жас өсімдіктері бір -бірінен түсінің бояуы, түктенуі және бұтақтануы бойынша оңай ажыратылады.

Рохо бриллианте құрмасының сабағы қоңыр, қалың қысқа сұрғылт түкшелермен қапталған. Зенжи-Мару құрмасының сабағы қоңырқай, сырты көкшіл сұр, кейде түкшеленген. Хиакуме құрмасының сабағы жасыл, қоңыр қошқыл тотығы бар (2-кесте). Бірінші жылы Рохо бриллианте және Хиакуме құрмаларының сабақтары сирек бұтақтанады. Зенджи-Мару құрмасында бірінші реттік өркендер екінші жылдары пайда болады. Хиакуме құрмасының сабақтары екінші жылы 135см-ге дейін өсіп, 76 жапыраққа дейін жаяды және өзіне тән, шоғырлы бұтақтанады. Жанама өркендер үш көршілес жапырақтарының қолтық бүршіктерінен 60⁰ бұрыштан шығып, жан-жаққа қарай тарамдалады. Қат-қабаттарға орналасқан қолтық бүршіктері белгілі кезеңдерде пайда болған сияқты. Әрбір қабатта үш жанама бүршік болады. Бұл бүршіктер тез өскіш келеді, ұзындығы 10 см дейін жетеді. Күзге дейін пісіп жетіп үлгермей көбінесе алғашқы суықтарда үсік шалады.

2– кесте. Құрма көшеттерінің салыстырмалы-морфологиялық сипаттамасы

Құрма Түрлері	Жер үсті бөлігі			Негізгі тамыр	Жанама тамыр	Жерүсті бөлігінің тамыр ұзындығына қатынасы
	биіктігі, см	өркен саны	жапырақ саны			
Хиакуме	85-135	14	76	45	39	1:1,9
Зенжи-Мару	95-128	12	67	56	41	1:1,7
Рохо Бриллианте	90-117	10	56	35	39	1:2,5

Құрманың көшеттерінің жапырақтары жай, тұтас, сағақты болады. Пішініне қарай ұзарған, сопақша-ланцет тәрізіден жұмыртқа пішіндіге дейін өзгереді. Жапырақ тақтасының үстіңгі жағы әдетте білінер-білінбес түкшеленген. Астыңғы жағы Хиакуме құрмасында қалың қоңыр барқыт тәрізді түкшеленген, Зенджи-Мару құрмасында ол азырақ білінген, Рохо бриллианте құрмасында қысқа ақ *түктер* басқан. Түкшелер, әсіресе жапырақтың жүйкелерінде қатты білінеді. Нәзік көктемгі жапырақтар тақталары жайылған, жайпақ болады. Құрғақшылық басталғанда олар қатқылданып,

қайық тәрізденіп, бүршікке қарағанда тік орналасады. Бұл ерекшелік Рохо бриллианте құрмасында және анатомиялық құрылысы бойынша ксероморфты өсімдіктерде қатты байқалады. Бір қызығы, бұл өсімдіктерде жапырақтардың жиналуы ланцет пішінімен және қатты түкшеленуімен үйлескен. Сонымен қатар, аталған өсімдіктердің бүршіктері де түкшеленген. Жапырақтардың тік орналасуы және олардың жапырақтың орталық тарқағына жиналу қабілеті судың булануын азайтады - өсімдіктің қатты жарыққа және ауаның құрғақтығына реакциясы болып табылады.

Хиакуме құрмасының жапырақтары Зенджи–Мару құрмасына қарағанда ірірек. Жапырақ тақтасының астыңғы жағында көптеген безді түктері бар және Рохо бриллианте құрмасымен салыстырғанда саңылаулары едәуір азырақ.

Үстіңгі эпидермис жасушалары ірірек, қалыңдау, сірқабықпен қапталған сыртқы қабықшасы болады. Астыңғы эпидермис жасушалары қалың және құрамында илік заттар жоқтың қасы. Жапырақ мезофилінің кеуек ұлпасы бағаналы ұлпаға қарағанда қалың. Мұның барлығы бұл құрманың басқа құрмасымен салыстырғанда жарық сүймейтінін және құрғақшылыққа төзімділігін көрсетеді.

Зенджи-Мару құрмасының жапырағының үстіңгі және астыңғы эпидермис жасушалары басқа құрмалармен салыстырғанда майда. Үстіңгі эпидермис астыңғыға қарағанда ірі жасушалы, қатпарлы, қалың болады. Астыңғы эпидермис жасушалары үстіңгіге қарағанда қалың, иректелген және майда. Екі эпидермис жасушаларында да илік заттар бар.

Рохо бриллианте құрмасының және Хиакуме құрмасының құрмаларымен салыстырғанда, Зенджи-Мару құрмасының жапырақ тақтасындағы саңылаулары едәуір көп. Жапырақ мезофиліндегі бағаналы ұлпа кеуек ұлпаға қарағанда басымырақ. Жасушааралық кеңістіктер азырақ. Бұның барлығы Хиакуме құрмасының басқа түрлермен салыстырғанда құрғақшылыққа аса төзімді екенін және жарық сүйгіштігін дәлелдей түседі.

Рохо бриллианте құрмасының жапырақтары ірі, көн тәрізді. Жапырақ тақтасының астыңғы жағын қоңыр түктер басқан. Екі эпидермистерінің жасушалары ірі, астыңғы эпидермисте илік заттар тек жүйкелердің астында ғана шоғырланған. Кеуек ұлпасы бағаналы ұлпаға қарағанда басым. Жалпы алғанда құрманың бұл түрінің құрылымы кавказ құрмасының құрылымына ұқсас. Жеміс беретін ағаштардың орташа жапырақтарында, жас ағаштармен салыстырғанда саңылауларының саны басымырақ. Кеуек ұлпасының сыртқы жасушалары созылық пішінді.

Атақты орыс ғалымы В.Р.Зеленскийдің зерттеулері бойынша үстіңгі және астыңғы жапырақтары жасушаларының пішіні кішірейген сайын, саңылаулар саны көбейген сайын, жапырақ тақтасының пішіні кішірейген сайын, бағаналы паренхима созылық болып кеуек ұлпасы азайған сайын, өсімдік құрғақшылыққа төзімді болып есептеледі.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді салыстыра отырып, Хиакуме құрмасының жапырақтары құрманың басқа түрлеріне қарағанда, ксероморфты құрылысты (қуаңшылыққа төзімді).

Тамыр жүйесінің морфологиясы мен дақылдарға жүргізілген бақылаулар анатомиялық деректерге толықтай сәйкестендіріліп айтылған жағдайды растайды.

Олардың көшеттерінің морфологиялық сипаттамасына: өсу деңгейіне, тамыр жүйесінің, сабақтары мен жапырақтарының дамуы ерекшеліктеріне талдау жасалынды. Құрманың Зенджи-Мару, Хиакуме және Рохо Бриллианте сұрыптарына зерттеу

жүргізу барысында құрма көшеттерінің қалыңдауы тамыз және қыркүйек айларына сәйкес келеді. Осы уақытта ұзындығына қарай өсуі баяулап, пластикалық заттардың ұзындыққа өсетін ұлпаларының құрылысына жұмсалуды азаяды және қоректік заттар қорының жиналуы басталады. Хиакуме құрмасы бірінші жылға қарағанда бұтақтар екінші жылы жылдамырақ өседі. Вегетациялық кезеңнің соңында өсімі 85-130 см-ды құрады. Мұнан құрма көшеттерінің төмен температураға тұрақтылығы өскендігін байқауға болады.

Зенджи-Мару құрмасы көшеттерінің бірінші жылы өсу қарқыны төмен, орташа есеппен вегетациялық кезеңнің соңына қарай 95-128 см биіктікке жетеді. Рохо бриллианте сұрыпының вегетациялық кезеңнің соңында олар 90-117см ғана өсіп, бірінші реттік жанама тамырлардан екінші ретті тамырлар тарап, ал олардың көп бөлігі үшінші реттік тамырларға бастау береді. Мұндай құрманың көшеттерінің тамырлары (шамамен 70%) 30-42см тереңдікте шоғырланған. Жоғарыда аталған Зенджи-Мару, Хиакуме және Рохо Бриллианте құрма ағаштарының морфологиялық көрсеткіштерін сараптай келе, Хиакуме құрмасының ағашы оңтүстіктің қуаңшылық континенттік климатына төзімділігін көрсетіп отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Құрманың Зенджи-Мару, Хиакуме және Рохо Бриллианте сұрыптарына зерттеу жүргізу барысында құрма көшеттерінің қалыңдауы тамыз және қыркүйек айларына сәйкес келеді. Осы уақытта ұзындығына қарай өсуі баяулап, пластикалық заттардың ұзындыққа өсетін ұлпаларының құрылысына жұмсалуды азаяды және қоректік заттар қорының жиналуы басталды.

Хиакуме құрмасы бірінші жылға қарағанда бұтақтар екінші жылы жылдамырақ өседі. Вегетациялық кезеңнің соңында өсімі 85-130 см-ды құрады. Мұнан құрма көшеттерінің төмен температураға тұрақтылығы өскендігін байқауға болады.

Зенджи-Мару құрмасы көшеттерінің бірінші жылы өсу қарқыны төмен, орташа есеппен вегетациялық кезеңнің соңына қарай 95-128 см биіктікке жетеді. Рохо бриллианте сұрыпының вегетациялық кезеңнің соңында олар 90-117см ғана өсіп, бірінші реттік жанама тамырлардан екінші ретті тамырлар тарап, ал олардың көп бөлігі үшінші реттік тамырларға бастау береді. Мұндай құрманың көшеттерінің тамырлары (шамамен 70%) 30-42см тереңдікте шоғырланған. Жоғарыда аталған Зенджи-Мару, Хиакуме және Рохо Бриллианте құрма ағаштарының морфологиялық көрсеткіштерін сараптай келе, Хиакуме құрмасының ағашы оңтүстіктің қуаңшылық континенттік климатына төзімділігін көрсетіп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байжігітов К.Б. Сермаңызов С. (2002) Түркістан өңірінің экологиялық жағдайы // Ясауи университетінің хабаршысы. Түркістан. №4, 78-85 б.
2. Омаров М.Д., Омарова З.М. (2016) Сорты хурмы восточной (*Diospyros kaki* L.) и их биологические особенности // Субтропическое и декоративное садоводство: сб. науч. тр.– Сочи: ВНИИЦиСК. - Т. 57. С. 69-72.
3. Харебава М., Копалиани Р., Гасанов З., Микеладзе А., Капанадзе Ш. (2015) Экология субтропических культур //Издательство Государственного Университета им. Акакия Церетели Кутаиси. №3. С. 145-148.

4. Хохлов С.Ю. (2012) Хурма // Субтропические плодовые и орехоплодные культуры:научно-справочное издание. – Симферополь: ИТ «АРИАЛ». С. 172- 191.
5. Munera, S, Aleixos, N, Besada, C, Gomez-Sanchis, J . (2017) Discrimination of astringent and deastringed hard 'Rojo Brillante' persimmon fruit using a sensory threshold by means of hyperspectral imaging // Journal of food engineering, Том: 263. P. 212-218.
6. Khokhlov S. . (2018) Evaluation of Persimmons varieties in the collections of Nikita Gardens // Works of the State Nikit. Botan. Gard. №140. P. 206-220.
7. Kirk W. Pomper, Jeremiah D. Lowe, Sheri B. Crabtree Jacob (2020) Vincent Ploidy Level in American Persimmon(*Diospyros virginiana*) Cultivars Hort Science 55(1)
8. Рындин А.В., Омаров М.Д., Загиров Н.Г., Омарова З.М., . Авидзба М.А. (2014) Атлас сортов и гибридов хурмы восточной // ВНИИЦ и СК, Сочи - Махачкала –Сухуми. №1.С.92.
9. Омаров М.Д. (2015) Продуктивность сортов хурмы восточной в зависимости от развития деревьев // Субтропическое и декоративное садоводство: сб.науч.тр.// -Сочи. ВНИИЦ и СК,. №52. С.67-70.
10. Программа и методика сортоизучения плодовых, ягодных и орехоплодных культур / Под ред. Е.Н. Седова, Г.П. Огольцовой.(1999) Орел: ВНИИС.П.К. С.608.
11. Деревянко Н.В.,Грабовецкая О.А. (2002) Хурма виргинская// «Дачник», Херсон. №2. С.3-14.

БАТЫС ТӘНІРТАУ ДЕНДРОФЛОРАСЫНА СИСТЕМАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ WESTERN TANIRTAU-DENDROFLORA SYSTEMATIC ANALYSIS

Сихымбаев Әмірбек Елтайұлы

б.ғ.к., қауымдастырылған профессор, ғылыми қызметкер, «Жаратылыстану» ҒЗИ, Түркістан қ., Қазақстан

Егембердиев Ерзат Тәжібайұлы

магистрант, Ботаникалық бақтың аға дендрологы, Түркістан қ., Қазақстан

АНДАТПА

Батыс Тәңіртау дендрофлорасын систематикалық талдау барысында Батыс Тәңіртаудың қазақстандық бөлігі шегінде Алматы қ., Шымкент қ. (Қазақстан), Ташкент қ. (Өзбекстан) гербарий қорларын зерттеу, әдеби деректер мен өзіндік зерттеулер негізінде 130 туыс пен 50 тұқымдастан тұратын ағаш - бұта өсімдіктерінің 395 түрі тіркелген. В. Н.Павловтың деректері бойынша Батыс Тәңіртаудың бүкіл флорасының 2844 түр бар. Егер осы саннан шығатын болсақ, дендрофлора Батыс Тәңіртаудың барлық флорасының 13,92% - ін құрайды, яғни аймақтың флорасында әрбір 7 түр тіршілік формасында ағаштар, бұталар мен жартылай бұталар, ал С. Раункиер жүйесі бойынша фанерофиттер мен хамефиттер болып саналады. Е. П. Коровиннің деректері бойынша бүкіл Орта Азия дендрофлорасының 500 түрі бар. Осылайша, Батыс Тәңіртау дендрофлорасы Орта Азияның ағаш-бұта өсімдіктерінің барлық түрлік құрамының 79,20% - ін құрайды, бұл өңірді Орта Азияның, сондай-ақ Қазақстанның фитогенофондының маңызды және негізгі орталықтарының бірі ретінде сипаттайды. Айта кету керек, 395 түрдің 205-і немесе олардың 51,89% - і антропогендік ықпалдың әсерінен өзгертілген оазистерге, агрофитоценоздарға, урбанизацияланған экожүйелерге, яғни антропофитонға тән.

Флораның сандық сипаттамалары, ең алдымен, туыстардың, тұқымдастардың түрлерінің байлығын, аумақтың гетерогенділігінің дәрежесін, физикалық-географиялық жағдайлардың әртүрлілігін және флораның генезисінің ерекшеліктерін анықтайтын маңызды көрсеткіштер болып табылады. Флораның негізгі сипаттамаларының бірі - флора спектрі, систематикалық құрамның негізгі ерекшеліктерін, сондай-ақ ботаникалық-географиялық заңдылықтарды білдіреді.

Кілт сөздер: дендрофлора, гербарий, антропогендік әсер, фанерофит, фитогенофонд, хамефит, урбанизация, оазис, агрофитоценоз.

ABSTRACT

In the course of systematic analysis of dendroflora of Western Tanirtau Almaty, Shymkent (Kazakhstan) within the Kazakh part of Western Tan irtau, research of herbarium funds in Tashkent (Uzbekistan), literary data and original research 395 species of tree - shrub plants, consisting of 130 relatives and 50 genera registered. According to V. N. Pavlov, 2844 of the entire flora of the Western Tanirtau here is a species. If we proceed from this number, the dendroflora is all of the Western Tanirtau it make up 13.92% of the flora, that I, every 7 pecie live in the flora of the region. In the form of trees, shrubs and semi-shrubs, and according to the system of S. Rounkier phanerophytes and chamophytes are considered. According to the

data of E. P. Korovin there are 500 species of dendroflora throughout Central Asia. Thus, Western Tengri dendroflora of all species composition of Woody and shrub plants of Central Asia 79.20% - this region is represented by the phytogenophon of Central Asia, as well as Kazakhstan it is characterized as one of the most important and main centers. It should be noted that 395 205 of the species, or 51.89% of them, have been modified by anthropogenic influences to oases, agrophytocenoses, urbanized ecosystems, i.e. anthropophytone typical.

The quantitative characteristics of the flora are primarily those of relatives, families physical and geographical characteristics of the species, the degree of heterogeneity of the territory, determining the diversity of conditions and features of the genesis of flora important indicators are. One of the main characteristics of flora is Flora spectrum, the main features of the systematic composition, as well as botanical it represents geographical patterns.

Keywords: dendroflora, herbarium, anthropogenic impact, phanerophyte, phytogenophond, chamephite, urbanization, oasis, agrophytocenosis.

КІРІСПЕ

Флористикалық спектр Батыс Тәңіртау дендрофлорасының жүйелік құрылымының негізгі ерекшеліктерін айқын көрсетеді, олар төменде көрсетілген: дендрофлораға өсімдіктер әлемінің тек екі бөлімінің өкілдерін ұсынады, ал бүкіл аймақтық флора өсімдіктердің бес бөлімінің өкілдерінен тұрады.

Дендрофлораның түрлік құрамының шамамен 95%-і (94,19%) магнолиофиттер, яғни гүлді өсімдіктер бөлімінің таксондарымен ұсынылған, флористикалық спектрдің ерекшелігі барлық магнолиофиттер толық құрамда және толығымен магнолиофиттер класының өкілдері болып табылады -қосжарнақты. Лилиофиттердің бірде - бір өкілі жоқ, дара жарнақтылар, тіпті мәдени ценоздарда-антропофитонда да тіркелмеген. Классикалық флорогенетикалық талдауларда қосжарнақтылар мен дара жарнақтылардың арақатынасы маңызды ботаникалық-географиялық көрсеткіш болып табылады. Сонымен, Батыс Тәңіртау аймақтық флорасында (Павлов, 1980) қосжарнақтылар мен дара жарнақтылардың арақатынасы 4,4:1 құрайды. Салыстыру үшін - Зайсан қазаншұңқырымен осындай ара қатынасы 4,5:1 [7](Аралбай, 2015). Жалпы, қосжарнақтылар мен дара жарнақтылардың бұл қатынасы ежелгі Жерорта теңізінің шығыс бөлігінің аумағына тән Камелин, 1967[53]. Бұл арақатынаста дара жарнақтылардың үлесінің артуы оңтүстікке, тропикке қарай жүреді (Рачковская, 1992; Толмачев, 1974; 1986).

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Батыс Тәңіртау дендрофлорасының қалыптасуындағы дара жарнақтылардың толық болмауы негізінен дендрофлораның бореалды, орташа жылы аймақ түрлерінен тұратындығын көрсетеді. Мұны егжей-тегжейлі зерттелетін флораның ірі систематикалық топтарының қатынасын қарастыру арқылы байқауға болады (кесте 1).

Кесте 1. Батыс Тәңіртау дендрофлораның негізгі систематикалық топтарының арақатынасы

Систематикалық топтары	Саны			Жалпы түрден %
	Тұқымдастар	Туыстар	Түрлер	
I. Pynophyta	4	8	22	5,56
<i>Gnetopsida</i>	1	1	3	0,75
<i>Ginkgoopsida</i>	1	1	1	0,25
<i>Pinopsida</i>	2	6	18	4,55
II. Magnoliophyta	46	122	373	94,43
<i>Magnoliopsida</i>	46	122	373	94,43
<i>Magnoliidae</i>	1	2	2	0,50
<i>Ranunculidae</i>	2	3	13	3,29
<i>Caryophyllidae</i>	3	5	13	3,29
<i>Hamamelididae</i>	4	9	22	5,56
<i>Dilleniidae</i>	10	16	52	13,16
<i>Rosidae</i>	20	65	214	54,17
<i>Lamiidae</i>	5	17	46	11,64
<i>Asteriidae</i>	1	5	11	2,78

Барлығы: 50 130 395 100%

2-кестеден көріп отырғанымыздай, Батыс Тәңіртау дендрофлорасындағы жалаңаш тұқымдылар тек 22 түрден тұрады және 5,54% - ін құрайды. Айта кету керек, ірі класс тармақтарының арасында Rosaceae бөлек, ол басқа класс тармақтарынан саны жағынан 5-9 есе көп. Батыс Тәңіртау дендрофлорасы түрлерінің жартысынан көбі осы класс тармағына шоғырланған. Бұл Батыс Тәңіртау дендрофлорасының көптеген ірі тұқымдаслары мен туыстары осы кіші сыныпта болады деген сенімді болжам жасауға негіз береді. Бұл сонымен қатар дендрофлораның қалыптасу тарихын көбінесе тұқымдаслар мен Rosaceae тұқымдасымен - Rosiidae класс тармағымен байланыстыруға болатындығын көрсетеді. Батыс Тәңіртау дендрофлора тұқымдастарының түрлер байлығының орташа деңгейі 8,33 құрайды немесе орта есеппен әр тұқымдас үшін 8 түрден сәл көп. Туыстық байлықтың орташа деңгейі - 3,25, яғни орта есеппен әр тұқымдас үшін 3 туыс бар. Флораның бірнеше тұқымдасында ғана түрлердің байлық деңгейі осы көрсеткіштен жоғары, ал тұқымдаслардың одан да аз саны осы көрсеткішке жақындайды (кесте 2).

Кесте 2. Батыс Тәңіртау дендрофлорасының жетекші тұқымдастары

р/с	Тұқымдас	Туыстар саны	Түрлер саны	Түрлердің жалпы санынан %
1	Rosaceae	21	106	26,76
2	Fabaceae	17	31	7,82
3	Salicaceae	2	23	5,80
4	Lamiaceae	7	22	5,55
5	Caprifoliaceae	2	18	4,54
6	Oleaceae	5	15	3,78
7	Aceraceae	1	12	3,03
8	Asteraceae	5	11	2,77
9	Polygonaceae	2	9	2,27
10-11	Betulaceae	3	8	2,02
10-11	Ulmaceae	2	8	2,02

p/c	Тұқымдас	Туыстар саны	Түрлер саны	Түрлердің санынан % жалпы
12-15	<i>Berberidaceae</i>	1	7	1,76
12-15	<i>Fagaceae</i>	2	7	1,76
12-15	<i>Grossulariaceae</i>	2	7	1,76
12-15	<i>Tamaricaceae</i>	2	7	1,76
16	<i>Juglandaceae</i>	3	6	1,51

Барлығы: 77(59,23%) 296(74,93%) 75,85

16 жетекші тұқымдастың 5-і-Rosaceae, Fabaceae, Caprifoliaceae, Aceraceae және Grossulariaceae Rosidae класс тармағына жатады. Оларда 173 түр немесе аймақ дендрофлорасының түрлік құрамының 43,79% шоғырланған. Батыс Тәңіртау дендрофлорасының гиперполиморфты тұқымдасы - Rosaceae, оның түрлерінің байлығы орташа деңгейден 13,5 есе көп. Жоғары полиморфты тұқымдас - Fabaceae, оның түрлерінің байлығы орташа деңгейден 4 есе асады.

Salicaceae, Lamiaceae, Caprifoliaceae, Oleaceae түрлерінің байлығы орташа есеппен 2-еседен 3 есеге дейін асады. Осы 16 тұқымдаста зерттелетін аймақтың дендрофлорасының барлық түрлерінің $\frac{3}{4}$ (75,41%) шоғырланған. Сондықтан, ең жалпы сипаттамалар мен тенденцияларды Батыс Тәңіртау дендрофлорасының тұқымдастық спектрін талдаудан байқауға болады деп болжауға болады (кесте 2;3).

Кесте 3. Батыс Тәңіртау дендрофлорасының тұқымдастық спектрінің кейбір сипаттамалары

пп	Семейства	Дендрофлора дағы туыстар мен түрлердің қанықтылығы	% антропо-фитон түрлерінің үлесі.	% антропо-фитон түрлерінің үлесі. Тәңіртау (%-бен) Қазақстан табиғатындағы туыстар мен түрлердің қанығуы (М. Байтенов бойынша [156])(түр саны түрлер саны)	Тұқымдастардың жалпы географиясы (М. Байтенов бойынша [156])
1	2	3	4	5	6
1	<i>Rosaceae</i>	21/106	48,11	34/212	Космополит
2.	<i>Fabaceae</i>	17/31	45,16	45/617	Космополит
3.	<i>Salicaceae</i>	2/23	30,43	2/68	қоңыржайаймақ, жарты шар
4.	<i>Lamiaceae</i>	7/21	-	49/247	Орташа ыстық субтропик. обл.
5.	<i>Caprifolia-ceae</i>	2/18	55,55	4/25	Орташа. тепл., субтроп., тропик. облысы
6.	<i>Oleaceae</i>	5/15	93,33	2/3	Қоңыржай аймақ, жарты шар
7.	<i>Aceraceae</i>	1/12	83,33	1/7	Қоңыржай аймақ, жарты шар
8.	<i>Asteraceae</i>	5/11	-	146/883	Космополит
9.	<i>Polygona-ceae</i>	2/9	-	4/11	орташа. обл. солт.жарты

					шар 11
11.	<i>Betulaceae</i>	3/8	75,0	2/16	орташа. обл. солт.жарты шар 11
12.	<i>Ulmaceae</i>	2/8	87,50	1/15	Орташа. Және субтропикалық обл.
	<i>Berberida-ceae</i>	1/7	42,85	4/17	орташа және субстроп. обл. солт. жарты шар
	<i>Fagaceae</i>	2/7	100	1/1	Орташа жылы және субтропикалық. обл.
					Орташа жылы және субтропикалық. обл.
13.	<i>Grossularia-ceae</i>	2/7	57,14	2/12	Орташа жылы және субтропикалық. обл.
15.	<i>Tamarica-ceae</i>	2/7	57,14	4/21	Орташа жылы және субтропикалық. обл.
16.	<i>Juglanda-ceae</i>	3/6	83,33	1/2	Орташа жылы және субтропикалық. обл.

3-кестеде көрсетілгендей, дендрофлора аймағының жетекші 16 тұқымдастың 8 тұқымдасы түрлерінің байлық орталықтары «Оңтүстік» деп айтуға болады: яғни олар жылы – қоңыржай және субтропикалық, тіпті кейбір тропикалық аймақтарда орналасқан. Олардың ішінде тек Lamiaceae тұқымдасы табиғи түрлермен ұсынылған.

Жалпы географиялық сипаттама бойынша Батыс Тәңіртау дендрофлорасының жетекші тұқымдасларын үш шартты топқа бөлуге болады:

I. Кең таралған (космополит)

II. «Солтүстік»;

III. «Оңтүстік»;

I топ 43 туыс пен 148 түрді біріктіретін Rosaceae, Fabaceae, Asteraceae тұқымдасынан тұрады. Бұл - Батыс Тәңіртау дендрофлорасының туыстық құрамының 33,33% және түр құрамының 37,37%. Бұл топтың ерекшелігі-оның құрамында гиперполиморфты Rosaceae және өте полиморфты Fabaceae тұқымдастары бар. Бұл топтағы антропофитон түрлерінің үлесі 45,16-48,11% аралығында. Тек Asteraceae табиғи түрлермен ұсынылған. Бұл пайыздар Батыс Тәңіртауда Rosaceae және Fabaceae тұқымдастарының өкілдері өсімдіктердің гендік қорын айтарлықтай байытады деп болжайды.

II топ 8 туыс пен 52 түрді біріктіретін Salicaceae, Aceraceae, Polygonaceae және Betulaceae тұқымдасларынан тұрады. Бұл-рулық құрамның 6,20% - ы және зерттелетін дендрофлораның түрлік құрамының 13,13% - ы. Бұл топта тек Polygonaceae құрамында антропофитон түрлері жоқ. Ал басқа тұқымдасларда антропофитон түрлерінің үлесі 30,43% - дан (Salicaceae) 83,33% - ға дейін (Aceraceae). Әрине, осы топтағы аймақтың флорасының генофондын байыту дәрежесі алдыңғы "космополиттік топқа"қарағанда әлдеқайда жоғары.

III топ Lamiaceae, Caprifoliaceae, Oleaceae, Berberidaceae, Ulmaceae, Grossulariaceae, Fagaceae, Tamaricaceae, Juglandaceae тұқымдасларымен ұсынылған және Батыс Тәңіртау дендрофлорасының барлық түрлерінің 20,15% және 24,49% біріктіреді. Бұл топта тек бір тұқымдас бар – Lamiaceae толығымен табиғи түрлермен ұсынылған. Ал басқа тұқымдасларда антропофитон түрлерінің үлесі 42,85% - дан (Berberidaceae) 100% - ға дейін (Fagaceae). Тұқымдастардың құрамы мен туыстарының құрамы бойынша

жоғары өкілдік және антропофитон түрлерінің проценттік үлесінің өте жоғары көрсеткіштері өсімдіктердің гендік қорын байыту негізінен оңтүстіктен келетіндігін көрсетеді. Бұл Оңтүстік, субтропикалық элементтердің кеңеюін тағы да дәлелдейді (Балашова Е.Н., Житомирская О.М., Семенова О.А., 1960)

Флоралардың таксономиялық құрылымының маңызды сипаттамаларының бірі-түрлер мен туыстар санының арақатынасы, туыстық коэффициент және флораның нақты туыстық спектрі. А.И. Толмачевтің айтуынша (1986) туыстың орташа саны неғұрлым көп болса, дендрофлораның қалыптасуындағы автохтонды процестер соғұрлым айқын болады. Батыс Тәңіртаудың туыстық коэффициенті Қазақстанда ең жоғары – 4,12 (Аралбай, 2015). екені белгілі. Басқаша айтқанда, Батыс Тәңіртау флорасында автохтондылық пен флористік байлық айқын көрінеді.

Батыс Тәңіртау дендрофлорасының рулық коэффициенті жалпы аймақтық флораның осындай көрсеткішінен едәуір төмен және 3,09 құрайды. Н. К. Аралбай атап өткендей (2015) 3,0-ден жоғары туыстық коэффициенті флористік провинцияларға, әсіресе таулы аймақтарға тән және сонымен бірге зерттелетін флораның автохтондығының жоғары көрсеткіші болып табылады.

Батыс Тәңіртау дендрофлорасының ірі тұқымдастық таксондарындағы туыстық коэффициент келесідей:

Rynophyta бөлімі - 4.2; Magnoliophyta-2.9;

Gnetopsida класы - 3.0; Ginkgoopsida-1.0;

Pinopsida – 5.6; Magnoliopsida – 2.9;

Магнолиопсида класс тармақтары:

Magnoliidae – 1,0; Dilleniidae – 3,5;

Ranunculiidae – 4,7; Rosiidae – 3,1;

Caryophyllidae - 2,6; Lamiidae-2,6;

Hamamelididae – 2,7; Asteriidae – 2,0;

Батыс Тәңіртау дендрофлорасына антропогендік әсер және өсімдіктердің гендік қорын қолдан байыту қарқынды жүріп жатыр және тұрақты сипат алуда. Мұны мойындай және біле отырып, жалпы коэффициенттің бұл көрсеткіштері ресми сипатқа ие болатындығын атап өту керек. Дегенмен, кейбір тенденциялар назар аударуға тұрарлық. Magnoliopsida – ның бір класы бар Magnoliophyta-ның ең өкілді бөлімі жалпы коэффициентке ие - 2,9. Бұл аймақтың дендрофлорасының жалпы жалпы коэффициентіне өте жақын көрсеткіш. Caryophyllidae, Hamamelididae, Lamiidae және Asteriidae класс тармақтарында туыстық коэффициенті айтарлықтай төмен – дендрофлораның аймақтық көрсеткішіне қарағанда 2,0 - 2,7 аралығында. Оларға тән, бұл класс тармақтардың негізгі жетекші тұқымдастары табиғи экожүйелердің түрлерімен толықтай ұсынылған. Көріп отырғанымыздай, тек үш класс тармағы – Ranunculiidae, Dilleniidae, Rosiidae туыстық коэффициенті аймақтық туыстық коэффициентінен асып түседі. Н. К. Аралбайдың пікірі бойынша (2015) бұл класс тармақтарында автохтонды тенденциялар жоғары екенін көрсетеді және бұл топтарда эндемикалық түрлердің көптігі туралы болжам жасайды. Алайда, бұл басқа класс тармақтардың өкілдері аймақтың эндемиктері арасында кездеспейді дегенді білдірмейді. Шамасы, «автохтондық тенденциясы жоғары класс тармақтарында эндемизм, негізінен жас, ал аллохтондық тенденциялар басым болған басқа с класс тармақтарында – негізінен ежелгі» (Аралбай, 2015:39-40). Айта кету керек, жоғары

генеративті коэффициенті бар жоғарыда аталған класс тармақтарының жетекші тұқымдаслары антропофитон түрлерінің едәуір үлесімен (30-дан 92% - ға дейін) сипатталады.

Батыс Тәңіртау дендрофлорасының ірі туыс спектрі 4-кестеде келтірілген. Батыс Тәңіртау дендрофлорасы туыстарының орташа қанықтылығы 3,0-ге тең, яғни әр туысқа орта есеппен 3 түрден келеді. 33 туыста бұл көрсеткіш дендрофлораның аймақтық ұқсас көрсеткішінен асып түседі. 22 туыста бұл көрсеткіш жалпы аймақтық көрсеткіштен 2 есе асады (кесте 4).

Кесте 4. Батыс Тәңіртау дендрофлорасының ең ірі туыстары

p/c	Туыстар	Түрлер саны	Жалпы түрден %	Антропофитон түрлерінен %
1	2	3	4	5
1	<i>Rosa</i>	21	5,0	19,04
2	<i>Lonicera</i>	17	4,0	53,0
3	<i>Salix</i>	15	3,78	26,6
4	<i>Cotoneaster</i>	14	3,53	71,4
5	<i>Acer</i>	13	3,28	84,6
6	<i>Malus</i>	11	2,78	81,8
7	<i>Crataegus</i>	11	2,78	63,6
8	<i>Cerasus</i>	9	2,28	55,6
9-10	<i>Populus</i>	8	2,03	37,5
9-10	<i>Berberis</i>	8	2,03	37,5
11-13	<i>Ribes</i>	7	1,76	57,1
11-13	<i>Sorbus</i>	7	1,76	71,4
11-13	<i>Scutellaria</i>	7	1,76	71,4
14-22	<i>Jniperus</i>	6	1,52	50,0
14-22	<i>Betula</i>	6	1,52	66,7
14-22	<i>Quercus</i>	6	1,52	100,0
14-22	<i>Ulmus</i>	6	1,52	83,3
14-22	<i>Atraphaxis</i>	6	1,52	83,3
14-22	<i>Caragana</i>	6	1,52	50,0
14-22	<i>Astragalus</i>	6	1,52	50,0
14-22	<i>Tamarix</i>	6	1,52	66,7
14-22	<i>Fraxinus</i>	6	1,52	83,3
		202	51,0	орташа: 52,7

Clematis, Prunus, Euonymus - әрқайсысы 5; Juglans, Spireae, Pyrus, Amygdalus, Tilia, Syringia, Thymus, Artemisia – әрқайсысы 4 түрден тұрады. Жалпы, осы 33 туыста 249 түрі немесе 62,8% шоғырланған; ал үлкен 22 туыста – Батыс Тәңіртау дендрофлорасының барлық түрлерінің 202 түрі немесе 51% жиналған.

Жалпы спектрдің географиялық сипаттамасы тұқымдастық спектрдің ұқсас сипаттамасынан түбегейлі ерекшеленеді. Тұқымдастық спектрді талдау кезінде оларды қазірдің өзінде бөлінген топтарға бөлу арқылы жалпы географиялық сипаттамалардың айқын және басқа тенденциясын көруге болады.

I топ – космополит, табиғи эокожүйелердің 7 түрі бар тек бір туыс-Скутеллариядан тұрады.

II Топ - Солтүстік өкілі. Бұл топ 22 жетекші туыстың 18 туысынан тұрады, онда 177 түрі немесе аймақтың дендрофлорасы түрлер құрамының 44,7%-і шоғырланған.

III Оңтүстік тобы, 3 туыспен ұсынылған –*Atraphaxis*, *Caragana*, *Tamarix*, онда 18 түрі немесе аймақтың бүкіл дендрофлорасының түрлер құрамының 4,5% шоғырланған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Батыс Тәңіртау дендрофлорасының қалыптасуының басталуы туралы болжамды қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Оларды 4 шартты топқа топтастыруға болады:

- 1 - топ жоғарғы бордан бастап (65-85 миллион жыл);
- 2 - палеогендік жас тобы (25-63 млн. жыл);
- 3 - топ Палеоген-неоген жасы бар (13-60 млн. жыл);
- 4 - неоген жасы бар топ (11-25 миллион жыл); (Попов М.Г., 1929)

Осы шартты топтардың ішінде 3 және 4 топтар ең көп өкілдік етеді, бұл Батыс Тәңіртау дендрофлорасы палеоген-неогенде қалыптасқанын көрсетеді. Дендрофлораның пайда болуының басталуы - жоғарғы бор-ерте палеоген дәуірі. Сондықтан Батыс Тәңіртаудың қазіргі дендрофлорасы 65-85 млн.жыл бұрын қалыптаса бастағанын және жоғарыда айтылған палеоген-неоген тау ормандарының бір кездегі ортақ қалдықтары болып табылатынын болжауға негіз береді (Быков Б.А., 1956).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Павлов В.Н. Флора и растительность Западного Тянь-Шаня, 1980.

Аралбай Н.К. Флора Зайсанской котловины (Монография).- Алматы: «Ұлағат», 2015. - 364с.

Рачковская Е.И., Садвокасов Э. Ботаническая география. Алматы, 1986.

Толмачев А.И. Введение в географию растений. Л.: Изд-во ЛГУ. 1974. 244 с.

Толмачев А.И. Методы сравнительной флористики и проблемы флорогенеза. – Новосибирск: «Наука», 1986. – 195 с.

Байтенов М.С. Флора Казахстана. Т.1. – Алматы, 2001; Т2. – 2002.

Балашова Е.Н., Житомирская О.М., Семенова О.А. Климатические описания республик Средней Азии. Л.: Гидрометеиздат, 1960. С.45-52.

Попов М.Г. Дикие плодовые деревья и кустарники Средней Азии –«Труды по прикл.ботан., ген., и сел.», 1929, Т.22., вып.3

Быков Б.А. О лесной флоре Тянь-Шаня. - В кн: Академику В.Н. Сукачеву к 75-летию со дня рождения. Сб.работ по геоботанике, палеогеографии и флористике. М.-Л., 1956.

ТҰҚЫТӘРІЗДІ БАЛЫҚТАРДЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН АНЫҚТАУ

Турметова Г.Ж.¹, Абдраимова Қ.Т.², Бөкейхан А.³

Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Жаратылыстану ғылымдары факультеті, Биология кафедрасы, техн.з.к., аға оқытушы¹, б.з.к., аға оқытушы², 4-курс студенті³

АНДАТПА

Мақалада кейінгі жылдары ең бағалы кәсіпшілік маңызы бар (қорытпа, бекіре, албырт туыстастары) балықтардың қоры күрт азаюда. Балықтар қорының азаюына әсерін тигізетін көптеген факторлардың ішінде мыналарды атауға болады: Есепсіз аулау — бұл құбылыс көпшілік теңіздер мен ішкі су көздерінде кеңінен таралған. Есепсіз аулау салдарынан есеймеген жас балықтарды аулап, олардың популяциясына әсерін тигізіп, сандарының өсуіне кедергі жасап, тіпті сол түрдің құрып кетуіне себепші болып отыр. Қазіргі уақыттағы балық шаруашылығының ең басты міндеті есепсіз аулаумен күрес жүргізу және олардың популяциясын қайтадан қалпына келтіру. Зерттеу жұмыстары бойынша Сырдария өзенінде тіршілік ететін балықтардың 6 түрі зерттелді. Олар: сазан, жыланбас, ақ амур, бозша мөңке, теңге балық, қарабалық, Балықтардың биологиялық ерекшеліктері, жыныстық ара-қатынасы анықталды. Олардың жалпы ұзындығы, жалпы және кіші салмағы жастық құрылымы, Фультон және Кларк бойынша қондылық коэффициенті анықталды. Сырдария өзенінің тұқы тәріздес балықтар 2-4 жылда жыныстық пісіп-жетіледі. Ареалының оңтүстігінде солтүстікке қарағанда тезірек пісіп жетіледі. Балқаш көлінде, Бұқтырма су қоймасында Арал сазанның пісіп-жетілуіне 4-6 жыл қажет. Соңғы су қоймаларында аталық балықтар дене ұзындығы 16-30 см болғанда 3-4 жылда пісіп-жетіледі, ал аналықтары ұзындығы 34 см болғанда 5 жылда пісіп-жетілетіндігі анықталған. Көптеген сүйекті балықтардың өсуін қабыршақтарының жылдық сақиналануына қарай анықтауға болады. Мұндай заңдылық қабыршақтың өсуі балық ұзындығының өсуіне тура пропорционал екендігіне негізделген. Барлық ауқымдағы қабыршақтарының ұзындығы мен балықтың ұзындығын біле отырып, оның өсу деңгейі анықталды.

Кілт сөздер: тұқытәріздес балықтар, жалпы ұзындығы, жалпы және кіші салмағы жастық құрылымы, Фультон және Кларк бойынша қондылық коэффициенті

ABSTRACT

In the following years, the stock of fish of the most valuable commercial value (alloy, Sturgeon, salmon relatives) has sharply decreased. Among the many factors that affect the reduction of fish stocks, the following can be mentioned: unaccounted catch — this phenomenon is widespread in most seas and inland water sources. Due to incalculable catch, it catches young fish that have not grown up, affects their population, hinders the growth of numbers and even causes the extinction of this species. The most important task of Fisheries at the present time is to combat incalculable catch and restore their populations again. According to the research work, 6 species of fish living in the Syrdarya River were studied. These are: carp, eel, White Amur, bozsha crucian carp, tenge fish, karabalyk, biological characteristics of fish, sex ratio. Their total length, total and small weight were determined by the pillow structure, the superstructure coefficient according to Fulton and Clark. Carp-like

fish of the Syrdarya Ozen reach sexual maturity in 2-4 years. In the south of the region, it matures faster than in the North. In Lake Balkhash, in the Bukhtarma reservoir, Aral carp takes 4-6 years to mature. It has been established that in the last reservoirs, male fish mature in 3-4 years with a body length of 16-30 CM, and Females Mature in 5 years with a length of 34 cm. The growth of many bony fish can be determined by the annual rounding of their scales.

Such a pattern is based on the fact that the growth of the scales is directly proportional to the growth of the length of the fish. Knowing the length of the scales of the entire range and the length of the fish, the level of its growth was determined.

Keywords: carp-like fish, total length, total and small weight cushion structure, superstructure ratio according to Fulton and Clark

КІРІСПЕ

Балықтардың көбеюі. Уылдырық шашқанға дейін ұсталған жыныстық жағынан жетілген балықтар бар болса (күрсақ қуысының көлемінің жартысынан көбін жұмыртқа алып тұрса, уылдырықтар жақсы байқалады және біртіндеп оңай бөлініп шығады), олардың ұрпақ бергіштігін анықтауды ұйғарады. Ұрғашысының салмағын және дене ұзындығын өлшейді [1]. Жұмыртқа безін, фиксацияланғаны ыңғайлы, өлшеп, одан кейін осы органның ортасынан 1гр кесінді алып уылдырығын санап, оның барлық жұмыртқа безінде қанша болатынын есептеп шығарады. Осындай жұмысты орындау барысында кейбір балықтар, әсіресе қарабалық уылдырықты бірнеше қайталап шашатынын ескеру керек. Сөйтіп, балық көбею кезеңінде ұсталса, онда уылдырығын есептеу нәтижесі осы түрдің ұрпақ бергіштігі туралы жалған түсінік тудырады; мұндай жағдайда сипаттап жазу кезінде тиісті белгі жасау керек [2-4].

Балықтардың жасын анықтау

Қабыршағы жоқ немесе жылдық сақинасы ажыратылатын кейбір балықтардың (мысалы, алабұға, нәлім және т.б.) жасын анықтау үшін жалпақ сүйегі, яғни желбезек қақпақшасы арқылы анықтайды. Бұл сүйекті алдын – ала еттен тазартып, майсыздандырылады және кептіріледі. Бекіретәрізділер мен жайынның жасын сәулелі қанаттары арқылы анықтайды. Бұл үшін қанаттарынан кескіш құралдың көмегімен көлденең кесіндісінен жұқа пластинка түрінде дайындап алып, түссізденгенше тегістейді, содан кейін заттық шыныға канада бальзамы арқылы жабыстырып жасын анықтауға болады. Треска, камбала және т.б. балықтарды отолит – құлақ тасы арқылы анықтайды. Отолиттерді алдын – ала майсыздандырылады және тегістейді. Көптеген сүйекті балықтардың өсуін қабыршақтарының жылдық сақиналануына қарай анықтауға болады. Мұндай заңдылық қабыршақтың өсуі балық ұзындығының өсуіне тура пропорционал екендігіне негізделген (1-сурет). Барлық ауқымдағы қабыршақтарының ұзындығы мен балықтың ұзындығын біле отырып, оның өсу деңгейін анықтауға болады. Бұл үшін мынадай формуланы пайдалануға болады: [5].

$$L_n = \frac{V_n L}{V},$$

Мұндағы: L_n – жылдар ішіндегі балықтың ұзындығы;

L – балықтың ұзындығы;

V_n - жылдар ішіндегі балықтың қабыршағының ұзындығы;

V- барлық қабыршақтарының ұзындығы.

Қабыршақты өлшеу үшін сурет аппараты қолданылады.




Рис. 7. Измерение роста по чешуе

Сурет -1. Қабыршағы арқылы балықтың өсу деңгейін анықтау

$$L_1 = \frac{2,5 \cdot 40}{6} = 16,6 \text{ см};$$

$$L_2 = \frac{4,5 \cdot 40}{6} = 30 \text{ см};$$

$$L_3 = \frac{5,5 \cdot 40}{6} = 36,6 \text{ см}.$$

Қондылық коэффициенті- дене массасының дене ұзындығына қатынасымен анықталады 1) Т.Ф. Фультон формуласы бойынша анықталады:

$$K_{y(\phi)} = P \cdot 100 / L^3,$$

P- зерттелуші балықтың салмағы (г); L- тұқы, албырт балықтары үшін қабыршақты жамылғысына дейінгі дене ұзындығы (см), ал бекіретәрізділер үшін дене ұзындығы құйрық қанаттарына дейінгі дене ұзындығы;

2) Ф.Кларк формуласы бойынша:

$$K_{y(x)} = P \cdot 100 / L^3,$$

P- порка салмағы (г); L- дене ұзындығы;

Морфобиологиялық талдауды Правдиннің әдісі, Билатеральді асимметриялық белгілерді В. М. Захаров және т.б. әдісі бойынша бағаланды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

1. Ақ амур балығы Сырдария өзенінде кеңінен тараған, саны айтарлықтай жоғары емес. Көбінесе негізгі қорегі болып табылатын жоғарғы сатыдағы су өсімдіктері жақсы өскен суқойманың жоғарғы сол жағалауы мен құярлық аймағында көптеп шоғырланады. Ақ амурдың дернәсілдері жағалауға шығып ұсақ шаянтәрізділермен, балдырлармен қоректенеді. Ересек түрлері жоғарғы сатыдағы су өсімдіктерімен (қамыс, шылаң) қоректенеді.



Сурет-2. Ақ амур балығы

Амурдың ақмарқасы

Ctenopharyngodon idella (Vallenciennes, 1844) - Ақ амур – Белый амур

Бұл да Шығыс Азияда Амурдан Оңтүстік Қытайға дейін кең тараған балық. Ірілігі сондай, ұзындығы 1 — 1,2 метр, салмағы 30 кг-ға дейін тартады. Мұның да негізгі қорегі өсімдіктер. Балдырлар мен майда құрақты шалғымен оғандай жапырады. Екі қатар көмекей тісі өте өткір бо- латындықтан, азығын оп-оңай турады. Ішегі өзінің бойының ұзындығынан 2 — 3 есе ұзын болады.

Бұл — өсімтал балық. Жыл сайын 10 см ұзарады. Жыныстық жағынан жетілуі әр жерде әртүрлі. Мысалы, Қытайдың өзендерінде 4 — 6 жылда, Амур өзенінің өзінде 8 — 9 жаста (тек кейбіреулері ғана 6 — 7 жылда) жетілсе, бізде 4 — 5 жаста жетіледі (2-сурет).

Көктем аяқталар кезден бастап, уылдырықтарын өзенге шашады. Бір ұрғашы амур 800 мың уылдырық түйіршігін төгеді. Амур өсірудің тиімділігі көп аса күй таңдамайтындығында. Бұл да сазан секілді, оттегі аз, лайлы суларда емін - еркін тіршілік ете береді. Дөңмаңдай секілді балдыр басып кеткен су қоймаларын шөптен тазартуға көп көмек етеді. Тағы бір тамаша қасиеті дөңмаңдай секілді, бұл да сазан, тұқы т. б. балықтар жиі ауыратын «қызылша» ауруына көп аса шалдықпайды.

Кесте 1 – Сырдария өзенінен аулап зерттеу жүргізген Ақ амур балығының биологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	L, см	l, см	Q, г	q,г	Жасы	Fulton	Clark	n
Минималды көрсеткіш	38,0	32,5	1190	890	4	1,9	1,8	5
Максималды көрсеткіш	68,5	61,7	5387	4870	7	2,3	2,2	
Орташа көрсеткіш	72,25	47,1	3,288	2880	4	2,1	2	

ескерту: L –балықтың толық ұзындығы, l – денесінің ұзындығы, Q – толық салмағы, q – ішкі мүшелерінсіз салмағы, Fulton – Фультон бойынша қондылығы, Clark – Кларк бойынша қондылығы; n – зерттелген балық саны.

2. Channa argus (Cantor, 1842) Жыланбас балық – Змееголов

Қиыр шығыс фаунасының белді өкілі. 1960 жылы 100-ге жуық аналықтардың Амур өзенінен Сырдарияға жерсіндірілген. Оңтүстік Қазақстанның көптеген су қорларында мекендейді. Балық шаруашылықтардың ықпалымен, Сырдария алқабындағы барлық өзендермен көлдерде кенінен таралған. Су қорлардың қамыс пен балдырлар басып кеткен саяз жерлерді қалайды (3-сурет).



Сурет -3. Жыланбас балық

Биологиялық ерекшеліктері

Ірі денелі балықтарға жатады. Ұзындығы – 1 м, салмағы – 10 кг ға дейін жетеді. Судағы оттегінің аздығына өте төзімді, сондықтан батпақты алқаптарда да кездеседі. Желбезектердің атмосфералық ауа мен тыныс алуға қабілеті бар. Сондықтан жаз айларында кеуіп қалған бір көлшіктен екіншіге бара алады. Жасы екі жылға, ұзындығы 30 -40 см ге барғанда жыныстық қабілетке жетеді. Уылдырық шашу өнімділігі – 20 – 120 мың жартылай жыртқыш. Өкінішке орай келешекте басқа шаруашылық маңызы бар тұқы тәріздес балықтардың популяциясын қатардан ығыстыру мүмкін деген қауіп бар.

Кесте-2. Жыланбас балығының мөлшерлі жас құрылымының биологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	L, см	l, см	Q, г	q,г	Жасы	Fulton	Clark
Минималды көрсеткіш	43,5	39,3	1055	855	4	0,8	0,8
Максималды көрсеткіш	52,4	47,3	1980	1670	5	1,2	1,2
Орташа көрсеткіш	48,2	44,1	1540	1410	-	1,1	1,1

3. Cyprinus carpio Linnaeus, 1758 - Сазан (капр)

Өте төзімді және кез келген жағдайға тез бейімделетін балық болғандықтан кең таралған. Арал теңізінде экологиялық кризис болғанға дейін тіршілік еткен. Қазақстанның барлық су қорларында яғни өзендерде, көлдерде, су қоймаларда және каналдарда кездеседі(4-сурет). Сазанның мәдени түрін республикамыздың барлық балық шаруашылығында өсіреді. Қазіргі уақытта

мәдени түрлері көбейіп жабайы түрін шетке ығыстыруда. Біздің ауданда тау алды өзендерінен басқа барлық өзендерде таралғанын анықталды.

Биологиялық ерекшеліктері

Ірі тез өсетін, ұзындығы 80 - 90 см – ге дейін өсіп салмағы 15 кг – ға жететін балық. Бұлардың ергежейлі түрлеріде кездеседі, олар үйірленіп тіршілік етеді. Жыныстық жетілуі өмірінің 3 - 4 жылында денесінің ұзындығы 17-20 см, салмағы 500 г, ал тез өсетін түрлерінің ұзындығы 28-30 см салмағы 1,5-2 кг болғанда көбейе алады.



Сурет-4. Сазан балық

Сәуір – мамыр айларында судың температурасы 18⁰С жеткенде аналықтары өсімдіктердің арасына жабысқақ уылдырық шашады. Уылдырығының саны 5 мыңнан 1-1,5 миллионға дейін жетеді. Тамыз айында екінші рет уылдырық шашуы мүмкін. Жетелген уылдырықтарының диаметрі 1,2-1,6 мм болады. Бентофаг, әр түрлі омыртқасыздармен және олардың дернәсілдерімен қоректенеді.

Кесте-3. Сазан балығының мөлшерлі жас құрылымының биологиялық көрсеткіштері

Жас	Ұзындығы, см	Жалпы салмағы, г	Кіші салмағы	Фультон бойынша қондылығы	Кларк қондылығы	n
2	29,1-32,9	25,0-28,3	793-821	1,20-2,010	2,00-2,38	12
3	32-46,3	28-42,1	983- 1207	1,63- 4,63	1,44-4,17	
4	32,1-48,3	28-44,2	1177,68	1,44-3,77	1,32- 3,47	
6	35,2-51,4	32,0-46,0	1189,31	2,34- 4,34	1,37- 3,22	

4. Carassius auratus gibelio (Bloch) – Бозша мөңке - Серебристый карась

Отряд Cypriniformes тұқытәрізділер.

Туыс Carassius табандар

Түр Carassius auratus – бозша мөңке

Қазақстанда кең тараған. Балқаш, Алакөл, Шу, Талас су алаптарына жерсіндірілген. Қаратау жоталарында да кездеседі.

Сырдария өзенінен тұқытәрізділер отрядына жататын Carassius auratus – бозша мөңке балықтарын қармақ арқылы 5 данасын қармап алдық (5-сурет). Оларды Университеттің биология кафедрасының лабораторияда анықтауышты пайдала отырып анықтап, оларға зерттеу жұмыстары жүргізілді. Әдістемеге сүйене отырып, оның салмағы, ұзындығын, енін өлшеп, жасы анықталды. Зерттеу жұмыстарының көрсеткіштері 4-кестеде көрсетілген.



Сурет -5. Бозша мөңке балығы

Кесте-4. Бозша мөңке балықтың биологиялық көрсеткіштері

P/c	m/гр	L/см	l/см	h/см
1	80	17	13,5	6,5
2	90,7	19	15,4	6,8
3	100,2	19	15,5	6,7
4	85	19	15	6,5
5	83	18,7	14,9	6,0

Таралуы: Бозша мөңке тұқытәрізділер тұқымдасына жататын тұщы су балығы. Бозша мөңке балығы өте көп болғандықтан Солтүстік Қазақстанның көлдерінде де жиі кездестіруге болады. Солтүстік Қазақстанның зерттелген 32 көлінің 30-да бозша мөңке балығы мекендейді. Қостанай облысының зерттелген 18 көлдерінің барлығында да осы балықтың түрі табылған. (Горюнова, 1960-1976). Бозша мөңке балықтары Сары су өзендерінің өзінде, бассейндерінде, көлдерінде және су қоймаларында да кездескен. Бозша мөңке балығы Балқаш-Арал бассейндерінде жақын арада жерсіндірілген. Ол 1946 жылы Алтай жақтан Қаратал өзенінен әкелінген және 1950 жылдың өзінде осы өзенде Үштөбе поселкасы маңында кездескен. (Бурмакин, 1963 жыл). Бозша мөңке тоқтау суларда, оттегі жетіспейтін суларда да тіршілік ете алады. Олар Қиыр Шығыста, тіпті Сібірде де тіршілік ете береді [6]

Өсуі мен жасы: 50-60 жылдары Қазақстан су алабтарының ихтиофауналарының экспедициялық зерттеу нәтижесі бойынша бозша мөңке балығының максималды көлемдері онша үлкен емес. Қорғалжын көлінде бозша мөңке балық 13 жасында ұзындығы 33,5 см, салмағы 1,3 кг болған. Торғай көлдерінен 12 жасында 37,0 см, 1,9 кг (Серов, 1959), Сарысу өзенінде 9 жастан кейін ұзындығы 29,3 см, салмағы 1,0 кг болған. Балқаш көлінде 7 жасында ұзындығы 3,4 см, салмағы 1,1 кг болған [7]

Қоректенуі: Бозша мөңкебалықтар қоректену сипатына қарай бәрін жегіш деуге болады. Бұл балықтың кейбір популяциясының қорек негізін көктемгі-жазғы уақыттарда зоопланктон құрайды. Ол әсіресе көктемнің 3 айның 2 айы бойында осы зоопланктонмен активті түрде қоректенеді. Сонымен қатар, балықтардың жасына, жыл мезгіліне және су алабындағы экологиялық жағдайларға байланысты қоректену сипатының өзгергені жиі байқалады. **Шарушылық маңызы:** Бозша мөңке балықтың көлдерінің көпшілігі Қазақстанның солтүстік аймақтарына орналасқан және осы аймақтарда су алабтарының балық өндірісін игеру масштабына қарамастан, бозша мөңке балықтар балық өнекәсібінің негізін құрайды.

5. *Gobio gobio lepidaemus kessler*. Түркістан теңге балығы.Пескарь

Отряд Суррпноформес тұқытәрізділер

Туыс *Gobio* теңге балықтар

Түр *Gobio gobio* (Linnaeus) кәдімгі теңге балығы

Түр асты *Gobio gobio lepidaemus kessler* Түркістан теңге балығы.

Арал су алабының Қаратау өзендерінде мекендейді, Ұлытаудың өзендерінде мекендейді.

Балықтың бұл түрін Сыр, Қарашық өзендерінен кездестіруге болады (6-сурет). Оларды сачоктың көмегімен алып, лабораториялық өңдеу жасалды. Бұл балықтың тұқытәрізділер отрядына жататыны анықталды.



Сурет-6. Түркістан теңге балығы

Кесте-5. Түркістан теңге балығының биологиялық көрсеткіштері

Р/с	М/гр	L/см	l/см	h/см
1	45,0	7	6	2,8
2	40	7	6	1,7

Таралуы: Арал теңізінің бассейндерінің өзендерінде мекендейді. Қазақстанның шекарасында Сырдария және оның тармақтары Сарысу, Шу және Талас, Қаратау өзендерінің су алаптарында мекендейді. Ұлытау жотасының ағынсыз өзендерін тұрақтайды. Түркістан теңге балығы бірқатар белгілері бойынша бір немесе әртүрлі популяциялар іріктемелерінің арасында біраз айырмашылықтары бар. Құйрықты сабағының ұзындығы шамамен 20-23 %, кеуделік жүзу қанаттары 18-21 %, басы 23,6-27,3 %. Әрине бүкіл ареал бойынша дербес өзгергіштіктің қарқыны одан да едәуір. Түркістан теңге балығының мұндай біркелкі еместігін Л.С.Берг (1949) және Ф.А.Турдаков (1963) көрсеткен. **Биологиясы:** Түркістан теңге балығы Қазақстан су қоймаларында мамыр айының басынан қыркүйекке дейін уылдырық шашады. Түркістан теңге балықтарының аналықтарын Шу өзені құйылыстарында мамыр айында, ал Қаратау өзендерінде тамыз айында және қыркүйек соңында кездестіруге болады. Уылдырық шашу үшін теңге балық қатты топырақты ағымды жерлерді таңдайды, кейде тұрып қалған суларға да уылдырық шаша береді. Жыныстық жетілу өмірінің екінші жылында басталады. Түркістан теңге балығы баяу өсетін максимальды көлемі 12 см-ге жетеді. Ең ақырғы жасы 7 жыл. Олар хириноид дернәсілдерімен ескекаяқтылармен, шаяндармен, су өсімдіктерімен, бүйір жүзгіштердің дернәсілдерімен қоректенеді.

Шаруашылық маңызы: Оңтүстік Қазақстанның кішкене өзендеріндегі таулы аймақтарының биотоптарында фондық түр болып табылады. Түркістан теңге балығы шортан мен көксерке үшін қорек болып табылады [8]

6. Shizothorax intermedius (Mc' Clelland) кәдімгі қарабалық.Маринка

Отряд Cyprinoformes тұқытәрізділер

Туыс Shizothorax – қарабалықтар

Түр Shizothorax intermedius (Mc' Clelland) кәдімгі қарабалық

Сырдария, Талас су алаптарында мекендейді. Қаратау өзендерінде кездеседі.

Біз зерттеген Сыр, Қарашық өзендері мен Шошқа көлінен кездестірдік. Бұл балықтың түрі тұқытәрізділер отрядына жататынын білдік. Себебі, алғашқы зерттеушілер Турдаков, Бергтің жұмыстарына сәйкес келетіндігін айқын байқалды.

